

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Е.А. БӨКЕТОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ  
МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ

Г.М. Смағұлова, Б.Т. Төлеуова,  
С.Б. Стамбулов

# БІРІККЕН ҰЛТТАР ҰЙЫМЫ: ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТІ

Оқу құралы



Қарағанды  
2016

ӘОЖ 327.7  
ББК 66.4(0)612  
С50

*Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ-дың  
Ғылыми кеңесімен ұсынылған*

*Пікір жазғандар*

**К.Н. Макашева**, т.ғ.д., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың профессоры;

**Ж.М. Медеубаева**, т.ғ.к., Л.Н. Гумилев атындағы ЕУУ-дың доценті;

**Н.А. Бейсенбекова**, т.ғ.к., Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ-дың доценті

С50 **Смағұлова Г.М., Төлеуова Б.Т., Стамбулов С.Б.**  
**Біріккен Ұлттар Ұйымы: құрылымы және қызметі:**  
оқу құралы. — Қарағанды, ҚарМУ баспасы, 2016. —  
236 бет.

ISBN 978-9965-39-555-0

Оқу құралында Біріккен Ұлттар Ұйымы, оның арнайы және қосымша органдары мен бағдарламаларының тарихы, құрылымдары және атқаратын қызметтері баяндалады. БҰҰ және Қазақстан Республикасы арасындағы ынтымақтастықтың жекелеген мәселелері қарастырылған.

Оқу құралы «Халықаралық қатынастар», «Аймақтану», «Халықаралық құқық», «Саясаттану», «Тарих» мамандықтарында оқитын студенттерге, магистранттарға, оқытушыларға және Біріккен Ұлттар Ұйымының тарихына қызығушылық білдіретін көпшілікке арналған.

ӘОЖ 327.7  
ББК 66.4(0)612

ISBN 978-9965-39-555-0

© Смағұлова Г.М.,  
Төлеуова Б.Т.,  
Стамбулов С.Б., 2016  
© Қарағанды мемлекеттік  
университеті, 2016

## АЛҒЫ СӨЗ

Қазіргі халықаралық ұйымдардың ішінде ең танымалы Біріккен Ұлттар Ұйымы болып табылады. 2015 жылы ұйымның құрылғанына 70 жыл толды. Осы уақыт ішінде БҰҰ әмбебап ұйым ретінде және оның мамандандырылған мекемелері халықаралық бейбітшілікті сақтауда үлкен тәжірибе жинақтады.

Қазақстан Республикасы Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болып кірген уақыттан бері ұйыммен және оның жүйесіндегі мекемелермен тығыз ынтымақтастық орнатып үлгерді.

Көпшілікке ұсынылып отырған оқу құралының мазмұнында БҰҰ және оның жүйесіндегі мекемелер туралы Қазақстан Республикасымен ынтымақтастық туралы баяндалады. Сондай-ақ оқу құралы БҰҰ Бас Ассамблеясының жұмыстарына қатысқан қазақстандық дипломаттар жайлы және БҰҰ-ғы қазақстандық дипломатия тәжірибесі туралы мағлұматтарды қамтиды.

Оқу құралының қосымшаларында БҰҰ тарихына байланысты бірқатар мәліметтер берілген. Олар БҰҰ құрылымының схемасы, БҰҰ штаб-пәтерінің және оның органдарының суреттері, құжаттардан үзінділер енгізілген, БҰҰ жанындағы Қазақстан өкілілігінің басшылары туралы қысқаша ақпарат және халықаралық ұйымдардың Интернет желісіндегі сайттары берілген.

Оқу құралы жазу барысында авторлар Ресей мен Қазақстанда шыққан монографиялар, оқулықтар, оқу және анықтамалық құралдарды (Право международных организаций: учебник / Под ред. И.П. Блищенко, А.Х. Абашидзе.-М.: РУДН, 2013; Организация Объединенных Наций. Основные факты. Справочник. Пер. с англ.-М., 2000; Хан Г.Б., Суворов Л.С., Рухмина Г.Б. Внешняя политика Республики Казахстан: Монография.-Алматы: КазГЮА, 2001; Арыстанбекова А. Объединенные Нации и Казахстан.-Алматы: Дайк Пресс, 2002; Қ. Тоқаев. Беласу. Дипломатиялық очерктер.-Алматы: «Дәуір», 2003; Смағұлова Г.М. Халықаралық ұйымдар: Оқу құралы.-Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2015 және т.б.), Интернет-

сайттарындағы, ғылыми және мерзімді басылымдарға жарияланған шетелдік және отандық зерттеулерді кеңінен пайдаланды.

Оқу құралын магистранттар, жоғары оқу орындарының оқытушылары мен орта мектептердің гуманитарлық пәндерде сабақ беретін мұғалімдері де қосымша құрал ретінде басшылыққа алуларына болады.

Оқу құралының авторлары әріптестер мен оқырмандар тарапынан оқу құралына байланысты сын-пікірлер мен ұсыныстар болса, ризашылықпен қабыл алады.

*/ авторлар*

# І ТАРАУ. БІРІККЕН ҰЛТТАР ҰЙЫМЫ: ҚҰРЫЛУЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ НЕГІЗГІ ОРГАНДАРЫ

## 1.1 Біріккен Ұлттар Ұйымының құрылу тарихы

Бүгінгі күні дүние жүзіне әмбебап ұйым ретінде танығал болып отырған Біріккен Ұлттар Ұйымының құрылғанына 2015 жылы 70 жыл толды. Ұйымның қажеттілігі ІІ дүниежүзілік соғыс барысында туындаған халықаралық мәселелер, соғыс аяқталғаннан кейін әлемде бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау, қандай да бір болмасын дау-жанжалдар мен қаттығыс ардың алдын алу мақсатында туды.

Бұл халықаралық ұйымның қалыптасуы маңызы бірнеше конференцияларда қарастырылған кезеңдерден тұрады [1, б.206-207]:

1-ші кезең. 1943 жылы 30 қазан а Мәскеуде (КСРО) КСРО, АҚШ және Ұлыбритания мемлекеттерінің сыртқы істер министрлерінің конференциясы өтті. Конференцияда жалпыға ортақ қауіпсіздік мәселесі туралы Декларация қабылданды. Құжатқа КСРО, АҚШ, Ұлыбритания мемлекеттерімен бірге төртінші мемлекет болып Қытай қол қойды. Бұл мемлекеттер соғыстан кейін өзара және басқа да мемлекеттермен қарулы күштерді реттеуге бапанысты келісімге қол жеткізу үшін ынтымақтасатын болып шешті.

2-ші кезең. 1943 жылы қыркүйек-желтоқсан айларының аралығында Тегеранда (Иран) КСРО, АҚШ және Ұлыбритания мемлекеттерінің ікімет басшылары қатысқан конференция өтті. Мұнда жаңа ұйым құрудың мақсатының маңыздылығы айтылды.

3-ші кезең. 1944 жылы 21 тамыз бен 7 қазан аралығында Вашингтон (АҚШ) қаласына жақын жерде орналасқан Демертон-Оксте өтті. Конференцияда жаңа ұйымды құру және оның Жарғысының жобасын дайындау туралы сұрақтар қарастырылды.

4-ші кезең. 1945 жылы ақпан айында өткен Ялта немесе Қырым (КСРО) конференциясына КСРО, АҚШ және Ұлыбритания мемлекеттерінің басшылары қатысты. Бұл жолы

жаңа ұйымның негізгі құрылымдары, әсіресе Қауіпсіздік Кеңесіне, Бас Ассамблеяға және Қамқорлық жөніндегі кеңеске қатысты даулы сұрақтар шешімін тапты.

5-ші кезең. 1945 жылы 24 қазанда Сан-Францискода (АҚШ) өткен конференцияда әмбебап халықаралық ұйым - Біріккен Ұлттар Ұйымы құрылды. Ал 24 қазанға дейін осы қалда сәуір мен маусым айларының аралығында БҰҰ-ның Жарғысының мәтіні талқыланып, 1945 жылы 26 маусымда бекітілген болатын. 1945 жылдың 24 қазанында ұйымның Жарғысы күшіне енді. Бұл күн, яғни 24 қазан жыл сайын БҰҰ-ның туған күні ретінде дүние жүзінде аталып өтеді. Қазіргі кезде БҰҰ-ға дүние жүзінің 193 мемлекеті мүше [2].

«Дайындық кезеңінің барысында елесті қимылдар американдық және кеңес делегацияларының тарапынан жүрді. Бұл соғыстан кейінгі бейбіт құрылыстағы басты рөлді атқаруға екі мемлекеттің де үміткер екендігін көрсетеді. Дүние жүзінің әр елінен келген делегацияны танымал саясаткерлер мен дипломаттар басқарды. Жаңа ұйым «Біріккен Ұлттар» - «United Nations» деген атауды АҚШ президенті Франклин Рузвельт берді», - деп жазады [3, б.44]. К. Гоқаев өзінің «Беласу» деп аталатын дипломатиялық еңбегінде.

1945 жылдың 15 тамызында 14 мемлекеттің өкілдері Лондон қаласында жиналды. Мұнда негізгі мәселенің бірі ретінде БҰҰ-ның қай жерде орналасатындығы қаралды. Жиналыс барысында американдықтар АҚШ-ты, Франция мен Ұлыбритания бітаты Еуропаның Париж, Женева, Копенгаген қалалары жаңа ұйымның орталығы болуға лайық деген ұсыныстарын жасады. Бұл сұрақ күн тәртібінде дауыс беру арқылы, яғни «Еуропа немесе Америка құрылығы» деген таңдау Американың үлесіне шешілді. Келесі кезекте «БҰҰ АҚШ-тың қай бөлігінде орналасуы тиіс деген» сұрақ дауысқа салынды. Нью-Йорк қаласы 25 дауыс, ал Сан-Франциско - 5 дауысқа ие болды. Бұл сұрақ 1946 жылдың басында Лондонда өткен Бас Ассамблеяның бірінші сессиясында түбегейлі шешімін тапты. БҰҰ-ның штаб-пәтері АҚШ-тың Нью-Йорк қаласында, оның Еуропадағы бөлімі Женева қаласында орналасты [4, б.21].

Сонымен, БҰҰ-ның құрылуы ІІ дүниежүзілік соғыстан кейінгі халықаралық ынтымақтастық және мемлекетаралық қатынастар саласындағы ең үлкен саяси жетістік болып табылды.

2001 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымы және оның Бас хатшысы К. Аннанның әлемдік Нобель сыйлығына иеленуі, халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті, бүкіл әлемнің дамуын және адам құқықтарын қолдауда БҰҰ-ның негізгі рөл атқарып отырғандығын әлемдік қауымдастықтың мойындағаны деп қабылдау керек.

2015 жылы 24 қазанда БҰҰ құрылғанына 70 жыл тоқты. «Осы күні дүниежүзінің барлық елдеріндегі архитектуралық ескерткіштер мен көпірлер БҰҰ түрі - көгілдір түске боялды. Мысалы, Нью-Йорктегі Эмпайр Стет Билдинг Ғимараты, Санкт-Петербургтегі Эрмитаж, Италиядағы Пиза мұнарасы, Ұлыбританиядағы Эдинбург қорғаны, Әзәрбайжандағы Гейдар Әлиев Орталығы, Грециядағы Зевс храмы, Йоганнесбургтегі Нельсон Мандела көпірі, Египет пирамидалары және басқалары. БҰҰ мерейтойы құрметіне арналып Бас Ассамблея залында әлемнің өнер жұлдыздарының катысуымен өткен концерт берілді. Олардың арасында БҰҰ-ның бейбітшілік елшісі, Қытайдың атақты пианисті Ланг Ланг болды», - деп хабарлады БҰҰ жаңалықтар Орталығы [5].

БҰҰ-ның барлық мүшелері ұйымның қызметінің принциптеріне байланысты:

- Жарғыға сәйкес өз міндеттерін адал орындауға;
- өздерінің халықаралық дауларын бейбіт жолмен шешуге;
- күшпен қауіп төндіруден немесе оны кез келген мемлекетке қолданудан бас тартуға;
- БҰҰ-да оның Жарғысына сәйкес қолданылатын барлық көмектің түрін жасауға және БҰҰ алдын алу шараларын немесе күштеу сипатындағы шараларды қолданатын мемлекеттерге қарсы басқа мемлекеттердің көмек көрсетуден бас тартуға міндетті.

Біріккен Ұлттар Ұйымы қазіргі әлемдік қауымдастықта әзірше бірден-бір әмбебап ұйым болып отыр. Ұйымның әу бастағы мақсаты - халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті

сақтау әрі осыған байланысты бейбітшілікке төнетін қауіптердің алдын алу үшін тиімді кешендік шаралар қолдану болды. Бұдан басқа ұлттардың арасындағы достық қарым-қатынастарды халықтардың тең құқықтық және өздерінің мемлекеттік құрылысын өзі шешу принциптерін сыйлау; экономикалық, әлеуметтік, мәдени және гуманитарлық сипаттағы халықаралық мәселелерді шешудегі халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру және нәсіліне, жынысына, тіліне, дініне бөлместен бөліне ортақ адам құқықтары мен еркіндіктерін құрметтеуді қамсыз; ұлттардың осы ортақ құндылықтарға қол жеткізуіне келісімшарттар орталық болу. Сондықтан кейде ұйым форум, дипломатиялық конференциялар атынан қызмет көрсетеді. Бақаша айтқанда БҰҰ халықаралық қатынастар жүйесінде басты орындардың бірі болып отыр. Сонымен қатар көпжақты дипломатияның қызметінде үлкен абыроймен атқарып келеді.

## 1.2 Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысы

БҰҰ-ның құрылтайшы құжаты оның Жарғысы болып табылады. Жарғыны XX ғасырдың ең маңызды құжаты деуге болады. Олай деп айтуға Жарғының қабылданып, оған қол қою барысында барлық қатысушылардың бірауыздан мақұлдағандығы себепші.

Жарғыда ұйымға мүше-мемлекеттердің құқықтары мен міндеттері және ұйымның негізгі органдарының қызмет ету тәртібі анықталған.

БҰҰ-ның Жарғысы 111 баптан тұрады. Жарғының мәтіні қытай, француз, орыс, ағылшын және испан тілдерінде жазылып, оған Біріккен Ұлттар Ұйымының негізін салушы 51 мемлекет 26 маусым 1945 жылы қол қойды [3, б.447].

БҰҰ-ның Жарғысы халықаралық қатынастардың негізгі принциптері баяндалған халықаралық келісім-шарт болып табылады және оған төмендегідей өзгерістер енгізілген:

- 1965 ж. Қауіпсіздік Кеңесі мүшелерінің саны 11-ден 15-ке дейін өсті (23-бапқа сәйкес) және Жарғының 27-бабына сәйкес түзетулер жасалды;

- 1965 және 1973 жылдары Жарғының 61-ші бабына түзетулер жасалды, яғни Экономикалық және Әлеуметтік Кеңестің мүшелерінің саны өзгеруіне байланысты;

- 1968 жылы Жарғының 109-шы бабына сәйкес түзетулер жасалды [6, б.4].

Жарғыда бұл ұйымға мүше болудың негізгі ережелері, оның негізгі органдарының құрылымы мен жұмыс істеу тәртібі, даулы мәселелерді бейбіт жолмен шешу, бейбітшілікке қауіп төнген кездегі және бейбітшілік бұзылып, агрессиялық актілер болса қалған жағдайда іс-әрекет ету, сол сияқты экономикалық ынтымақтастық және өзін басқара алмайтын территориялар туралы көрсетілген.

Жарғы Біріккен Ұлттар Ұйымына ешқашан да мемлекеттің ішкі саясатына кіретін мәселелермен айналысуға рұқсат бермейді [6, б.5-6.].

БҰҰ халықаралық құқық нормаларының прогрессивті және демократиялық принциптеріне негізделген. Ұйымның Жарғысының 2-ші бабында оның принциптеріне сәйкес келетін мәселелер қарастырылған. Жарғыда бекітілген халықаралық құқықтың принциптері Бас Ассамблеяның қарарлары мен декларацияларында бекітіліп, олар әрі даму үсінде. Мысалы, 1960 жылғы отар елдер мен халықтарға тәуелсіздік беру туралы Декларация немесе 1970 жылғы БҰҰ Жарғысына сәйкес мемлекетаралық достық қатынастар мен ынтымақтастыққа байланысты халықаралық құқық принциптері туралы Декларация және т.с.с.

БҰҰ Жарғысында қазіргі халықаралық қатынастар мен халықаралық құқықтың басқа да маңызды принциптері көрсетілген.

### **1.3 БҰҰ-ның негізгі органдары және олардың қызметі**

Біріккен Ұлттар Ұйымының толыққанды жұмыс істеуінде оның органдарының алатын орны ерекше. Ұйымның Жарғысына сәйкес оның барлық органдары негізгі және қосымша болып екі топқа бөлінеді. Ал Жарғының 7-ші бабына сәйкес БҰҰ-ның

негізгі алты органы болып Бас Ассамблея; Қауіпсіздік Кеңесі; Экономикалық және әлеуметтік кеңес; Қамқорлық жөніндегі кеңес; Халықаралық сот; Хатшылық табылады [7, б.215-229].

БҰҰ-ның органдары туралы сурет-схема оқу құралының соңында берілген қосымша бетте көрсетілген [қараңыз: қосымша А].

**Бұны білген дұрыс!**

**Біріккен Ұлттар Ұйымының негізгі алты органы мыналар:**

1. *Бас Ассамблея;*
2. *Қауіпсіздік Кеңесі;*
3. *Экономикалық және әлеуметтік кеңес;*
4. *Қамқорлық жөніндегі кеңес;*
5. *Халықаралық сот;*
6. *Хатшылық*

**дерек:** Организация Объединенных Наций. Основные факты.  
Справочник. Пер. с англ.-М., 2000.-С.6

Аталған құрылымдар БҰҰ қызметінің негізгі өзегі болып табылады. Сол себепті олардың қызметін жеке-жеке қарастырған жөн деп есептейміз.

**Бас Ассамблея** - ұйымға мүше-мемлекеттердің барлығы бірдей қатысатын құрылым. Оның жұмысын ұйымдастыру мақсатында, атқару тәртібіне сәйкес Бас Ассамблеяның, оның комитеттері мен ішкі комитеттерінің ресми және жұмыс тілдері ағылшын, араб, испан, қытай, орыс және француз тілдері болып табылады.

Бас Ассамблея барлық БҰҰ-ға мүше-мемлекеттерден тұрады. Ұйым жыл сайын өзінің сессияларын өткізеді. Сессия жұмысына ұйымға мүше-мемлекеттерден 5-тен артық емес өкілдері қатысады. Әр делегацияның құрамына өкілдердің бес төрағасы, сонымен бірге қажетінше кеңесшілер мен сарапшылар кіреді. Әрбір мемлекет өкілдері қатысушыларының санына тәуелсіз бір ғана дауысқа ие болады.

Бас Ассамблеяның сессия жұмысына қатысу үшін, мүше-мемлекеттер делегация жасақтайды, ал оның құрамы қанша адамдардан және кімдерден құралатынын мемлекет шешеді. Кейбір мемлекеттер делегация құрамына ғалымдарды, парламентарийлерді, қоғам және саяси қайраткерлерді, тілшілерді қосады.

Бас Ассамблея БҰҰ шеңберінде кең құзыреттілікке ие. Ол БҰҰ Жарғысы шеңберінде кез келген сұрақтар мен іс-шараларды талқылауға құқығы бар. Сонымен бірге Бас Ассамблея Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшелерін, Экономикалық және әлеуметтік кеңестің, Қамқорлық жөніндегі кеңестің мүшелерін сайлайды. Қауіпсіздік Кеңесімен бірге Халықаралық соттың судьяларын сайлайды; Кеңестің ұсынысымен Бас хатшыны тағайындайды және БҰҰ-ға жаңа мүшелерді қабылдайды. Бұлардан басқа бюджеттік функцияны да атқарады. Ұйымға жаңа мүшелер мен оның бюджетін қабылдау мәселелері БҰҰ-ға мүше-мемлекеттердің үштен екісі қатысып, дауыс беру қорытындысы бойынша шешіледі. Сондай-ақ Бас Ассамблея БҰҰ бюджетін қарастырады және бекітеді; мүшелік-жарнасының көлемін айқындайды.

БҰҰ Жарғысы және Бас Ассамблеяның Атқару тәртібі оның жұмысын ұйымдастырудың тәртібін анықтайды.

Бас Ассамблея – сессиялық орган [қараңыз: қосымша Ә]. Сол себепті оның негізгі жұмысы кезекті, арнайы және кезектен тыс сессияларда істеді. Оның сессиясы қыркүйек (әдетте қыркүйек айының үшінші аптасының сейсінбі күні сессия жұмысы басталады – авт.) пен желтоқсан айларының аралығында өтеді. Кезекті сессия жұмысы алқалық отырыстар мен оның бастапқы комитеттерінде өтеді. Бас Ассамблеяның 1993 жылғы 17 тамыздағы (47/233 қарар) шешіміне сәйкес ол комитеттер мыналар:

- қарусыздану мәселесі және халықаралық қауіпсіздік (Бірінші комитет);
- экономикалық және қаржы мәселесі (Екінші комитет);
- әлеуметтік, гуманитарлық және мәдени мәселелер (Үшінші комитет);

- арнайы саяси және деколонизация мәселесі (Төртінші комитет);
- әкімшілік және қаржы мәселесі (Бесінші комитет);
- құқық мәселесі (Алтыншы комитет) [1, б.214-215].

Бас Ассамблея өзінің функциясын атқару үшін тұрақты және қосымша органдар құрады. Тұрақты органдарға Бюджет және әкімшілік мәселелері жөніндегі кеңес беруші комитет тәрізді органдар жатады. Ал уақытша құрылған қосымша органдардың саны 150-ден артық.

Бас Ассамблея Қауіпсіздік Кеңесінің немесе БҰҰ-ның көпшілік мүшелерінің талабы бойынша немесе БҰҰ-ның бір мүшесінің ұсынысын басқа мүше-мемлекеттердің қолдаған жағдайда арнайы сессияларға жиналуы, сонғмен бірге төтенше сессияларға шақырылуы мүмкін. Арнайы сессиялар әрсетілген талаптың түскен кезінен бастап 24 сағат ішінде шақырылады. Ресейлік ғалымдарының мәліметтеріне сүйенсе отырып көрсететін болсақ, онда «1946-2009 жылдардың аралығында шақырылған арнайы сессиялар 28 болса, көрсетілген аралықтағы төтенше сессиялар саны – 10» [1, б.216].

Бас Ассамблеяда қабылданған шешімдер мүше-мемлекеттер үшін міндетті заңнамалық күшке ие емес, бірақ дауыс беру әлемдік және беделді қауымдастықтың пікірін білдіреді.

Бас Ассамблеяның жұмысына БҰҰ-ға мүше-мемлекеттерден басқа БҰҰ-ның ресми бақылаушы мәртебесіне ие болған, мүше емес мемлекеттер (мысалы, Швейцария, Ватикан) және халықаралық ұйымдар (мысалы, Араб мемлекеттерінің лигасы, Еуропалық Одақ т.с.с.) қатыса алады.

БҰҰ-ның жыл бойындағы жұмыстары Бас Ассамблеяның шешімдерінің негізінде жүргізіледі. Бұл жұмыстарды Ассамблея қауысыз, аңдыру, бейбітшілікті қолдау, адам құқықтары және оны қорғау сияқты басқа да нақты мәселелерді зерттеу үшін құрған комитеттер мен басқа да органдар атқарады.

Бас Ассамблея бірқатар жағдайларда дипломатиялық конференция функциясын атқарады. Осында сессия барысында басқа органдармен дайындалған халықаралық келісімдердің жобаларын жасайды және қабылдайды немесе қолдайды.

2015 жылы БҰҰ-ның құрылғанына 70 жыл толды. Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының 70-сессиясына әлем елдерінің 170-тен астам президенті Нью-Йорк қаласына жиналды. Бұл мерейтойлық сессия болғанына қарамастан, оның жұмысы барысында күн тәртібінде тұрған Сирия, Украина түйткілі мен босқындар мәселесі, сондай-ақ халықаралық терроризммен күрес мәселесі қаралды.

Қазіргі таңда Бас Ассамблея ең танымал әлемдік саяси форумның өкілі болып отыр.

**Қауіпсіздік Кеңесі** – БҰҰ-ға мүше-мемлекеттердің барлығы үшін міндетті шешім қабылдайтын бірден-бір және маңызды тұрақты әрекеттегі орган. БҰҰ Жарысының 23-ші бабына сәйкес Қауіпсіздік Кеңесі 15 мүшеден тұрады. Оның 5-уі тұрақты мүше. Олар – АҚШ, Қытай, Франция, Ұлыбритания және Ресей. Осы бес мемлекетке халықаралық бейбітшілікті қолдауда ерекше жауапкершілік жүктелген. 19 уақытша мүше-мемлекеттерді Бас Ассамблея екі жылғы мерзімге тағайындап қояды.

1963 жылғы 17 желтоқпандағы Бас Ассамблеяның Қарарына (1991 А (XVIII) сәйкес тұрақты емес мүшелердің орнын ауыстыруы үшін мынадай квота белгіленді: 5 - Азия және Африка елдерінен; 1 - Шығыс Еуропа елдерінен; 2 – Латын Америка елдерінен; 2 – Батыс Еуропа және басқа елдерден. 1946 жылдан бастап 2003 жылға дейін Қауіпсіздік Кеңесіне тұрақты емес мүшелікке 100-ден артық мемлекет сайланды олардың көбі екі реттен, ал кейбірі 5-9 рет сайланған» [1, б.218] деген мәліметтер бар.

Кеңестің әрбір мүшесі бір дауысқа ие. Тәртіп бойынша 15 мүшенің 9-ы дауыс берген жағдайда ғана шешім қабылданды деп есептеледі. Егер Кеңестің тұрақты мүшелері шешіммен келіспесе, онда ол қарсы дауыс бере алады, ал бұл акт вето, яғни тиым салу құқығыне ие.

Қауіпсіздік Кеңесі ағылшын алфавитінің тәртібімен орналасқан мүше-мемлекеттердің тізімі бойынша ай сайын өзінің төрағасын сайлайды.

Қауіпсіздік Кеңесі халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдауға басты жауап беруші орган болғандықтан бейбітшілікке қауіп төнген жағдайда күн мен түннің кез келген уақытында шақырылуы мүмкін.

Қауіпсіздік Кеңесі – тұрақты қызмет ететін орган. Кеңес өз отырысына қажет байланысты жиналады, бірақ оның жұмысы «Қауіпсіздік Кеңесінің уақытша тәртіптері мен процедуралары» деп аталатын арнайы құжатқа толықтай бағындырылған отырыстарының аралықтары 14 күннен аспайтындығы туралы келісілген. Бұл тәртіп барлық уақытта сақтала бермейді.

Қауіпсіздік Кеңесі халықаралық қауіпсіздік пен бейбітшілікті қолдау саласында ұйымның барлық мүшелерінің атынан әрекет ете алатын БҰҰ жүйесіндегі бірден-бір орган. Осы мақсатта БҰҰ Жарғысының 34-ші бабына [8, б.197] сәйкес халықаралық аренадағы кез келген жағдайды бақылауға, халықаралық дауға немесе жан-жалға айналғалы тұрған мәселелерді тексеруге, ондай жағдайдың халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікке қатер төндіруіне жол бермеуі үшін Қауіпсіздік Кеңесі жұмыс атқарады.

Кеңес жұмысына БҰҰ-ға мүше-мемлекеттер де, мүше еместер де қатыса алады.

Кеңес БҰҰ-ның штаб-пәтерінен басқа да қалаларда жинала алады.

Қауіпсіздік Кеңесінің тәжірибесінде мемлекет және үкімет мүшелерінің әкілдері қатысатын деңгейдегі Кеңес отырыстары үлкен маңызға ие. Мұндай отырыстар өткізу мүмкіндігі Жарғының 28-ші бабында қарастырылған [8, б.196]. Мысалы, 2009 жылы жаңа жағдайдағы халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдаудағы Біріккен Ұлттар Ұйымының рөлін тақылау үшін өткен Кеңестің жоғары деңгейдегі отырысын айтуға болады.

Жарғының 29- бабына сәйкес, өз қызметін атқару үшін қажет деп тапса қосымша органдар құруы мүмкін. Ондай органдар тұрақты және уақытша деп екіге бөлінеді. Тұрақты органдарға эксперттер комитеті, жаңа мүшелерді қабылдау туралы комитет, орталық мекемелерден тыс Кеңес отырыстары

туралы мәселелермен айналысатын комитет жатады. Уақытша қосымша орган нақты жағдайды зерттеп білу үшін Кеңестің барлық немесе жекелеген мүшелері құрамымен құрылады. Мысалы, 1967 ж. араб жерлерін басып алған территорияларға байланысты жағдайды қарастыру үшін құрылған комиссия.

Қауіпсіздік Кеңесі БҰҰ Жарғысының 24-26 баптарына [8, б.195-196] сәйкес қарулы қақтығыстардың алдын алуға және оларды шешудің бейбіт жолдары үшін жағдай жасауға, сонымен бірге мемлекетаралық ынтымақтастықты дұрыс жолға қоюға құқығы бар.

Қауіпсіздік Кеңесінің көп жылғы кезеңінде түрлі қақтығыс жағдайларын шешетін жекелеген әдістер мен тәсілдер қалыптасты. Әсіресе алдын алу дипломатиясы, дағдал рөлін атқару, бітімгершілік операциялары және бейбітшілікті, қақтығыстан кейінгі кеңістіктегі бейбіт қарылыстарды қолдау операциялары, фактілерді жинау комиссиялары Кеңестің тәжірибесінде кеңінен қолданылады.

Қауіпсіздік Кеңесінің отырыстарында Кеңестің төрағасының мәлімдемесі, Қауіпсіздік Кеңесінің мәлімдемесі, БҰҰ-ның Бас хатшысының баяндамалары тыңдалады.

Соңғы жылдары Қауіпсіздік Кеңесін реформалау, яғни оның құрамын кеңейту туралы ұсыныстар айтылып жүр. Осыған байланысты Бас Ассамблея БҰҰ-ның мүше-мемлекеттерінің өкілдерінен тұратын жұмысшы тобын құрды. Қазіргі таңда мүше-мемлекеттер Кеңестің құрамының кеңеюіне, сонымен қатар әдістерді өзгерту арқылы Қауіпсіздік Кеңесі өзіне жүктелген міндеттерді орындауға үндеу тастады. Бас Ассамблеяның қарауында жатқан ұсыныстар мынадай сұрақтарды қамтиды: тұрақты және тұрақты емес мүшелердің санын ұлғайту; ротация, яғни ауысып отыру немесе Кеңестегі қызметті қатар атқару; veto құқығының өзгеруі және Кеңес жұмысының әдістерін жетілдіру.

Бірақ, осындай ұсыныстармен қатар Кеңес мүшелерінің санын 15-тен 24-ке жеткізу, яғни veto құқығысыз қосымша 5 тұрақты мүше (үш дамушы және екі өнеркәсібі дамыған мемлекеттерден) және 4 тұрақсыз мүше қосу қарастырылуда. Басқа ұсыныстар бойынша тұрақты мүшелердің қатарына

Жапония, Германия және үш дамушы мемлекеттердің (Латын Америкасынан Бразилия, Азиядан Үндістан, Африкадан Оңтүстік Африка Республикасы немесе Нигерия) өкілдерінің болғаны айтылуда. Бұлардан басқа тағы бір ұсыныс бар. Онда келісілгендей Кеңестің құрамына БҰҰ-ның бітімгершілік қызметіне және оның дамуы проблемаларын шешуге үлес қосқанына қарай мемлекетті мезгіл-мезгіл қайтадан сайлау арқылы тек тұрақсыз мүшелерді ғана енгізу керек.

2003 жылы БҰҰ-ның сол кездегі Бас хатшысы Кофи Аннанның ұсынысы бойынша жоғары деңгейдегі топ құрылған болатын. Ол топты әлемнің әртүрлі 15 мемлекетінің (Франция, Бразилия, Норвегия, Гана, Австралия, Ұлыбритания, Уругвай, Египет, Үндістан, Жапония, Ресей, Қытай, Таиланд, Пәкістан және АҚШ) көрнекті өкілдері кірген Таиландтың бұрынғы премьер-министрі А. Паньяранча басқарды [4, б.195]. 2004 жылдың желтоқсан айында БҰҰ-ның Еске Ассамблеясының 59-шы сессиясында топтың жасаған сандамасында Қауіпсіздік Кеңесін реформалауға қатысты төрт принцип-критерийге (өлшемге) негізделген ұсыныс жасалды.

- БҰҰ-ға кім қаржылай, әскери және дипломатиялық үлес қосса, солардың шешімдерін көбірек қарастыруды қамтамасыз ету;
- мемлекеттердің шешім қабылдау үрдісіне кең көлемдегі мүшелерден құралған мемлекетті, әсіресе дамушы елдердің өкілдерін тарту;
- Қауіпсіздік Кеңесінің тиімділігіне кедергі келтірмеу;
- Қауіпсіздік Кеңесінің демократиялық және есеп берушілік сипатын күшейту.

Көрсетілген өлшемдерді ескере отырып топ Қауіпсіздік Кеңесін реформалаудың А және В модельдерін ұсынды.

А моделі бойынша алты жаңа тұрақты орын беру қарастырылады, бірақ ешқандай қосымша veto құқығы жоқ және үш үлгілі үш аймақтық аумақтар – Африка; Азия және Тынық мұхит; Еуропа және Америка құрылығы арасына бөлінген екі жыл мерзімге үш жаңа тұрақсыз орын ұсынылады.

В моделі ешқандай жаңа тұрақты орын қарастырмайды, бірақ төртжылдық қайтадан жаңартылған мерзімге сегіз орын және екіжылдық мерзімге бір жаңа тұрақсыз орын түріндегі жаңа категориялар ұсынылады. Сонымен бірге топ Қауіпсіздік Кеңесінің құрамындағы өзгерістердің ешқайсысы да тұрақты немесе болашақта талассыз қарастырылмауы керек деп есептеді. Сондықтан 2020 жылы Қауіпсіздік Кеңесінің құрамын қайтадан қарап шығу туралы ұсыныстарын айтқан болатын [4, б.196]. Өзірше ешқандай өзгерістер бола қойған жоқ. Қауіпсіздік Кеңесінің жұмысы бұрынғысынша жүргізілуде. Қосымшада Қауіпсіздік Кеңесінің жұмыс залының суреті берілген [қараңыз: қосымша Ә].

**Экономикалық және әлеуметтік кеңес (ЭКОСОС).** Халықаралық экономикалық және әлеуметтік ынтымақтастық саласында Экономикалық және әлеуметтік кеңес орталықтың рөлін атқарушы басты орган [қараңыз: қосымша Б]. Бұл органды басқаша «БҰҰ ұйымдарының жанұясы» деп те атайды.

БҰҰ Жарғысының 55-бабына сәйкес біріншіден, өмір сүру деңгейін ұлғайту, тұрғындардың өміспен қамтамасыз ету, экономикалық және әлеуметтік жағдайларды дамыту; екіншіден, халықаралық экономикалық, әлеуметтік, мәдениет пен білім салаларындағы және т.с. мәселелерді шешу; үшіншіден, жалпыға ортақ адам құқықтарын жаппай сыйлау және сақтау әрі олардың негізгі еркіндіктерін нәсіліне, жынысына, діни сенімдеріне қарамастан сақтау үшін құрылған.

ЭКОСОС-қа 54 мемлекет мүше. Оларды Бас Ассамблея үш жыл мерзімге сайлап қояды. Жылына 18 мүше сайланып отырады. Бас Ассамблеяның 1971 жылғы 20 желтоқсанындағы қарарына (2847 (XXVI)) сәйкес ЭКОСОС-тағы орын мынадай тәсілмен бойынша бөлінген: 14 орын – Африка елдері; 11 – Азия; 10 – Латын Америка; 13 – Батыс Еуропа және басқа мемлекеттер; 6 – Шығыс Еуропа елдері [8, б.30].

Кеңес жылына екі рет: сәуір айында Нью-Йорк қаласында ұйымдастыру сессиясына және шілде айында Женева қаласына негізгі сессиясына шақырылады. 1992 жылға дейін екі негізгі сессиялар өткізілді. Отырыстардағы шешімдер Кеңес

мүшелерінің дауыс беруімен және қатысушы көпшіліктің дауыс беруімен қабылданады. Кезекті сессиялардағы жұмыстарды құрамына Кеңестің барлық мүшелері кіретін үш сессиялық комитет атқарады: Бірінші (экономикалық) комитет; Екінші (әлеуметтік) комитет; Үшінші (бағдарлама және үйлестіру жөніндегі) комитет. Сессия шеңберінде министрлер деңгейіндегі кездесулер ұйымдастырылып, онда ЭКОСОС-қа байланысты өте маңызды мәселелер талқыланады.

ЭКОСОС оның құзыреттілігіне кіретін, Бас Ассамблеяға беру үшін конвенциялардың жобасын құрастыратын халықаралық конференцияларды да шақыра алады. Оның қатысуымен Жалпыға ортақ адам құқықтары декларациясы, бала құқықтары жөніндегі Декларация және Конвенция, әйелдердің саяси құқықтары туралы Конвенция және т.б. маңызды құжаттар жасалды.

ЭКОСОС жүйесінде сегіз функционалды комиссия жұмыс істейді:

- статистика жөніндегі комиссия;
- әлеуметтік даму комиссиясы;
- әйелдер мәртебесі жөніндегі комиссия;
- наркотика жөніндегі комиссия;
- халықты орналасыру және дамыту жөніндегі комиссия;
- қылмыс және әділеттік жөніндегі комиссия;
- ғылым мен технологияны дамыту жөніндегі комиссия;
- тұрақты даму жөніндегі комиссия;

2006 жылдың наурыз айының 15 күнгі Бас Ассамблеяның қарарына сәйкес адам құқықтары жөніндегі комиссия таратылып, оның орнына Бас Ассамблеяның жаңа қосымша органы – адам құқықтары жөніндегі Кеңес құрылды.

Қосымша органдарға бес аймақтық комиссия жатады: Еуропа үшін экономикалық комиссия (Женева, Швейцария); Азия және Тынық мұхит аймағындағы экономикалық және әлеуметтік комиссия - ЭСКАТО (Бангкок, Тайланд); Латын Америкасы және Кариб аралдарындағы экономикалық комиссия – ЭКЛАК (Сантьяго, Чили); Африка үшін экономикалық комиссия (Аддис-Абеба, Эфиопия); Батыс Азия үшін экономикалық және әлеуметтік комиссия (Бағдат, Иран). Бұл

комиссиялардың мақсаты – аймақтардағы әлеуметтік-экономикалық дамуларға ықпал жасау және аймақ елдерімен, сондай-ақ әлемнің басқа да елдерімен экономикалық ынтымақтастықты дамыту.

ЭКОСОС құрылымына үш тұрақты комитет кіреді: бағдарламалар және үйлестіру жөніндегі комитет; үкіметтік емес ұйымдар комитеті; үкіметаралық мекемелермен келіссөздер жүргізу комитеті. Бұлардан басқа сараптамалық орган, әлеуметтік және мәдени құқықтар комиссия, жаңа және қайтадан жаңғыртылған энергия көздерін дамыту жөніндегі комиссия т.б. жұмыс істейді.

Аталған комитеттер мен комиссиялардан басқа ЭКОСОС БҰҰ жүйесіндегі мынадай арнайы органдармен ынтымақтастық орнатқан: БҰҰ-ның балалар қоры (ЮНИСЕФ); Босқындар ісі жөніндегі БҰҰ-ның жоғары комиссарының басқармасы; БҰҰ-ның даму бағдарламасы; Тұрғындарды орналастыру жөніндегі БҰҰ-ның қоры; халықаралық зақандық бағдарламасы; әйелдердің жағдайын жақсарту жөніндегі халықаралық оқу және ғылыми зерттеу институты.

**Қамқорлық жөніндегі кеңес.** БҰҰ Жарғысы халықаралық қамқорлық жүйесін құруды қарастырған. Жарғының XII тарауына сәйкес халықаралық қамқорлық жүйесіне енгізілген территорияларды басқаруды бақылау үшін Қамқорлық жөніндегі кеңес құрылды.

Халықаралық қамқорлық жүйесіне 11 территория енгізілді: Ол.р. Ұлыбритания басқарған Камерун мен Тогоның жартысы Танганьика; Францияның қарамағындағы Камерун мен Тогоның жартысы; Бельгияның қарамағындағы Руанда-Урунди; Италияның қарамағындағы Сомали; Австралияның қарамағындағы Жаңа Гвинея; АҚШ-тың қарамағындағы Батыс Сомали; Микронезия-Каролин аралдары, Маршаллдар және Мадриан аралдары; Ұлыбританияның, Австралияның және Жаңа Зеландияның бірлескен қарамағындағы Науру.

Қамқорлыққа алынған территорияларды басқарған мемлекеттердің саны сегіз: Австралия, АҚШ, Бельгия, Жаңа Зеландия, Италия, Ұлыбритания, Франция. Осы мемлекеттер

БҰҰ-мен келісім жасады. Онда әрбір территория бойынша қамқорлықтың шарты анықталды. Қамқорлыққа алынған территорияларды екі түрге бөлді: стратегиялық аудандар және стратегиялық аймаққа жатпайтын территориялар.

Қауіпсіздік Кеңесі Қамқорлық жөніндегі кеңеске ықпал ете отырып стратегиялық аудандарға байланысты қамқорлықта басты рөлді атқарса, стратегиялық аймаққа жатпайтын территорияларға байланысты қамқорлықты Қамқорлық жөніндегі кеңеске Бас Ассамблея жетекшілік жасады.

Қамқорлық жөніндегі кеңестің құрамы Жарғыда анықталмаған. Бірақ Жарғының 86-бабына сәйес кеңеске мыналар кірді:

- қамқор-мемлекеттер;
- қамқорлыққа алынған территорияларды басқармайтын Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты мүшелері;
- алғашқы екі топтың санына тән келетін, үш мезгілге сайлап қойылатын мемлекеттер.

Халықаралық Қамқорлық жөніндегі кеңесті құру туралы идея екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі отарлық жүйенің құлауы және тәуелсіз мемлекеттердің құрылуы кезеңімен тұспа-тұс келді. Сондықтан оның негізгі мақсаты - халықаралық бейбітшілікті және қауіпсіздікті нығайту; қамқорлыққа алынған территориялардың тұрғындарының саяси, экономикалық, әлеуметтік прогресіне ықпал ету, білім саласындағы прогресі және өзін-өзі басқару немесе тәуелсіздік жолындағы прогресін дамыту; негізгі қиыншылығына, тіліне, дініне қарамастан барлығына орта, адам құқықтарын сыйлау және негізгі еркіндіктердің берілуіне жағдай жасау; әлем халықтарының өзара тәуелсіздігін мойындауға қолдау көрсету болды.

Қазіргі кезде барлық қамқорлыққа алынған территориялар өзін-өзі басқаруға немесе жеке мемлекет ретінде егемендіктерін қолға немесе тәуелсіз көрші мемлекеттердің құрамына қосылуға жеткізді. Сондықтан 1994 жылы Қауіпсіздік Кеңесі БҰҰ-ның Қамқорлық жөніндегі кеңесінің алғашқы қамқорлыққа алынған 11 территорияның ең соңғысы, АҚШ-тың басқаруында болып келген Тынық мұхитындағы Палау аралы өз тәуелсіздігін

алғаннан кейін БҰҰ Қамқорлық жөніндегі кеңесі жөніндегі келісімін тоқтатты.

Халықаралық қамқорлық жүйесі халықаралық қатынастар жүйесіндегі бірегей және қажетті құрал ретінде қызмет атқарды. Оның алға қойған мақсаттары орындалды.

**БҰҰ-ның Халықаралық соты** БҰҰ-ның басты сот органы болып табылады және ол 1945 жылы құрылды. Сот ЕАС Ассамблея және Қауіпсіздік Кеңесі сайлап қоятын 15 судьядан құралған. Судьялар тоғыз жыл мерзімге сайланып қойылады және екінші рет сайлануға құқықтары бар. Қауіпсіздік Кеңесінде 8 дауыс жеткілікті және veto құқығы қолданымайды. Соттың құрамында бір мемлекеттің екі азаматы кіре алмайды. Халықаралық сотқа келгеннен кейін осы қызықтар ішінде судьяларға басқа қызметпен айналысуға рұқсат берілмейді.

Соттың төрағасы және вице-төрағасы Сот өзі үш жыл мерзімге, ал Соттың хатшысын жеті жылға сайлайды.

Халықаралық соттың құзыретіне БҰҰ-ның Жарғысымен қарастырылған барлық іс-әрекеттер мен сұрақтар кіреді.

Халықаралық сот экономикалық құқық, жүріп тұру құқығы, күш көрсетпеу немесе қолданбау, мемлекеттердің ішкі істеріне, дипломатиялық қарым-қатынастарға араласпау, халықаралық даулы жағдайларға байланысты шешім шығарады.

Халықаралық сотқа екі функция жүктелген: оның қарамағына берген мемлекеттердің заңнамалық дауларын халықаралық құқыққа зәйкес шешу; халықаралық органдар мен мекемелер оған сәйкес тапсырған заңнамалық сұрақтар бойынша кеңес ретіндегі қорытындыны шығару.

Сот процедурасы оның Жарғысы және Регламентімен анықталған. Қазіргі кезде 1978 жылы қабылданған Регламент әлі күшінде қолданыста.

Соттың ресми қызмет көрсету тілдері – француз және ағылшын. Мемлекеттің өтініш беруі бойынша халықаралық соттың басқа тілді қолдануына құқық беруге міндетті. Сот ісін жүргізу екі бөлімнен тұрады: жазбаша және ауызша. Егер Соттың басқаша шешімі болмаса немесе тараптар көпшіліктің қатыспауын талап етпесе, онда сот ісін тыңдау көпшіліктің

алдында жүргізіледі. Барлық сұрақтар қатысушы судьялардың көпшілік дауыс беруімен шешіледі. Сот істі ауызша қарағаннан кейін жабық есік ішінде отырысын жалғастырады және содан кейін ашық отырыста өзінің шешімін мәлімдейді. Ақтық шешім қабылданады және оған қайрадан шағым бере алмайды. Егер мемлекеттердің бірі шешімді орындамаса, онда екінші тарап БҰҰ-ның Қауіпсіздік Кеңесіне өтіспен бара алады.

Сот өз функцияларын толық құрамымен атқарады, сонымен бірге ол тараптардың өтініші бойынша арнайы палата құра алады. Бірінші рет ондай палатаны Сот 1982 жылы құрды [4, б.204-211].

Халықаралық соттың орталығы Гаага қаласында орналасқан [қараңыз: қосымша Б].

**Хатшылық және Бас хатшы.** БҰҰ-ның хатшылығы бас әкімшілік-техникалық орган болып табылады [қараңыз: қосымша В].

Хатшылық ағымдағы жұмыстардың орындалуына жауап береді. Оның функциялары сан-ақпарат халықаралық дауларды шешуде делдалдық; әлемдегі әлеуметтік және экономикалық тенденцияларға шолу жасау; адам құқықтары жөніндегі және тұрақты даму туралы зергеулерді дайындық жүргізу және тағы сол сияқты қызметтерді атқарады. Сонымен бірге Хатшылық әлемдік ақпарат құралдарын БҰҰ-ның қызметі жөнінде хабардар етіп отырады; әлемдік маңызға ие мәселелер бойынша халықаралық конференциялар ұйымдастырады; БҰҰ органдарының шешімдерінің орындалуын қадағалайды және ұйымның құжаттарын ресми тілдерге аударып отырады.

Хатшылықтың қызметкерлері негізгі төрт категорияға бөлінеді: жетекші қызметкерлер, мамандар, ортақ қызмет жұмысшылары және далалық қызмет жұмыскерлері.

Қазіргі кезде Хатшылықта дүние жүзінің 170 мемлекетінің өкілдері қызмет атқаруда.

Хатшылық Нью-Йорк қаласындағы БҰҰ-ның орталық мекемесінде орналасқан. Ал Адис-Абеба (Эфиопия), Бангкок (Тайланд), Бейрут (Ливан), Вена (Австрия), Женева (Швейцария), Найроби (Кения), Сантьяго (Чили) қалаларында оның негізгі

бөлімдері бар. Мысалы, Женевадағы БҰҰ Хатшылығының орталығы қарусыздану және адам құқықтарына арналған мәселелерді талқылау үшін дипломатиялық конференциялар мен форумдар өткізеді. Венадағы штаб-пәтер негізінен наркотиканы қолдануға бақылау орнату, қылмыстың алдын алу, космостық бейбіт мақсатқа қолдану сияқты мәселелермен шұғылданады. Ал Найробиде орталық қоршаған ортаны қорғау саласындағы мәселелермен айналысады [6, б.74-75].

Бас хатшы БҰҰ-ның Жарғысына сәйкес ұйымның бас әкімшілік қызмет адамы. Ол білікті дипломат, белсенді аймақтар, бітімгершілік миссияларды жүзеге асыруға аса қабілетті адам, достастырушы ретінде қызмет атқарады. Бас хатшы әлемдік қауымдастықтың алдында БҰҰ-ның символы ретінде БҰҰ-ның Жарғысында жазылған принциптер мен міндеттіліктерді қорғаушы ретінде көрінеді.

Бас хатшыны Қауіпсіздік Кеңесінің ұсынысымен Бас Ассамблея бес жыл мерзімге сайлап қояды. Ол мерзімі аяқталғаннан кейін екінші мерзімге қайтадан сайлану құқығына иелене алады.

БҰҰ-ның тұңғыш Бас хатшысы кім болған дегенге келсек, алғашқыда бұл мәртебе швейцариялық Д. Эйзенхауэр (АҚШ), Э. Иден (Ұлыбритания), Л. Пирсон (Канада) тәрізді танымал тұлғалардың аты-жөндері аталған екен. Бірақ, Бас хатшылыққа Норвегияның сыртқы істер министрі Трюгве Ли сайланды. Оның кандидатурасын АҚШ ұсынды. Қалыптасқан дәстүр бойынша Бас хатшы Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты мүшелері – АҚШ, КСРО, Қытай, Ұлыбритания және Франция мемлекеттерінің өкілі болмауы тиіс. Бас хатшылыққа ұсынылған екі кандидатура осы талапқа сай келмеді, ал Л. Пирсонның кандидатурасына КСРО мен Ұлыбритания қолдау көрсетпеген [9, б.4].

2007 жылдың қаңтарынан бастап, қазіргі кезге дейін БҰҰ-ның Бас хатшысы қызметін Корея Республикасының азаматы Пан Ги Мун атқарып отыр. Оның алдында бұл міндетті 7 адам атқарды. Олар Трюгве Ли (Норвегия, ақпан 1946 ж. – қараша 1952 ж.); Даг Хаммаршельд (Швеция, сәуір 1953 ж. – қыркүйек 1961 ж.); У Тан (Бирма, қараша 1961 ж. – желтоқсан 1971 ж.);

Курт Вальдхайм (Австрия, қаңтар 1972 ж. – желтоқсан 1991 ж.); Хавьер Перес де Куэльяр (Перу, қаңтар 1982 ж. – желтоқсан 1991 ж.); Бутрос Бутрос Гали (Египет, қаңтар 1992 ж. – желтоқсан 1996 ж.); Кофи Аннан (Гана, қаңтар 1997 ж. – желтоқсан 2007 ж.) [8, б.30] [қараңыз: қосымша Г].

Бірақ ең бірінші Бас хатшы міндетін уақытша атқарған британдық дипломат, саясат саласында қызмет атқарған Глэдвин Джебб деген адам. Ол 1945 жылдың 24 қазанынан 1946 жылдың 1 қапанына дейін Бас хатшы міндетін атқарып, бұл қызметті ресми түрде Трюгве Лиге тапсырды. Енді осы хатшылар жайлы қысқаша тоқталып өтейік.

Бірінші Бас хатшы **Трюгве Хальвдан Ли (1896 - 1968)** – Норвегия мемлекетінің саяси қоғам қайраткері, Осло қаласында туған. 1919 жылы Ослодағы университетте білім алып, заңгер мамандығын тәмамдады. 1911 жылы «Норвегияның жұмысшы партиясы» атты жастар ұйымына кіріп, кейін 1926 жылы ұлттық атқарушы хатшы қызметін атқарды. 1941 жылы ақпанда Норвегияның сыртқы істер министрі болып қызмет атқарды. 1946-1952 жж. аралығында Біріккен Ұлттар Ұйымының бірінші Бас хатшысы қызметін атқарды. Қызмет барысында АҚШ және КСРО тарапынан аса үлкен сыйға түсіп, 1952 жылы қарашада жұмыстан өз еркімен кетті.

**Даг Яльмар Хаммаршельд (1905 - 1961)** – Швед мемлекетінің өкілі. Қаржы министрлігінде және Швецияның банкісінде түрлі лауазымдарда, кейін Сыртқы істер министрлігінде жұмыс атқарды. Замандастары оның озық ойлы, әкімшілік қабілеті ерекше, талантты адам ретінде еске алады. Оның ұсынысымен БҰҰ төтенше жағдайлар күші жасақталып, ұйымның тарихында бірінші рет бітімгершілік операциялары бағталды. Даг Хаммаршельд БҰҰ-ның бітімгершілік белсенділігін арттыруға жол ашып берген дипломат. 1953 жылдан бастап өмірінің соңғы күніне дейін Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы болып қызмет жасады. 1961 жылы Конгодағы әскери қақтығысты реттеуге бара жатқан сапарында осы елде болған ұшақ апатынан қайтыс болады. Оған бейбітшілікті сақтауда көрсеткен лайықты еңбегі ескеріліп,

сонымен бірге оны есте сақтау белгісі ретінде 1961 жылдың аяғында Нобель сыйлығының лауреаты берілді.

**У Тан** (оның толық аты жөні Маха Тхрай Ситху У Тхант – авт.) (1909 - 1974) Бирма мемлекетінің дипломаты, Біріккен Ұлттар Ұйымының 3-ші Бас хатшысы. Дипломатиялық мансабын бастамас бұрын, білім саласында жұмыс істеді. 1942 жылы бірнеше ай мерзімінде У Тан Бирма комитетінің білім жүйесін қайта құру саласында хатшы қызметін атқарды. 1947 жылы Бирма үкіметінің баспасөз хатшылығына тағайындалып, 1948 жылы хабар тарату қызметінің директор лауазымына көл жеткізді. Оған қоса 1955 ж. қосымша Бирманың экономикалық және әлеуметтік кеңесінің атқарушы хатшы қызметін атқарды. 1962 жылы БҰҰ-ның Бас хатшы жұмысына қабылданып, 1966 жылы Бас Ассамблея бірауыздан У Танды (1966 - 1971) екінші мерзімге қайта сайлады.

**Курт Вальдхайм** (1918–2007) – австриялық дипломат және саясаткер, БҰҰ-ның 4-ші Бас хатшысы (1972-1981). Мектепті тәмамдағаннан кейін 1936-1937 жж. әскерде қызмет атқарды. 1938 жылы Германия студенттерінің ұлттық-социалистік лигасына мүше болып енді. II дүниежүзілік соғысқа қатысты. Соғыс аяқталғаннан кейін Курт Вальдхайм дипломатиялық қызметке түскен болатын. 1971 жылы БҰҰ-ның Бас хатшысы болып, 1976 жылы екінші мәрте сайланды. Ал 1986-1992 жж. Австрияның президенті қызметін атқарды.

**Хавьер Перес де Куэльяр** (1920 - 2007) – мамандығы заңгер, БҰҰ-ның Бас хатшысы (1982-1991). Хавьер Перес де Куэльяр Перудің халықаралық қатынастар министрлігінде 1940 жылдан бастап жұмыс істеп, кейін 1944 жылы дипломатиялық қызметке көшті. Франция, Ұлыбритания, Боливия, Бразилияда, 1964 жылы Швейцарияда, 1969-1971 жж. КСРО мен Польшада, 1977-1979 жж. Венесуэлада елші қызметін атқарды. Сонымен қатар, Хавьер Перес 1971-1982 жж. БҰҰ-ның Перудегі тұрақты өкілдігін басқарды. 1982 жылы 1 қаңтар күні БҰҰ-ның Бас хатшы болып тағайындалып, 2 мерзім қатарынан жұмыс атқарды.

**Бутрос Бутрос-Гали** – Египет дипломаты, БҰҰ-ның 6-шы Бас хатшысы (1992-1996). Каир және Париж

университеттерінде саясаттану, экономика және құқық салаларын оқып, меңгерді. 1977-1991 жж. аралығында Египеттің Сыртқы істер министрлігінде қызмет атқарды. Ол 1978 жылы Египет және Израиль арасында жүрген келіссөздерге қатысты. 1992 жылы БҰҰ Бас хатшылығына тағайындалып, 1996 жылы қызметін аяқтады.

**Кофи Аннан** – Гана мемлекетінің дипломаты, БҰҰ-ның 7-ші Бас хатшысы (1997-2006). Гана мемлекеті атаңға Британияның «Алтын жағалау» («Золотой берег» - авт.) отырып, әлем дүниеге келген. Алғашқыда Женева (Швейцария) халықаралық қатынастар институтында, кейіннен АҚШ-тың Масачусетс технологиялық институтында білім алған. Кофи Аннанның қызметінің мансабы БҰҰ-мен тығыз байланысты, себебі ол осы ұйымның түрлі органдарында, сонымен бірге әр түрлі мемлекеттерде – Аддис-Абебада, Каирде, Женевада, Исфаһиде, Нью-Йоркте түрлі қызмет атқарды. Сондай-ақ, БҰҰ Бас хатшысы қызметін атқарған бірінші қара нәсілді әкім. 2001 жылы Нобель сыйлығының лауреаты атанды.

**Пан Ги Мун** - 1944 жылғы Түсюода дүние келген (Жапония) қазір Чхунджу, Корея Республикасы. 1970-ші жылы Сеул ұлттық университетінің халықаралық қатынастар мамандығын бітірген. 2001-2006 жылдардың аралығында Корея Республикасының Сыртқы істер министрі қызметін атқарды. БҰҰ-ның 8-ші Бас хатшысы. Осы орынға 2006 жылдың қазан айының 14-і күні сайланған, 2007 жылдың 1 қаңтарынан бастап өз жұмысын бастады.

Халықаралық аренада бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуде бұл саясаткерлер көптеген өзекті әрі түйінді мәселелерді шешумен тарихта қалды. Мысалы, Даг Хаммаршельд Суец мәселесін, У Тан Кариб дағдарысын, Курт Вальдхайм Кипр мәселесін, Перес де Куэльяр Иран-Ирак соғысын, Бутрос Гали Югославиядағы жағдайды реттеп, шешуде белсенділік танытты [3, б.4].

Кейбір ресейлік ғалымдар халықаралық қатынастардағы күштердің ара қатынасының өзгеруіне байланысты БҰҰ Бас хатшыларының қызметі де соған қарай бағытталатындығын

жазады. Мысалы, Трюгве Ли мен Даг Хаммаршельд шиеленіскен халықаралық мәселеге қатысты жағдайды шешуде толығымен АҚШ-тың ұстанымын жақтап отырды. Ал У Тан, Курт Вальдхайм, Хавьер Перес де Куэльяр, Бутрос Гали тәрізді Бас хатшылар өз қызметтерін Азия, Африка және Латын Америка елдеріне бағыттады [10, 6.42].

Бас хатшы БҰҰ Хатшылығының толыққанды жұмыс істеуіне жауапты. Ол бас әкімшілік қызметті атқаратын болғандықтан Хатшылықтың қызметкерлерін Бас Ассамблея бекіткен ережелерге сәйкес тағайындап қояды. Қызметкерлер жеке басының қасиеттері бойынша және БҰҰ Жарғысының 101-бабына сәйкес өкілдердің әр аймақтардан болуы принциптеріне сәйкес таңдап алынады.

Бас хатшы Бас Ассамблеяның отырысында БҰҰ-ның жыл сайынғы жұмысы туралы баяндама жасайды. Оның пікірінше халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікке қауіп төнуі мүмкін деген мәселені ол Қауіпсіздік Кеңесінің назарына жеткізу құқығына ие.

Соған қарамастан БҰҰ Хатшылығында әлі шешілмеген бірқатар мәселелер бар:

- біріншіден, орта және жоғары бөлімдегі штат негізінен жекелеген ірі мемлекеттердің өкілдерінен жасақталып келеді;

- екіншіден, Хатшылықтың 55% қызметкері тұрақты келісім-шарт негізінде жұмыс істейді, ал бұл өз кезегінде кадрларды алмастыруда (ротациялауда) кедергі келтіреді, кәсіби жас мамандардың келуін қиындатады;

- үшіншіден, халықаралық шенеуніктер қауымдстығының құрылуына әкеп соғады.

Көфи Аннан Бас хатшы болған кезде, осы мәселелерді шешу үшін Хатшылықта институционалдық реформа басталды. Реформаның негізгі параметрлері «Обновление ООН: программа реформы. А/51/950/1997» деп аталған құжатта көрсетілген [1, 5233]. Хатшылықтағы қайт құру жұмыстары бес саланы қамтыды: бейбітшілік пен қауіпсіздік; экономикалық және әлеуметтік мәселелер; даму мақсатындағы ынтымақтастық; гуманитарлық мәселелер; адам құқығы. Алғашқы төрт салада

Атқарушы комитеттер құрылды. Ал адам құқығы мәселесі барлық секторға ортақ болғандықтан, ол төрт комитеттің де жұмысына бірдей қатыса алады.

Сонымен бірге қызметшілердің санын тәртіпке келтіру жөнінде маңызды жұмыстар жүргізілуде. Әсіресе қызметшілердің этикалық қылықтарына байланысты талаптарға үлкен көңіл бөлінді. Осыған байланысты этика мәселесі жөніндегі бюро құрылды.

Қорыта айтқанда, Хатшылықтағы реформа бүгінгі күннің талаптарына сәйкес жүргізілілді.

#### **1.4 БҰҰ ғимаратының салыну тарихы**

БҰҰ ғимаратының тарихын қарастырғанда Интернет ресурстарындағы ақпараттарға сүйенсек, Ондағы көп мәліметтердің ішіндегі ең қызық деген ақпараттарды алуға тырыстық. Төменде сол ақпараттар арқылы алынған БҰҰ ғимаратының тарихы баяндалады [11].

БҰҰ құрылып, ұйымның штаб-пәтері орналасатын қала анықталғаннан соң, оның ғимаратын салу мәселесі туындады. Себебі ұйымның отырыстарын өткізу үшін ыңғайлы ғимарат қажет еді. Әзірше оған ғимараттары болмағандықтан, отырыс өткізілетін орынды жалға алу керек болды. Мұндай ғимарат тек отырыс өткізу үшін емес, болашақта ұйымның тұрақты өкілдіктері мен әкімшілігі жұмыс істей алатын орталыққа айналдыру үшін қажет еді.

Бұл ғимараттың жобасын дайындау үшін арнайы халықаралық сарапшылар тобы құрылады. Топтың бастапқы мақсаты тұрғылықты жер учаскесін таңдап алу болды. Бұл топқа әлемнің түрлі елінің сәулетшілері мен мамандарынан құралған 10 адамнан кірген. Топты американдық сәулетші архитектор Уоллес Харрисон басқарған. Олардың қатарында танымал француз сәулеткері Ле Корбюзье, сонымен бірге талантты жас архитектор Оскар Нимейер тәрізді танымал сәулет өнерінің шеберлері болған.

БҰҰ орналасқан аумақ 7 гектар. Оның құрамына қауіпсіздік қызметі, өрт сөндірушілер, аударма орталығы, пошта бөлімшесі және баспахана кіреді. БҰҰ баспаханасы дүние жүзіндегі ең ірі баспаханалардың бірі болып есептеледі. 42 мен 48-ші Ист-стрит аралығын алып жатқан кеңістікте орналасқан кешеннің құрамына сондай-ақ Бесінші Авенюден өзенге дейін созылып жатқан саябақ та кіреді.

БҰҰ ғимараты 1948-1952 жылдардың аралығында салынған. Ле Корбюзье өзінің «Шығармашылық жолы» («Творческий путь») атты өмірбаяндық еңбегінде 1947 жылдың 26 ақпанында «Макет 23-А» ұранымен алынған ғимарат жобасының жалпы сұлбасының дайын болғандығын жазады [қараңыз: қосымша F]. Корбюзьенің жобасы бойынша БҰҰ штаб-пәтерінің кешені төрт құрылысты қамтыған:

1. Хатшылық ғимараты (көп этажды);
2. Арнайы қызмет ғимараты (көп этажды);
3. Комитеттер мен Комиссия корпусы;
4. Бас Ассамблея ғимараты.

Жобаға сәйкес әр ғимарат өзінің орналасуы тиіс әрі бос жерлерге гүлзарлар жасау қарастырылған. Сәндік ағаштар егіліп, жүргіншілерге арнайы жолдар салу ескерілген. Жалпы Ле Корбюзьенің «Нұрлы жол» деп атаған тұжырымдамасына сай жаңа құрылыс ғимараттары өз заманы тән ерекше идея болып есептелді. Әрине, Ле Корбюзьеден басқа да архитекторлардың тарапынан тың жобалар мен ұсыныстар түсті. Соған қарамастан Ле Корбюзье өзінің арнайы жұмыс істеуі үшін жеке шеберхана және онымен жұмыс істейтін адамдар бөлініп берілді. Архитектордың шеберханасы Рокфеллер-орталығының бір офисінде орналасты. Мұнда Ле Корбюзье 1947 жылдың қаңтар-шілде айларының аралығында жұмыс істеді.

Ақырында БҰҰ ғимаратының кешені Нимейер ұсынған жобасы бойынша салынды. Нимейерге келетін болсақ, ол АҚШ-қа келгенге дейін Ле Корбюзьемен таныс болған. 1936 жылы Рио-де-Жанейро қаласындағы Оқу министрлігінің жобасын жасауда екеуі бірлесіп жұмыс істеген. Сондай-ақ Нимейер Ле Корбюзьенің ықпалында болған. Оны біріншіден, Бас Ассамблея

Хатшылығының биік ғимараты жобасы мен Рио-де-Жанейродағы Оқу министрлігі үйінің арасындағы ұқсастықтан байқауға болады. Екіншіден, ғимараттың биік болуы, офистік кеңселер, шыны қабырғалар тәрізді архитектурадағы әдістерді Нимейер Ле Корбюзьенің тұжырымдамасы бойынша іске асырды.

Сонымен бірге шыны мен болаттан тұратын кекке ұмтылған көпқабатты Хатшылық ғимараты да Ле Корбюзьенің «Макет 23-А» жобасында көрсетілген. Қалай дегенмен де БҰҰ ғимаратын салуға ат салысқан аттары аталған да, аталмаған да архитекторлардың еңбектері зор еді.

БҰҰ кешенін салу үшін Манхеттеннің ішкі жағындағы көпқабатты ескі үйлерден тұратын ауданнан жер телімі берілді. Бұл үйлердің барлығын бұзып, жаңа ғимарат салынатын жерді дайындады. Ал 1949 жылы БҰҰ Хатшылығы ғимаратын салу үшін төрт ірі құрылыс фирмасымен келісі шартқа отырып, қол қойылды. Осы жылдың қазан айында ресми түрде құрылыстың бірінші кірпіші қаланды. 1950 жылдың қазында көк тіреген ғимарат құрылысы аяқталып, тамыз айында оған кеңсе қызметкерлері кіре бастады.

Осыдан кейін Конференция өтетін залдың құрылысы, көлденеңі үш блоктан тұратын ғимарат салына бастады. Бұл кешен құрылысының 1951 жылдың 10 қаңтарында салтанатты түрде ашылу рәсімі өтті. Жалпы кешен құрылысы негізінен 1952 жылы аяқталды.

Сонымен, «Бетон, құрыш, шыны және алюминиймен құрсаулап бекітіліп тасталған БҰҰ ғимараты бір қарағанда сіріңке қорапшасына ұқсайды. Ол өзара байланысқан үш негізгі ғимараттан тұрады. Біріншісі – 39 қабатты көкке ұмтылған биік ғимарат, мұнда БҰҰ Хатшылығы орналасты; екіншісінде Ист-Ривер деңізіне параллель орналасқан конференциялар өтетін Кругшкіздік Кеңесі, Экономикалық және әлеуметтік кеңес залдары, ал үшіншісінде Бас Ассамблея мен оның комитеттері отырыстарын өткізетін залдар орналасқан.

Әлем елдерінің Бас Ассамблеяға сыйға тартқан ескерткіштері ғимаратқа көрік беріп тұр. Мысалы, Бас Ассамблеяға кіретін басқы залдың құрыштан жасалған есіктерін

Канада сыйға тартқан. Оң жақта келушілердің назарын бірден өзіне аудартатын мәңгі қозғалыс символы - Фуко маятнигі Голландияның, ал сол жақта орналасқан ежелгі қола Зевс мүсіні - Грецияның сыйлықтары. Ал басыңды көтеріп қарасаң жылтыр металдан жасалған көздің жауын алатын бірінші кеңес спутнигінің макеті көрінеді. Бұл БҰҰ-ға Кеңес үкіметінің берген сыйлығы болатын. Кейін АҚШ-тың сыйлығы – айдан әкелінген топырақ аталған сыйлықтардың қатарын толықтырды» деген қызықты мәліметтерді қазақстандық ғалымдардың монографиясынан кездестіруге болады [12, б.398-399].

Осы сыйлықтардың арасында Қазақстан Республикасы тарапынан тарту етілген ең басты сыйлық – «Айтын адамның» көшірмесін көруге болады. Қазақстан тарапынан тартылған осынау сыйлық 1997 жылы 29 шілдеде БҰҰ –ның штаб-пәтеріне орнатылды. Ескерткіш БҰҰ штаб-пәтерінің екінші қабатында орналасқан ЭКОСОС және Камкорлық жөніндегі кеңес залдарының аралығында, БҰҰ Бас Ассамблеясы төрағасының офисіне қарсы жерге қойылды.

Бұдан басқа сыйлықтарды атағанда Қазақстан Республикасының БҰҰ-ға ең бірінші тарту еткен сыйлығын айтқан дұрыс сияқты. Ол сыйлық «Қазақстанның жер қойнауындағы жартылай қыбат тастар мен минералдардан құралған төбешік болытын. Оны Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев 1992 жылы Бас Ассамблеяның сессиясына бірінші рет келгенде ұйымның сол кездегі Бас хатшысы Бурос Селиге тапсырған еді. Қазір бұл сыйлық Бас хатшы жұмыс істейтін 38-ші қабаттағы жоғары мәртебелі қонақтардың үтетін бөлмеде тұр» [13, б. 386].

Жалпы, БҰҰ штаб-пәтері құрылысына 65 миллион доллар ақша қажет болған екен. Мұндай үлкен мөлшердегі қаражатты АҚШ үкіметі бөліпті. Ал Джон Рокфеллердің (кішісі – авт.) қаражатына сатып алынған (8,5 млн.доллар салықтан босатылған) жерде ретінде – авт.) Ист-Ривердің жағасындағы жер телімі ақысыз берілген.

1965 жылы БҰҰ Бас хатшыларының бірі болған Даг Хаммаршельд атындағы кітапхана ғимараты ашылып, кешенді жаңа ансамбльмен толықтырды.

Қазіргі кезде БҰҰ штаб-пәтері көпжақты дипломатияның орталығы болып қана қоймай, шетелдік меймандардың да көп келіп тамашалайтын тарихи объектіге айналып отыр. Келушілер тек көкке қарап бой түзеген БҰҰ ғимараттарын ғана емес, осында жинақталған монументальдык өнер туындыларын көріп, қызықтайды. Олардың арасында әлемдік өнер иелерінің танымал туындылары кездеседі. Мысалы, Пикассоның туындылары, атақты британ скульпторы Генри Мурдың қолының бейнесі т.с.с.

### **Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:**

1. БҰҰ қашан және қандай жағдайда құрылған?
2. БҰҰ-ның мақсаты мен міндеттері не?
3. БҰҰ-ның органдары деген не?
4. БҰҰ Бас Ассамблеясы қандай қызмет атқарады? Қысқаша тоқталыңыздар.
5. Қауіпсіздік Кеңесі қандай жұмыстарды атқарады? Баяндап беріңіздер.
6. БҰҰ-ның Бас хатшылығы немен айналысады?
7. БҰҰ Бас хатшылары жайлы қосымша хабарлама дайындап келіңіздер.
8. БҰҰ ғимаратының салыну тарихына байланысты қосымша ақпарат әзірлеңіздер.
9. БҰҰ-ның жалпы даму тарихына арналған сараптамалық хабарлама дайындаңыздар.
10. БҰҰ-ның қазіргі жағдайына сипаттама беріңіздер.

### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Право международных организаций [Текст]: учебник / Под ред. И.П. Блищенко, А.Х. Абашидзе.-М.: РУДН, 2013.-597 с.
2. <http://www.un.org/ru/about-un/index.html>

3. Тоқаев Қ. Беласу: Дипломатиялық очерктер.-Алматы: «Дәуір», 2003.-656 бет.
4. Смағұлова Г.М. Халықаралық ұйымдар: оқу құралы.-Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2015.-263 бет.
5. БҰҰ жаңалықтар орталығы / <http://www.un.org/russian/news/>
6. Организация Объединенных Наций. Основные факты. Справочник. Пер. с англ.-М., 2000.- 424 с.
7. The United Nations Disarmament Yearbook.- New York: United Nations, 2006.-506 p.
8. Зябкин А.И. Организация Объединенных Наций – универсальная международная межправительственная организация общей компетенции: Учебное пособие.-СПб.: ИВЭСЭП, Знание, 2008.-440 с.
9. Құнанбай Ә. Қазақстан және Біріккен Ұлттар Ұйымы // Егемен Қазақстан.-2006.- 3 наурыз.-Б.4.
10. Барышев А.П. Мировая политика и Организация Объединенных Наций. 1945-2009.-М.: Общество дружбы и развития сотрудничества с зарубежными странами, 2009.-1340 с.
11. История строительства ООН (первоначальный текст статьи «Ле Корбюзье и комплекс ООН в Нью-Йорке») // <http://corbusier.livejournal.com/570.html>
12. Хан Г.Б., Суворов Л.С., Рахманова Г.Б. Внешняя политика Республики Казахстан. Монография.-Алматы: КазГЮА, 2001.- 511 с.
13. Арыстанбеков А. Объединенные Нации и Казахстан.- Алматы: Дайк-пресс, 2002.-432 с.

**Өзі-өзі тексеруге арналған тест сұрақтары:**

1. Біріккен Ұлттар Ұйымының құрылған жылы:
  - A) 1945 ж.
  - Б) 1946 ж.
  - С) 1947 ж.
  - D) 1948 ж.
  - E) 1950 ж.

2. БҰҰ-ның негізгі басты құжаты:

- A) Хартия.
- B) Коммюнике.
- C) Жарғы.
- D) Бітім.
- E) Шарт.

3. БҰҰ-ның Жарғысына сәйкес оның неше басты органдары бар.

- A) Екі.
- B) Алты.
- C) Он.
- D) Он бес.
- E) Жиырма.

4. БҰҰ-ның Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты мүшелері:

- A) АҚШ, Қытай, Ресей, Ұлыбритания, Франция.
- B) АҚШ, Үндістан, Ресей, Германия, Франция.
- C) АҚШ, Қытай, Қазақстан, Ресей, Германия.
- D) АҚШ, Қытай, Италия, Ұлыбритания, Франция.
- E) АҚШ, Жапония, Канада, Ұлыбритания, Франция.

5. БҰҰ-ның бірінші Бас хатшысына мемлекеттің өкілі:

- A) Францияның.
- B) АҚШ-тың.
- C) Германияның.
- D) Қытайдың.
- E) Норвегияның.

6. БҰҰ-ның штаб-пәтері орналасқан:

- A) АҚШ-та.
- B) Ұлыбританияда.
- C) Ресейде.
- D) Қытайда.
- E) Францияда.

7. БҰҰ-ның штаб-пәтері салынды:

- A) 1945-1946 жж. аралығында.
- B) 1946-1948 жж. аралығында.
- C) 1948-1952 жж. аралығында.
- D) 1945-1947 жж. аралығында.
- E) 1949-1956 жж. аралығында.

8. БҰҰ-ның Бас Ассамблеясының алқа мәжілісі жыл сайын өткізіліп тұратын кезең:

- A) Қаңтар айының басы – наурыздың ортасы.
- B) Шілде айының бірінші аптасында.
- C) Қыркүйек айының үшінші сейсенбісі – желтоқсан айының ортасы.
- D) Қараша айының екінші сәрсенбісі – желтоқсан айының аяғы.
- E) Желтоқсан айы бойы.

9. БҰҰ-ның Найробидегі бөлімі шұғылданатын мәселе:

- A) Адам құқығы.
- B) Қарусыздандыру.
- C) Ұйымдасқан қылмыс.
- D) Наротиканы таратпау.
- E) Қоршаған ортаны қорғау.

10. БҰҰ-ның бөлімі еуропалық бөлімі мына қалада орналасқан:

- A) Париж.
- B) Милан.
- C) Бонн.
- D) Женева.
- E) Гаага.

## II ТАРАУ. БҰҰ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АРАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

### 2.1 БҰҰ және Қазақстан Республикасы арасындағы дипломатиялық байланыстар

Қазақстан Республикасы тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан-ақ өзін әлемдік қауымдастыққа таныстыру үшін халықаралық құқық талаптарына сай БҰҰ-ның қатарына кіруге бағытталған жұмыстарын бастады. БҰҰ Жарғынана сай мүшелікке қабылданатын кез келген жаңа мемлекет ең бірінші Бас хатшының атына өтініш білдіреді. Қазақстан Президенті Н. Назарбаев та 1991 жылдың 31 желтоқсанда БҰҰ Бас хатшысына Қазақстанды ұйымға қабылдау жөнінде өтініш жазды.

#### Маңызды дерек!

КАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
**ПРЕЗИДЕНТІ**

КАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
**ПРЕЗИДЕНТІ**

480091, Алматы қаласы, Республика аламы, 4  
480091, г. Алма-Ата, Республика, 4

№ И-644

31 декабря 1991 г.

Генеральному секретарю ООН  
господину Хавьеру Переса  
де Куэльяра

Уважаемый господин Генеральный секретарь,  
я, Президент Республики Казахстан и в качестве главы государства  
между прочим представляю настоящее заявление о приеме в члены  
Организации Объединенных Наций.  
Буду весьма признателен Вам за скорейшую передачу настоя-  
щего заявления в Совет Безопасности.

С уважением  
Нурсултан Абишевич  
НАЗАРБАЕВ

Алма-Ата, декабрь, 1991 г.

Бұл өтініш БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінде 1992 жылдың 23 қаңтарында қаралып, оң шешім қабылданды.

**Маңызды дерек!**

**ОБЪЕДИНЕННЫЕ НАЦИИ**

**A S**  
Distr

GENERAL

ГЕНЕРАЛЬНАЯ

A/46/834

АССАМБЛЕЯ

S/23353

COMET

БЕЗОПАСНОСТИ

Генеральная Ассамблея

Сорок шестая сессия

Пункт 20 повестки дня

ПРИЕМ НОВЫХ ЧЛЕНОВ В ОРГАНИЗАЦИЮ

ОБЪЕДИНЕННЫХ НАЦИЙ

СОВЕТ БЕЗОПАСНОСТИ

Сорок седьмой год

Заявление Республики Казахстан о приеме в члены

Организации Объединенных Наций

Записка Генеральному секретарю

В соответствии с правилами и правилами процедуры Генеральной Ассамблеи и правилом 9 временных правил процедуры Совета Безопасности Генеральный секретарь имеет честь распространить настоящим заявлением Республики Казахстан о приеме в члены Организации Объединенных Наций, содержащееся в письме Президента Республики Казахстан от 31 декабря 1991 года на имя Генерального секретаря.

92-00294 (110/91) 41

**источник:** Арыстанбекова А.Х. Объединенные Нации и Казахстан.- Алматы, 2002.-С.404.

Ал 27 ақпанда Бас Ассамблея Қазақстан Республикасының БҰҰ-ға толыққанды мүше болып қабылданғанын жариялады.

**Маңызды дерек!**

**ОРГАНИЗАЦИЯ  
ОБЪЕДИНЕННЫХ НАЦИЙ**

**Совет Безопасности**

Distr.  
GENERAL  
S/RES/732  
(1992)

23 January 1992

РЕЗОЛЮЦИЯ 732 (1992) ,

Принятая Советом Безопасности на его 3034-м заседании

23 января 1992 года

Совет Безопасности, рассмотрев заявление Республики Казахстан о приеме в члены Организации Объединенных Наций (S/23353) ,рекомендует Генеральной Ассамблее принять Республику Казахстан в члены Организации Объединенных Наций.  
92-03092 (R10N) 1064

**источник:** Арыстанбекова А.Х. Объединенные Нации и Казахстан.- Алматы, 2002.-С. 415.

Қазақстан Республикасы 1992 жылдың 2 наурызында өткен БҰҰ-ның Бас Ассамблеясының 46-шы сессиясында қабылданған 46/224-резолуцияға сәйкес ұйымға 168-ші мүше-мемлекет болып қабылданды [1, б.12-14]. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев осы оқиғаға байланысты мынадай баға берді: «Қазақстан БҰҰ-ның толық құқылы мүшесі болды. Осы фактінің маңызына баға жетпейді: біз халықаралық құқықтың негіз қалаушы принциптерін жақтайтынымызды растаумен қатар, планетадағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі негізгі жұмысты өз міндетіне алған осы ықпалды халықаралық ұйымның өзіндік қорғауына алындық» [2, б.1].

БҰҰ-ның Бас Ассамблеясының 47-ші сессиясына Қазақстанның алғашқы делегациясы қатысты [қараңыз: қосымша

Д]. Бұл сессияда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев халықаралық саясат жөнінде сөз сөйледі.

Қазақстанның БҰҰ-ға мүше ретінде қабылдануы тәуелсіз жаңа мемлекеттің халықаралық құқық пен халықаралық қатынастардың жүйесінде дербес субъект ретінде әлемдік құқықтық деңгейде танылуын білдірді.

Осы маңызды оқиға туралы «Жүздеген адамның көз алдында мен залдың орталығында орналасқан тақтайшада «Қазақстан» деп жазылған үстелге қарай бет алдым. Креслоны қозғап, протокол бастығы маған үстел жанынан орын алдыға көмектесті. Бұл орынға енді Біріккен Ұлттар Ұйымының жаңа мүшесі – Қазақстан Республикасының өкілі отыратын болады...Мәжілістен соң жаңадан қабылданған мемлекеттердің туларын көтеру рәсімі болып өтті. БҰҰ штаб-пәтерінің үстінен Қазақстанның көк туы желбіреген кезең бойымды ерекше мақтаныш сезімі билеп, төбем көкке жеткендей қуанышқа бөлендім», - деп жазды Қазақстанның БҰҰ жанындағы тұңғыш тұрақты өкілі болған дипломат А. Аристанбекова өз естелігінде [3, б. 66-67].

БҰҰ Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі мен егемендігінің кепілі болып танылады. Осы уақыттан бері Қазақстан тек қана халықаралық қауымдастықтың мүшесі ретінде қабылданып қоймай, сонымен бірге онда өзінің лайықты орнын таба білді. Қазақстан Бас Ассамблеяның биік мінберінен халықаралық өзекті мәселелерге қатысты ұсыныстар білдіруге мүмкіндік алды. Мысалы, Президент Н. Назарбаев БҰҰ Бас Ассамблеясының 47-ші сессиясында сөйлеген сөзінде екі маңызды ұсыныс айтқан еді. Біріншісі - барлық үкіметтердің ізгі ниет білдіру дәртібімен «бір+бір» формуласы бойынша БҰҰ-ның біріншілік күш-жігерінің қорын құруды бастау (әр мемлекет өзінің қорғаныс бюджетінен 1% пайызын аударады, сөйтіп қытай сайын өз аударымдарын 1% пайызға ұлғайтады). Екінші ұсынысы - Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі Кеңесті шақыру (АӨСШК) [4, б.476]. Қазақстан Президентінің бұл бастамасы әлемнің көптеген елдерінің

тарапынан, сондай-ақ БҰҰ-дан қолдау тауып, Қазақстанның сыртқы саясатын айқындауда айтарлықтай рөл атқарды.

Қазақстан Республикасы Президенті бастаған делегация 2000 жылы өткен БҰҰ Бас Ассамблеясының 55-ші мерейтойлық сессиясы жұмысына да қатысты. Осы сессияның шеңберінде БҰҰ-ның Мынжылдық саммиті өтті. 2000 жылдың 6 қыркүйек күнгі саммиттің басқы шарасында Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаев үшінші болып сөйледі (бірінші сөйлеген АҚШ Президенті Билл Клинтон, екінші – Беларусь Президенті Александр Лукашенко – авт.) және XXI ғасырдағы БҰҰ-ның рөліне арналған дөңгелек үстел отырысына қатысты. Ол өз сөздерінде бірқатар өзекті мәселелерге тоқталып өтті [4, б.488-491]

БҰҰ шеңберінде Қазақстанның бұлардан басқа әр жылдары айтқан мына ұсыныстары негізгі халықаралық басымдықтары болып табылады:

- БҰҰ қамқорлығымен орталық азиялық бітімгерлік батальонын (Орталық азиялық батальон - Ортазбат) құру;
- Орталық Азияның экономикалары үшін БҰҰ Арнайы Бағдарламасын (СПЕКА) құру;
- Семей және Аралдың экологиялық апатының аймақтарын бейімдеу;
- жаһандық энерго-экологиялық стратегияны және «жасыл көпір» әріптестік бағдарламасын жетілдіру;
- энергетикалық ілімдер тұрақтылығының Еуразиялық пактісін қабылдау және жетілдіру;
- 29 тамыз күнін ядролық сынақтарға қарсы әрекеттердің Халықаралық күні деп жариялау [5]

БҰҰ-дағы Қазақстан Республикасының ұстанымы осы ұйымда қарастырылатын мәселелердің барлық кешені бойынша Қазақстанның мүдделерін ескеру алу негізінде жасалады. Бұл ретте, Ұйыммен қауіпсіздік, ядролық қаруды таратпау, экономика, экология, әлеуметтік даму, халықаралық құқықтық прогрессивті дамуы, адам құқығын сақтау салаларында, терроризмге, ұйымдасқан қылмысқа және есірткі бизнесіне қарсы

күрес салаларындағы ынтымақтастықты нығайтуға ерекше көңіл бөлінеді.

Қазақстан және БҰҰ арасындағы ынтымақтастықты дамытудың маңызды тармақтары Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың БҰҰ Бас хатшылары Бутрос Гали, Кофи Аннан және Пан Ги Мунмен кездесулері барысында талқыланды. Сол сияқты Пан Ги Мунның 2010 жылғы 6-7 сәуірде және Кофи Аннанның 2002 жылғы 17-18 қазандағы Қазақстанға ресми сапарлары барысында да қарастырылды. Сонымен бірге, Пан Ги Мунның БҰҰ басшысы ретінде 2010 жылғы 12 желтоқсанда Астана қаласында өткен ЕҚЫҰ саммитінде Ұйым атынан өкілдік етуі тек БҰҰ-мен арадағы ынтымақтастықты ғана емес, Қазақстанның әлемдік саясаттағы беделін арттырады екенін көрсетті.

БҰҰ Бас хатшысы Пан Ги Мун Семей сынақ полигоны аймағына келуі де Қазақстан үшін маңызды оқиға болды. Семей полигонында Пан Ги Мун сөз сөлеген сөзі мемлекеттерге қазақ елінің үлгі болар істері көп және Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев ядролық қорудан бас тартып, полигонды жабу шешімі оның ерекше көшбасшылық қасиеттінің белгісі екенін айтты.

Қазақстан БҰҰ-ға мүше болғаннан бері ұйымның шеңберіндегі барлық негізгі шаралар мен халықаралық форумдарға қатысты әр олардың біразы Қазақстанда өтті. Мысалы, Теңіз елдері арасындағы мүмкіндігі жоқ жоқ елдердің Конференциясы (2003 ж. тамыз, Алматы қ.), ЭСКАТО-ның 63 сессиясы (2007 ж. мамыр, Алматы қ.), Алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсету Алматы Декларациясының 30 жылдығына арналған Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының Конференциясы (2008 ж. қазан, Алматы қ.), Дүниежүзілік экономикалық ұйымының XVIII Бас Ассамблеясы (2009 ж. қазан, Астана қ.). Экологиялық мәселенің өзектілігін ескере отырып, Қазақстан Астана қаласында БҰҰ әлеуметтік қорғау және экология министрлерінің 6-шы Конференциясын (2010 ж. қыркүйек, Астана қ.) және Жалпы еуропалық «Қоршаған орта

Еуропа үшін» 7-ші Конференциясын (2011 ж. Астана қ.) өткізуге ұсыныс жасады [5].

Қазақстан Республикасы БҰҰ-ның түрлі органдарының, қорлары мен бағдарламаларының, мамандандырылған мекемелерінің жұмыстарына белсенді түрде қатысып келеді. Осы жылдар ішінде БҰҰ-ның қоршаған орта жөніндегі бағдарламаның атқарушы кеңесіне (1998-2001 жж., 2004-2007 жж., 2008-2011 жж.); тұрақты даму Комиссиясына (1999-2002 жж., 2004-2007 жж., 2010-2012 жж.); халықты орналастыру және дамыту жөніндегі Комиссияға (2008-2011 жж.); әйелдер жағдайы жөніндегі Комиссияға (2004-2008 жж.); бағдарламалар және үйлестіру жөніндегі Комитетке (2009-2011 жж.); есірткі заттары жөніндегі Комиссияға (2000-2003 жж., 2008-2011 жж.); ЮНИСЕФ (1998-2000 жж., 2010-2012 жж.) және ЮНЕСКО (1997-2001 жж., 2009-2013 жж.) Атқарушы кеңесіне; БҰҰ-Әйелдер құрылымына (2011-2013 жж.) сайланды [1, 2].

2010 жылы Қазақстан ресми түрде 2017-2018 ж. мерзіміне Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақсыз мүшелер құрамына, БҰҰ Бас Ассамблеясының 71-сессиясының аралығына, 2012-2015 жж. БҰҰ Адам құқықтар жөніндегі Кеңесінің құрамына кандидатурасын ұсынды. Қазақстан, БҰҰ жұмыстарына қатыса отыра, бұл ұйымының жалғыз әмбебап форумының құрамы бойынша және тығыз күш тәртібінің нығаюын қолдайды.

1992 жылдан ақпан айынан бастап Қазақстанда БҰҰ-ның мамандандырылған мекемелерінің, қорларының және бағдарламаларының өкілдіктері жұмыс істеуде. Олардың Қазақстандағы қызметі техникалық, кеңес және қаржылық көмек көрсетумен бағытталған. БҰҰ басты мақсаты әр түрлі экономика секторларындағы нарықтық реформалар және ұлттық кадрлардың әзірлеуіндегі сұрақтары бойынша жәрдемдесу және Қазақстан Республикасы үкіметіне консультациялық көмек беру, әкімшілік реформа және тұрақты дамуды қамтамасыз ету болып табылады.

Қазақстанда БҰҰ-ның өкілдігі 1993 жылы 16 ақпанда ашылды. Қазіргі уақытта БҰҰ-ның Қазақстанда келесі ұйымдары жұмыс істейді: Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасы (БҰҰ ДБ), БҰҰ Балалар қоры (ЮНИСЕФ), БҰҰ Халықтардың

қоныстану қоры (ЮНФПА), БҰҰ есірткі және қылмыс мәселері жөніндегі басқармасы (БҰҰ ЕҚБ), БҰҰ Жоғарғы комиссарының босқындар ісі жөніндегі басқармасы (БҰҰ ЖКББ), БҰҰ Еріктілері (БҰҰЕ), Әйелдер қоры (ЮНИФЕМ), Халықаралық еңбек ұйымы (ХЕҰ), БҰҰ білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі ұйымы (ЮНЕСКО), Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДСҰ), БҰҰ өнеркәсіптік даму жөніндегі ұйымы (ЮНИДО), Дүниежүзілік Банк (ДБ), Халықаралық валюта қоры (ХВҚ), АТҚБ/ЖТҚБ жөніндегі БҰҰ бағдарламасы (ЮНЭЙДС) және Қоғамдық ақпарат жөніндегі департамент (ҚАД).

Осы жылдар ішінде «Қазақстан мен БҰҰ жүйесіндегі бағдарламалар, қорлар, мамандырылған мекемелер арасындағы өзара әрекеттесу кезінде Ұйым біздің елге 145 млн. дол. көлемінде техникалық көмек көрсетті», - деген ресми мәліметтер кездеседі [5]. Қазақстан БҰҰ-ның және оның мамандандырылған мекемелерінің мүмкіндіктерін Арал теңізінің тартылуы, Семей сынақ алаңының радиоактивті ластануы, ауыз-су көздерінің ластануы секілді техногендік және экологиялық апаттардың экономикалық және гуманитарлық салдарларын азайтуға мақсатты түрде пайдалануды қарастырады. Осы тұрғыда жеке назарды Мыңжылдық даму мақсаттары мен орнықты даму ұстанымдарын жүзеге асырудағы Қазақстанның белсенді қатысуына аудару керек.

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен БҰҰ арасындағы ын-ымдастық 2009 жылғы 3 сәуірде қабылданған 2010-2015 жылдар мерзіміне бағытталған БҰҰ даму мақсатындағы көмек көрсету Негіздемелік бағдарламасы (ЮНДАС) арқылы жүзеге асырылды. Бағдарлама мынадай мәселелерге басымдық бере отырып қарастырды:

- кедейшілік пен жұмыссыздық және ана мен бала өлімі деңгейін төмендету;
- тұрақты даму, қоршаған ортаны жақсарту;
- ЖИТС/СПИД және туберкулез профилактикасы;
- гендерлік теңдік;

- мемлекетті басқару тиімділігін артыру, соның ішінде жемқорлықпен күрес;
- су ресурстарын тиімді пайдалану және шөлейттенуге қарсы күрес;
- Семей полигоны және Арал теңізі мәселелеріне ерекше көңіл аударылады.

Сонымен бірге, «2009 жылғы БҰҰ Бас Ассамблеясының 64-ші сессиясы барысында оның штаб-пәтерінде «Ядролық қаруға жол жоқ» атты біріккен Қазақстан - Жапония, яғни екі елдің БҰҰ жанындағы тұрақты өкілдіктері көрме ұйымдастырды. Онда Семей полигонындағы қырық жылдық атом сынақтарының және Хиросимо мен Нагасаки қалаларында ядролық қаруды қолданудың сұмдық зардаптары айғақталды. Бұдан басқа Бас Ассамблеяда 29 тамызды «Ядролық қарудан азат әлем жолындағы халықаралық күн» деп жариялау жөніндегі ұсынысты сессияның күн тәртібіне шығару жөніндегі мәселелер қозғалды» [6, б.2].

Қазақстан Республикасы 2015 жылғы БҰҰ Бас Ассамблеясының 70-ші мерейтойлық сессиясы аясында өткен ұйымның дебатында Президент Н. Назарбаев сөйледі. Ол өз сөзінде «БҰҰ экономикалық және әлеуметтік кеңесін жаһандық даму кеңесіне айналдыру, 2016 жылы БҰҰ-ның халықаралық құқықтың арқаулық кандидатын бекітуге арналған жоғары деңгейдегі халықаралық конференциясын шақыру, халықаралық терроризм мен экстремизмге қарсы тұра алатын бірыңғай әлемдік желі құру, БҰҰ-ның ядролық қарудан азат әлемге қол жеткізу жөніндегі Жалпыға ортақ декларациясын қабылдау, БҰҰ-ның штаб-пәтерін Азия құрлығына көшіру, жаңа әлемдік валюта енгізу» [7, б.1] туралы және тағы басқа ұсыныстар айтты. Сонымен бірге «алыс болашаққа батыл көз салып, БҰҰ-ға 100 жыл болатын кездегі әлемнің қандай болатынын көре білу керек екенін» де ескертіп өтті. Осыған орай ол БҰҰ-ның 100 жылдығына арнап «Жаһандық стратегиялық бастама – 2045» [7, б.1] жоспарын әзірлеуді ұсынды. Мұны Н. Назарбаев «БҰҰ-ның құрылғанына 70 жыл өткеннен кейінгі адамзат дамуындағы жаңа

кезеңнің міндеттерін нақты айқындау қажеттігі» [7, б.1] деп түсіндірді.

2011 жылы алғаш рет егеменді Қазақстанның және БҰҰ тарихында БҰҰ Бас хатшысының орынбасары лауазымына мемлекет өкілі Қасым-Жомарт Тоқаев тағайындалды. Сонымен қатар, ол БҰҰ-ның Женевадағы Бас директоры және Қарусыздану конференциясының Бас хатшысы қызметін 2011 жылдың сәуірінен 2013 жылдың қазан айына дейін атқарды және ол осы қызметтегі Азиядан шыққан тұңғыш өкіл.

Қазіргі кезде БҰҰ жүйесінің әр түрлі органдарында Қазақстанның 20 азаматы қызмет етеді [5].

Сонымен, Қазақстан Республикасы Біріккен Ұлттар Ұйымын халықаралық қатынастардағы тапталмайтын құрал екендігін мойындай отырып, Ұйым көмегімен жалпы адамзат проблемаларын шешуде, өркениеттер арасындағы диалогты әрі қарай дамытуға дайын екендігін әр кезге білдіріп келеді. Әмбебап ұйымның мүшесі ретінде Қазақстан бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтауда өзінің үлесін қосуға тырысады.

## **2.2 БҰҰ-ның мамандандырылған мекемелері және Қазақстан Республикасы арасындағы ынтымақтастық**

Біріккен Ұлттар Ұйымының жүйесі өте үлкен. Оның құрамына мамандандырылған мекемелер, қорлар мен бағдарламалар кіреді.

БҰҰ мамандандырылған мекемелерін шартты түрде былай жіктеуге болады:

*Әлеуметтік сипаттағы ұйымдар* – Халықаралық еңбек ұйымы (ХАЕ); Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДҰ);

*Мәдени және гуманитарлық сипаттағы ұйымдар* – БҰҰ-ның білім, ғылым және мәдениет мәселелері бойынша ұйымы - ЮНЕСКО, Дүниежүзілік интеллектуалдық меншік ұйымы (ДИМҰ);

*Экономикалық ұйым* – Өнеркәсіпті дамыту туралы БҰҰ (ӨДТ БҰҰ/ЮНИДО);

*Қаржы ұйымдары* – Халықаралық валюталық қор (ХВҚ), Халықаралық қаржы корпорациясы (ХҚК), Халықаралық даму ассоциациясы (ХДА), Инвестициялық кепілдік жөніндегі халықаралық агенттік (ИКХА), Инвестициялық дауларды реттеу жөніндегі халықаралық орталық (ИДРХО);

*Ауыл шаруашылығы саласындағы ұйымдар* – Азық-түлік және ауылшаруашылық ұйымы (ААҰ), Халықаралық ауыл шаруашылығын дамыту қоры (ХАДҚ);

*Көлік және байланыс саласындағы ұйымдар* – Халықаралық азаматтық авиация ұйымы (ХААҰ), Халықаралық теңіз ұйымы (ХТҰ), Халықаралық электр байланыс одағы (ХЭБО), Дүниежүзілік пошта одағы (ДПО);

*Метеорология саласындағы ұйым* – Дүниежүзілік метеорологиялық ұйым (ДМҰ);

*Туризм саласындағы ұйым* – Дүниежүзілік туристік ұйым (ДТҰ).

Енді осы ұйымдар туралы және олардың Қазақстан Республикасымен ынтымақтастығы жайлы қарастырып көрейік.

### **2.2.1 БҰҰ жүйесіндегі әлеуметтік сипаттағы ұйымдар және олардың Қазақстан Республикасымен өзара байланысы**

БҰҰ жүйесіндегі мамандандырылған мекемелерінің ішінде екеуі әлеуметтік сипатқа ие ұйымдар. Оларға Халықаралық еңбек ұйымы (ХАЕ) және Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДҰ) жатады. Енді осы екі ұйымның қысқаша тарихы және олардың Қазақстан Республикасы арасында орналасуының ынтымақтастық деңгейін қарастырып көрейік.

**Халықаралық еңбек ұйымы (ХАЕ)** Ұлттар Лигасымен бірге 1919 жылы құрылды. Оның жарғысы Филадельфия декларациясына сәйкес толықтырылып, 1944 жылы қабылданды. 1946 жылы ХЕҰ жаңадан құрылған БҰҰ жүйесіндегі бірінші мамандандырылған мекеме болып табылады. 1969 жылы ХЕҰ-ға елу жылдық мерей тойына байланысты әлемдік Нобель бейбітшілік сыйлығы табыс етілді [8, б.80]. Қазіргі кезде ХЕҰ-ға

177 мемлекет мүше. Ұйымның штаб-пәтері Женевада қаласында орналасқан.

Халықаралық еңбек ұйымының мақсаты - еңбек жағдайын жақсарту; еңбекпен қамтамасыз етуде әйелдер мен ерлер үшін барынша мүмкіндік жасау; әлеуметтік қорғаудың тиімділігін арттыру және кең көлемде қамту; үшжақты құрылымды белгілеу және әлеуметтік диалогты қолдау болып табылады.

Халықаралық еңбек ұйымының ерекшелігі оның органдарындағы үшжақты өкілдігінде – үкімет, кәсіпкер және еңбекшілер (кәсіподақ).

Халықаралық еңбек ұйымының құрылымына келесіні болсақ, ол төмендегідей [9, б.46-47]:

*Халықаралық еңбек конференциясы* - жыл сайын өткізіліп тұратын жиналыс. Әр бір екі жылда конференция ХЕҰ-ның іс-әрекеті туралы бағдарлама және бюджетті бекітіп отырып отырады.

Конференция сонымен бірге халықаралық форум болып табылады. Мұнда дүниежүзі үшін маңызды болып саналатын еңбек және әлеуметтік мәселелер талқыланады. Әрбір мүше-мемлекет конференцияға төрт делегат жіберуге: 2-уі үкіметтің және қалған 2-уі бір-бірден еңбекшілер мен жұмыс берушілердің атынан қатысып, тәуелсіз пікірлерін айтуға және дауыс беруге құқығы бар.

*Әкімшілік кеңес* - ХЕҰ-ның атқарушы органы болып табылады және осы ұйымды жыл сайынғы конференцияның сессиялары арасында басқарады. Әкімшілік кеңестің құрамында 56 мүше бар, оның 8-і үкіметтің, 14-і еңбекшілердің, 14-і жұмыс берушілердің өкілдері. Қазіргі таңда ХЕҰ-ға 177 мемлекет мүше болып отыр.

*Халықаралық еңбек бюросы* ХЕҰ-ның тұрақты хатшылығы болып табылады. Оны директор басқарады. Женева қаласындағы Халықаралық еңбек бюросында ХЕҰ-ның хатшылығы, штаб-пәтері, зерттеу орталығы мен баспасы орналасқан.

*Арнайы комитеттер* әкімшілік кеңес пен халықаралық еңбек бюросына көмектеседі.

Қазақстан бұл ұйымға 1993 жылы толыққанды мүше болып кірді. 2011 жылы ХЕҰ Әкімшілік кеңесіне сайланды. Қазақстандағы ХЕҰ қызметі лайықты еңбек ұлттық бағдарламасының негізіне салынған. ХЕҰ «Қазақстан Республикасында әлеуметтік қорғау тұжырымдамасы» стратегиялық құжатын әзірлеуге айтарлықтай үлесін қосты. Оны іске асыру үшін ХЕҰ халықтың біршама мұқтаж бөлігіне атаулы әлеуметтік (АӘК) көмек көрсетудің қазақстандық жүйесін жақсарту бойынша шараларды да қабылдады. Еңбек салдығына негізін қалаушы принциптер мен құқықтарды алға ілгерілеу және еңбек заңнамасын халықаралық стандарттармен үйлестіру үшін ХЕҰ Еңбек туралы заң мен Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін (2007 жылы қабылданды) әзірлеуге көмектесті.

ХЕҰ өз тарапынан жан-жақты қолдаудың жалғастыру үстінде. Ұйымның белсенді қатысуымен Қазақстанда еңбек инспекциясы және еңбекті қауіпсіздігі мен қорғаудың ұлттық жүйесін модернизациялау жүрді. Өндіріс орындарындағы еңбекті қорғау комитеттерін құрудан бастап, оны қорғаудың басқару жүйесіне жаңа модель енгізілді («МОТ-СУОТ 2001»).

Қазіргі кезде «Қазақстан барлық негізін қалаушы конвенцияларды қоса алғанда ХЕҰ-ның 19 конвенциясын бекітті. Еңбекақы төлеу, аналарды қорғау, ең төменгі әлеуметтік стандарттар, еңбекті қорғау, көші-қон және т.б. бойынша конвенцияларды бекітуге дайындық жалғасып отыр» деген Қазақстан Республикасы сыртқы істер ведомствосының ресми мәліметтері бар [10].

**Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДҰ)** 1946 жылы Нью-Йоркте өткен денсаулық туралы конференцияда құрылды. Ал 1948 жылы 7 сәуірде ұйымның Жарғысы күшіне енді. Сол күзден бастап 7 сәуір Дүниежүзілік денсаулық күні ретінде тойланып келеді. Қазіргі кезде ұйымға 194 мемлекет мүше болып отыр [11]. ДДҰ-ның штаб-пәтері Женева қаласында орналасқан.

ДДҰ-ның мақсаты - дүние жүзі халықтарының жоғары деңгейде денсаулығына қол жеткізу.

ДДҰ қызметінің негізгі бағыттары: жұқпалы аурулармен күрес; карантин және санитарлық ережелерді жасау; әлеуметтік

сипаттағы мәселелерді шешу; халықаралық денсаулық сақтау саласындағы ынтымақтастықты үйлестіру; денсаулықты қалпына келтіруге арналған келісімдер және нормативтер мен ұсыныстарды жасайтын шешімдер қабылдауға ықпал ету; ұлттық денсаулық сақтау жүйелерін құруда қолдау көрсету; медицина және денсаулық сақтау салаларындағы білім беру жүйесін жетілдіру болып табылады.

ДДҰ аталған мақсаттарға қол жеткізу үшін және көрсетілген бағыттар бойынша жұмыс істеу үшін барлық халықтар мен үкіметтердің бірлескен күшін талғандағын ғаламдық стратегия жасады. Бұл бағыттағы жұмыстар жалғастырылуда.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы төменде көрсетілген құрылым бойынша жұмыс істейді: [9, с. 55-56]

*Дүниежүзілік денсаулық сақтау ассамблеясы* – ДДҰ-ның жоғары органы болып табылады. Ол жұмыстың негізгі бағыттарын анықтайды, Атқарушы кеңес пен бас директордың қызметтерінің есебін қарайды, оларға ұсынау береді.

Ассамблея екі жылда бір рет бюджетті талқылап, қабылдайды; комитеттерді жақтайды, Атқарушы кеңеске өз өкілін жіберуге құқығы бар мүше-мемлекеттің географиялық орналасуын ескере отырып сайлайды (үш жыл мерзімге және екінші мерзімге қайтадан сайлана алады); Атқарушы кеңестің ұсынысымен бас директорды сайлайды. Ассамблея ДДҰ-ның құзырындағы барлық мәселелер бойынша келісімдер жасай алады, сонымен бірге нормативтерді анықтап, ұсыныс бере алады.

Кеңес а қаласында жыл сайын мамыр айында Ассамблеяның сессиясы өтіп тұрады. Төтенше сессиялар Атқарушы кеңес немесе ДДҰ-ға мүше-мемлекеттердің басым көпшілігінің ұсыныстарымен шақырылады.

*Атқарушы кеңес* – ұйымның денсаулық сақтау саласындағы 31 маманынан құралған. Ол Ассамблеяның шешімдерін орындайды, оның Атқарушы органы ретінде қызмет ете отырып, барлық өзекті мәселелер бойынша кеңес береді, ұсыныстар жасайды, Ассамблеяның күн тәртібін анықтайды,

оның қарамағына ДДҰ-ның жұмыс бағдарламасын ұсынады. Кеңес комитеттер құруға, төтенше сипаттағы шаралар қолдануға және т.с.с. құқығы бар. Атқарушы кеңес жылына кем дегенде екі рет жиналады.

8 бөлімнен тұратын *Хатшылықты* бас директор басқарады. Бас директор - Атқарушы кеңеске бағынатын жоғары әкімшілік тұлға. Қызметі бойынша бас директор ДДҰ-ның, Атқарушы кеңестің, оның барлық комиссиялары мен комитеттерінің, Ассамблеяның хатшысы болып табылады.

Өз қызметін орталықтандыру мақсатында ДДҰ алты аймақтық ұйымын құрды (Африка, Америка, Еуропа, Тыныс Жерорта теңізі, Оңтүстік-Шығыс Азия және Тынық мұхиттың батыс бөлігі). Олардың әрқайсысы аймақтық директор басқаратын аймақтық комитет пен аймақтық бюроға ие.

*Аймақтық комитеттер* құрамына жоғарыда аталған аймақтардан ДДҰ-ның толық және ассоциацияланған мүшелері кіреді. Олар аймақтық тұрғыдағы жұмыста негізгі бағыттарын анықтап, *аймақтық бюроның* қызметінің дамуын бақылайды және тексереді.

*Жергілікті жерлердегі ДДҰ-ның өкілдері* келген елдеріндегі қызметке қауіп береді, үкіметке денсаулық сақтаудың ұлттық бағдарламаларын жасаудың әдістемесі бойынша және оны іске асыру туралы кеңес береді.

1978 жылғы Алматы қаласында өткен ДДҰ-ның халықаралық конференциясында бастапқы денсаулық сақтаудың негізгі сегіз элементі қарастырылған Алматы декларациясы қабылданды.

1987 жылы Дүниежүзілік денсаулық сақтау ассамблеясы ЖИТС-пен (СПИД) сақтандыру және онымен күрес туралы дүниежүзілік бағдарлама қабылдады. Бұл бағдарлама әлемнің барлық аймақтарындағы 187 елде іске асырылуда. 1988 жылдан бастап 1 желтоқсан жыл сайын дүниежүзілік ЖИТС-пен күрес күні ретінде аталып өтеді.

Қазақстан Республикасы Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымына 1992 жылы мүше болып енді [4]. Сол уақыттан бері Қазақстан мен аталмыш ұйым арасындағы екі және көпжақты

ынтымақтастық орнады. ДДҰ және Қазақстан ынтымақтастықтың басымдықтарын бірлесе отырып анықтады. Бұл басымдықтар мынадай мәселелерді қамтиды: жұқпалы ауруларды бақылау; жұқпалы емес ауруларды бақылау; ана және бала денсаулығы; қоршаған орта және денсаулық сақтау жүйесін күшейту.

Қазақстандағы экологиялық қауіпті аймақтардың бірі - Семей өңірі осы ұйымның бірқатар бағдарламасына енді.

ДДҰ денсаулықты насихаттау жөніндегі ДДҰ-мен ынтымақтастық орнататын Қазақстанда екі Орталық тағайындады: Ұлттық салауатты өмірді насихаттау және қалыптастыру орталығы және Ұлттық тамақ академиясы. Екеуі де Алматы қаласында жұмыс істейді.

Ресми мәліметтер бойынша 2005 жылдан бері Қазақстан Республикасы Халықаралық медициналық-санитарлық ережелерді орындау және халықаралық қоғамдық денсаулық сақтау қауіпсіздігін күшейту әлеуметін нығайту мәселелері бойынша ДДҰ-мен тығыз ынтымақтастық орнатуда. Сонымен бірге 2007 жылы Қазақстан темекіге қарсы күрес жөніндегі ДДҰ негіздемелік конвенциясын (ЖКРК) бекітіп, оны іске асыра бастады. 2008 жылы Қазақстан Алматы қаласында бастапқы медициналық-санитарлық көмек көрсету жөніндегі ДДҰ ЮНИСЕФ-тің 20-жылдығына орай мерейтойлық конференциясын қыбылдады (1978 ж.). Мұнда ДДҰ және оған мүше-мемлекеттер бастапқы медициналық-санитарлық көмек көрсетудегі басымдықтарды ұстанатындықтарын қайта жаңғыртты. Қазақстан ашық ынтымақтастық және жылдам тиімді әрекет ету арқылы 2010 жылы ДДҰ Еуропа өңіріне әкелінген полиомиелитті тежеуге айтарлықтай ықпал етті [5].

2000 жылы БҰҰ-ның Мыңжылдық саммиті өтті. Мыңжылдық дамуының мақсаттарына қолжеткізу үшін де ДДҰ денсаулық сақтаумен байланысты БҰҰ-ның басқа агенттіктерімен бірге мемлекетке қолдау көрсетеді, соның ішінде бала өлімін азайту (4 МДМ), ана өлімін азайту (5 МДМ) және АИТВ/ЖИТС-пен күрес. Осы жерде БҰҰ АИТВ/ЖИТС жөніндегі біріккен бағдарламасы (ЮНЭЙДС) туралы айтып

кеткен жөн. Себебі бұл бағдарлама ДДҰ-мен тығыз байланыс орнату арқылы жұмыс атқарады.

ЮНЭЙДС Қазақстанда 1996 жылы негізі қаланған сәттен бастап жұмыс істейді. 1997 жылдың өзінде ЮНЭЙДС ел үкіметіне Теміртауда есірткі тұтынушылар арасында АИТВ-инфекциясының өріс алуына жауап шараларын қабылдауға көмектесті. ЮНЭЙДС және Сорос-Қазақстан қоры ұсынған стратегия есірткіні қолдану толығымен тоқтатылмағандығына қарамастан есірткі тұтынушылары арасында инфекцияның жағдайларын төмендетуге мүмкін болатындығына негізделді. Мысалы, 1997 жылдың аяғында Теміртауда Қазақстандағы алғаш сенім пункті ашылды, онда есірткі тұтынушыларға зарарсыздандырылған шприцтер мен иелер берілді. АИТВ-тің жұғу қаупін қалай болдырмау туралы аппарат берілді. Осындай үлгімен үкімет сол кезеңде халық және кейбір кәсіпкерлердің қолдауына ие болмайтын инфекцияның таралауына бақылау бойынша тиімді құралды енгізе отырып, өзінің жетекші рөлін көрсетті.

Теміртауда осы арудың өріс алуы стратегиялық жоспарлауды ЮНЭЙДС-пен бірлесіп жүргізе отырып сол сәттегі қолданыстағы АИТВ-тің алдын алу бойынша стратегияны сындарлы бағалай алған үкімет үшін шешуші сәтке айналды. Нәтижесінде, үкімет ЮНЭЙДС және БҰҰ жүйесінен оның 10 демеушісі ұсынған және өзінің тиімділігін дәлелдеген алдын алу стратегияларының кең спектрін енгізді [5].

2014 жылғы 21 мамырда Дүнижүзілік Денсаулық сақтау Ассамблеясының 67-ші сессиясы өтті. Осы сессияның шеңберінде Қазақстан Республикасы Үкіметі мен ДДҰ арасында Алматы қаласында ұйымның бастапқы медициналық-санитарлық көмек көрсету жөніндегі офисін ашу туралы келісімге қол қойылды. Бұл офис ДДҰ-ның еуропалық аймақтық бюросының директоры Ж. Якабтың сапары барысында 2015 жылдың 11 ақпанында Алматы қаласында ашылды.

Сонымен, ДДҰ адам құқығының негізі ретінде денсаулық сақтау принциптерін қолдай отырып, денсаулық сақтауды

дамытудың ұлттық мақсаттарына қол жеткізуде Қазақстанға көмек көрсетуді жалғастыратын болады.

### **2.2.2 БҰҰ жүйесіндегі мәдени және гуманитарлық сипаттағы мекемелер және Қазақстан Республикасы арасындағы қарым-қатынас**

БҰҰ жүйесіне кіретін екі үлкен маңызды ұйым мәдени және гуманитарлық сипатқа ие. Оларға БҰҰ-ның білім, ғылым және мәдениет мәселелері бойынша ұйымы – ЮНЕСКО мен Дүниежүзілік интеллектуалдық меншік ұйымы (ДИАК) жатады.

**БҰҰ-ның білім, ғылым және мәдениет мәселелері бойынша ұйымы – ЮНЕСКО** 1945 жылғы Лондон конференциясында құрылды. Оның Жарғысы 1946 жылы 4 қарашада күшіне енді және бірінші конференциясы да осы жылы Париж қаласында өтті.

1946 жылдың желтоқсан айында бастап ЮНЕСКО БҰҰ-ның мамандандырылған мекемесі болып табылады. Қазіргі кезде ЮНЕСКО-ға 195 мемлекет мүше [12]. Оның штаб-пәтері Париж қаласында орналасқан.

ЮНЕСКО-ның мақсаты: білім, ғылым және мәдениет салаларындағы халықаралық ынтымақтастықты қолдау және тарату арқылы арқылы дүние жүзіндегі бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге көмектесу.

ЮНЕСКО-ның құрылымы мынадай [9, б. 49-51]:

*Бас конференция* – барлық мүше-мемлекеттерден тұратын ЮНЕСКО-ның басты органы. Бас конференция екі жылда бір рет Париж қаласында (әрбір тақ жылдың соңғы ширегінде) жиналады. Төтенше сессия конференцияның, Атқарушы кеңестің немесе мүше-мемлекеттердің үштен бірі талап еткен жағдайда шақырылуы мүмкін. Әр конференцияда төраға мен президиум сайланады. Әрбір мемлекет бір дауысқа ие. Шешімдер әдетте қарапайым көпшілікпен қабылданады. Бірақ кейбір жағдайларда (Жарғыны өзгерту, жаңа мүшелерді қабылдау, халықаралық келісімдерді бекіту т.с.с.) ЮНЕСКО Жарғысына немесе Бас конференцияның тәртібіне сәйкес үштен екі көлеміндегі көпшілік

дауысын талап етеді. Бас конференция ЮНЕСКО-ның мақсаттары мен қызметінің бағдарламасын анықтайды; білім беру, жаратылыстану және гуманитарлық ғылымдар, жалпы білім тарату мәселелері бойынша үкіметаралық және үкіметтік емес конференциялар шақырады. Басқарушы кеңестің мүшелерін сайлайды және оның ұсынысымен бас директорды тағайындайды.

*Атқарушы кеңес* мемлекеттермен тағайындалған делегаттар ішінен Бас конференция сайлаған 51 мүшеден тұрады. Ол Бас конференцияға күн тәртібін дайындайды, бағдарлама мен бюджет бойынша ұсыныстар әзірлейді. Атқарушы кеңес Бас конференция алдында қабылданған шешімдердің іске асырылуына жауап береді және оның сессиялары арасында БҰҰ-ға кеңес береді. Атқарушы кеңес жылына екіден кем емес отырыстар өткізеді.

*Ұлттық комиссиялар* Жарғы бойынша ұсынылған ЮНЕСКО-ның жұмысына білім, ғылым және мәдениет мәселелерімен айналысатын мемлекеттік органдардың қатысуымен қамтамасыз етіледі. Оған төрт функция жүктелген: үкіметке кеңес беру және қоғамды ақпаратпен қамтамасыз ету; мүше-мемлекеттердің ЮНЕСКО-мен байланысы және оның бағдарламаларын жасау мен іске асыруға, өз шараларын орындауға (қорғалар ұйымдастыру, конференциялар өткізу, кітаптарды шығару т.с.с.) қатысу.

Мүше-мемлекеттер бес аймаққа бөлінген: Африка, Латын Америкасы, Азия-Тынық мұхит аймағы, араб елдері, Еуропа және Солтүстік Америка. Бұларда 50-ге жуық аймақтық бюролар жұмыс істейді. Мүше-мемлекеттердің басым көпшілігінің ЮНЕСКО-ның штаб-пәтерінде өздерінің тұрақты өкілдіктері бар.

*Бас директор* – ЮНЕСКО-ның жоғары лауазымды қызматкері. Ол *Хатшылықты* басқарады. Бас директорды алты жыл мерзімге сайлайды және оның тағы бір мерзімге қайта сайлануға мүмкіндігі бар. Хатшылық жекелеген департаменттерден (тәрбие беру, жаратылыстану ғылымдары, әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар, мәдениет, коммуникация, ақпарат және информатика) тұрады. Оларды бас директордың орынбасарлары басқарады.

Бас директор Бас конференцияның, Атқарушы кеңестің және комитеттердің отырысына қатысады; ол шешуші дауыс құқығына ие емес, бірақ өзінің ұстанымын білдіре алады және ұсыныстар жасай алады. Сонымен бірге ол бағдарлама мен бюджетті дайындайды және Хатшылықтың жұмысын басқарады.

ЮНЕСКО жыл сайын конференциялар ұйымдастырады, сарапшылармен кездеседі, семинарлар өткізеді және халықаралық келісімдер жасауға қатысады (Авторлық құқық туралы дүниежүзілік Конвенция, әлемдік мәдени және табиғи мұраны қорғау туралы Конвенция т.с.с.).

ЮНЕСКО-ның әлемдік мұра орталығы әлемдік мәдени және табиғи мұраны қорғау туралы Конвенцияның орындалуын қадағалайды және әлемдік мұра тізіміне енгізілетін елдерді қорғау үшін аймақтық жүйені құру теңірегінде қызмет етеді. Бүгінгі таңда әлемдік мәдени мұраның тізіміне 600-ден аса объект тіркелген.

ЮНЕСКО әрбір екі жыл сайын білім, ғылым, мәдениет және байланыс салаларындағы елеулі тұлғалар мен тарихи оқиғаларға арналған естелік датаардың тізімін құрастырады. Ұйым «ЮНЕСКО жаршысы» атты өзінің басылымын, құжаттарын, ғылыми шығармаларын, сонымен қатар бұқаралық оқырман үшін көп тілдердегі әлебиеттерді де шығарады.

Қазақстан Республикасы ЮНЕСКО-ға 1992 жылы мамыр айында мүше болып кірді. 1993 жылы Қазақстан Республикасының делегациясы бірінші рет ЮНЕСКО-ның 27-ші сессиясына қатысты. 1995 жылы Қазақстан ЮНЕСКО-мен ынтымақтастық және оның офисін Алматы қаласында ашу жөніндегі меморандумға қол қойылды [13, б.35]. 1994 жылы Алматы қаласында ЮНЕСКО бюросы ашылды. Қазақстандағы ЮНЕСКО миссиясы Ұйымның 5 негізгі мақсатын орындауға бағытталған: баршаның сапалы білімге қол жеткізуі; орнықты даму үшін ғылыми білім мен ғылым саясатын жұмылдыру; дайындайтын әлеуметтік және этикалық мәселелерді шешу; мәдени саналуандық пен мәдениетаралық диалогқа ықпал ету; ақпарат пен коммуникация арқылы білімге негізделген қоғамды құру.

Қазақстан Республикасы мен ЮНЕСКО арасындағы ынтымақтастық төмендегідей белестерден өтті [14]:

- 1992 жыл – тәуелсіз және плюралистік бұқаралық ақпарат құралдары бойынша БҰҰ/ЮНЕСКО семинарында Азиядағы тәуелсіз және плюралистік бұқаралық ақпарат құралдарын дамытуға жәрдемдесу туралы Алматы декларациясы қабылданды;
- 1995 жыл – Алматының алғашқы 10 мектебінің ЮНЕСКО қауымдастығының мектептер жобасына қосылды;
- 2002 жыл – Баршаға арналған білім жөніндегі бірінші Орталық Азия форумы өткізілді (Алматы);
- 2003 жыл – Қожа Ахмет Яссауи кесенесі бүкіләлемдік мұра тізіміне енгізілді;
- 2004 жыл – Танбалы археологиялық ландшафт Петроглифтерін Бүкіләлемдік мұра тізіміне енгізілді;
- 2005 жыл – «Орталық Азиядағы еңбек көші-қоны: уақыт сыны және перспективалар» атты Орталық Азиядағы еңбек көші-қоны мәселелері бойынша бірінші ғылыми-зерттеу халықаралық конференция өтті (Алматы);
- 2006 жыл – «Орталық Азияның қар-мұз және су ресурстарын бағалау» халықаралық семинары және ЮНЕСКО Өңірлік Гляциологиялық орталығын құру туралы шешімді қабылданды;
- 2008 жыл – «Артыарқа – Солтүстік Қазақстанның далалары мен көлдері» Бүкіләлемдік мұра тізіміне енгізілді;
- 2011 жыл – Орталық Азия елдерінің ЮНЕСКО істері жөніндегі ұлттық комиссияларының өңірлік кеңесі өтті (Астана);
- 2011 жыл – ЮНЕСКО Бас конференциясының 36-шы сессиясы География институты негізінде ЮНЕСКО қолдауымен Орталық Азия Өңірлік гляциологиялық орталығын құруды бекітті;
- 2011 жыл – ЮНЕСКО Бас конференциясының 36-шы сессиясы Халықаралық мәдениеттерді жақындастыру жылының жалғасы (2013-2022 жж.) ретінде Халықаралық

мәдениеттерді жақындастырудың он жылдығын (2010 ж.) жариялады;

- 2012 жыл - Ұлттық Комиссиямен Астана қ. Әкімдігінің қолдауымен ТҮРІКСОЙ мүшелерінің ЮНЕСКО істері жөніндегі Ұлттық Комиссиялар мен Комитеттерінің Үшінші отырысы өткізілді. Отырыс «Астана – түркі әлемінің мәдени астанасы» атты Жылдың аясында өткізілді;
- 2013 жыл - Астана қаласында БҰҰ Бас Ассамблеясының 67-сессиясында Қазақстанның бастамасымен қолға алынған 2013-2022 жылдарға арналған Мәдениеттер жақындастығының халықаралық онжылдығы ұйымдастырылауына байланысты Халықаралық форум өткізілді;
- 2013 жыл - Алматы қаласында ЮНЕСКО шеңберінде әлемдегі Жібек жолы жөніндегі бірінші кешенді веб-порталының ресми ашылуына ұштастырылған Ұлы Жібек жолы жөніндегі Халықаралық форум өткізілді;
- 2013 жыл - ЮНЕСКО Бас конференциясының 37-сессиясы барысында Қазақстанның кандидатурасы 2013-2017 жылдарға ЮНЕСКО Үкімәлілік мұра Комитетіне, Халықаралық үйлестіру кеңесінің «Адам және биосфера» (МАБ) Бағдарламасына және Үкіметаралық кеңестің коммуникациялағды дамуы Халықаралық бағдарламасына сайланды;
- 2015 жыл - ЮНЕСКО Атқарушы кеңесінің 196-сессиясында 2015-2017 жылдары Ұйымның қатысуымен аталып өтетін ағартушы тұлғаларға арналған еске алу мерейтой шаралары мен тарихи және мемлекеттік маңызы бар айтулы мерекелер тізімі жасалды.

Осы тізімге сәйкес 2016 жылы Қазақстаннан Алаш үкіметінің төрағасы, қоғам қайраткері Әлихан Бөкейханның 150 жылдығы, ал 2017 жылы Алаш қозғалысының 100 жылдығы ЮНЕСКО шеңберінде тойланытын болды.

2001 жылғы желтоқсанда ЮНЕСКО жанындағы Қазақстан Республикасының Тұрақты Өкілдігі ашылды. ЮНЕСКО жанындағы Қазақстан Республикасының Тұрақты

Өкілі қызметін қазақтың белгілі қоғам қайраткері, ақын О. Сүлейменов атқарады.

Әр жылдары ЮНЕСКО-ның штаб-пәтерінде «Мәдени әртүрлілік және Орта Азия диалогі» және «Мәдени мұра» деген фестивальдер, «Әл-Фараби және еуропалық қайта өркендеу» атты халықаралық дөңгелек үстел, сонымен қатар қазақ халқының атақты ақындары мен өнер қайраткерлерінің, ғалымдарының мерейтойлары өтті - Абайдың 150 жылдығы, Мұхтар Әуезовтың 100 жылдығы, Мұхамед Дулатидің 500 жылдығы, Қаныш Сәтбаевтың 100 жылдығы, Сәбит Мұқановтың 100 жылдығы, Махамбет Өтемісұлының 200 жылдығы, Ғабит Мүсіреповтің 100 жылдығы, Әлкей Марғұланның 100 жылдығы, Ахмет Жұбановтың 100 жылдығы. Сол сияқты Түркістан қаласының 1500 жылдығы мен Тараз қаласының құрылғанына 2000 жылдығы да ұйым шеңберінде аталып өтті.

2012 жылдың мамырында ЮНЕСКО Бас директоры И.Бокова Қазақстанға ресми сапарымен келді. Ұйым басшысы Қазақстанда өтіп жатқан Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің IV Съезіне құрметті қонақ ретінде қатысты. Сонымен қатар, сапар барысында И.Бокованың Қазақстан Республикасының Президенті Ч.С. Назарбаевпен және бірқатар лауазымды тұлғалармен ресми кездесуі өтті. Барлық деңгейде Қазақстан мен ЮНЕСКО арасындағы ынтымақтастығы, оның алдағы уақытта барлық бағыттар бойынша дамуы болшағына жоғары баға берілді.

Сонымен қатар, ЮНЕСКО Бас директоры И. Бокованың Қазақстанға сапары шеңберінде Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде толеранттылық жөніндегі ЮНЕСКО кафедрасын ашу салтанаты өткізілді.

Атқарылған шаралардың барлығы да екіжақты ынтымақтастық оң екендігін көрсетеді.

**Дүниежүзілік интеллектуалдық меншік ұйымы (ДИМҰ)** 1967 жылы құрылды. Бұған дейін әлемдік қауымдастық өнеркәсіптік меншікті қорғау туралы 1883 жылғы Париж конвенциясы мен әдеби және көркем шығармаларды қорғау туралы 1886 жылғы Берн конвенциясы негізінде қарым-қатынас

орнатқан болатын. 1974 жылы БҰҰ және ДИМҰ арасындағы келісімді Бас Ассамблея қолдағаннан кейін ұйым арнайы мекеме ретінде БҰҰ-ның жүйесіне кірді. Қазіргі кезде ДИМҰ-ға 194 мемлекет мүше [15, б.243].

ДИМҰ-ның мақсаты - мемлекеттер мен ұйымдар арасындағы ынтымақтастық арқылы дүние жүзінде интеллектуалды меншікті қорғау; интеллектуалды меншік саласындағы одақтар арасында әкімшілік ынтымақтастықты қамтамасыз ету.

Аталған мақсаттарға сәйкес ДИМҰ дүние жүзінде интеллектуалды меншікті қорғауды қолдау саласында және халықаралық келісім-шарттарды жасау және ұлттық заңнаманы жетілдіруде жұмыс атқарады; дамушы елдерге техникалық көмек көрсетеді; интеллектуалдық меншікке қатысты ақпараттарды жинайды және таратады; өнертабыстар және тауарлық белгілерді, өнеркәсіптік үлгілер мен модельдерге берілетін құқықтарды бірнеше мемлекетте бір кезінде алуды қолдайды. Сондай-ақ ДИМҰ мүше-мемлекеттердің әкімшілік ынтымақтастығына қолдау көрсетіп отырады.

Дүниежүзілік интеллектуалдық меншік ұйымының құрылымы төмендегідей [15, б.23-61]:

*Бас ассамблея* (Париж және Берн конвенцияларына мүше болып табылатын ДИМҰ-ға мүше-мемлекеттерден құралған) және *Конференция*. ДИМҰ-ның жоғары органдары болып табылады. Олар кі жылда бір рет жиналады және оның төтенше сессияларының шақырылуы мүмкін. Бас ассамблея екі жыл мерзімге ұйымның ортақ бюджетін қабылдайды.

*Әйелестіруші комитет* Париждік және/немесе Берндік одақтардың атқарушы комитеттерінің мүшелері болып табылатын ұйымның мүше-мемлекеттерінен тұрады. Комитет барлық әкімшілік және қаржы мәселелері бойынша көзқарасын білдіреді; конференцияның күн тәртібінің жобасын және бюджетін қарастырады; Бас ассамблеяға бас директор орнына үміткерді ұсынады және ДИМҰ-ны құру туралы конвенциямен қойылған өзге де міндеттерді орындайды.

*Халықаралық бюро ДИМҰ-ның және одақтардың хатшылығы болып табылады. Оны Бас хатшы басқарады.*

ДИМҰ-ның штаб-пәтері Женева (Швейцария) қаласында орналасқан.

Қазақстан Республикасы 1992 жылдың ақпан айынан бастап Дүниежүзілік интеллектуалдық меншік ұйымына мүше. Сол сияқты Қазақстан ДИМҰ-ның конвенциясына қосылды және өнеркәсіптік меншік жөніндегі Париж одағына мүше болып табылады. Бұдан басқа Қазақстан ДИМҰ-ның мынадай шарттарына:

- «Патенттік процедуралар мақсаты үшін микроорганизмдерді депонированиылауды халықаралық тұрғыдан мойындау туралы» Будапешт келісімі (1977 ж.);
- «Өндірістік үлгілердің халықаралық классификациясын құру туралы» Локарно келісімі (1968 ж.);
- «Тауарлардың халықаралық классификациясын құру және тауар белгілерін тіркеу үшін қызмет көрсету туралы» Ницца келісімі (1957 ж.);
- «Халықаралық патенттік классификацияны құру туралы» Страсбург келісімі (1971 ж.);
- «Халықаралық тауар белгілерін тіркеу туралы» Мадрид келісімі (1981 ж.);
- «Тауар белгілері туралы заң» келісіміне (1994 ж.) [16, б.298]. қосылды. Сонымен бірге ұйым Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруі үдерістерінде үлкен рөл атқарды.

### **2.2.3 Өнеркәсіпті дамыту туралы БҰҰ (ЮНИДО) және Қазақстан Республикасы арасындағы ынтымақтастық**

Өнеркәсіпті дамыту туралы БҰҰ (ӨДТ БҰҰ немесе ЮНИДО) Бас Ассамблеяның 1966 жылғы 17 қарашадағы 2152 (ХУІ) резолюциясының шешімі бойынша 1967 жылы құрылды. 1979 жылы Өнеркәсіпті дамыту туралы БҰҰ-ның конференциясында ұйымның Жарғысы қабылданып, ол 1985 жылы күшіне енді. Қазіргі кезде ЮНИДО-ға 174 мемлекет мүше.

Ал оның штаб-пәтері Вена (Австрия) қаласында орналасқан [15, б.244].

ЮНИДО – БҰҰ-ның өнеркәсіпті дамытуға көмектесу саласындағы БҰҰ-ның орталық үйлестіруші органы. Негізгі міндеті «дамушы елдердің өнеркәсібінің алға жылжуына қолдау көрсету, жаңа әлемдік экономикалық тәртіпті құруға қосатын үлес ретінде» деп айқындалған.

ЮНИДО-ның мақсаты:

- өнеркәсіптің өсуі және технологиялық прогресті дамыту;
- адами ресурстарды неғұрлым тиімді қолдану;
- индустриализацияның негізінде әділ дамыту;
- өнеркәсіптік инвестиция мен технология саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту.

Осы мақсатқа жетуде ЮНИДО өнеркәсіптік технология бойынша орталықты үйлестіру және өнеркәсіптік ынтымақтастықтың саласындағы делдалдық қызмет атқарады.

ЮНИДО құрылымы төмендегідей [17, с.77-100]:

*Бас конференция* ЮНИДО-ның ең жоғарғы органы. Оның құрамына мүше-мемлекеттер кіріп, ұйымның негізгі принциптері мен саясатын анықтайды. Кеңестің бас директордың және қосымша органдардың есептерін қарастырады. Ол бюджетті бекітеді, Кеңестің мүшелерін сайлайды және Кеңестің ұсынысы бойынша бас директорды тағайындайды. Конференция екі жылда бір рет шақырылады.

*Өнеркәсіпті дамыту туралы Кеңес* – 53 мүшеден тұратын жетекші және бақылаушы орган. Оның мүшелері төрт жыл мерзімге айықтық өкілдерді (33 - дамушы елдерден, 15 – Батыс елдерден және 5 – Шығыс Еуропа елдерінен) ескере отырып сайланады. Кеңес жұмыс бағдарламасының, бюджеттің және конференцияның шешімдерінің орындалуын бақылайды. Оның бас директорға тапсырма беруге құқығы бар. Жылына кем не бір рет отырысын өткізеді.

*Бас директор* хатшылыққа жетекшілік етеді және ЮНИДО-ның жоғары қызмет адамы болып табылады. Ол төрт жыл мерзімге сайланып қойылады және оның қайтадан сайлануы

мүмкін. Бас хатшы Кеңес пен конференцияның нұсқауларының орындалуына жауап береді.

*Хатшылық* жалпы басқару департаменті мен директорлар басқаратын 8 бөлімшеден (адами ресурстар және кәсіпкерлікті дамыту, операцияларды қолдау, қорларды әзірлеу, ұлттық дамудың бағдарламасы мен стратегиясын жасау, ақпарат және зерттеу, өнеркәсіп және қоршаған орта, инвестиция және технология, әкімшілік) тұрады.

*Бөлімшелер (байланыс бюролары)* Нью-Йорк және Женева қалаларында орналасқан. Олар БҰҰ жүйесіндегі ұйымдармен байланыс жасайды.

*Бағдарламалар мен бюджет туралы комитет* 27 мүшеден тұрады. Оларды екі жыл мерзімге аймақтық өкілдерді (15 - дамыған елдерден, 9 – Батыс Еуропадан, 3 – Шығыс Еуропа елдерінен) ескере отырып сайлайды. Комитет Кеңестің дайындалуына көмектеседі және бағдарлама мен бюджетке қатысты бас директордың ұсыныстарын қарастырады. Жылына кемінде бір рет отырысын өткізеді.

ЮНИДО үкіметпен, ұйымдармен және жеке секторлармен бірлесе отырып консалтинг, ғылыми зерттеулер сияқты қызмет көрсету түрлерін ұсынады және арнайы бағдарламалар ұйымдастырады. Мысалы, Латын Америкасы және Кариб теңізі бассейніндегі елдерге өнеркәсіпті дамытудағы ынтымақтастық жөніндегі аймақтық бағдарлама.

Инвестицияларды ынталандыру үшін ЮНИДО ұлттық және аймақтық форумдар мен конференциялар ұйымдастырады. Афины, Кельн, Милан, Париж, Сеул, Токио, Варшава, Вашингтон, Вена және Цюрих қалаларында орналасқан инвестицияларды ынталандыру жөніндегі бюролар байланыс орнатуға көмектеседі, сонымен бірге өнеркәсіпті және дамушы елдер арасында осы сала бойынша кеңестер береді.

Мәскеу мен Пекин қалаларындағы халықаралық өнеркәсіптік ынтымақтастық орталықтары бірлескен кәсіпорындарға шетелдік компаниялардың қатысуына көмектеседі.

Қазақстан Республикасы ЮНИДО-ның қатарына 1997 жылы кірді. Қазақстанның оған кіріуінен бұрын бұл ұйым Қазақстанда әртүрлі бағдарламалар жүргізді. Мысалы, Инвестициялық жобалардың бағалауы мен қалыптастыруы мен Инвестициялаудың акционерлік емес түрлердің құқықтық, салықтық және қаржылық сараптамалармен айналысатын мамандарды оқытып даярлау.

1995 жылдың өзінде ЮНИДО мен БҰҰ Даму Банкінің бірлескен жобалары Қазақстанның шағын қалаларындағы мемлекеттік өндірістердің реструктуризациясын басқарды. Мысалы, Алматы облысындағы Текелі қаласындағы қорғасын-мырыш комбинатының қайта ашылуы. Сондай-ақ Американдық «Шеврон» компаниясының қаржылық қолдауымен, ЮНИДО-ның сарапшылық қолдауымен және БҰҰ Даму Банкінің координациясымен Атырау қаласында «Бизнесі Дамыту Орталығын» және оның микронесиелік механизмін құрды. Қазіргі таңда ЮНИДО Қазақстан Республикасы үшін арнайы бағдарламаны құруға жұмыс істеуде [18]. Қазақстан өнеркәсіптік статистика, өнеркәсіптік интеграция және қоршаған ортаға өнеркәсіптің жағымсыз ықпалын азайту сияқты бағыттарда, соның ішінде жаһандық экологиялық қор мен Монреаль хаттамасы аясында бір қатар аймақтық жобалар шеңберінде де ЮНИДО-мен ынтымақтасады. Ынтымақтастықтың басым бағыттарының ішіне Орталық Азия, Монғолия, Ауғанстан мен Азербайжанда жасыл даму саясатын қолдауға бағытталған «Жасыл келіс» әріктестік бағдарламасына, «Болашақтың энергия» тақырыбына арналған ЭКСПО-2017 көрмесі мен Жаңа Жібек жолы жобаларын іске асыру кіреді. Ұлттық деңгейде индустриалдыру саясаты мен 2015-2019 жылдарда екінші бесжылдық Индустриалды-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасына орай даму саласында халықаралық әріктестердің сарапшылық потенциалын, соның ішінде ғылымдері, ноу-хау мен техникалық білімдерін тарту аясында, Қазақстан БҰҰ ЮНИДО-мен әрекеттеседі. Бұл бағыттағы ынтымақтастық мыналар: модернизация мен өнімділік; энергия

тиімділігі; технологиялық форсайт; сауда потенциалын нығайту; өнеркәсіптік статистика; энергетика мен қоршаған орта [19].

2010 жылғы 1-3 шілдесінде БҰҰ-ның ЮНИДО Бас директорының Қазақстанға сапары барысында ол III Астана экономикалық форумына қатысты. Ал 2011 жылы 14 ақпанда Венада Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары, Индустрия мен жаңа технологиялар министрі Ә. Исекешевтың ЮНИДО Басқарушы директоры Д. Пискуновпен келіссөздері өтіп, оның барысында ЮНИДО Қазақстанға арналған елдік бағдарламасы мен Қазақстанда табиғи экологиялық қор жобаларын іске асыруға ЮНИДО-ның қатысуы туралы талқыланды. Сондай-ақ осы Форумда сол жылдардағы ЮНИДО-ның бас Директоры Канде Юмкеелі Қазақстанның аймақтық көсбасшылығын атап өтіп, Қазақстанның бай табиғи ресурстарымен қатар, қайта толтырылатын гидроэнергия, күн және жел энергияларының қорына бай екендігін, энергетика мәселерін шешуде Қазақстанның үлкен мүмкіншіліктері мен басымдықтарының барын атап айттып, осы салаға көңіл бөлуін сұрады. Осы ынтымақтастық жолында 2012 жылы 23 қазанда Жобаны іске асыру үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі мен БҰҰ-ның ЮНИДО арасындағы ынтымақтастық өнеркәсіптік кәсіпорындардың орталығының әлеуетін нығайтудағы кәсіпкерлікті дамыту қоры «Даму» АҚ Хаттамасын Қазақстан Республикасының Үкіметі ресми түрде бекітті.

2014 жылғы 30 сәуір мен 5 мамыр айында ЮНИДО-ның жаңа Бас директоры Ли Юн Қазақстанға сапармен келді. ЮНИДО Бас директоры Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Қ.Мәсімовпен кездесті. Кездесу қорытындысы бойынша тараптар Қазақстан Республикасы мен БҰҰ ЮНИДО-ның өзара әрекеттесуінің негізгі бағыттарын айқындайтын меморандум арасындағы ынтымақтастық жөніндегі Бірлескен Декларацияға қол қойды. ЮНИДО басшысы сондай-ақ бірқатар мемлекеттік тұлғалармен кездесулер өткізді. Жоғары деңгейдегі кездесулер барысында ЮНИДО-ның 2015-2019 жылдар кезеңінде Қазақстанға арналған Шеңберлік елдік бағдарламаны

дайындауды қоса алғанда екіжақты ынтымақтастық мәселелері талқыланды [19].

Бұл бағдарламалар шеңберінде 2015–2017 жылдары ерекше назар аударатын негізгі сегіз бағыт бөлінді:

- өнеркәсіпті жаңғырту және бәсекеге қабілеттілікті жоғарлатуға;

- субподрядты және серіктестік биржаларға;

- өнеркәсіптік кәсіпорындарды дамыту бойынша «Даму» орталығын кеңейтуге;

- өнеркәсіптік өндірістің энергетикалық тиімділігіне;

- Монреальдік хаттама жобасына;

- ЮНИДО Халықаралық өнеркәсіптік орталықтарын құруға;

- өнеркәсіптік статистиканы халықаралық және еуропалық стандарттар деңгейіне дейін жеткізу және дамыту.

Жан-жақты және тұрақты өнеркәсіпті дамытудағы (ВУПР) осы бағдарламаға өзара ынтымақтастық туралы бірлескен келісімге Қазақстан Республикасының Премьер – министрі мен ЮНИДО Бас директорының қол қоюынан кейін мақұлдаған еді. Бүгінгі күнге дейін ЮНИДО және Қазақстан бірнеше ұлттық және аймақтық жобалар бойынша ынтымақтасып келеді. Бұдан басқа «Оңтүстік-Оңтүстік» бәйбіделерінің шеңберінде мұнай, газ, көмір және металлургия бойынша өзара ЮНИДО арасында тәжірибе алмасуда [20].

Сонымен, БҰҰ-ның ЮНИДО және Қазақстан Республикасы арасындағы ынтымақтастық халықаралық құқық нормалары мен ұлымның Жарғысына сәйкес жүргізіле бермекші деген қорытынды жасауға болады.

#### **2.2.4 БҰҰ жүйесіндегі халықаралық қаржы ұйымдары және олардың Қазақстан Республикасымен қарым-қатынасы**

БҰҰ жүйесіндегі халықаралық қаржы ұйымдарына Халықаралық валюталық қор (ХВҚ) және Дүниежүзілік банк тобы (Халықаралық қайта құру және даму банкі, Халықаралық

қаржы корпорациясы, Халықаралық даму ассоциациясы, Инвестициялық кепілдік жөніндегі халықаралық агенттік, Инвестициялық дауларды реттеу жөніндегі халықаралық орталық) ұйымдары кіреді. Осылардың ішінде БҰҰ Бас Ассамблеясы мақұлдаған келісімге сәйкес тек төртеуі ғана БҰҰ-ның мамандандырылған мекемесі болып табылады. Олар: Халықаралық валюталық қор (1947 ж. 15 қарашадағы келісім – авт.), Халықаралық қайта құру және даму банкі (1947 ж. 12 қарашадағы келісім – авт.), Халықаралық қаржы корпорациясы (1957 ж. 20 ақпандағы келісім – авт.) және Халықаралық даму ассоциациясы (1961 ж. 27 наурыздағы келісім – авт.).

Аталған ұйымдардың штаб-пәтері Вашингтон қаласында орналасқан.

**Халықаралық валюталық қор (ХВҚ)** 1945 жылы АҚШ-тың Бреттон-Вудс қаласында валюта-қаржы мәселелері бойынша өткен конференцияның шешімі бойынша құрылды. 1945 жылдың 27 желтоқсанында Жарғы рәсім аталған Келісім күшіне енді. Ал нақты Қордың жұмысы 1947 жылдың 1-ші наурызында басталды [21, б.438].

Бұл ұйымның басты мақсаты – халықаралық валюталық ынтымақтастықтың дамуына, түптежузілік сауданың кеңеюіне, мүше елдердің ұлттық валюталарының тұрақтануына, олардың төлем балансы мәселелерін қысқа мерзімді несиелер арқылы шешілуіне көмектесу болып табылады. Қазіргі кезде ХВҚ-ға әлемнің 188 мемлекеті мүше.

ХВҚ өзінің қызметі барысында мынадай мақсаттарды: валюталық саясат саласындағы халықаралық ынтымақтастықты қолдауды; әлемдік сауданың баланс жасай отырып дамуына ықпал ететін валютаның тұрақтылығын қолдауды және мүше-мемлекеттер арасындағы валюталық қатынастарды тәртіпке келтіруді және көпжақты төлем жүйесін құруға қатысуды көздейді.

Халықаралық валюталық қордың құрылымына келетін болсақ, ол мынадай органдардан тұрады [9, б.95]:

*Басқарушылар кеңесі* – Қордың саясатын анықтаушы ең жоғары органы болып табылады. Оның құрамына басқармалар

және мүше-мемлекеттерден тағайындалатын орынбасарлар кіреді. Кеңес жылына бір рет жиналады.

*Атқарушы кеңес* маңызды мәселелер бойынша сессиялардың аралығында пошта немесе телеграф арқылы дауыс бере алады. Олардың дауыс беруі Қордың қаржы ресурсына қатысуына және әлемдік саудадағы мемлекеттің алатын рейтингісіне байланысты. Қордың ағымдағы жұмыстарымен осы атқарушы кеңес шұғылданады. Ол 24 басқармадан тұрады. Қордағы ең көп квотаға мына бес мемлекет ие: АҚШ, Ұлыбритания, Германия, Франция және Жапония. Сондықтан басқармаларды осы мемлекеттердің өкілдерінен тағайындайды. Бұлардан басқа үш басқарма Қытай, Ресей және Сауд Арабиясы мемлекеттеріне тиесілі. Ал 16 басқарманы қордың мүше-мемлекеттері сайлап қояды.

ХВҚ-ның Парижде, Женевада және Нью-Йорк қалаларында тұрақты өкілдіктері бар [8, 102].

Қазақстан Республикасы Халықаралық Валюталық Қорға 1992 жылы мүше болып енді.

Қазақстан Республикасы мен ХВҚ арасында мынадай несиелер беру жөніндегі келісімдер жасалды:

1. Қазақстан Республикасына макроэкономикалық тұрақтандыру және жүйелік қайта құру үшін ресурстар беру бағдарламасы (STF);
2. Резервтік кредит туралы келісім (Stand-by I);
3. Кеңейтілген қажеттандыру бағдарламасы туралы келісім (EFF), оған сәйкес Қазақстан EFF бағдарламасы қолданылу кезеңі ішінде Үкімет пен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қандай да бір валюталық шектеулерді енгізбеуі немесе күшейтпеуі көптеген валюта бағамдарын қолдану практикасын енгізбеуі немесе түрлендірмеуі, Келісім Баптарының VIII бабына сәйкес келетін кез келген екі жақты төлем келісімдерін жасаспауы, немесе төлем балансына байланысты себептер бойынша импортқа шектеулер енгізбеуі және күшейтпеуі бойынша өзіне міндеттемелер қабылдайды;

4. EFF-2 келісімі, оның мақсаты мемлекеттік бюджет тапшылығын қысқарту және халықаралық резервтерді жинақтау болып табылады [22]

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі апта сайынғы және ай сайынғы негізде ХВҚ-ға монетарлық статистика бойынша деректер ұсынады. Статистикалық деректер ХВҚ-ның жылсайынғы (көктемгі) миссиясы үшін АКС-ке қатысты, сондай-ақ қаржылық тұрақтылық көрсеткіштері бойынша (сұраунамалар бойынша) ұсынылады. Сонымен бірге ХВҚ-ның Статистикалық департаментінің сарапшылары ақша-кредит саясатын қосау бойынша әдіснамалық сұрақтар туындағанда кезеңдік консультациялық көмек көрсетеді.

ХВҚ үш жылда 1 рет Қазақстан 2002 жылғы қосылған ДТАС («Деректерді таратудың арнайы стандарттары») жүйесіне сәйкес макроэкономикалық статистиканың оның ішінде ақша-кредит статистикасын бағалауды жүргізеді. Бағалаудың негізінде «Стандарттар мен кодекстердің сақталуы туралы есеп» (ROSC) жасалады.

ХВҚ миссиясы 2006 жылғы қараша-желтоқсан аралығында Алматы қаласында стандарттар мен кодекстердің сақталуын тексеру бойынша соңғы рет жұмыс істеді. ХВҚ миссиясы жыл сайын ХВҚ Келісімі баптарының IV бабына сәйкес жылсайынғы консультациялар өткізуге Қазақстанға келеді. Ал Қазақстан тарапынан Ұлттық Банк басшылығы дәстүрлі жағдайда көктем және күз айларында өтетін Дүниежүзілік Банінің және Халықаралық Валюта Қорының Басқарушылары Кеңесінің жылсайынғы кездесулеріне қатысады. «Басқарушылар кеңестеріндегі Қазақстан Республикасының өкілдерінің шағайындау туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 ж. 18 наурыздағы № 323 қаулысына сәйкес [22] Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкісінің Төрағасы Қазақстан Республикасының атынан ХВҚ Басқарушылары кеңесінде Басқарушы болып табылады.

«Қазақстан Республикасы ХВҚ және Дүниежүзілік Банктің шағын топтарына қатысу шеңберінде Қазақстан Республикасының Халықаралық Валюта Қорының және

Дүниежүзілік Банктің Бельгия шағын тобынан Швейцария шағын тобына өту бойынша жұмыс жүргізді. 2010 жылғы қыркүйекте Астана қаласында Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Швейцария Конфедерациясының арасында Бреттон-Вудс мекемелерінде өзара түсіністік пен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қою Қазақстан Республикасының Швейцария шағын тобына кіруінің алғашқы қадамы болып табылды. Швейцарияның, Польшаның, Сербияның, Әзірбайжанның, Түрікменстанның, Қырғызстанның және Тәжікстанның қатысуымен ХВҚ және Дүниежүзілік Банктің шағын тобында Швейцария Конфедерациясының өкілін Атқарушы Директор ретінде сайлауға дауыс беру Қазақстан Республикасының ХВҚ және Дүниежүзілік Банктің шағын топтарына кіруінің аяқталу кезеңі болып табылды» деген мәліметтер Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі сайтында кездеседі [22].

Қазақстан Республикасы жылы алғаш рет ұйым және Ұлттық Банкпен бірлесіп «Өңірлік экономиканы дамыту перспективалары: Кавказ және Орталық Азия» тақырыбына таныстырылым өткізеді. Сонымен бірге 2015 жылғы 20 наурызда Қазақстан Республикасының Президенті «Халықаралық Валюта Қоры Келісімінің баптарына түзетулерді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қабылдады, ол Қазақстан Республикасының ХВҚ-ның жарғылық капиталына қатысу үлесін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

**Халықаралық қайта құру және даму банкі (ХҚҚДМ)** БҰҰ-ның Бреттон-Вудс конференциясының шешімімен 1945 құрылған алғашқы инвестициялық институт болып табылады. Оның Жарғысы 1945 жылдың 27 желтоқсанында күшіне енді, ал қызметін ресми түрде 1946 жылдың 25 шілдесінен бастады [21, б.462].

Халықаралық қайта құру және даму банкіне тек Халықаралық валюталық қордың мүшелері ғана мүше болады. Қазіргі кезде әлемнің 188 мемлекеті осы ұйымға мүше.

Ұйымның Жарғысы бірнеше мәрте өзгерді. Ол маманданған мекеме ретінде БҰҰ-ның жүйесіне кіреді, бірақ

Жарғы және БҰҰ мен ХҚҚДМ арасында қол қойылған келісімге сәйкес, өзінің тәуелсіз шешімін шығара алады.

ХҚҚДМ –ның стратегиялық мақсаты – барлық мүше-мемлекеттердің экономикасын әлемдік шаруашылық жүйесінің негізгі орталықтарымен интеграциялау.

Халықаралық қайта құру және даму банкінің құрылымы мынадай [9, б.96-97]:

*Басқарушылар кеңесі* банкінің жоғары органы болып табылады және ол мүше-мемлекеттердің қаржы министрі немесе орталық банктер президенттерінен тағайындалады. Басқарушыларды және оның орынбасарларын бес жыл мерзімге тағайындап қояды және бұл орынға қайталап тағайындалуы мүмкін. Кеңес жылына бір рет бас қосады.

*Атқарушы директорлар* екі жыл мерзімге сайланады және олар ағымдағы жұмыстарға жауап береді. Оның құрамында 24 директор бар. 24 директордың 5-уі оның бес мүшесімен, яғни АҚШ, Ұлыбритания, Германия, Франция және Жапония – негізгі капитал құюшы мемлекеттермен тағайындалып, қалғандары белгілі бір мемлекеттер тобына жатуы бойынша басқарушылармен сайланады. Қалғандардың әрқайсысы бірнеше мемлекеттердің өкілдерінен тағайындалады, бұлардың құрамына Қытай мен Судан Арабиясы кірмейді, себебі олардың өз директорлары бар.

*Дүниежүзілік банк және Халықаралық валюталық қорды дамыту туралы бірлескен комитет* саяси форум ретінде 1974 жылы құрылды. Ол дамыту туралы ынтымақтастық саласындағы маңызды проблемаларды алдын ала талқылайды, дамушы елдердің орташа және ұзақ мерзімді перспективаларын зерттеп, сараптап және ХҚҚДМ-ның ресурстарын соларға бөлу жөніндегі ұсыныстарды дайындайды.

*Президент* атқарушы директорлармен бес жыл мерзімге сайланады. Ол басқарма да, директор да және олардың өкілдері де бола алмайды. Президент тек Банктің ағымдағы істерімен ғана шұғылданады. Дәстүр бойынша Банктің президенті ретінде АҚШ-тың, яғни Банктегі ең көп пайызға ие дауыстың өкілі

сайланады. Дауыс құқығын мемлекеттің салған капиталының мөлшері анықтайды.

*Экономикалық даму институты* дамушы елдердің қатысушыларына арналған тұрақты курстар ұйымдастырады және кәсіби саладағы институттар мен ғылыми зерттеулерді қолдайды.

Африканың, Азияның, Еуропаның және Латын Америкасының 37 мемлекетінде Банктің бөлімшелері бар. Банк 1994 жылы Вашингтонда, Лондонда, Парижде және Токиода жаңа ақпарат орталықтарын ашты. Орталықта жоғары құжаттамалар, сараптамалардың нәтижелері, қоршаған ортаны қорғау бағдарламалары, жеке мемлекеттер бойынша бағдамалар және экономиканың салалары бойынша елдердің халық шаоуашылығы, ерекшеліктері, өмір сүру деңгейі мемлекеттің шығынығы т.с.с.) ақпараттар алуға болады.

**Халықаралық қаржы корпорациясы (ХҚК)** БҰҰ-ның мамандандырылған мекемесі және Халықаралық қайта құру және даму банкінің филиалы ретінде 1956 жылы құрылды. ХҚК-ға тек ХҚКДБ-ның мүше-мемлекеттері ғана мүше бола алады. Қазіргі кезде корпорацияға 188 мемлекет мүше.

Халықаралық қаржы корпорациясының мақсаты - дамушы елдердің экономикасын дамытуға ықпал ететін жеке өндірістік кәсіпкерлердің өсуін қолдау болып табылады.

Корпорация жеке инвесторлармен де ынтымақтасады, яғни оларға қажетті қолдау білдіреді және консультация береді.

Халықаралық қаржы корпорациясы мынадай құрылымдарға бөлінеді [9, б.98-99]:

*Басқарушылар кеңесі* – ХҚК-ның жоғары органы болып табылады. Дүниежүзілік банктің әрбір басқарушысы егер оның мемлекеті ХҚК-ға мүше болса, онда ол бірден ХҚК-нің басқарушысына айналады. ХҚК-нің жыл сайынғы жиналысы Дүниежүзілік банкінің жиналысымен бір мезгілде өткізіледі.

*Директорат* - Корпорацияның ағымдағы жұмыстарын үйлестіруші. Ол Дүниежүзілік банктің 24 директорынан құралады.

*Президент* лауазымы бойынша директораттың төрағасы болып табылады. Корпорацияның ағымдағы жұмыстарына атқарушы президент жауап береді.

*Банктік консультативтік комиссия* жетекші халықаралық институттардың 8 өкілінен тұрады және ол Корпорацияның жетекшілерімен бірлесе отырып, оның іскерлік және саяси мәселелерін, стратегиясын талқылайды.

*Іскерлік консультативтік комитет* жетекші өнеркәсіпшілер, банкирлер, мемлекет қайраткерлерінен құралады. Ол экономикалық және қаржы мәселелері бойынша Корпорация жетекшілерімен пікір алмасу үшін кездеседі.

ХҚК-нің бөлімшелері әлемнің бірқатар елдеріндегі - Франкфурт-на-Майне, Лондон, Париж және Тель-Авив қалаларында орналасқан. Корпорацияның өкілдіктері Африкада (Абиджан, Аккра, Дуала, Хараре, Каир, Лагос, Найроби), Азияда (Бангкок, Пекин, Джакарта, Исламабад, Стамбул, Мангала, Дели), Латын Америкасында (Буэнос-Айрес, Мехико, Сан-Паулу) және Еуропада (Будапешт, Мәскеу, Прага, Варшава, Вена) жұмыс істейді.

**Халықаралық даму ассоциациясы** БҰҰ-ның мамандандырылған мекемесі және Халықаралық қайта құру және даму банкінің филиалы ретінде 1960 жылы құрылды. Оның 188 мүшесі бар.

Халықаралық даму ассоциациясының мақсаты Дүниежүзілік банктің мақсатымен бірдей, яғни ұлттық экономиканың жеңілісінде экономикалық және техникалық басымдықтарға негізделген жобаларға несиені беру. Екі ұйымның арасындағы басты айырмашылық – қаржы көздерінің негізінде несиені капиталмен қамтамасыз ету талабына байланысты. ХДА-дан несиені алу үшін мемлекеттің жан басына шаққандағы жалғандық кірісі 925 доллардан кем болмауы керек; ұзақ мерзімге берілетін несиені ақтау үшін, мемлекеттің экономикасы, қаржысы және саясаты тұрақты болуы керек.

ХДА құрылымын көрсететін болсақ, ол төмендегідей [9, б.100]:

*Басқарушылар кеңесі* Ассоциацияның жоғары органы болып табылады. Әкімшілік қызметті Дүниежүзілік банктің қызметкерлері қосымша атқарады. ХДА қызметкерлерінің штаты төрт секторға бөлінген: қаржыландыру, саясат, жоспарлау және зерттеу. Ұйым негізінен үш жол: ХДА-ның кірісі; мүше-мемлекеттердің жарнасы және дәулетті мемлекеттердің мүше-лік жарнасы арқылы қаржыландырылады. Бұған сондай-ақ бұрын берілген несиелерді қайтару мен ерікті түрде жәрдем көрсету де кіреді.

Халықаралық Валюталық Қор мен Дүниежүзілік банктің тобы Қазақстанға тек қаржылай қолдау көрсетіп қана қоймай, оның экономикалық дамуына қатысты түрлі сарптамалық жұмыстар жүргізіп, олардың нәтижелерін бұқаралық ақпарат құралдары арқылы таратумен де айналысады.

Жалпы, Қазақстан Республикасы мен БҰҰ жүйесіндегі халықаралық қаржы ұйымдары арасындағы қарым-қатынастардың болашағы үлкен деуге болады.

### **2.2.5 БҰҰ жүйесіндегі ауыл шаруашылық ұйымдары және Қазақстан Республикасы арасындағы өзара ынтықтестік**

**БҰҰ Азық-түлік және ауыл шаруашылық ұйымы (ААҰ)** 1945 жылы 16 қазанда Квебекте (Канада) өткен конференцияда құрылды. БҰҰ және ААҰ арасындағы Келісім 1946 жылы 4 желтоқсанда Бас Ассамблеямен мақұлданды [15, б.250]. Қазіргі кезде ұйымға 190 мемлекет мүше.

ААҰ-ның мақсаты - тамақтануды жетілдіру және өмір сүру деңгейін жетілдіру; азық-түлік пен ауыл шаруашылығының бақарала өнімдерін өндіру және бөлуді жақсарту; ауыл шаруашыларының өмір сүру жағдайларын жақсарту; әлемдік экономиканың дамуына үлес қосу және аштықпен күресу.

ААҰ мынадай басым бағыттарға артықшылық береді: түрлі генетикалық ресурстарды сақтаудың дүниежүзілік жүйесін дамыту; тропикалық ормандарды сақтаудың бағдарламаларын

координациялау; «Аквამәдениет» бағдарламасы; ауылды жерлерде тұратын әйелдерге көмек т.с.с.

ААҰ құрылымы мынадай [9, б.47-48]:

*Конференция* – ААҰ-ның жоғары органы болып табылады. Конференция жылына екі рет кезекті сессиясына жиналады. Ол ұйымның қызметінің негізгі принциптерін анықтайды, бюджетті бекітеді, азық-түлік пен ауыл шаруашылығының жалпы жағдайын қарастырады, өзінің құзыреті шеңберінде ұлттық және халықаралық парлар бойынша ұсыныстар қабылдайды, атқарылған жұмыстарды талқылап, алдағы уақытта атқарылатын іс-режелердің бағдарламасын қабылдайды.

*Кеңес* мүше-мемлекеттердің конференцияда қатысқан 49 өкілінен тұрады және ол конференцияның сессиялары аралығындағы атқарушы орган болып табылады. Кеңес шешімдер қабылдайды, кеңес беруші, қосынды жасаушы және бақылаушы функцияларын атқарады. Өз құмысында Кеңес 5 комитеттің көмегіне сүйенеді: азық-түлік, балық аулау, орман, ауыл шаруашылығы, дүниежүзілік азық-түлік қауіпсіздігі.

*Бас директор* конференцияның және кеңестің бақылауымен ААҰ-ның жұмысына басшылық жасайды, хатшылықтың басшысы болып табылады. Оны конференцияда алты жыл мерзімге сайлайды. Директорат жеті департаментке бөлінген: экономикалық және әлеуметтік саясат, ауыл шаруашылық, балық аулау, орман, даму, басқарма және қаржы, ортақ мәселелер және ақпараттар.

ААҰ негізінен мүше-мемлекеттердің мүшелік жарғысымен, БҰҰ-ның Даму бағдарламасымен, Дүниежүзілік банкпен қаржысы арқылы, мүше-мемлекеттердің қамқорлық қорының төлемдерімен қаржыландырылады.

Бас директор мен Хатшылық Рим (Италия) қаласында орналасқан. Аймақтардағы өкілдіктері: Африкада (Аккра), Азия-Тынық мұхит аймағында (Бангкок), Еуропада (Рим), Латын Америкасында (Сантьяго), Таяу Шығыста (Каир), сонымен бірге байланыс бюросы Солтүстік Америкада (Вашингтон және Нью-Йорк) бар.

Қазақстан Республикасы бұл ұйымға 1997 жылы 175-ші мүше-мемлекеті болып кірді. Екіжақты ынтымақтастық мына бағыттарға арналды:

- зиянды жәндіктермен күрес жүргізу;
- ауыл шаруашылығы бойынша статистикалық мәліметтер жинақтау;
- ауыл шаруашылығының ақпараттық-маркетингтік жүйесін құру;
- су ресурстарын басқару және т.с.с.

Ал Қ. Тоқаев Қазақстан мен ААҰ арасындағы ынтымақтастықты одан әрі дамытуға мына бағыттар жеткізіліп отырғандығын көрсетеді:

- экологиялық және агробиокөптірлілік;
- мал және егін шаруашылықтарын дамыту;
- кедейшілікпен күрес және Қазақстан тұрғындарын азық-түлікпен қамтамасыз ету т.с.с. [16, б.297]

2015 жылы 22 мамырда Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі Е. Ыдырысов Астана экономикалық форумы аясында өткен бүкіл әлемдік азық-түлік қауіпсіздігін нығайту жөніндегі Панельдік сессияға қатысу үшін Астанаға сапармен келген БҰҰ Азық-түлік және ауыл шаруашылық ұйымының бас директоры Жозе Грассиано да Силвамен кездесті. Кездесуде Қазақстан мен ААҰ арасындағы өзара ықпалдастықтың қазіргі жағдайы мен болашағы талқыға салынды. Е. Ыдырысов Қазақстанда байланыс жөніндегі ФАО Офисін ашу туралы Келісімге қол қойылуын қолдап, ұйым өкілдігінің бұрынғы Семей сынақ полигоны мен Арал теңізі аумағындағы желерді рекультивациялау мәселесіне белсенді назар аударары деп сенімін білдірді [23].

Сонымен қатар, Е. Ыдырысов Қазақстан Үкіметі ААҰ Бүкіл әлемдік азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі комитетіне қатысты мүше ретінде кіру туралы шешім қабылдағанын хабарлады. Бұл біздің елімізге азық-түлік қауіпсіздігі саласына қатысты саясатта тиісті шараларды қарастыру мен қабылдауда қатысуға мүмкіндік беретін болады [23].

Сыртқы саяси ведомство басшысы осы ұйымның директорын Астанада өтетін «ЭКСПО-2017» халықаралық

мамандандырылған көрмесіне қатысуға шақырып, көрмені «Болашақ энергиясы» девизи ұйымның ғаламның экологиялық қауіпсіздігін сақтау мен нығайту жөніндегі мұраттарымен парапар екенін атап өтті [23].

ААҰ БҰҰ құрылымында азық-түлік, ауыл шаруашылық және басқа да осы тектес салалардағы, соның ішінде тұрақты даму, қоршаған ортаны қорғау, әлемдік сауданы нығайтуға ықпал жасау жөніндегі халықаралық қауымдастық тарапнақ қабылданатын шешімдерді жүзеге асыратын басты үкіметаралық ұйым болып табылады. Сол себепті ұйымның Бүкіләлемдік азық-түлік қауіпсіздік жөніндегі комитеті 1974 жылы құрылды. Бүгінде оның құрамына ААҰ-ның 194 мемлекетінің 128 елі кіреді.

**Халықаралық ауыл шаруашылығын дамыту қоры (ХАДҚ)** 1976 жылғы Дүниежүзілік азық-түлік конференциясының шешімдеріне сәйкес 1977 жылы құрылды. Қазіргі кезде Қорға 160-тан астам мемлекет мүше. Ұйымның штаб-пәтері Рим (Италия) қаласында орналасқан.

ХАДҚ-ның мақсаттары: азық-түлік өндірісін ұлғайту; тамақтану жағдайын өзгерту; тұрғындардың кірісін ұлғайтуды жоспарлау мен қаржыландыру; глобалары арқылы кеделікпен күрес жүргізу; барынша дамыған елдердегі тамақтануды жақсарту және азық-түлік өндірісін ұлғайту үшін қаржыны жұмылдыру.

Үш категориядан тұратын мемлекеттер Қордың мүшелері болып табылады. I категорияға дамыған донор-мемлекеттер, яғни ЭЫДҰ/ОЭСР ұйымына мүше мемлекеттер; II категорияға донор-мемлекеттер, яғни ОПЕК – мұнайды экспорттаушы мемлекеттер ұйымына мүшелер, ал III категорияға көмек алатын дамушы мемлекеттер мүше [15, б.250].

Халықаралық ауыл шаруашылығын дамыту қорының құрылымы төмендегідей [9, б.70]:

*Басқармалар Кеңесі* - ХАДҚ-ның жоғары органы болып табылады. Онда ХАДҚ-ның әрбір мүшесі басқармалар мен олардың көмекшісі ретінде қызмет атқарады. Басқармалар Кеңесінің сессиялары жылына бір рет өтеді және Атқарушы

кеңестің шешімі бойынша төтенше сессиялардың шақырылуы мүмкін.

*Атқарушы кеңес* 18 мүшеден және 17 көмекшіден тұрады. Ол ХАДҚ-ның ағымдағы жұмыстарына басшылық етеді. Оның отырыстары қажет болған жағдайда ғана өтеді. Атқарушы кеңестің басқармалар Кеңесі төрт жыл мерзімге сайлап қойған президент басқарады және оның екінші мерзімге сайлану құқығы бар. Президент басқармалар Кеңесі мен Атқарушы кеңестің бақылауымен барлық жұмыстарға жетекшілік етеді. Оған вице-президент көмектеседі.

*Хатшылық* үш департаментке бөлінген: экономика және жоспарлау; жобаларды басқару; жалпы мәселелер.

ХАДҚ-ның негізгі объектісі – шағын кентер, мал шаруашылығы, жері жоқ шаруалар, ауылдық аудандардағы әйелдер, тұрғындардың кедейленген топ. Осыларға қордың есебінен түрлі көмектер көрсетіледі. Соған хатысты жобалар әзірленеді. Жобалар негізінен Африканың, Азияның және Латын Америкасының экологиялық қауіпті аймақтарындағы табиғи ресурстардың таусылуы салдарынан туындайтын кедейлену мәселелеріне бағытталады. 9 саладағы қызметі анықталған: несие беру, ауыл шаруашылығын дамыту, мелиорациялау, мал шаруашылығы, балық шаруашылығы, қоныстандыру, қорларды сақтау, қайтадан өндiру, мамандар даярлау.

## **2.2. БҰҰ жүйесіндегі көлік және байланыс саласындағы ұйымдар және олардың Қазақстан Республикасымен қарым-қатынасы**

**Халықаралық азаматтық авиация ұйымы (ХААҰ)** 1944 жылы Чикаго конференциясында қабылданған халықаралық азаматтық авиация туралы Конвенцияны ратификациялағаннан кейін 1947 жылы 4 сәуірде құрылды. БҰҰ және ХААҰ арасындағы келісімді Бас Ассамблея 1946 жылы 14 желтоқсаннан бері қолдап келеді [15, б.251].

Ұйымның мақсаты: әлемдік азаматтық авиацияның қауіпсіздігін қамтамасыз ету және тәртіпке сәйкес дамыту.

Осыған сәйкес халықаралық әуе байланыстарының принциптері мен техникасын жасайды; халықаралық азаматтық авиацияның жоспарлы түрде дамыту мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында халықаралық әуе тасымалын жоспарлау мен оны дамытуға қолдау көрсетеді; тұрғындардың қауіпсіз, тұрақты, экономикалық тұрғыдан тиімді әуе жолдары арқылы тасымалдау тілегін қанағаттандыруға тырысады.

Халықаралық азаматтық авиация ұйымының құрылымы мынадай [9, б.58-59]:

*Ассамблея* – ХААҰ-ның жоғары органы болып табылады. Ол барлық оған мүше-мемлекеттердің өкілдерінен құралады және атқарылған жұмыстардың қорытындысын шығару үшін әрі оның одан кейінгі жұмыстарының бағыттарын анықтау үшін оның отырысы үш жылда бір рет шақырылады. Ассамблея мен Кеңестің шешіміне байланысты төтенше сессияның шақырылуы мүмкін. Ол ХААҰ-ның принциптерін нақты айды, үш жылға арналған бюджетті қабылдайды, Кеңестің құзыретіне кірмейтін техникалық, экономикалық және құқықтық салалардағы қызметтерді бақылайды.

*Кеңес* - ХААҰ-ның атқарушы органы болып табылады. Ол Ассамблея сайлап қолтаңғы 35 мемлекеттің өкілінен тұрады. Кеңестің негізгі міндеттерінің бірі – халықаралық азаматтық авиацияның Конвенциясының қосымшасына енгізілген халықаралық стандарттарды жетілдіру. Кеңес ХААҰ-ның жұмысын басқарады, қарамағындағы техникалық комитеттерді құрып, олардың жұмысына бақылау жасайды, дамушы елдерге техникалық көмек көрсетеді, президентті сайлайды, бас хатшыны тағайындайды, қаржы ресурстарын басқарады т.с.с.

*Хатшылықты* бас хатшы басқарады. Хатшылық 5 бөлімшеге бөлінген. Олар: аэронавигация, әуе транспорты, техникалық ынтымақтастық, құқық, әкімшілік және қызмет көрсету.

ХААҰ-ның штаб-пәтері Монреальда, ал аймақтық бюролары Бангкок, Каир, Дакар, Лима, Мехико, Найроби және Париж қалаларында орналасқан. Олар азаматтық авиацияның дамуын және аймақтардағы ХААҰ-ның шешімдерінің сақталуын

бақылайды, мүше-мемлекеттерге кеңес береді және ұсыныстарды жазады.

Қазақстан бұл ұйымға 1944 жылғы Халықаралық азаматтық авиация туралы Конвенцияны ратификациялаудың нәтижесінде 1992 жылы мүше болып кірді. Әлемдік әуе транспорты саласында одан әрі интеграциялану үшін, сонымен бірге азаматтық авиацияға қатысты құқық нормаларын және қауіпсіздік шараларын сақтау үшін Қазақстан 1994 жылы ХААҰ-ның Хаттамасына және 4 конвенцияға қосылды. 1995 жылы қазақстандық делегация Монреаль қаласында өткен ХААҰ-ның 31 Ассамблеясының жұмысына бірінші рет қатысты [3, б. 3-5].

**Халықаралық теңіз ұйымы (ХТҰ)** 1948 жылы Женевада өткен БҰҰ-ның Теңіз конференциясында жасалған Конвенцияға сәйкес 1958 жылы құрылды. 1982 жылға дейін «Үкіметаралық теңізге байланысты кеңес беру ұйымы» деп аталып келді. Қазіргі кезде ХТҰ-ға 170 мемлекет мүше. Ұйымның штаб-пәтері Лондон қаласында орналасқан.

Халықаралық теңіз ұйымының құрылымы мынадай [9, б.59-60]:

*Ассамблея* - ХТҰ-ға мүше мемлекеттердің өкілдерінен тұратын ұйымның жоғары органы. Ол екі жылда бір рет жиналады. Ассамблея ұйымның бағдарламасы мен бюджетін, сонымен бірге қаржылық шараларды ұйымдастыру және Кеңестің мүшелерін сайлау туралы шешімдер қабылдайды. Кеңестің ұсынысымен Бас хатшының кандидатурасын тағайындайды.

*Кеңес* – басты атқарушы орган. Ол жылына екі рет Ассамблеяның сессияларының аралығында жиналады. Сонымен бірге Кеңес ХТҰ-ның басқа органдарының жұмысын үйлестіреді, бағдарламасы мен бюджетін қарастырады, Ассамблеяда қарастырылатын комитеттердің баяндамаларын алдын ала қарайды, Бас хатшыны сайлайды.

*Кеңес* 32 мүше-мемлекеттің өкілдерінен мынадай принцип бойынша екі жылға сайланады: 8 – халықаралық теңіздерде тасымалдауға көп мөлшерде қызығушылық танытып отырған мемлекеттердің тобынан; 8 – халықаралық теңіз

саудасына көп мөлшерде қызығушылық танытып отырған мемлекеттердің тобынан; 6 – теңіздегі кеме қатынасы саласына ерекше қызығушылық танытатын, Кеңесте әлемнің барлық аймақтарындағы мүше-мемлекеттердің өкілдерімен қамтамасыз етілген мемлекеттердің тобынан.

ХТҰ-ның мынадай комитеттері бар: теңіздегі қауіпсіздік, құқық мәселелері, теңіздің жағдайын қорғау, техникалық ынтымақтастық, халықаралық кеме қатынасын жеңілдету.

*Хатшылық* 6 үлкен бөлімнен тұрады: кемелердің қауіпсіздігі, теңіз жағдайы, құқық мәселелері және халықаралық байланыс, конференция, техникалық ынтымақтастық, басқарма. Хатшылықты Бас хатшы басқарады.

Қазақстан 1994 жылдың наурыз айында ХТҰ-ны құру туралы және басқа да 8 теңіз саласындағы конвенцияларға қосылды [13, б.33].

**Халықаралық электр байланыс одағы (ХЭБО)** XIX ғасырда, яғни 1865 жылы Халықаралық телеграф одағы ретінде құрылған. Қазіргі атауын 1934 жылы Халықаралық электр байланыс туралы Конвенцияға қол қойғаннан кейін алды. 1994 жылы ұйымның жаңа Жарғысы қабылданып, күшіне енді. Қазір ұйымға 193 мемлекет мүше. Штаб-пәтері Женева қаласында орналасқан.

ХЭБО-ның мақсаты электр байланыстарын жақсарту мен тиімді пайдалану үшін халықаралық ынтымақтастықты кеңейту және қолдау; дамушы елдерге электр байланыстары бойынша техникалық көмек көрсету.

ХЭБО-ның құрылымы төмендегідей [9, б.61-62]:

*Әкілетті конференция* ХЭБО-ға мүше-мемлекеттердің делегаттарынан тұрады және ол төрт жылда бір рет шақырылады. Конференция ұйымның жұмысының негізгі принциптерін белгілейді, бюджетті бекітеді, Кеңестің баяндамаларын талқылайды, электр байланыстарына қатысты халықаралық конвенцияларды қарастырады, халықаралық ұйымдармен шарттар жасасады, Әкімшілік кеңесті, бас хатшыны және оның орынбасарларын, секторлардың директорларын және т.с.с. сайлайды.

*Әкімшілік кеңес* – ХЭБО-ға мүше-мемлекеттердің 48 мүшесінен тұрады және олар бес аймақты (Африка; Америка; Азия және Австралия; Шығыс Еуропа және Солтүстік Азия; Батыс Еуропа) есептей отырып тең бөлінген. Ол Өкілетті конференцияның сессиялары аралығында жұмыс істейді. Онда ұйымның саяси ұстанымдары, электр байланысы саласындағы стратегиялар, бюджеттің орындалуы, дамушы елдердегі электр байланысын дамыту сияқты бірқатар мәселелер қарастырылады.

*Электр байланысының халықаралық қызметіне байланысты дүниежүзілік конференцияны* Өкілетті конференцияның шешімі бойынша шақырылады. Онда электр байланысы туралы халықаралық нормалар талқыланады және қызмет көрсетудің негізгі принциптері анықталады, техникалық жабдықтаулар қарастырылады.

*Бас хатшылықты* Бас хатшы бақарады. Ол электр байланысы саласындағы өзгерістерге байланысты баяндамалар әзірлейді, ақпараттарды жариялайды, конференциялардың дайындығына көмектеседі, ХЭБО-ның басқа да халықаралық ұйымдармен ынтымақтастығын үйлестіреді.

Бас хатшылық әрбір төрт жылда электр байланыстарына қатысты дүниежүзілік көрмелер ұйымдастырады, сонымен бірге Азияда, Америкада, Африкада және Еуропада аймақтық көрмелер өткізеді.

*Радиобайланыс секторы, радиобайланыс туралы дүниежүзілік және аймақтық конференция.* Дүниежүзілік радиобайланыс туралы конференция екі жылда бір рет радиобайланыстадың нормасын талқылайды және мүше-мемлекеттердің кеңесінен кейін Кеңестің анықтауы бойынша күн тәртібіне сәйкес өзгертіп отырады. Аймақтық конференцияда аймақтық мәселелер талқыланады. Оларда ғылыми комиссиялардың жұмысының басым бағыттары жасалады және бағдарламасы бекітіледі.

*Радиобайланыстың стандартизация секторы* техникалық және тарифтік мәселелерді зерттейді және соған сәйкес ұсыныстар қабылдайды. Электр байланыстарының стандартизациясы бойынша дүниежүзілік конференция төрт

жылда бір рет өтеді. Олар ұсыныстарды жасайды, жұмыстың бағдарламасын бекітеді, қарастырылатын мәселелердің басым бағыттарын анықтайды. Ғылыми комиссиялар сарапшылар ретінде үкіметтің және жеке сектордың қызметіне қатысады және де электр байланыс жүйелерін стандартизациялаумен, олардың іске асуымен шұғылданады. Бюро директордың басшылығымен конференцияны дайындайды және бас хатшымен келісе отырып жұмыс барысындағы кездесулерді ұйымдастырады.

*Электр байланыстарын дамыту секторы* ұйымның араласуымен электр байланыстарын дамытумен шұғылданады және техникалық ынтымақтастықтың шеңберіндегі жұмыстарды үйлестіреді. Электр байланысы қызметін дамыуды келісілген және халықаралық ынтымақтастықты қолдау үшін тиімді түрде дүниежүзілік және аймақтық конференциялар шақырылады. Олар мақсаттар мен стратегияларды анықтайды, сонымен бірге жобалық қаржыландырумен шұғылданады. Бюро мүше-мемлекеттермен байланыс жасап отыруға, Өкілетті конференцияның шешімін орындау мағалы ақпарат жинауға және таратуға өкілетті. Ол бас хатшымен бірлесіп халықаралық және аймақтық байланыс жүйелерін дамыту туралы ғаламдық жоспарлар жасайды.

Қазақстан Республикасы бұл ұйымға оның Жарғысы мен Халықаралық электр байланысы конвенциясына қосылғаннан кейін, яғни 1993 жылдан бастап мүше [13, б.33].

**Дүниежүзілік пошта одағы (ДПО)** XIX ғасырда, яғни 1874 жылы құрылып, 1875 жылы күшіне енген Берн конвенциясына сәйкес құрылды. 1878 жылы бұл одақ қазіргі атауына ие болды. ДРО және БҰҰ арасындағы келісім 1947 жылы жасалды. 1961 жылы ДПО-ның Конституциясы қабылданды, Қазіргі кезде ДПО-ға 191 мемлекет мүше. Ұйымның штаб-пәтері Берн (Швейцария) қаласында орналасқан [15, б.252].

ДПО пошта қызметінің тиімді жұмысын қамтамасыз ету мақсатымен халықтар арасындағы байланыстардың дамуын қолдауды, халықаралық ынтымақтастықты тереңдетуді және өзіне мүше-мемлекеттердің сұранымына байланысты пошталық

қызметтің техникалық көмек көрсетуіне қатысуды мақсат ұстанады.

Дүниежүзілік пошта одағының келесідей құрылымы бар [9, б.63-64]:

*Конгресс* ДПО-ға мүше барлық мемлекеттердің өкілдерінен тұратын ұйымның жоғары органы болып табылады. Ол бес жылда бір рет жиналады, ал қажет болған жағдайда төтенше конгрестің шақырылуы мүмкін. Конгресс ДПО-ның келісімдер жүйесін қайтадан қарастырады, оның бес жылға арналған бағдарламасы мен бюджетін бекітеді және бас директорды сайлайды.

*Атқарушы кеңес* географиялық өкілдік принципінің негізінде конгреспен сайланатын 40 мүшеден тұрады. Ол жылына бір рет жиналады және конгрестердің аралығындағы мерзім ішіндегі ДПО-ның жұмысының үздіксіз жүрісін қамтамасыз етеді. Кеңес халықаралық бюро қызметін үйлестірді және бақылап отырады, ДПО және жалпы пошта қызметіне қатысты әкімшілік және құқықтық сипаттағы мәселелерді зерттейді, конгреске ұсыныстар жасайды. Ол келісімдерді орындау тәртібіне қатысты құқықтық нормаларды қабылдауға, сол сияқты халықаралық техникалық ынтымақтастық келісімдеріндегі пошта саласындағы техникалық көмектің барлық нысандарын дамыту мен бақылауға өкілетті. Кеңестің комиссиялары әр түрлі мәселелермен айналысады.

*Пошталық елдер алауы бойынша консультативтік кеңес* бір бес жылдық мерзімге конгрестің сайлап қоятын 35 мүшесінен тұрады. Ол техникалық, өндірістік және экономикалық мәселелерді, техникалық ынтымақтастыққа байланысты сұрақтарды дамушы елдердің қызығушылығын тудыратын кәсіби дайындық пен қайтадан даярлау мәселелерін зерттейді; ДПО-ның басылымдарына жарияланатын есептер мен баяндамаларды әзірлейді.

Кеңес әр түрлі мәселелер (пошта және нарықтар, жылдам поштаны дамыту, өндіріс пен қызмет көрсетудің сапасы, модернизациясы, пошта ісін дамыту және әрекеттердің жалпы

бағдарламасы, менеджмент, басқарма және т.с.с.) бойынша комиссия құрайды.

*Халықаралық бюро* ДПО-ның хатшылығы болып табылады және оны Бас директор басқарады. Ол пошталық әкімшіліктердің байланысын, ақпаратын және кеңес берумен қамтамасыз етеді. Халықаралық бюро ДПО-ның келісімдер жүйесіне өзгерістер енгізуге қатысты ұсыныстарды қабылдайды және бұл өзгерістер жайлы хабарлайды, конгрестерді дайындауды және жұмыс істейді және де қызығушылық танытқан тараптардың өтінішімен даулы мәселелер жөнінде сарапшы қорытындыларын дайындайды.

Үздіксіз халықаралық пошталық байланыс пошта бөлімшелерінің ғаламдық желісі арқылы корреспонденцияны жіберу ережелерін жеңілдету арқасында қамтамасыз етіледі. Пошталық қызмет көрсетулер қаржылық (қаржы аударылымдары, ақшалай чектерді төлеу, жинаққа қосаларының қызмет көрсетулері) қызмет көрсетулермен толықтырылады.

Пошта маркаларын шығару мен сату ұйымға мүше-мемлекеттердің ішкі саясаты болып табылады. Соған қарамастан филателияның мәдени, тарихи және көркемдік маңызын ескеріп, 1989 жылы Вашингтон конгресі ДПО-ға мүше-мемлекеттердің намыс кодексін қабылдады. Онда пошта маркалары үшін бейлелеулерді таңдау алтын принципі мазмұндалған.

ДПО-ның ресми жұмыс тілі – француз тілі.

Қазақстан Республикасы ДПО-ға 1992 жылдың тамыз айынан бастап мүше болды және ол өз алдына жеке пошталық әкімшілік болып есептеледі [13, б.32].

### **2.2.7 Дүниежүзілік метеорологиялық ұйым (ДМУ) және Қазақстан Республикасы**

1947 жылғы Дүниежүзілік метеорологиялық ұйым туралы Конвенцияны ратификациялағаннан кейін 1950 жылы құрылды. Қазіргі кезде ұйымға 185 мемлекет мүше.

ДМУ метеорологиялық қызметтің халықаралық ынтымақтастығын жақсартуға (ауа райы мәліметтерімен алмасу

және стандартизациялау, халықаралық метеорологиялық станциялардың жүйесін құру), зерттеулер жүргізуге, мамандадың біліктілігін жетілдіруге ықпал етеді; метеорологиялық білімді кемелердің жүзуіне, ауыл шаруашылығында, басқа да салаларда белсенді түрде қолданудың мүмкіндіктерін зерттейді.

ДМҰ-ның негізгі мақсаттары мыналар:

- метеорологиялық, гидрологиялық және географиялық бақылауларға арналған станциялар жүйесін құрудағы ғаламдық ынтымақтастыққа ықпал ету;

- метеорологиялық қызмет көрсету және орталықтар құру және жұмыс істеу;

- метеорологиялық ақпараттармен жылдан жылға алмасу жүйесін құруға және оның жұмыс істеуіне қолдау көрсету;

- метеорологиялық бақылаулар және олардың нәтижелерін әрі статистикалық мәліметтерін біркелкі етіп жариялаумен қамтамасыз ету;

- авиацияда, кеме қатынасында, су ресурстары, ауыл шаруашылығы және басқа да салалардағы мәселелерін шешу үшін метеорологияны қолдануды көрсету;

- метеорологиялық зерттеулер мен мамандарды даярлауға, сол сияқты халықаралық ынтымақтастықты үйлестіруге қатысуға қолдау көрсету.

ДМҰ-ның төлөканды жұмыс жасап, жан-жақты қызмет көрсетуіне оның орталық көмектеседі.

*Дүниежүзілік метеорологиялық кеңес* ДМҰ-ның жетекші органы болып табылады. Ол әрбір төрт жылда бір рет шақырылады. Мұнда ұйымның жұмысы қарастырылады, бюджеті бекітіледі және оның болашақ бағдарламалары жоспарланады.

ДМҰ-да сегіз техникалық комиссия жұмыс істейді. Олар: аэронавигацияға жауапты; ауыл шаруашылығы мен теңіз метеорологиясы; атмосфераны зерттеу; базалық жүйелер; климатология; гидрология, бақылаудың әдістері және құралдары. Тағайындалған комиссиялардан басқа ДМҰ алты аймақтық өкілдікке ие – Африкадағы, Азиядағы, Оңтүстік Америкадағы; Солтүстік және Орталық Америкадағы; Тынық мұхитының оңтүстік-батыс бөлігіндегі және Еуропадағы [24, б.97].

ДМҰ жұмысында WWW желісі, яғни ауа-райын бақылайтын Дүниежүзілік қызмет үлкен рөл атқарады. Бұл күрделі жүйе, ауа-райына қажетті барлық ақпараттарды жинақтап, өңдеп отырады. XX ғасырдың 60-шы жылдарының басында құрылған жүйе ауа-райына бойынша жаһандық мәлімет беру үшін спутниктердің, теңіз кемелерінің, мұхиттағы су бетіндегі қалқыма көрсеткіштердің, коммерциялық ұшақтардың, сонымен бірге дәстүрлі әдістер – жер бетінде орнатылған атмосфералық қысымның температурасын көрсететін құрылғылардың көмегіне сүйенеді.

WWW негізгі үш құрылымнан тұрады:

1. жерде, теңізде, ауада және ғарышта өлшеу және бақылау үшін метеорологиялық параметрлердің қызмет көрсетушілерінен тұратын бақылаудың жаһандық жүйесі;
2. тілдік проблемаларды болдыртпау үшін арнайы код арқылы дүние жүзіне ауа-райы мәліметтерін алып және оны жеткізетін жаһандық телекоммуникация жүйесі;
3. мәліметтердің сараптамасы мен өңдеудің аймақтық және әлемдік орталықтарының мәліметтерді сұрыптаушы жаһандық жүйе [24, б.98].

Қазіргі кезде ауа-райында түрлі өзгерістерге байланысты (жер шарының күрт жылынуы, құаңшылық, су тасқындары т.с.с.) ДМҰ БҰҰ жүйесіндегі ЮНЕСКО, ЮНЕП, БҰҰ ДБ тәрізді басқа да ұйымдармен білесіп отырып жұмыс жүргізуде. Қазақстан осылардың барлығын қолдайды.

### **2.2.8 Дүниежүзілік туристік ұйым (ДТҰ) және Қазақстан Республикасы**

Дүниежүзілік туристік ұйым (ДТҰ) 1970 жылы өзінің Жарғысын қабылдады, ал ол 1975 жылы күшіне енді және осы жылы ресми түрде туристік ұйымдардың Халықаралық одағының нағыз мүшесі ретінде құрылды. БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы ЭКОСОС-тың келісімімен ДТҰ-ны туризмнің дамуына жауапты үкіметаралық ұйым мәртебесін мойындады, яғни 2003 жылдан

бастап ДТҰ БҰҰ-ның мамандандырылған мекемесі деген мәртебеге ие [15, б.254].

Қазіргі кезде ДТҰ-ға 156 мемлекет мүше.

ДТҰ туризм мәселесі бойынша бірқатар маңызды декларациялар қабылдады. Оларға әлемдегі туризм туралы Манила декларациясы (1980 ж.); туризм жөніндегі Хартия және турист бағытының Кодексі (София, 1985 ж.); туризм жөніндегі Гаага декларациясы (1989 ж.) т.с.с. жатады.

Дүниежүзілік туристік ұйымның басты мақсаттары:

- нәсіліне, жынысына, тіліне немесе дініне қарамастан адам құқықтарын құрметтеу және қорғауды, бейбітшілік пен ын-ауқатты қамтамасыз ету мақсатында халықаралық өзара түсінушілік пен экономикалық даму тұрақты ретінде туризмді қолдау;
- туризм саласында дамушы елдердің мүдделерін қорғау.

ДТҰ мынадай құрылымдардың көмегі арқылы жұмыс істейді: [9, б.80]

*Бас ассамблея* мүше-мемлекеттердің өкілдерінен тұратын ДТҰ-ның жоғары органы болып тасалады. Ол өзінің кезекті сессиясына екі жылда бір рет жиналады, ал қажет болған жағдайда кезектен тыс сессияның шақырылуы мүмкін. Ассамблея ДТҰ-ның құзыретіне кіретін кез келген сұрақты талқылай алады. Бас ассамблея ұйымның жаңа қысқартылған атын бекітті – ЮНВТО (UNWTO).

ДТҰ-ға мүше-мемлекеттер алты аймақтық комиссияға бөлінген: Африка, Америка, Шығыс Азия және Тынық мұхиты, Еуропа, Таяу және Орта Шығыс, Оңтүстік Азия.

*Басқарушы кеңес* 25 мүшеден: 5 толық мүшеге 1 кеңес мүшесі тәрізіндегі тең құқықтық географиялық өкілдікті сақтай отырып Бас ассамблеямен сайланытын 22 мүше; ДТҰ орналасқан мемлекет ретінде Испания; ассоциацияланған және қосымша мүшелерден шешуші дауыс құқығы жоқ бір-бір өкілден құралған. Басқарушы кеңес жылына кем дегенде екі рет жиналады. Бас хатшымен қатар ол ассамблеяның шешімдері мен кеңестерін іске асыру бойынша барлық қажетті шараларды басқарады және ассамблеяға оның орындалуы жайлы баяндайды. Өз әрекетінің

барысында кеңес бірқатар комитеттерге (бағдарламалар мен үйлестірушілер, бюджеттік-қаржылық, қоршаған ортаны қорғау, сапа мен логистика, статистика, туристердің қауіпсіздігі мен қорғалуы, туристер үшін қолайлылық бойынша) сүйенеді.

*Хатшылықты* Атқарушы кеңестің ұсынысымен Бас ассамблеяның төрт жыл мерзімге сайлап қойған бас хатшы басқарады. Оның екінші мерзімге қайта сайлану мүмкіндігі бар. Ол ДТҰ-ның заңды өкілі және жұмыс барысында жалпы мәселелер бойынша орынбасары мен үйлестірушілердің қолдауына сүйенеді. Бас хатшы ассамблея мен кеңес алдында жауапты. Ол екі органның да нұсқауларын орындайды, кеңеске ДТҰ-ның қызметі (туризм) туралы баянлама дайындайды, сонымен бірге бағдарлама мен жобалар әзірлейді, ассоциацияланған және жаңадан қосылған мүше-мемлекеттермен қарым-қатынасты қолдау туралы тағайындалған аймақтық өкілдерді тағайындайды.

Бас ассамблея әрбір екі жылда ДТҰ-ның іс-әрекетінің бағдарламасын қабылдайды.

ДТҰ-ның штаб-пәтері Мадрид қаласында (Испания) орналасқан.

Қазақстан бұл ұйымға 1991 жылдың қазан айынан бастап толыққанды мүше. Ұйымның жоғары органы - Бас ассамблеясының XVII сессиясы 2009 жылы қазан айының 5-і мен 8-і күндерінің аралығында Астана қаласында өтті. Оның жұмысына Қазақстанның президенті Н.Назарбаев қатысты [25].

Ассамблея шеңберінде ЮНВТО Еуропа, Америка, Шығыс Азия және Тынық сұхит аймағы, Африка, Оңтүстік Азия және Орта Шығыс аймақтық комиссияларының 7 пленарлық отырыстары ТМД елдерінің туризм жөніндегі Мемлекетаралық отырысы және Ұлы Жібек жолында туризмді дамытуға арналған ЮНВТО жобасына қатысушы-мемлекеттердің мәжілісі өтті.

ЮНВТО бағдарламасы шеңберінде 2010-2013 жылдарғы шараларды қолдау үш стратегиялық міндетке негізделді: бәсекеге қабілеттілік, тұрақтылық және серіктестік. Ассамблеяда қаралған маңызды сұрақтардың бірі Қазақстан тарапының Ұлы

Жібек жолына қатысты бастама болды. Нәтижесінде Ұлы Жібек жолына байланысты Астана декларациясы [26] қабылданды.

2014 жылы 5-9 наурызда Германияның Берлин қаласында өткен ITB-2014 48-ші Дүниежүзілік туристік биржаға әлемнің 180 артық мемлекеті қатысты. Онда 11 мыңға жуық стенд қойылды. Биржаға қатысқан Қазақстан Республикасы өкілдері Ұлы Жібек жолы елдерінің туризм министрлерімен кездесу өткізіп, «Жібек жолы мұрасының дәліздері» («Коридоры наследия Шелкового пути») жобасы бойынша бірқатар мәселелерді талқылады. Жобаны аясында туризмді дамытуға бірлесе күш сала отырып, Жібек жолының бірыңғай визасын жасау керектігіне тоқталды.

2017 жылы Астанада өтетін EXPO-2017 көрмесін өткізуге дайындық жұмыстары барысында қазірдің өзінде визалық режимді жеңілдетуге байланысты жұмыстар жүргізілуде. Сонымен бірге ЮНЕСКО, ЮНВТО және Дүниежүзілік экскурсоводтар мен гидтердің ассоциациясы басшыларымен Қазақстан арасында Жібек жолы бойынша экскурсоводтар мен гидтер дайындау жөнінде тренинг өткізуге келісілген. Бұдан басқа Жібек жолы бойынша мамандандырылған гидтерді дайындау үшін оқу құралын басып шығару жоспарланған.

«Жібек жолы мұрасының дәліздері» жобасы Қазақстанға да және оған қатысушыларға да туризм саласын дамытуға үлкен мүмкіндіктер береді. Есіңіңе туризмді дамыта отырып, табиғи және мәдени ескерткіштердің көптүрлілігін анықтауға, оларды сақтауға және мемлекет қарамағында қамқорлыққа алуға қолайлы сәт туар еді. Сондықтан, туризм экономикаға үлкен табыс әкелетін сала болғандықтан, туризмге қатысты жобаларды ЮНВТО және ЮНЕСКО тарапынан қолдау көрсетіп отырған дұрыс.

### **2.3 БҰҰ-ның бағдарламалары және олардың Қазақстан Республикасымен ынтымақтастығы**

Біріккен Ұлттар Ұйымы жүйесінде мамандандырылған мекемелерден басқа бағдарламалар мен қорлар, БҰҰ-мен тығыз байланыста жұмыс істейтін ұйымдар бар. Ол ұйымдардың да қызметтері әртүрлі және халықаралық қатынастар жүйесіндегі мемлекеттермен, басқа да ұйымдармен өзара байланыс орнатқан.

- БҰҰ бағдарламалары мыналар:
- БҰҰ-ның Даму бағдарламасы (ПРООН);
  - БҰҰ-ның қоршаған орта жөніндегі бағдарламасы (ЮНЕП);
  - Сауда және дамыту жөніндегі конференция (ЮНКТАД);
  - БҰҰ-ның еріктілер бағдарламасы (ДООН);
  - БҰҰ-ның жобаларына қызмет көрсету жөніндегі басқармасы (УООНОП);
  - БҰҰ-ның қоршаған орта туралы бағдарламасы (ЮНЕП);
  - Палестиндік босқындарға көмектесуге және жұмыстарды ұйымдастыруға арналған БҰҰ Тауаршысы агенттігі (UNRWA);
  - БҰҰ-ның университеті;
  - Әлемдік азық-түлік бағдарламасы;
  - БҰҰ-ның адам құқықтары жөніндегі жоғарғы комиссарының басқармасы (УВКПЧ);
  - БҰҰ-ның елді-мекендер жөніндегі орталығы (Хабитат);
  - БҰҰ-ның босқындар жөніндегі жоғарғы комиссарының басқармасы (УВКБ ООН);
  - Есірткі заттарын бақылау және қылмысты ескерту жөніндегі басқарма (УКНПД);
  - Әйелдердің жағдайын жақсарту жөніндегі халықаралық оқу және ғылыми-зерттеу институты (МУНИУЖ);
  - БҰҰ-ның оқу және ғылыми-зерттеу институты (ЮНИТАР);
  - БҰҰ-ның қарусыздану мәселесін зерттеу жөніндегі институты (ЮНИФИР);
  - БҰҰ жанындағы әлеуметтік дамыдың ғылыми-зерттеу институты (ЮНРИСД);
  - БҰҰ-ның қылмыс және әділ сот мәселелері жөніндегі ғаймасаралық ғылыми-зерттеу институты (ЮНИКРИ);
  - Халықаралық сауда жөніндегі орталық (ЮНКТ/ЮНКТАД/ВТО);
- БҰҰ-ның үкіметтік емес ұйымдармен байланыс жөніндегі қызметі (ССНПО).

Қазақстан Республикасы осы аталған бағдарламалардың кейбірімен тығыз ынтымақтастық орнатқан. Енді солар жайлы қарастырып көрейік.

### **2.3.1 БҰҰ-ның Даму бағдарламасы (ПРООН) және Қазақстан Республикасы арасындағы өзара байланыс**

**БҰҰ-ның Даму бағдарламасы (ПРООН)** - Бас Ассамблеяның 1965 жылғы 22 қарашасындағы қарарының негізінде құрылды [8, б.144]. Ол дамушы елдерге арналған БҰҰ-ның арнайы қоры мен кешенді техникалық көмектесу бағдарламасының бір-бірімен үйлесуіне тұрақты. Бұл бағдарламаның негізгі мақсаты - адам дамуы тұрақты қамтамасыз ету, бұл деген біріншіден, кедейшілікті жою; екіншіден, жұмыспен қамтуды көбейту және елдің өмір сүру деңгейін көтеру; үшіншіден, қоршаған ортаны қорғау және қалпына келтіру.

БҰҰ-ның Даму бағдарламасы Экономикалық және әлеуметтік кеңес сайлап қойған 48 мүшеден тұрады және басқармалардың Кеңесі бақылайды. Несие алатын 100-ге тарта мемлекетте өкілдік-резиденттері бар. Кеңес жобалар мен бағдарламаларды қарап бікітеді, қаржыны бөледі, техникалық ынтымақтастықтың тұрақты бағдарламасы үшін ортақ принциптер жасайды [8, б.145].

Басқармалар Кеңесімен ақылдасқаннан кейін БҰҰ-ның Бас хатшысы Даму Бағдарламаны басқаратын әкімшілікті тағайындайды. Оның тағайындалуын БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы бекітеді. Штаб-пәтері Нью-Йоркте орналасқан.

БҰҰ Даму бағдарламасының Қазақстандағы қызметі 1993 жылдан басталады [16, б.421]. Бағдарламаның қызметінің негізгі бағыттары «нарықтық реформалар» сұрақтары бойынша Қазақстан Республикасы үкіметіне ұлттық кадрларды дайындауға қолдау мен кеңес беру көмегін ұсыну болып табылды.

1994 ж. қазан айында Қазақстан Үкіметі мен БҰҰ Даму бағдарламасы арасындағы келісімге қол қойылды. 1994-1996 жж. аралығында «Қысқа мерзімді әріптестік» жүзеге асырылып,

Қазақстан бұл бағыт бойынша 2,5 млн доллар қайтарымсыз көмек алды. 1996 ж. маусым айында БҰҰ Даму бағдарламасының Атқарушы Кеңесі Қазақстанға техникалық бағдарламаларды жүзеге асыруға бағытталған бағдарлама бойынша жыл сайын 1,258 млн.доллар көлемінде қаражат бөлді. 1997 ж. қаңтар айынан бастап Қазақстан БҰҰ Қорымен әріптес болып, тұрғындарды орналастыру (ЮНФПА) мәселесі бойынша БҰҰ Даму бағдарламасының Атқарушы Кеңесі және ЮНФПА «Әріптестіктің негізгі бағыттары» құжатқа қол қойды. Қазақстан Республикасы мен БҰҰ Даму бағдарламасы арасындағы әріптестіктің маңызды бағыты 1990 жж. екінші жарты ында жүзеге асырылып, бұрынғы ядролық полигон мен Семейді қалпына келтіру болды. 1997 ж. караша айында БҰҰ Бас Ассамблеясының 52 отырысында Қазақстанның ұсынысы бойынша «Қазақстандағы Семей өңіріндегі тұрғындардың экологиялық және экономикалық дамуын қалпына келтіру мақсатында халықаралық әріптестік пен реттеу қызметі» деп аталатын резолюция қабылданды [27]. 1998-1999 жылдары БҰҰ Даму бағдарламасы мен Қазақстан Семей өңіріне қатысты бірқатар халықаралық деңгейдегі іс-шараларды өткізді. 2000 ж. БҰҰ Бас Ассамблеясының 55-ші отырысында Семей өңіріне арналған резолюция қайта қабылданды, оның мазмұнында халықаралық ұйымдарға, үкіметтік емес құрылымдар мен халықаралық қаржы институттарына көмек көрсетіп қол ұшын беруге шақырған үндеулер жазылды. Резолюцияда БҰҰ Бас Хатшысына арналған үндеуде Семей проблемасын шешуге ат салысу мақсатында кеңес беру процесіне қолдау жасауға шақырылды [28].

Қазақстан мен БҰҰ Даму бағдарламасы арасындағы әріптестік өз елде салалар бойынша дамыды. 2001 ж. қыркүйек айында Халықаралық Бағдарламасы мен «Жібек жолы» жобасы бойынша іс-шараларды күшейту мәселесі бойынша Қазақстанның Сыртқы істер министрі Е. Ыдырысов пен БҰҰ Даму бағдарламасы Әкімшілігі М. Браун арасындағы келісімге қол жеткізілді. БҰҰ Даму бағдарламасы Қазақстанда жұмыс істеген уақыт аралығында, еліміздің тәуелсіздігінің алғашқы жылдарында әсіресе өткір туындаған түрлі әлеуметтік, экологиялық және т.б. проблемаларды шешуде Қазақстан Үкіметіне айтарлықтай көмек

көрсетті. БҰҰ Даму бағдарламасы және БҰҰ жүйесіндегі басқа мамандандырылған мекемелер Семей және Арал өңіріндегі зардап шеккен аймақтарға элеуметтік-экономикалық қалпына келтіру жөнінде үкіметтік және донорлық жобаларды әзірлеу мен жүзеге асыруға, шалғай елді мекендерді сумен жабдықтауға, Қазақстанның қолайсыз аудандарында тұратын халықтың өсімпаздық денсаулығына, вирустық инфекциялардың таралуына байланысты мәселелерді шешуге ат салысты.

БҰҰ Даму бағдарламасының бірлескен жұмысы электоралдық және құқықтық жүйені күшейтуге, әділеттілікке, қоғамдық ақпаратқа қолжеткізуді жақсартуға және мүлкіндігі шектеулі адамдардың құқықтарын сақтауға бағытталған. Аймақтарда ұйымдастырылған түрлі тренингтер мен іс-шаралары арқылы БҰҰ Даму бағдарламасы бүкіл ел бойынша жастарды саяси және элеуметтік өмірге белсенді қатысуға шақырады. Мысалы, Арал теңізі бассейніндегі тұрғын елдің элеуметтік мәселелерін шешуге арналған, Семей өңірін қайта қалпына келтіру бағдарламаларын ұсынды [28].

БҰҰ Даму бағдарламасының Қазақстандағы офисі тұрақты адам дамуына дайындық үрдісі арқылы ықпал ету, жобаны үйлестіру, жұмыс комитеті мүшелерін іріктеу, үкіметтің, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдерімен, зерттеушілермен тұрақты даму және есеп беру жүйесі бойынша кездесулер ұйымдастыру, семинарлар өткізіп, есептерін жариялау және таныстыру бағыттары бойынша жұмыс істейді.

### **2.3.2 БҰҰ-ның қоршаған орта жөніндегі бағдарламасы (ЮНЕП) және Қазақстан Республикасы арасындағы әріптестік**

**БҰҰ-ның қоршаған орта жөніндегі бағдарламасы (ЮНЕП)** 1972 жылы Стокгольмде өткен БҰҰ-ның қоршаған орта жөніндегі конференциясынан кейін құрылды [29].

ЮНЕП-тің негізгі мақсаты – қоршаған ортаның бүлінуінің кез келген көрінісімен күрес жүргізу саясатын орындау және үйлестіру, зерттеулер жүргізу.

Ұйымның штаб-пәтері мен Хатшылығы Найроби (Кения, Африка) қаласында, ал Женева (Швейцария) қаласында Еуропалық орталығы орналасқан. Бұлардан басқа Бангкок, Каир, Мехико және Нью-Йорк қалаларында да ұйымның штаб-пәтерлері бар [8, б.145].

1975 жылы өзінің қызметінің алғашқы кезінде ЮНЕП қоршаған ортаға байланысты мынадай бірінші кезектегі алты міндетті айқындады: елді мекендер және денсаулық сақтау, құрлықтың экологиялық жүйелері; қалалардың қоршаған ортасы; мұхиттар; қуат; дүлей апаттар.

ЮНЕП үш деңгейде жұмыс істейді:

Бірінші деңгейде қоршаған ортаның бәсеңлесу мәселелері жөнінде және осы салада атқарылып жатқан шаралармен байланыс ақпарат береді. БҰҰ-ға мүше-мемлекеттер жыл сайын қоршаған ортаның ахуалы туралы баяндамалар тапсырады, осы баяндамалардан аталған ақпараттар алынады.

Екінші деңгейде жекелеген елдерге, халықаралық үкіметтік және үкіметтік емес ұйымдарға қатысты бүкіләлемдік көлемде бағдарламалық шараларды жүзеге асырудың міндеттері мен стратегиясын белгілейді. Осы деңгейде қажетті шаралар мен олардың орындаушылар туралы мәселелер шешіледі, нақты бағдарламалар жасау үшін әдістемелік негіз қамтамасыз етіледі.

Одан әрі, екінші деңгейде қолдау тапқан бағдарламалар мен жобаларды Қоршаған ортаны қолдау қоры қаржыландырады. Қолдау мөлшері тиімділікке, яғни қаржылық көмектің бағдарламаның түпкі мақсатын іске асыруға қаншалықты ықпал ете алатындығына байланысты болады. Толық қаржыландыру ерекше қағдыларда ғана, яғни жобаның орындалуы аса ірі жоба бойынша әзірлік жұмыстарын жүргізумен тұтас келетін болса, іске асырылуы мүмкін.

ЮНЕП өзі қызмет істеген жылдары көптеген табиғатты қорғау шараларын жүзеге асырды. Қоршаған ортаның аса маңызды мониторинг жүйесі құрылды және оның құрамдас бөліктері ретінде - қоршаған орта бойынша ақпарат көздерінің Халықаралық анықтама жүйесі (ИНФОТЕРРА) және әуелетті уытты химиялық заттардың халықаралық тіркеушісі құрылды.

Сондай-ақ БҰҰ шеңберінде Орнықты дамыту жөніндегі комиссия жұмыс істеді. Ол БҰҰ-ның Экономикалық және әлеуметтік кеңесінің (ЭКОСОС) көмекші органы болып табылады. Қоршаған ортаны сақтаумен айналысатын 200-ден астам халықаралық үкіметтік емес ұйымдар бар. Мысалы, 1948 жылы Францияда құрылған табиғат және табиғат ресурстарын қорғаудың Халықаралық одағы (МСОП); Құстарды қорғау жөніндегі Халықаралық кеңес, Хайуанаттарды қорғау жөніндегі Дүниежүзілік федерация; Альпі аудандарын қорғау жөніндегі Халықаралық федерация. Тәуелсіз мемлекеттер ұстастығы (ТМД) шеңберінде 1992 жылғы ақпанда «Экология және қоршаған ортаны қорғау саласындағы өзара әрекеттестік туралы» келісімге қол қойылды. Бұл келісімге: Қазақстан, Әзірбайжан, Армения, Белоруссия, Қырғызстан, Молдова, Ресей Федерациясы, Тәжікстан, Түрікменстан, Өзбекстан, Украина қол қойды. Келісімді іске асыру үшін: Мемлекетаралық экологиялық кеңес, Мемлекетаралық экологиялық топ құрылды. ТМД шеңберінде табиғатты қорғау ынтымақтастығын дамытуда Парламентаралық ассамблея маңызды рөл атқарады. Оның құрамында Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі бөлім құрылған.

Қазақстан қоршаған ортаға байланысты әлемдік қауымдастықпен бірлесіп отырып экологиялық қауіп-қатерлердің зардаптарымен күресу және тұрақты дамуды қамтамасыз етуге арналған іс-шараларға оң қарайды. Осы бағытта Қазақстанның қызметі ЮНЕП шеңберіндегі бес экологиялық конвенция мен келісімдер арқылы белсенді түрде атқарылуда. Олардың ішіндегі маңыздылары - климаттың өзгеруі туралы Конвенция; биоәртүрлілік жөніндегі Конвенция; шөлейтке қарсы күрес Конвенциясы, озон қабатын қорғау жөніндегі Конвенция [9, б.143-144].

Қазіргі уақытта ЮНЕП және Қазақстан Республикасы арасындағы ынтымақтастық шеңберінде атқарылған және атқарылу үстіндегі жұмыстарға байланысты мынадай мәліметтер бар [30]:

- қоршаған ортаның бүкіл әлемдік қорының (ФГОС ) қаржыландыру мен ЮНЕП-тің «Каспий теңізінің биологиялық

көп тірлілігін және оның жағалауын қорғау» бағдарламасын жүзеге асыру;

- ЮНЕП бағдарламасы шеңберінде Каспий теңізі проблемалары жөнінде ұлттық баяндама дайындау үстінде;

- ЮНЕП-тің Еуропалық аймақтық бюросымен бірге Арақ және Каспий теңізінің проблемалары жөніндегі халықаралық конвенция жасау мәселелері қарастырылуда;

ЮНЕП-тің табиғатты қорғау жөніндегі заң шығару және экологиялық саясат Орталығы Қазақстандағы қазіргі заңдарды және жасалып жатқан жаңа экологиялық заңдарды ырықтан өткізуде.

Қазақстан қоршаған ортаға байланысты БҰҰ шеңберінде өткізілетін әлемдік шараларға мүмкіндігінше қатысып келеді. Оларға 2000 жылғы Нью-Йоркте өткен БҰҰ-ның Мыңжылдық саммиті, 2002 жылы Йоханнесбургте өткен тұрақты даму жөніндегі БҰҰ Бүкілдүниежүзілік саммиті қатады. Осы екі БҰҰ-ның маңызды саммиттеріне Қазақстан Президенті Н. Назарбаев қатысып, сөз сөйлеген болатын [4, б.488-491, б.509-512].

ЮНЕП пен Қазақстан арасындағы ынтымақтастық БҰҰ-ның басқа да мамандандырылған мекемелерімен тығыз қарым-қатынас жағдайында дамуда. Мысалы, Дүниежүзілік банктің қолдауымен Қазақстанның үкіметінің Каспий өңіріне арналған экологиялық бағдарламасын ЮНЕП толықтай қолдайды.

2015 жылдың 3 маусымында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Бүкіләлемдік қоршаған ортаны қорғау күніне және БҰҰ 70 жылдығына арналған дөңгелек үстел өтті. Оған БҰҰ ЮНЕП ұйымының өкілдері, университеттің профессор-оқытушылар құрамы, Алматы қаласы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының қызметкерлері қатысты. Дөңгелек үстел барысында Алматыда ЮНЕП-тің Орталық Азия бойынша суб-аймақтық кеңсесінің ашылғандығы жарияланды. Бұл кеңсе алдағы уақытта Орталық Азия аймағында қоршаған ортаны қорғауға және жақсартуға бағытталған игі шараларды жүзеге асыратын болады. Дөңгелек үстел аясында БҰҰ Бас хатшысы

Пан Ги Мун мырзаның осы күнге байланысты қоршаған ортаны қорғауға арналған үндеуі де оқылды [30].

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың бастамасымен Еуропа, Азия және Тынық мұхиты елдері арасында тиімді экологиялық серіктестікті жүргізу мақсатында «Жасыл көпір» әріптестік бағдарламасы құрылған болатын. 2012 жылы Рио-де-Жанейрода өткен Бүкіләлемдік саммитте Қазақстан дүниежүзіне «Жасыл көпір» әріптестік бағдарламасын және «Жаһандық энергиялық-экологиялық стратегиясын» [31] таныстырды. Аталған құжаттар әлемдік форумға қатысушылар тарапынан жоғары бағаланды, ал Қазақстан Республикасы Президенті Н. Назарбаев ұсынған «Жасыл көпір» әріптестік бағдарламасы атты бастамасы әлемдік қауымдастық а тұрақты даму бойынша өңіраралық бастама ретінде қолдау тапты, бұл «Біз қалайтын болашақ» «Рио+20» БҰҰ-ның Тұрақты даму бойынша конференциясының қорытынды декларациясында көрсетілді [32].

2013 жылдың 30 мамырында Қазақстанда Президент Жарлығымен мемлекеттің «Жасыл экономикаға» көшу тұжырымдамасы [33], сондай-ақ, осы Тұжырымдаманы іске асыру бойынша іс-шарала жоспары бекітілді.

Қазіргі таңда Тұжырымдаманы іске асыру шеңберінде Су ресурстарын басқару бойынша бағдарлама және оны іске асыру бойынша іс-шарала жоспары бекітілді, «2014-2050 жылдарға арналған қатты тұрғыстық қалдықтарды басқару жүйесін жаңғырту бағдарламасы» бекітілді, Қазақстан Республикасы Президенті жанынан «Жасыл экономикаға» көшу бойынша кеңес құрылды.

2015 жылдың 13 қарашасында Астанада Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ұйымдастыруымен Бірінші экологиялық форум – «Жасыл көпір – озық жобалар мен инновациялар үшін серіктестік платформасы» халықаралық конференциясы болып өтті. «Жасыл көпір» әріптестік бағдарламасы бастамасы ұсынылғаннан бері бар болғаны бес жылдың ішінде оның Хартиясына келесі 14 ел – Қазақстан, Ресей, Қырғызстан, Грузия, Германия, Моңғолия, Беларусь, Черногория,

Латвия, Албания, Финляндия, Венгрия, Болгария және Швеция, сондай-ақ, 6 мемлекеттік емес ұйым: «Фин Су Форумы» қауымдастығы, «Жасыл экономиканы қолдау және G-Global-ды дамыту коалициясы», «G-Global халықаралық хатшылығы» қауымдастығы», «ҚазАльянс» қоғамдық бірлестігі, «Жанатау» клубы ұйымы, «GREEN BRIDGE & G-GLOBAL» қоғамдық қоры мүше болды. Осыдан үш жеті бұрын «Жасыл көпірге» қосымша тағы алты үкіметтік емес ұйым қосылды. Олар: «Қазақстан Германия қоғамы» (Германия), «ЮНИСОН» ҚФ (Қырғызстан), «Грин Пикъ» ғылыми-өндірістік бірлестігі» ЖШС (Ресей), «Азаматтық бастамаларды қолдау қоры» (Тәжікстан), «Түркиядағы Green PIK» (Түркия), «MTU Rohilinsild» (Эстония) [34].

### **2.3.3 Сауда және дамыту жөніндегі конференция (ЮНКТАД) және Қазақстан Республикасы арасындағы қарым-қатынас**

**Сауда және дамыту жөніндегі конференция (ЮНКТАД)** бірінші рет 1994 жылы Бас Ассамблеяның ұсынысымен дамушы елдердің қызығушылығын тудыратын халықаралық сауданы қайтадан жүйелеуді қамтамасыз ету мақсатында өтті [35, б.41].

ЮНКТАД негізгі міндеттері:

- халықаралық сауданы дамытуға ықпал көрсету;
- мемлекеттер арасындағы тең құқылы, өзара ұтымды ынтымақтастық;

заманауи халықаралық экономикалық қатынастардың ұсыныстарын, қағидаларын, ұйымдастыру-құқықтық шарттары мен атқарымдық механизмдерін жасау;

- БҰҰ жүйесінің шаруашылық байланыстарды экономикалық дамыту саласындағы басқа мекемелерінің іс-шараларын үйлестіруге қатысу және халықаралық сауданы ынталандыру болып табылады.

Сауда және дамыту жөніндегі конференция Бас Ассамблеяның ерекше мекемесі мәртебесіне ие болды.

ЮНКТАД-тың қызметі шикізаттың негізгі түрлеріне біркелкі бағаны орнатуға, сауда және оны дамыту үшін қолайлы жағдай жасауға, дамушы елдердің дамыған елдердің нарығына жол ашуды қамтамасыз етуге бағытталған. Конференция мүше-мемлекеттердің қатысуымен төрт жылда бір рет өткізіледі. Онда сауда және даму жөніндегі Кеңес бақылайды. Кеңес жыл сайын өтеді және ол конференцияда сайлап қойған өкілдерден тұрады.

ЮНКТАД-қа қазіргі кезде 194 мемлекет мүше. Ұйымның штаб-пәтері мен Хатшылығы Женева (Швейцария) қаласында орналасқан.

ЮНКТАД құрылымы мынадай [36]:

*Конференция сессиясы* – ЮНКТАД-тың жоғары органы. Сессия төрт жылда бір рет шақырылады және сауда бағдарламалық құжаттарды қабылдау үшін министрлер деңгейінде өтеді. Сессияның өтетін орны мен күнін БҰҰ Бас ассамблеясы белгілейді.

*Сауда және дамыту жөніндегі Кеңес* – ЮНКТАД-тың атқарушы орган. Жылда (күзде) Кеңестің сессиясы өтіп тұрады. Онда жоғары деңгейдегі біркүндік сессияда күн тәртібінің негізгі сұрақтары талқыланады. Ережеге сәйкес жылына үш рет Кеңестің атқарушы сессиясы шақырылады. Онда негізінен ағымдағы мәселелер қаралады. Кеңестің шешімімен немесе көпшілік мүшесінің талабымен немесе БҰҰ Бас Ассамблеясымен арнайы сессиялары шақырылады.

Кеңестің ішінде екі тұрақты комиссия жұмыс істейді: сауда және дамыту; инвестиция, кәсіпкерлік және дамыту. Комиссиялар жыл ішінде тұрақты түрде жұмысшы топтары мен арапшылар мәжілістерін өткізеді.

*ЮНКТАД Хатшылығы* Женева қаласында орналасқан. Оны Бас хатшы басқарады. Хатшылықта шамамен 400-ге жуық адам жұмыс істейді. Хатшылық алты бөлімнен тұрады: жаһандық және стратегиялық даму; инвестициялар және кәсіпкерлік; тауарлармен, қызмет көрсетумен және шикізат тауарларымен халықаралық сауда; технологиялар және логистика; Африка елдері, НРС және арнайы бағдарламалар; әкімшілік мәселелер жөніндегі.

2008 бастап бүгінгі күнге дейін ЮНКТАД қызметі жоспарының алдыңғы қатарына әлемдік қаржы-экономикалық дағдарыс мәселесі қойылып отыр. Ол жөнінде аналитикалық баяндамалар жасалып, онда дағдарысқа қарсы дамыған елдердің экономикалық және сауда саясаттары қатаң сынға алынуда.

Қазақстан ЮНКТАД-пен мына жобалар шеңберінде ынтымақтасады: ЮНКТАД жобасы «Қазақстанның халықаралық сауда жүйесіне тиімді интеграциялануына және ДСҰ-ға кірүүіне көмектесу»; «ЮНКТАД-тың халықаралық сауда орталығы жобасы/ДСҰ»; «Сауданың тиімділігін арттыруда Экономикалық ынтымақтастық ұйымына мүше-елдерді қолдау және экономикалық ынтымақтастық» Жобасы [24, б.124].

«Халықаралық сауда орталығы жобасы ЮНКТАД /ДСҰ» қазақстандық тараптың ұсынысы бойынша 1997 жылы жасалды. Бұл жобаның мақсаты «сыртқы сауданы дамытудың орта қашықтықтағы стратегиясын қалыптастыру; еліміздің бірқатар өнеркәсіп және ауылшаруашылық секторлерінде экспорттың алға жыжуына ықпал ету» болды деп жазылған «Дипломатия Республики Казахстан» атты еңбегте [16, б.294]. Осы еңбекте «Сауданың тиімділігін арттыруда Экономикалық ынтымақтастық ұйымына мүше-елдерді қолдау және экономикалық ынтымақтастық» деген жоба аясында Қазақстан мен ЮНКТАД сауда, транспорт, кедендік рәсімдеулерді жандандыру сияқты қызметтерге артық пайдалылық беретіндігі көрсетілген [16, б.294].

## **2.1 Б. Ұ қорлары және олардың Қазақстан Республикасымен ынтымақтастығы**

Бүгінгі Ұлттар Ұйымының жүйесіне кіретін түрлі қорлар бар. Олар әлемдік қауымдастықта халықаралық ұйым ретінде қарастырылған. БҰҰ қорларына жататындар мыналар:

- БҰҰ-ның балалар қоры (ЮНИСЕФ);
- БҰҰ-ның халықты орналастыру саласындағы қоры (ЮНФПА);
- БҰҰ-ның әйелдер қызығушылығын дамыту үшін қоры (ЮНИФЕМ).

Төменде аталған қорлар жайлы және олардың Қазақстан Республикасымен ынтымақтастық тарихы баяндалады.

#### **2.4.1 ЮНИСЕФ және Қазақстан**

**БҰҰ-ның балалар қоры (ЮНИСЕФ)** 1946 жылы құрылған. Ол дүние жүзінің балаларына көмек көрсетеді және әлеуметтік тұрғыдан қамтамасыз етумен айналысады. Қор денсаулық сақтау, тамақтану, жанұя мен балалардың амандығы, білім беру және кәсіби тұрғыда оқыту салаларындағы арнайы жобаларды қолдайды, ана мен бала орталықтары үшін құрлық-жабдықтар береді, қызметкерлердің оқуының аяқталуына тәлейді, эпидемияларға қарсы шаралар өткізеді, су тасқыны, жер сілкінісі, құрғақшылық және тағы сол сияқты апат аймақтарындағы құрбан болған балаларға көмек көрсеті т.с.с. ЮНИСЕФ-тің іс-әрекеті тікелей Экономикалық және әлеуметтік кеңестің қамқорлығының арқасында жүреді [8, б.143-144].

ЮНИСЕФ-ті басқарма басқарды және оны Бас хатшы оның 31 мүшеден тұратын басқармасымен кеңескен соң тағайындайды. Қор БҰҰ-ның Нью-Йорктегі хатшылығында орналасқан, ал аймақтық өкілдіктері Абиджан, Бангкок, Богот, Копенгаген, Катманду, Сидней және Токио қалаларында бар.

1965 жылы ЮНИСЕФ Нобель бейбітшілік сыйлығына ие болды.

1992 жылғы маусымда ЮНИСЕФ және Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау Ұйымы балалар жағдайын бағалауды өткізу үшін тәуелсіз Қазақстанға бірінші миссиясын ұйымдастыру Қазақстан мен ЮНИСЕФ арасындағы ынтымақтастыққа алғышарт болды. Бұл барлық балаларды қызылша және полиомелитке қарсы иммунитет миссиясы ЮНИСЕФ-тің Қазақстандағы қызметіне негіз болған бірінші жобасы еді. Ресми түрдегі Қазақстан Республикасы мен ЮНИСЕФ арасындағы ынтымақтастық 1994 жылдан басталады. Осы жылы ЮНИСЕФ-тің Қазақстандағы Өкілдігін ұйымдастырғаннан кейін ұйымның тұрақты бағдарламасы бойынша жұмысы басталды [16, б.292].

ЮНИСЕФ-тің Қазақстандағы қызметі келесі үш негізгі бағытқа бағытталды:

1. *Әлеуметтік саясат және білімді басқару.*

ЮНИСЕФ балалар мен әйелдер, сонымен қатар маргиналдық және осал топтардың жағдайына қатысты ақпаратты жинауда қолдау көрсетеді.

Қазақстандағы ЮНИСЕФ өкілдігі ұлттық даму бағдарламасы, стратегиялар, қазақстандық заңнама және балалар мен әйелдер құқығына қатысты қоғамдық бастаманы қамту және ықпал ету саласын зерттейді.

2. *Денсаулық және балалар мен жасөспірімдердің дамуы.*

2002 жылдың маусымында Қазақстан полиомелиттен еркін ел ретінде Дүниежүзілік Сақтау Альянсымен және ЮНИСЕФ-пен сертификатталды.

3. *Балаларды қорғау.*

Қазақстандағы балалардың құқықтарын қорғау саласында отбасыны сақтау, әлеуметтендіру және ауықтыру бойынша оларға мерзімді көмек көрсету мақсатында қауіпі бар топтағы отбасын ерте анықтау мәселелерін шешмеген болып табылады.

1995 жылы қазақстандық «Бөбек» қорымен және үкіметпен бірлесе отырып ЮНИСЕФ АСПЕРА, яғни Арал теңізіне экологиялық және аймақтық көмек бағдарламасын жасады. Бұл бағдарламаның негізгі мақсаты тамақтану, судың сапасы, қоршаған ортаның жағдайы, балалардың білім алуы сияқты бірқатар мәселерді шешуге көмектесу және ұсыныстар беру [37, б.61-2].

1994 жылы 25 қарашада қол қойылған Қазақстан Республикасы Үкіметі мен БҰҰ Балалар қоры арасында ынтымақтастық туралы негізгі Келісім 2001 жылдың 10 сәуіріндегі № 176-II ҚРЗ Заңымен бекітілді [38].

Ал 1998 жылы Қазақстан ЮНИСЕФ Атқарушы кеңесіне мүше болды. Бұл ынтымақтастықтың дамуына қосымша күш берді.

2000 жылдың қыркүйегіндегі Мыңжылдық Саммитте Қазақстан Республикасы Президенті Н.Назарбаев «Балалар саудасы, балалар зинакорлығы және балалар порнографиясына

қатысты балалар құқығы туралы» Конвенцияға және «Балалардың қаруланған қақтығыстарға қатысуына байланысты балалар құқығы туралы» факультативтік хаттамаға қол қойды.

Астанада 2014 жылдың 18 ақпанында ЮНИСЕФ өкілі Джун Кукита және Адам құқығы бойынша өкілетті Асқар Шакиров Қазақстандағы Балалар құқығын қорғау және ынталандыру саласында өзара түсіністік туралы Меморандумға қол қойды [39].

ЮНИСЕФ ұсынған «Балаға жақын қала» бастамашылығы қазіргі уақытта Қазақстанның 14 қаласында іске асырылып отыр [40].

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің орынбасары Е. Иманғалиев: «Бүгінгі таңда еліміздегі 21 қала «Балаларға дос қалалар» бастамасына қосылып, келісімге қол қойды. Соның аясында БҰҰ Балалар қоры, барлық облыстар әкімдерінің орынбасарларымен, сондай-ақ балалар істерімен айналысатын мемлекеттік органдармен бірге, емханада, кітапханада, білім ошақтарында, интернаттық мекемелерде балаларға дұрыс жағдай жасау шараларын ілгерілетуде. Мұның сыртында ұйым Қазақстандағы балалардың жағдайы туралы үлкен зерттеулер өткізеді. Оның қорытындылары мемлекеттік органдардың жұмыс-жоспарларында көрініс табуда, ол бізге дұрыс шешім қабылдауға үлкен жәрдем» [40] дегенді айтты.

ЮНИСЕФ жақын болашақта Қазақстандағы, әсіресе шалғай аудандардағы осал қауымдастықтарда өмір сүретін балалардың өмірін жақсарту, сонымен қатар балалардың құқықтарын қорғау саласында Қазақстан Республикасы заңнамалық жүйесін жетілдіру бойынша жұмыстарын жалғастырады.

#### 2.4.2 ЮНФПА және Қазақстан

**БҰҰ-ның халықты орналастыру саласындағы қоры - ЮНФПА** 1969 жылы құрылды және ол БҰҰ-ның Даму бағдарламасына бағынады [35, б.47]. Қордың негізгі қызметі тұрғындарды орналастыру мәселесінің кең көлемін қамтиды,

сонымен бірге әйелдер құқықтарымен айналысады. Қордың мамандары басты назарды тұрғындардың орналасуы тенденцияларын бақылауға, осы саладағы ұлттық саясатты бағалауға арнайды. Олар өз жұмыстары туралы тұрақты түрде Экономикалық және әлеуметтік кеңеске есеп беріп отырады. Қордың негізгі мақсаттарының бірі ұйымға мүше-мемлекеттердің халық санағын жүргізу.

ЮНФПА мен БҰҰ-ның Даму бағдарламасы ортақ атқару органымен - БҰҰ-ның Даму бағдарламасы басқармаларының кеңесімен бірлесіп жұмыс атқарады.

ЮНФПА мен Қазақстан Республикасы арасындағы ынтымақтастық 1992 жылдан, яғни Қазақстан БҰҰ-ға мүше болып кірген уақыттан басталады. ЮНФПА қызметінің негізгі міндеті ана денсаулығын жақсарту және әйелдер, жастар мен жасөспірімдердің өмірін жақсарту үшін тәпсізқұмарлық және репродуктивтік денсаулық пен репродуктивтік құқықтарды қорғауға жәрдемдесу арқылы даму саласындағы мыңжылдықтың бесінші мақсатына қолжеткізуге көмек көрсету болып табылады.

«2011-2015 жылдарға арналған ЮНФПА қолдау бағдарламасы Қазақстанның ұлттық басымдықтарына негізделген. Ол 2020 жылға дейін Қазақстан Республикасының Стратегиялық даму жоспары, 2011-2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» Мемлекеттік денсаулық сақтау бағдарламасын, 2016-2019 жылдарға арналған Гендерлік теңдік стратегиясын және басқа да саяси мақсаттарды жүзеге асыруға көмектеседі.

ЮНФПА түш-жігері тұрғын халық және даму жөніндегі халықаралық конференцияның Іс-қимылдар бағдарламасын, оның ішінде Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы кодекстің (2009 ж.) тиісті бөлімін және бірқатар Үкімет құрылымдарын орындауға ықпал ететін заңнаманы әзірлеу және қолдауға жәрдемдесті. 2000 жылдан бастап ЮНФПА 2006 және 2010 жылдардағы мультииндикаторлы кластерлік зерттеу нәтижелері туралы және 2002, 2005, 2007 және 2010 жылдарға арналған мыңжылдық мақсаттарына қол жеткізудегі прогресс туралы баяндамаларды қоса алғанда, шамамен 20 талдау

баяндамаларын жасауға үлесін қосты. Акушерлік көмек, отбасын жоспарлау, жасөспірімдердің репродуктивті денсаулығын қорғау, АИТВ-тің берілуінің алдын алу, сияқты салалар үшін халықаралық сараптаманы беру, теңді теңімен оқыту, гендерлік зорлыққа қарсы әрекет ету, демографиялық талдау, халық және гендерлік статистика жазбасы үшін карта жасау арқылы 2000-жылдан астам саясатшылар, кәсіпқойлар және ҰЕҰ өкілдері оқудан өтті. БҰҰ басқа агенттіктерімен бірлескен бағдарламалар шеңберінде бұрынғы Семей ядролық полигонын оңалтуды қамтамасыз ету үшін ерекше күш-жігер қабылданды. Аналарға сапалы көмек көрсету, дәлелдемелі медицина бойынша бақырама қолжеткізудің үлгілері және репродуктивті денсаулықтың тұрақты болуын қамтамасыз ету сұлбалары жерінде ЮНФПА тиімді перинаталдық технологияларды енгізу бойынша көмек көрсету жолын жасады, оларды қолдану босану кезінде және босанудан кейінгі уақытта ауыр қан ағудың жиілігін екі есеге дейін азайтуды қамтамасыз етті. Елдер ана өлімін тұрақты азайту – перинаталдық аймақтандыруды елге ұнды, жүктілікті жүргізуге дәлелді тәсілдердің ана өлімі мен ауыл жай-күйге құпия аудитті жүргізудің нәтижесі болып табылды, бұған ЮНФПА көмек көрсетті» [41] делінген Сырқалық істер министрлігінің ресми мәліметтерінде.

### 4.3 ЮНИФЕМ және Қазақстан

БҰҰ-ның Әйелдер қызығушылығын дамыту үшін қоры – ЮНИФЕМ алғашқыда ерікті қор ретінде Халықаралық әйелдер жылының он жылдығына орай 1976 жылы желтоқсан айында құрылды. Қор әйелдердің құқықтарын дамытуға бағытталған инновациялық бағдарламалар мен стратегияларға қолдай және техникалық қолдау көрсетті. Құрылған күннен бастап әйелдердің құқықтарын кеңейтуде өз бағдарламасы шеңберінде жыныстық теңдікті орнату үшін құрылықтың негізгі аймақтарында әйелдер ұйымдарының филиалдары мен офистерін ашуды қолдады. Гендерлік бюджет саласындағы ЮНИФЕМ-нің

жұмысы 1996 жылы Шығыс Африкадан басталды. Оған біртіндеп басқа аймақтар да қосылып келеді [42].

Бас Ассамблеяның 64/289 резолюциясына сәйкес «БҰҰ-Әйелдер» құрылымын БҰҰ Бас хатшысының орынбасары басқарады [42]. Бұл көпдеңгейлі құрылым әрі БҰҰ-ның Экономикалық және әлеуметтік кеңесі, әйелдер жағдайы жөніндегі комиссия тәрізді органдармен тікелей байланыста ола отырып, жұмыс атқарады. Оның құрылымына әлемнің әр аймағынан өз өкілдері тартылған және олар мынадай рөлдікпен қатысады:

- африкалық мемлекеттерден 10 өкіл;
- азиялық мемлекеттерден 10 өкіл;
- шығысеуропалық мемлекеттерден 4 өкіл;
- Латын Америкасы және кариб бассейні елдерінен 5 өкіл;
- батысеуропалық және басқа мемлекеттерден 5 өкіл;
- ресурс беретін мемлекеттерден 6 өкіл

БҰҰ дүние жүзіндегі әйелдер жағдайына арналған төрт үлкен конференция өткізді [43, б.66-70].

Мехикода өткен бірінші конференция «Мехико: әлемдік үлкендіктің бастамасы» деп аталып, 1975 жылы өтті. Осында алдағы он жылдыққа арналған жоспар қабылданды. Конференцияға қатысушылар үкіметті әйелдердің даму үдерістерге қатысуына арналған басым бағыттарды анықтайтын ұлттық стратегияны жасауға шақырды.

«Копенгаген» атқарылған жұмыстарды сараптау және бағалау» дегін атпен II конференция 1980 жылы өтті. Мұнда 1975 жылы қабылданған жоспарлардың орындалуы сарапталып, қол жеткізілген нәтижелерге баға берілді. Осы жолы конференцияда әйелдері байланысты қалыптасқан стереотиптерді жоюды талап етті.

1985 жылы Найробиде III дүниежүзілік конференция өтті. Оның тақырыбы «БҰҰ әйелдердің онжылдығындағы табыстарды бағалау және бағалау үшін дүниежүзілік конференция: теңдік, даму және бейбітшілік» деп аталды. Конференцияға қатысқандарды БҰҰ жинақтаған материалдар мен есептер бойынша әйелдердің үлкен табысқа жеткендігі таң қалдырды. Осы кезден бастап

әлемдік феминизмнің туғандығы айтылды. 2000 жылдарға дейінгі Найробилік перспективалық стратегиялар жасалды.

IV дүниежүзілік әйелдер жөніндегі конференция 1995 жылы Пекин қаласында өтті. Мұнда Пекиндік декларация және іс-шаралар платформасы қабылданды. Пекиндік декларация саяси құжат болып табылады. Ал іс-шаралар платформасында әйелдердің дамуына кедергі келтіретін маңызды 12 проблемалық сала көрсетілді және осыған байланысты азаматтық қоғам мен үкімет тарапынан тиісті шаралардың жасалуын талап етті:

- әйелдер және кедейшілік;
- білім және әйелдердің кәсіби дайындығы;
- әйелдер және денсаулық сақтау;
- әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық;
- қарулы қақтығыс кезіндегі әйелдер;
- әйелдер және экономика;
- директивтік органдардың жұмысына және шешім қабылдау үрдістеріне әйелдердің қатысуы;
- әйелдердің жағдайын жақсартудың институционалдық механизмдері;
- әйелдер және адам құқығы;
- әйелдер және бұқаралық ақпарат құралдары;
- әйелдер және қоршаған орта;
- қыздар.

Қазақстанда ЮНИФЕМ өкілдігі 1999 жылы ашылды. Сол уақыттан бері ЮНИФЕМ БҰҰ Даму бағдарламасымен бірлескен «Пекиндік іс-шаралар платформасын орындаудағы БҰҰ резидент-координаторы қызметін қолдау» жобасын орындады. Жобаның негізгі мақсаты:

- әйелдердің рөлін арттыруға көмектесу мен қолдау көрсету және гендерлік мәселені ескеру;
- гендерлік саясат пен бағдарламаны жасау және іске асыру;
- Пекиндік іс-шаралар платформасы стратегиясын орындауда жоспарларды үйлестіру мен іс-шараларды атқаруда БҰҰ агенттіктері арасындағы, азаматтық қоғам мен үкіметтегі іскерлік қатынастарды дамыту;

- БҰҰ құжаттарындағы және материалдарындағы гендерлік саясатты ұстану болды [16, б.292].

Жалпы, ЮНИФЕМ Қазақстандағы басқа да БҰҰ жүйесіндегі органдармен және Қазақстан үкіметімен, республикадағы үкіметтік емес ұйымдармен бірлесе отырып қызмет етуде.

## **2.5 БҰҰ жүйесіндегі басқа ұйымдар мен органдар және олардың Қазақстан Республикасымен ынтымақтастығы**

Алдыңғы тараушаларда аталған БҰҰ-ның бағдарламалары мен қорларынан басқа да тікелей байланыс орнатқан ұйымдар бар. Олар мыналар:

- Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттік (МАГАТЭ);

- Дүниежүзілік сауда ұйымы (ДСҰ).

Екеуі де әлемдік қауымдастық кеңінен танымал ұйымдар. Халықаралық қатынастардағы өзекті мәселелермен айналысады. Осы ұйымдар Қазақстан Республикасымен жақсы қарым-қатынас орнатқан. Енді осы жөнінде тоқталып өтейік.

### **2.5.1 МАГАТЭ және Қазақстан Республикасы арасындағы әріптестік**

**Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттік (МАГАТЭ)** - халықаралық үкіметаралық ұйым. Ол 3 желтоқсан 1955 жылы БҰҰ-ның Бас Ассамблеясының шешіміне сәйкес атом энергиясын бейбіт мақсатта қолдану саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту үшін құрылды. 23 қазан 1956 жылы Нью-Йоркте өткен құрылтай конференцияда МАГАТЭ-нің Жарғысы бекітілді, ал ол 29 шілде 1957 жылы күшіне енді. Қазіргі кезде МАГАТЭ-ге 162 мемлекет мүше [44].

МАГАТЭ-нің БҰҰ-ның мамандандырылған мекемесі деген мәртебесі жоқ. Оның БҰҰ-мен байланысы 1957 жылы БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы бекіткен келісіммен және өзінің Жарғысымен реттеліп отырады.

МАГАТЭ-нің негізгі мақсаты - дүние жүзінде бейбітшілікті, денсаулықты және жақсы тұрмысты қолдау үшін атом энергиясының жетістіктерін үзбей және кеңінен қолдану; атом энергиясын әскери салада қолданбау үшін МАГАТЭ-нің талаптарын орындау.

МАГАТЭ мынадай құрылымдардан тұрады [9, б.75]:

*Бас конференция* – МАГАТЭ-нің жоғары органы болып табылады және жылына бір рет барлық мүше-мемлекеттердің өкілдері қатысатын отырысын өткізеді. Онда басқармалар Кеңесінің жыл сайынғы баяндамалары талқыланады және МАГАТЭ-ге қатысты басқа да сұрақтар қарастырылады. Бас конференция Агенттіктің бюджеті мен бағдарламасын мақұлдайды, жаңа мүшелер қабылдайды, саясатты талқылайды.

*Басқармалар Кеңесі* 35 мүшеден құралады және ол Агенттіктің қызметіне жетекшілік етеді, Бас конференцияның алдында есеп береді. Кеңес жылына бір рет жиналады. Ол МАГАТЭ-ні басқаруда үлкен артықшылықтарға ие және арнайы сұрақтарды шешу үшін комитеттер құруға құқығы бар.

*Хатшылық* МАГАТЭ-нің ағымдағы жұмыстарымен шұғылданады. Оны бас директор басқарады. Бас директорды басқармалар Кеңесі төрт жыл мерзімге тағайындайды және оны Бас конференция бекітеді. Басқармалар Кеңесі бас директорға тапсырмалар береді және олардың орындалуын бақылайды. Хатшылық МАГАТЭ-нің басқа органдарына көмек көрсетеді.

*Ғылыми кеңес беруші комитет* 15 ғалымнан құралған. Олар бас директорға ғылыми-техникалық бағдарламалар жөніндегі ұсыныстарды әзірлейді.

МАГАТЭ-ға 2000 жылы Нобель сыйлығы берілді.

Қазақстан үшін МАГАТЭ-нің қызметіне қатысу өте маңызды себебі Қазақстан өз еркімен ядролық қарудан бас тартқан және Семей ядролық сынақ полигонын жапқан мемлекет.

Қазақстан Республикасы 1993 жылы Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа қосылған еді. Ал МАГАТЭ-ге 1994 жылдың ақпан айынан бастап мүше. Осы жылдың шілде айында Алматы қаласында Қазақстан Республикасы және МАГАТЭ арасында ядролық қаруларды таратпау туралы Шартқа сәйкес

кепілдіктің орындалуы жөніндегі Келісімге қол қойылды. Келісім 1995 жылы 19 маусымда күшіне енді. Бұл Келісімді әзірлеу және орындау барысында МАГАТЭ тарапынан Қазақстанға сараптамалық-әдістемелік және техникалық көмек көрсетілді [13, б.47].

Барлық ядролық нысандар МАГАТЭ-нің кепілдігіне алынған және Қазақстанның барлық ядролық қызметі Агенттіктің ережелері мен стандарттарына сәйкес жүзеге асырылады. МАГАТЭ Қазақстандағы ядролық нысандарға – Ақтөу қаласындағы атом энергокомбинатының БН-350 энергетикалық реакторына, Шығыс Қазақстандағы уран бұйыратын Ү.бі зауытына, Алатау поселкесі мен Курчатов қаласындағы Ұлттық ядролық орталықтардағы зерттеу реакторларына тұрақты түрде инспекция жасап отырады. Инспекцияның мақсаты – Қазақстан ресми түрде мәлімдеген ядролық материалдардың санын тексеру» екендігі туралы мәліметтер бар [16, б.295.]

2004 жылғы 6 ақпанда Қазақстан Республикасы мен МАГАТЭ арасындағы кепілдіктерді қолдану туралы келісімге Қосымша хаттамаға қосылып оны 2007 жылғы 19 ақпанда бекітті. Қосымша хаттамада көделген іс-шараларды іске асырудың мақсаты – ядролық материалдың мәлімделген бейбіт іс-әрекеттен әскери мақсатқа ауысуын болдырмауға, сонымен бірге жалпы алғанда мемлекетте мәлімделмеген ядролық материалдар мен зиясыз ядролық іс-әрекеттің болмайтындығына берік сенімділікті қамтамасыз ету.

1996 жылғы сәуіркүйекте БҰҰ Бас Ассамблеясының 51-ші сессиясы маңытында Қазақстан Ядролық сынақтарға жаппай тыйым салу туралы шартқа (ЯСЖТШ) қол қойды және 2001 жылғы 14 ақпанда оны бекітті [45]. ЯСЖТШ қол қою арқылы Қазақстан Ғаламдық мониторинг Желісін құру тұрғысынан ЯСЖТШ Даярлық комиссиясымен белсенді ынтымақтаса отырып, шарт шеңберіндегі верификациялық тәртіпті нығайтуға мақсатты үлес қосады. ЯСЖТШ ережелерін тиімді орындау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі мен ЯСЖТШ Ұйымының Дайындық комиссиясы арасында Ядролық мониторинг құралдарына байланысты іс-әрекеттерді іске асыру

туралы келісімге қол қойылды. Қазақстан ЯСЖТШ Ұйымының маңызды жұмыстарының бірі болып табылатын Дала эксперименттерін өткізуге маңызды үлес қосты.

2008 жылдың 1-30 қыркүйек кезеңінде бұрынғы Семей ядролық полигонында ЯСЖТШ Ұйымымен бірлескен Интегралды дала эксперименті (ИДЭ08) өткізілді. Аталған іс-шаралар кез-келген ортадағы ядролық жарылыстарды немесе оларды өткізуге дайындық жұмыстарын тіркеу бойынша инспекциялардың түрлі әдістерін дайындау мақсатында өткізілді. ИДЭ08 - ЯСЖТШ Ұйымы құрылығаннан бері ұйымдастырылған іс-шаралардың ішіндегі аса маңыздысы болды.

1994-1996 жылдардағы ядролық қаруыздану саласындағы белсенді іс-әрекетінің арқасында Қазақстан 1996 жылы бақылаушы мәртебесіне ие болды, ал 1999 жылдың 5 тамызында консенсус арқылы қаруыздану жөніндегі конференцияның мүшелігіне қабылданды. Қазақстан, химиялық қаруы болмағанына қарамастан химиялық қаруды жасауға, өндіруге, жинақтауға және қолдануға тыйым салу туралы және оны жою туралы конвенцияның қатысушысы болып табылады. Қазақстан оған 1993 жылы 13 қантарда қол қойды және 1999 жылы 24 маусымда бекітілген конвенцияның ережелерін орындау үшін ұлттық орган құрылған. Қазақстан өкілдері Конвенцияға қатысушы мемлекеттер конференциясының сессиялары мен жыл сайынғы отырыстарына тұрақты түрде қатысады. Сондай-ақ, Қазақстан Бактериологиялық және токсиндік қаруды жасау, өндіру және жинақтауға тыйым салу туралы және жою туралы конвенцияға қосылып, оны 2007 жылғы 7 мамырда бекітті. Қауіпсіздікке жаңа қыр көрсетулерге қарсы тұру қажеттігі, халықаралық терроризмге қарсы күрес бойынша шараларды күшейту, Қазақстанның таратпаудың көп жақты тәртібіне қосылу жөніндегі жұмысын жандандыруды қажет етеді. 2002 жылғы 13 мамырда Қазақстан Ядролық Жабдықтаушылар Тобының (ЯЖТ) 10-шы мүшесі болды. ЯЖТ-ға қатысудағы мақсат - терроризмге қарсы күрес, жаппай қырып-жою қаруының таралуына қарсы тұру шараларын жандандыру, ядролық материалдар мен қосарланған мақсаттағы өнімдердің пайдалануы мен қозғалысын

бақылауды күшейту. 2005 ж. шілдесінде Қазақстан «Краков инициативасы» деген атпен белгілі Жаппай қырып-жою қаруының таралуы саласындағы қауіпсіздік бастамасына қосылды. Бұл бастаманың мақсаты – күдікті әуе және теңіз кемелерін, сонымен қатар жаппай қырып-жою қаруымен байланысты материалдарды тасымалдайтын құрлық көліктерін ұстау үрдісіне барлық мемлекеттерді жұмылдыру.

2005 ж. шілдеде Австрия СІМ-не – Баллистикалық зымырандардың таралуымен күрес бойынша Халықаралық кодексінің депозитаріне Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Қазақстанның Кодекске қосылғын ұрамы хабарлайтын нотасы жіберілді. Бұл еліміздің Зымырандық технологияларды бақылау тәртібіне енуіндегі маңызды іс болып табылады.

2006 жылы 8 қыркүйекте Қазақстан тәрші мемлекеттердің қатарында Семей қаласында Орта Азия адролық қарудан азат аймақ құру туралы шартқа қол қойды. Қазақстан алғашқы елдердің қатарында, Ресей мен АҚШ Президенттерінің 2006 жылы шілде айында ұсынған Ядролық терроризм актілерімен күресі жөніндегі жаһандық бастамаға қосылды. 2007 жылғы маусым айында Астана қаласында Жаһандық бастаманың сыртқы істер министр орынбасарларының үшінші кездесуі өтті. 2008 жылы Қазақстанда Жаһандық бастаманың шеңберінде келесі іс-шаралар өткізілді:

- 6 маусымда Алматыда Ұлттық ядролық орталықтың Ядролық физика институтында «Атом-Антитеррор -2008» атты терроризмге қарсы халықаралық оқулары өткізілді.

- 11 қыркүйекте Өскемен қаласындағы Үлбі металлургиялық зауытында «Жобалық қауіп» атты екі күндік семинар өтті.

2012 жылы Қазақстан индустрия және жана технологиялар министрлігінің атом энергетикасы комитеті Үлбі металлургиялық зауытында (Шығыс Қазақстан) 60 тонналық халықаралық ядролық отын банкі құрылатынын мәлімдеді. Комитеттің хабарлауынша, банкті құру МАГАТЭ-мен шарттың жасалуына қарай іске асады.

Ядролық отын банкі (ЯОБ) – Атом қуаты жөніндегі халықаралық агенттіктің (МАГАТЭ) қолдауымен атқарылатын халықаралық жоба. Жобаның басты мақсаттары - әлемдік атом Ядролық отын банкінің құрушы оператор ретінде бірнеше мемлекет, оның ішінде АҚШ, Ресей, Германия тілек білдірген Қазақстан өз кандидатурасын 2010 жылы ұсынған болатын. МАГАТЭ Қазақстан аумағындағы екі нысанның бірін таңдау мүмкіндігіне ие болды: Үлбі металлургия зауыты (ҮМЗ) және Семей полигонының № 5 алаңы. Таңдау ҮМЗ-ға түсті. «Осыған дейін Қазақстан үкіметі және МАГАТЭ арасында Қазақстанның аумағында МАГАТЭ төмен байытылған уранның банкі (ТБЭБ) құру туралы келіссөздер жүргізіліп келді. Бұл келісімге 2015 жылдың 14 мамырында қол қойылды» деп хабарлады «Хабар» агенттігі [46]. Келісімге Қазақстан атынан Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі Ерлан Ыдырысов, МАГАТЭ атынан – Ұйымның Бас директоры Юкия Аmano қол қойды.

2016 жылдың 1 сәуірінде Вашингтонда Ядролық қауіпсіздік жөніндегі IV саммит өтті. Осы саммит барысында МАГАТЭ-нің Қазақстан аумағындағы Төмен байытылған уран банкіне қатысты АҚШ, Біріккен Араб Әмірліктері, Германия, Жапония, Иордания, Иран, Қазақстан, Канада, Қытай, Мажарстан, Норвегия, Оңтүстік Корея, Ұлыбританияның, Филиппин, Финляндия, Франция, Чехия және Швеция көсбасшыларының бірлескен мәлімдемесі жасалды [қараңыз: қосымша Е] және Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев «Әлем. XXI ғасыр» атты Манифесін ұсынды.

## **2.5.2 Дүниежүзілік сауда ұйымы (ДСҰ) және Қазақстан Республикасы арасындағы ынтымақтастық**

**Дүниежүзілік сауда ұйымы (ДСҰ)** 1994 жылға дейін тарифтер мен сауда жөніндегі Бас келісім (ГАТТ) деп аталып келді. Бас келісімге 1947 жылы қол қойылды, ал ол 1948 жылы күшіне енді [8, б.132].

1994 жылға дейін Бас келісім өзінің жұмыстарын дүние жүзіндегі сауданы ырықсыздандыру және саудадағы кедергілерді жою мақсатымен «сауда раундтары» түрінде жүргізді. Осы жылға дейін Бас келісім 8 раунд өткізді. Олар мыналар:

1. 1947 ж. (Швейцария, қ.Женева);
2. 1949 ж. (Франция, қ.Аннеси);
3. 1951 ж. (Ұлыбритания, қ.Торки);
4. 1956 ж. (Швейцария, қ.Женева);
5. 1960-1961 жж.; «Диллон раунды»; (Швейцария, қ.Женева);
6. 1964-1967 жж.; «Кеннеди раунды»; (Швейцария, қ.Женева);
7. 1973-1979 жж.; «Токио раунды»; (Швейцария, қ.Женева);
8. 1986-1993 жж. «Уругвай раунды»; (Швейцария, қ.Женева) [13, б.59].

1994 жылы 118 қатысушы мемлекеттермен қол қойылған Уругвай раундының соңғы актісі негізінде жаңа көпжақты халықаралық сауда жүйесі құрылып, 1995 жылғы тарифтер мен сауда жөніндегі Бас келісім Дүниежүзілік Сауда ұйымына (ДСҰ) айналды [8, б.134]. Ресми түрде ДСҰ 1994 жылдың сәуірінде өткен Марракеш кездесуінде құрылды, сол себепті де ДСҰ-ны құру жөніндегі Келісімді «Марракеш келісімі» деп те атайды.

Алғашқы кезеңде ДСҰ-ға 17 мемлекет кірсе, 2015 жылғы соңғы мәлімет бойынша оның 163 мемлекет мүше болып отыр.

ДСҰ-ның мақсатына келсек, ол - өмір сүру деңгейін көтеруге мүше мемлекеттердің коммерциялық және экономикалық сәттілігін толықтай жұмыспен қамтамасыз ету; өндіріс, тауар және қызмет көрсетумен алмасудың өсуі; қоршаған ортаны қорғау және сақтау, ұзақ мерзімді дамуды қамтамасыз ету мақсатымен шикізат көздерін тиімді пайдалану болып табылады.

Аталған мақсаттарға қол жеткізу үшін ДСҰ мындай негізгі қызметтерді атқарады:

- ұйымның негізін құраушы көпжақты және жанжақты сауда келісім-шарттарын дайындау және оларды іске асыру;
- сауда саласында жүргізілетін көпжақты келісімдер үшін мүмкіндіктер беру;
- сауда саласындағы даулы жағдайларды шешу;

- мемлекеттердің жүргізетін сауда саясатын бақылауды іске асыру;
  - әлемдік экономика мәселелерін шешумен айналысатын басқа да халықаралық институттармен ынтымақтастық орнату.
- Дүниежүзілік сауда ұйымының құрылымы төмендегідей [8, б.78]:

*Министрлер конференциясы* – ДСҰ-ның жоғары органы болып табылады. Ол екі жылда бір рет шақырылады.

*Бас кеңес* негізінен ағымдағы мәселелермен шұғылданады. Көбінесе *арбитраждық комитет* және *сауда заңдарының орындалуын бақылау комитеті* етінде қызмет атқарады. Бас кеңесте бұлардан басқа біргенше органдар бар: тауарларды сату туралы Кеңес; саудада қызмет көрсету Кеңесі; авторлық құқықтарды қорғау туралы Кеңес. Министрлер конференциясының құруымен жұмыс істейтін Бас кеңеске бағынышты тағы төрт орган бар: сауда және даму Комитеті; төлем жөніндегі Комитет; сауда және экология жөніндегі Комитет; бюджет, қаржы және кімшілік Комитеті.

ДСҰ-ны бас директор басқарады. Оның төрт орынбасары бар.

*Хатшылық* – ДСҰ-ның барлық органдарын келіссөздер жүргізу үшін және келісімдердің орындалуына қажетті жағдайлармен қамтамасыз етеді. Хатшылықтың негізгі қызметтерінің бірі – дамушы және аз дамыған мемлекеттерге сараптамалық көмең көрсету. Сонымен бірге Хатшылық ұйымға жаңа мүшелерді қабылдау мәселелерімен айналысады, ДСҰ-ға мүше болуға ниет танытқан мемлекеттердің үкіметтеріне сараптамалық қызмет көрсетеді. Хатшылықтың орталығы Женева қаласына орналасқан.

Қазақстан 1992 жылы тарифтер мен сауда жөніндегі Бас үкіетке бақылаушы құқығына ие болды. 1995 жылы Қазақстан Президенті Н.Назарбаев ДСҰ-ға ресми сапары барысында Қазақстанның бұл ұйымға кіруі туралы ниеті бар екендігін айтқан болатын. 1996 жылғы ақпан айында Қазақстанға ДСҰ бақылаушы-ел мәртебесі берілді. Осы жолы бақылаушы-ел

мәртебесімен бірге Қазақстанның ДСҰ-ға кіру мәселесі бойынша Жұмыс тобы құрылады. ДСҰ-ға кіруде республиканың шарттары мен міндеттемелерін талқылауға тілек білдірген Қазақстанның барлық негізгі сауда серіктестіктері Жұмыс тобына кірді. Жұмыс тобының Төрағасы болып БҰҰ Финляндия және Женевадағы басқа халықаралық ұйымдардағы елшісі Веса Химален тағайындалады [47].

Қазақстанның ДСҰ-ға кіруі бірнеше кезеңдерден тұрды. Оның бірінші кезеңі 1996 жылдан басталып, 2003 жылға дейін созылды. Бұл кезең бойынша Қазақстан тарапынан ДСҰ Хатшылығына ДСҰ кіру шарттарына сәйкес ақпараттық материалдар мен міндетті құжаттардың үлкен көлемі жіберілген. 2003 жылы Қазақстан ДСҰ кіру процесінің ақпараттық кезеңін аяқтады және Жұмыс тобының мүше-елдерімен ДСҰ мүшелігінің шарттарын анықтау бойынша келіссөз процесінің белсенді кезеңіне кірді [47].

Қазақстанның ДСҰ кіру процесінің маңызды сәті Қазақстанның ДСҰ-на кіруі бойынша Жұмыс тобының Баяндамасы жобасын әзірлеу мен қарастыру болып табылады. Жұмыс тобының Баяндамасы жобасы (ЖТБ) Қазақстан барлық келіссөздердің нәтиже ері бойынша құқықтары мен міндеттемелерін көрсететін негізгі құжаты болып табылады. Сонымен қатар ЖТБ жобасы саудалық-экономикалық режимін сипаттайтын және ДСҰ мүшелік шеңберінде елдің міндеттемелерін бекітетін де негізгі құжат болып есептеледі. Көрсетілген Жұмыс тобына ДСҰ барлық мүдделі мүшелері кіреді [47].

Бұл ақыттан бері Қазақстанның ұйымға кіру туралы дайындық жөнінде арнайы жұмысшы тобы құрылды. 19 жылға созылған келіссөздер 2015 жылдың 22 маусымы күні Қазақстан үшін табысты аяқталды.

Дүниежүзілік сауда ұйымының елдерді мүшелікке қабылдау жөніндегі департаментінің директоры Чиеду Осакве Қазақстанның ұйымға мүше болып енуі туралы: «Биылғы жыл (2015 жыл – авт.) – ДСҰ үшін де маңызды жыл, Өйткені, осы жылы біздің Ұйымның құрылғанына жиырма жыл болмақ. ДСҰ

осы аралықта, яғни 1995-2015 жылдар аралығында әлемнің 33 елін өз қатарына мүшелікке қабылдаса, енді, міне 34-ші болып Қазақстан қабылданғалы отыр. Осы жөніндегі келіссөздер үдерісін жүргізу барысында Қазақстан Президенті бұл мәселеге үлкен мән беріп, икемділік пен дипломатиялық шеберлік танытты. Келіссөздердің әрбір сәтін қадағалап отырды. Бұл – дұрыс саясат. Өйткені, ДСҰ-ға қосылу дегеніміз – жаһандық экономикаға қосылу деген сөз» [48] дей келіп, Қазақстанның ұйымға кіру дайындығы туралы жағдайды әрі қарай былай деп баяндады: «... Қазақстанның ДСҰ-ға қосылу мәселесі де үлкен проблемалар болған жоқ. Проблемалар болса, ол саяси тұрғыдан емес, техникалық тұрғыдан болды. ... Елдің 150 заңы қайта қаралып, өзгерістер енгізілді. Енді 50-ге жуық заң қайта қаралуы керек. Сондықтан бұл жұмысты жеңіл деп айтуға келмейді. Заңдарға өзгерістер енгізілу себебінің бірі сіздерде сырттан енетін тауарларға кедендік салық тарифтері жоқтары болды.

Біз Қазақстанның ДСҰ-ға енуін уақытпен қабылдаймыз. Өйткені, Қазақстан – қазіргі уақытта Орталық Азиядағы өте ықпалды ел. Оның Батыс пен Шығыстың арасында орналасуының өзі дүниежүзілік сауданың дамуына жағымды ықпал етеді» [48].

2015 жылдың 27 шілдесінде Женевада өткен ұйымның Бас кеңесінің отырысында Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев пен Дүниежүзілік сауда ұйымының бас директоры Роберто Карвалью ди Азеведо ұйымға мүше болуы жөніндегі хаттамаларға қол қойды [49].

«Қазіргі кезде дүние жүзінің 161 елі ДСҰ-ға мүше болып табылады. Әлемдік тауар айналымының 98 % солардың үлесінде. Trade map ресурсының деректері бойынша, 2014 жылы ДСҰ-ға мүше-мемлекеттердің жалпы тауар айналымы 36,5 трлн.АҚШ долларын құрады. Бұл заманауи, тиімді экономика құруға және әлемдік сауданың бірыңғай қағидалары бойынша өзара іс-қимыл жасаулары тиіс дегенді білдіреді» [50].

Қазақстан Республикасы 162-ші мемлекет болып ДСҰ-ға кірді. ДСҰ-ға кіру жөніндегі келіссөздердің аяқталуына байланысты Қазақстан Республикасының Президенті Н.

Назарбаев Қазақстан халқына үндеу жариялады. Онда «Бүгінде сауда-саттығымыздың 90 пайызы Дүниежүзілік сауда ұйымына мүше елдерге тиесілі. Қазақстан шетелдік инвесторлар мен серіктестер үшін бұрынғыдан да тартымды бола түседі. Жаңа өндірістер мен жұмыс орындарын ашуға мүмкіндіктер туады. Бұл нәтижеге жету үшін 19 жыл табанды түрде жұмыс жүргізді, келіссөздер оңай болған жоқ. Еліміз аса маңызды тағы бір тарихи оқиға қарсаңында тұр. Біз Дүниежүзілік сауда ұйымына кіру жөніндегі келіссөздерді табысты аяқтадық. Дүниежүзілік сауда ұйымына мүше болу біздің экономикамызды жаңа көпмөлшерге бастайды. Кәсіпорындарымыздың шетел нарықтарына шығуын қамтамасыз етеді. Ал тұтынушылар үшін тауарлар мен қызметтердің кең ауқымына таңдау жасауды жеңілдетеді», делінген [51].

Қорыта келе, Қазақстанның ДСҰ тәрізді беделді ұйымға қосылуы 19 жыл бойы жүргізілген келіссөздердің оң нәтижесі және қазақстандық дипломатияның тәтті сәттерінің жеңісі деп бағалау керек.

### **2.5.3 Босқындар ісі жөніндегі БҰҰ-ның жоғары комиссарының басқармасы және Қазақстан Республикасы арасындағы қарым-қатынас**

**Босқындар ісі жөніндегі БҰҰ-ның жоғары комиссарының басқармасы** 1951 жылы Бас Ассамблеяның шешімімен құрылды. Ұйымның қызметі гуманитарлық сипатқа ие. Оның басты мақсаты – босқындарға халықаралық тұрғыдан қорғау көрсету, олардың мәселелерін шешудің жолдарын қарастыру және материалдық көмек беру.

Басқарманың қызметінің тәртібі 1951 жылғы босқындар құқығы туралы Конвенциямен және 1967 жылғы Хаттамамен анықталған. Бұл құжаттарда «босқын» терминіне анықтама берілген және босқындардың әлеуметтік және құқықтық мәртебесі айтылған.

Бас хатшының ұсынысымен БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы босқындар мәселесі бойынша БҰҰ-ның жоғары комиссарын

сайлайды. Бас Ассамбея мен Экономикалық және әлеуметтік кеңес стратегиясын жасайды, ал өз кезегінде мүше-мемлекеттердің 47 өкілінен тұратын атқарушы комитет және 2 қосымша комитет стратегияның орындалуын іске асырады.

1995 жылы Орталық Азия мемлекеттерінде, сонымен бірге Қазақстанда Босқындар ісі жөніндегі БҰҰ-ның жоғары комиссарының басқармасы өкілдігі мынадай негізгі екі мақсаты орындау үшін ашылды:

1. Босқындар ісі жөніндегі БҰҰ-ның жоғары комиссарының басқармасы мандатына түскен босқындарға халықаралық тұрғыдан қорғауды қамтамасыз ету;
2. Қазақстандағы мемлекеттік құрылымдарға, сондай-ақ үкіметтік емес ұйымдарға жалпы босқындар мен миграцияға қатысты мәселелері бойынша қолдау көрсету және оны дамыту.

Осы кезден бастап басқарманың Қазақстандағы қызметі бір-бірімен тығыз екі құрылымнан құралды.

- дәстүрлі қызмет – босқындарға және олардың жанұяларына материалдық және медициналық көмек көрсету, мысалы, Қазақстандағы миграция және демография мәселесімен шұғылданатын құзырлы органдар арқылы босқындарға қолдау көрсету;

- дәстүрлі емес қызмет – босқындар мен миграция қатысы бар ұлттық мамандарды даярлау, яғни «дөңгелек үстел», семинар, семинар-тренингтер арқылы мамандарға халықаралық құқық, халықаралық адам құқықтары мәселелерін талқылауға үйрету, халықаралық заңнамалық құжаттармен таныстыра отырып, тиісті органдармен бірлесе отырып халықаралық стандарттарға сай ұлттық заңнама жасауға көмектесу.

Қазақстан босқындар мәртебесіне қатысты 1951 ж. Конвенция мен 1967 ж. Хаттамаға қосылды, «Тұрғындардың миграция туралы» заң қабылдады [23, б.122-123].

2010 жылы «Босқындар туралы» заң Қазақстан Республикасында күшіне енді. Осы заң елдегі босқындарға қатысты мәселелерді реттейді, мемлекет ұсынатын қорғауды қамтамасыз етеді. Қазіргі уақытта БҰҰ БЖКБ ведомствоаралық жұмыс тобы шеңберінде ұлттық заңнама мен заңға бағынышты

актілерді жетілдіруге мүдделі әртүрлі құзыретті органдармен тығыз ынтымақтастықты жалғастыруда. БҰҰ БЖКБ «Босқындар мәртебесі туралы» 1951 жылғы конвенцияда және 1967 жылғы оның хаттамасында айтылған халықаралық стандарттарға босқындар мәртебесін анықтау бойынша ұлттық рәсімдердің сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстандағы Көші-қон полициясы комитетіне қолдау көрсетіп отыр. Сонымен бірге, БҰҰ БЖКБ 1954 жылғы Апатридтер мәртебесі туралы конвенцияға қосылуға Қазақстан Республикасының Үкіметіне көмектесуде және негізгі мақсаты азаматсыздықты жою және қысқартумен қатар, азаматтығы жоқ тұлғаларды анықтау, тіркеу және қорғау болып табылатын заңнамалық және әкімшілік жүйені әзірлеу мен күшейтуде Үкіметке қолдау көрсетіп отыр. Осылардан басқа БҰҰ БЖКБ төтенше жағдайларға жауап қайтару бойынша тетіктерді жақсартуға бағытталған әлеуетті нығайту бойынша іс-шараларды жоспарлау және өткізу арқылы төтенше жағдайларға дайындық мәселелері бойынша Үкіметпен ынтымақтасып отыр. Сондай-ақ, Орталық Азиядағы аралас көші-қонның күшеюіне байланысты Қазақстандағы БҰҰ БЖКБ қызметі, аралас көші-қон ағындар деңберінде баспана жүйесін сақтауға да бағытталды.

2011 жылғы наурызда Алматы қаласында босқындарды қорғау және халықаралық көші-қон бойынша БҰҰ БЖКБ V аймақтық конференциясы өткізілді. Қазақстан, Түрікменстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Ауғанстан, Иран, Түркия, Әзірбайжан, Ресей Федерациясы және Қытайдың 100-ден астам өкілдері конференцияға қатысты. Қатысушылар «Алматы декларациясын» қабылдады, ол одан әрі өңірлік ынтымақтастықты және тараптар арасындағы диалогты құру үшін тұғырнама қызметін атқаратын болады [52].

2015 жылы 22 қазан күні берген сұхбатында БҰҰ БЖКБ симпаттық өкілдік басшысының көмекшісі Эдуардо Ирезабаль Қазақстан территориясында қазіргі кезде тұрып жатқан 662 босқынның көбісі өз отандарына қайтқысы келмейтіндігін баяндады және олардың Қазақстанда тұрақтанып қалғысы келулерінің тағы бір себебі, мемлекеттің үлкен көлемде

босқындарды қабылдай алу мүмкіндігінде екендігін түсіндірді [53].

Қорыта айтқанда, Қазақстан БҰҰ БЖКБ-ның барлық талаптарын сақтай отыра, босқындар мен мигранттарға қол ұшын беруге әр кез дайын.

### Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қазақстан в международном сообществе (очерки многосторонней дипломатии).-Алматы: ТОО «Дайк-Пресс», 2012.-148 с.
2. Абдрахманов С. Ұлы ұйымның ұлттылығы // Егемен Қазақстан.-2010.- 12 наурыз.
3. Арыстанбекова А. Объединенные Нации и Казахстан.-Алматы; Дайк-Пресс, 2002.-432 с.
4. Тоқаев Қ. Беласу: Дипломатиялық очерктер. Алматы: «Дәуір», 2003.-656 бет.
5. <http://mfa.gov.kz>
6. Аманжол Қ. Бүгін болмаса, ертіңдеш // Егемен Қазақстан.-2009.-25 қыркүйек.
7. Назарбаев Н. Ядролық қарусыз әлем қалыптастыру ісін адамзаттың ХХІ ғасырдағы басты мақсаты етуге шақырамын. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың БҰҰ Бас Ассамблеясының сессиясында сөйлеген сөзі // Егемен Қазақстан.- 2015.- 20 қыркүйек.
8. Улахович Е.Е. Международные отношения: Справочное пособие.-М.: АСТ. Мн.: Харвест, 2005.-400 с.
9. Смағұлова Г.М. Халықаралық ұйымдар: Оқу құралы.-Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2015.-263 бет.
10. Халықаралық еңбек ұйымы // <http://mfa.gov.kz/index.php/kz/az-s-sunny-syrt-y-sayasaty/aza-stan-zh-ne-khaly-araly-jymdar/b-zh-izisi-mekemeleri/8-material-aza/141-khaly-araly-e-bek-jymy-khe>
11. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы - [www.who.ch](http://www.who.ch)
12. История ЮНЕСКО // <http://www.unesco.org/new/ru/unesco/about-us/who-weare/history/>

13. Арынов Е.М., Трофимов А.Е. Международные экономические организации и экономические союзы.-Алматы: ИРК, 1996.-198 с.
14. О сотрудничестве Казахстана с ЮНЕСКО // [portal.mfa.kz/portal/page/portal/mfa/ru/content/policy/organization/unesco](http://portal.mfa.kz/portal/page/portal/mfa/ru/content/policy/organization/unesco)
15. Право международных организаций [Текст]: учебник / Под ред. И.П. Блищенко, А.Х. Абашидзе.-М.: РУДН, 2013.-597 с.
16. Токаев К.К. Дипломатия Республики Казахстан.-Астана «Елорда», 2001.-552 с.
17. Хлестов О.Н., Родионов Ю.А. ЮНИДО (Организация Объединенных наций по промышленному развитию).-М.: Международные отношения, 1990.-184 с.
18. <http://bankreferatov.kz/zan/785-memleket-kazakhstan-nyunido-buu.html>
19. <http://www.kazakhstan.at/kz/international-organizations-6/unido.html>
20. Организация Объединенных Наций по Промышленному Развитию /UNIDO / Ежегодный доклад 2014 год / Вена 2015 год.
21. Международные валютно-кредитные и финансовые отношения: Учебник / Под ред. Л.Н. Кривошиной.- М.: Финансы и статистика, 1994.- 592 с.
22. <http://www.nationalbank.kz/?docid=655&switch=kazakh>
23. <http://mfa.gov.kz/index.php/en/service-zha-aly-tar/3929-e-ydyrysov-b-azy-t-lik-zh-ne-auylshatu-a-byl-jymyny-bas-direktorymen-kezdesti>
24. Женева – центр много-сторонней дипломатии.-Алматы: «Дайк-Пресс», 2005.-152 с.
25. <http://almatytribune.kz/ru/chlenstvo-v-yunvto>
26. Дүниежүзүлік экономикалық ұйым // <http://www2.unwto.org/ru>
27. БҰҰ Даму бағдарламасы // <http://www.un.org/ru/ga/undp/>
28. БҰҰ Даму бағдарламасы (БҰҰ ДБ) // <http://mfa.gov.kz/index.php/kz/aza-stanny-syrt-y-sayasaty/aza-stanzh-ne-kiily-araly-jymdar/b-zh-jesi-mekemeleri/8-material-aza/145-b-damuba-darlamasy-b-db>
29. [skernews.kz/біріккен-ұлттар-ұйымы](http://skernews.kz/біріккен-ұлттар-ұйымы)
30. <http://www.inform.kz/kaz/article/2783774>
31. <http://egemen.kz/2015/?p=10469>
32. БҰҰ Бас Ассамблеясының Алпыс алтыншы сессиясында қабылданған қарар (Орнықты даму бойынша РИО+20

Конференциясы «Бізге қажет Болашақ»), Рио-де-Жанейро, Бразилия, 2012 жыл.

33. «Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдама туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына түсіндірме // Егемен Қазақстан - 2013.- 1 маусым.

34. [gbpp.org/kz/2015/09/6364](http://gbpp.org/kz/2015/09/6364)

35. Организация Объединенных Наций. Основные факты. Справочник. Пер. с англ.-М., 2000.- 424 с.

36. <http://archive.mid.ru/bdomp/ns-dipecon.nsf/370924d7f91618e0c32576bf002c1caf/2951b31d174c92b44257bb80035c26b>

37. Токаев К.К. Под стягом независимости. Очерки внешней политике Казахстана.-Алматы: Білім, 1997.-736 с.

38. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Ұлттар Ұйымы Балалар Қорының арасындағы ынтымақтастық туралы негізгі келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2001 жылғы 10 сәуір N 176-II // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z010000176> [\\_http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z010000176\\_](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z010000176)

39. Омбудсмен Казахстана подписал Меморандум о взаимопонимании в сфере защиты прав детей с ЮНИСЕФ // <http://www.inform.kz/kaz/article/2632057>

40. Шәріп А. Балалар үшін барымызды саламыз // <http://www.bsh.kz/news/1426929606.html>

41. ЮНФПА // <http://mfa.gov.kz/index.php/kz/aza-stanny-syrt-y-sayasaty/aza-stan-21-ne-khaly-araly-jymdar/b-zh-jesi-mekemeleri/8-material-aza/153-b-t-r-yn-khaly-salasynda-y-ory-yunfpa>

42. <http://konsulmir.com/fond-oon-dlya-razvitiya-v-interesax-zhenshhinyunifem/>

43. Юкина И.И. Гендерный анализ как инструмент преобразования общества. Учебно-методическое пособие для студентов.-СПб: Изд-во Невского ин-та языка и культуры, 2008.- 102 с.

44. <http://www.un.org/ru/ga/iaea/>

45. <http://www.mfa.kz/index.php/kz/aza-stanny-syrt-y-sayasaty/aza-stan-men-alamdy-zh-ne-ajma-ty-auipsizdik/arusyzdanu-men-yadroly-arudy-taratpau>
46. <http://7kun.kz/10220/aza-stan-auma-ynda-yadroly-otyn-banki-rylady.html>
47. <http://wto.gov.kz/kz/kazwto/join/phases/>
48. Сұңғат Әліпбай. Әлем ашылған күн. Қазақстан Дүниежүзілік сауда ұйымына мүшелікке қабылданды // Егемен Қазақстан. 2015.-28 шілде.-Б.2
49. [http://kaz.tengrinews.kz/kazakhstan\\_news/kazakhstan-din-ara-resmi-turde-mushe-boldyi-263752/](http://kaz.tengrinews.kz/kazakhstan_news/kazakhstan-din-ara-resmi-turde-mushe-boldyi-263752/)
50. ДСҰ және Қазақстан // Егемен Қазақстан.-2015.-9 шілде.-Б.6.
51. ҚР Президентінің ДСҰ-ға кіру жөніндегі келіссөздердің аяқталуына байланысты Қазақстан халқына Үндеуі <http://www.inform.kz/kaz/article/2789261>
52. <http://mfa.gov.kz/index.php/kz/aza-stanny-syrt-y-sayasaty/aza-stan-zh-ne-khaly-araly-jymdar/b-zh-jesi-nen-teneleri/8-material-aza/148-b-zho-ar-y-komissaryny-bas-vn-ker-isi-zh-nindegi-bas-armasy-b-zhkbib>
53. <http://www.zakon.kz/4759908-protogije-bezhency-prozhivajushhie-na.html>

### **Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:**

1. Қазақстан Ресей ббликасы қашан БҰҰ-ға мүше болып енді?
2. БҰҰ-ға мүше болу Қазақстанға қандай артықшылықтар әкелді?
3. Қазақстан мен БҰҰ арасындағы ынтымақтастық деңгейіне баға беріңіздер.
4. Қазіргі уақытта БҰҰ-ның Қазақстанда қандай ұйымдары жұмыс істейді? Оларды төмендегі кесте үлгісімен көрсетіңіздер.

**БҰҰ-ның Қазақстанда жұмыс істейтін ұйымдары. Кесте 1.**

<b>№№</b>	<b>Ұйымның аты</b>	<b>Құрылған жылы</b>	<b>Қазақстанмен ынтымақтастық орнатқан жыл</b>
1	Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДСҰ)	1948 ж.	1992 ж.
2	Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасы (БҰҰ ДБ)	1965 ж.	1993 ж.
3	БҰҰ білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі ұйымы (ЮНЕСКО)	1945 ж.	1992 ж.
4	БҰҰ Балалар қоры (ЮНИСЕФ)	1946 ж.	1992 ж.
5	Дүниежүзілік сауда ұйымы (ДСҰ)	1995 ж.	2015 ж.
6			
7			
8			
9			
10			

5. БҰҰ-ның бағдарламалары туралы реферат дайындаңыздар.  
 6. БҰҰ-ның қандай қорлары бар? Олар туралы слайд-презентация әзірлеңіздер.

**Өзін-өзі тексеруге арналған тест сұрақтары:**

1. БҰҰ-ға Қазақстанның мүше болып қабылданған жылы:  
 А) 2 наурыз 1991 ж.  
 Б) 2 наурыз 1992 ж.  
 С) 2 наурыз 1993 ж.  
 Д) 2 наурыз 1994 ж.  
 Е) 2 наурыз 1995 ж.
2. Білім, ғылым және мәдениет мәселесімен шұғылданатын ұйым:  
 А) ЮНЕСКО.  
 Б) ЮНФПА.

- С) ЮНИСЕФ.
- Д) ЮНЕП.
- Е) ЮНКТАД.

3. МАГАТЭ – бұл:

- А) БҰҰ-мен тікелей байланысы бар орган.
- В) БҰҰ-ның арнайы қоры.
- С) БҰҰ-ның арнайы бағдарламасы.
- Д) БҰҰ-ның негізгі органының бірі.
- Е) БҰҰ-ның Орталық Азия аймағына арналған бағдарламасы.

4. БҰҰ-ның жүйесінде мынадай арнайы қор бар:

- А) Экономикалық және әлеуметтік кеңес.
- В) БҰҰ-ның балалар қоры (ЮНИСЕФ).
- С) Мәдениетті қолдау қоры.
- Д) Өнерді қолдау қоры.
- Е) Спортты қолдау мен дамыту қоры.

5. Қазақстанда БҰҰ-ның өкілдігі ашылды:

- А) 1992 жылы 2 наурызда.
- В) 1992 жылы 16 желтоқсанда.
- С) 1993 жылы 1 қаңтарда.
- Д) 1993 жылы 16 ақпанда.
- Е) 1995 жылы 3 шілдеде.

6. ЮНИДО – ол:

- А) Экономикалық сипаттағы ұйым.
- В) Әлеуметтік сипаттағы ұйым.
- С) Қаржы ұйымы.
- Д) Мәдени және гуманитарлық сипаттағы ұйым.
- Е) Туризм саласындағы ұйым.

7. БҰҰ АИТВ/ЖИТС жөніндегі біріккен бағдарламасы:

- А) ЮНКТАД.
- В) ЮНИДО.
- С) ЮНВТО.

- D) ЮНЕСКО.
- E) ЮНЭЙДС.

8. Қазақстан Дүниежүзілік сауда ұйымына мүше болып кірді:

- A) 1995 жылы.
- B) 1997 жылы.
- C) 2000 жылы.
- D) 2010 жылы
- E) 2015 жылы.

9. БҰҰ-ның әйелдер қызығушылығын дамыту үшін қоры:

- A) ЮНИФЕМ.
- B) ЮНИСЕФ.
- C) ЮНЕП.
- D) ЮНЭЙДС.
- E) ЮНФПА.

10. «Балаға жақын қала» бастамасын ұсынды:

- A) ЮНИФЕМ.
- B) ЮНИСЕФ.
- C) ЮНЕП.
- D) ЮНЕСКО.
- E) ЮНФПА.

## III ТАРАУ. БҰҰ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ДИПЛОМАТИЯ ТӘЖІРИБЕСІ

### 3.1 КСРО кезіндегі Біріккен Ұлттар Ұйымындағы алғашқы қазақстандық дипломаттар

Дипломатиялық қызмет - өте күрделі және жауапкершілікті талап ететін сала. Сонымен бірге жер бетінде бейбітшілік пен келісімнің орнығуына ықпал ететін әрі халықаралық қауымдастықта мемлекеттің шынайы бейнесі осы дипломатиялық қызмет арқылы көрінеді.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары Қазақстанның сыртқы саясат ведомствосына басқа министрліктермен салыстырғанда жағдайлары қиынырақ болды. Оның себебі Қазақстанның халықаралық қатынастарға байланысты істерді өз бетінше жүргізу тәжірибесі жоқ еді. Бұл жөнінде Қ. Тоқаев былай деп жазды: «Бұрын республикалық СІМ одақтық сыртқы істер министрлігінің құрылымдық бөлімшесі болды да, негізінен консулдық және хаттамалық міндеттер атқарып келген. Сөйтіп, одақтас республикалар күш жинап, өздерінің құқықтары жайлы салмақты түрде мәлімдей бастаған 90-шы жылдардың басында ғана Қазақстан СІМ-інің бірнеше қызметкері шетелдегі кеңес елшіліктерінде тәжірибемен өтіп, жұмыс істеуге мүмкіндік алды» [1, б.154].

Ал Қазақстан Президенті Н. Назарбаев өзінің «Ғасырлар тоғысында» атты кітабында сыртқы саясатты қалыптастырудың жағдайы туралы «Біздің сыртқы саяси қызметтегі дәстүріміз жұтаң еді. Қазақстанның Сыртқы істер министрлігі дипломатиядан алыс қызметпен шұғылданатын. Осындай күрделі мәселелерді шешу міндеті туып тұрған мемлекеттің шетте бірде-бір дипломатиялық өкілдігі жоқ, сыртқы саяси дәстүрлерді былай қойғанда ...

Егер біз шұғыл түрде өзіміздің сыртқы саясатымызды қалыптастыруды бастап кетпеген болсақ, біздің мүдделерімізге орасан зор нұсқан келері де түсінікті», - деп баяндайды [2, б.197].

Бүгінгі қазақстандық дипломатияның қызметі туралы айтқанда, оның қалыптасуы мен дамуы бірнеше кезеңдерден өткендігін және оның басында көптеген тұлғалардың тұрғанын білу керек. Олардың арасында Біріккен Ұлттар Ұйымының жұмысына қатысқан қазақстандық дипломаттар бар.

Қазақстандық дипломаттар Біріккен Ұлттар Ұйымының жұмысына КСРО жылдарында-ақ қатыса бастаған. Алғашқы дипломаттар ретінде БҰҰ Бас Ассамблеясының отырыстарына қатысқан қазақ азаматтары, Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының сыртқы істер министрлері қызметін атқарған Төлеген Тәжібаев, Балжан Бөлтірікова мен Михаил Есенәлиевтерді айтуға болады. Енді солар туралы қысқаша тоқталып өтейік.

Төлеген Тәжібаев 1910 жылы бұрынғы Сырдария губерниясында қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысында туған. Ол қазақтан шыққан тұңғыш психолог-ғалым, қоғам және мемлекет қайраткері, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ КСР-і Ғылым академиясының академигі.

Т. Тәжібаев Шымкент педагогикалық техникумын, Мәскеудегі Н. Крупская атындағы Коммунистік тәрбие академиясын бітірген. С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің (қазіргі Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – авт.) ректоры, Қазақ КСР-і Министрлер Кеңесі төрағасының орынбасары, Қазақ КСР-і Мәдениет министрі, 1961-1964 жылдары - Қазақ мемлекеттік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры әрі меңгерушісі қызметтерін атқарған. Мемлекеттік қызметтермен қатар ғылыми-зерттеу жұмыстарымен де шұғылданды. 1940 жылғы «Халық мұғалімі» журналында жариялаған мақалаларында психологияның сол кездегі көкейкесті мәселелерін, классикалық психологияның тарихын, қалыптасу жолдарын талдады. Осы мақалалар негізінде 1961 жылы «Жалпы психология» атты тұңғыш оқулық жазды. Сондай-ақ ғалым ретінде Т.Тәжібаев қазақ тілінде психология ғылымы терминдерін қалыптастыруға елеулі үлес қосты [3, б.294].

Т. Тәжібаев 1944-1953 және 1955-1957 жылдары Сыртқы істер министрі болған алғашқы қазақ [қараңыз: қосымша Ж]. Ал 1957-1961 жылдардың арасында сол кездегі КСРО-ның маңызды серіктес мемлекеттерінің бірі Үндістандағы елшілігінде қызмет атқарған дипломат. Ол осы қызметі барысында өзін сыртқы саясат саласында нағыз майталман екенін танытқан тұлғалардың бірі. 1950, 1955, 1956 жылдары БҰҰ Бас Ассамблеясының сессияларына қатысып, оның жұмысына белсене араласқан. Кейбір мәліметтер бойынша Т. Тәжібаев Бас Ассамблеяның Қамқорлық жөніндегі комитетіне төраға болған [4, б.92]. Мұндай жоғары сенімге КСРО кезінде басқа ұлт өкілдері тарапынан қол жеткізу сирек кездесетін жайт. Ендеше бұл жерде Т. Тәжібаевтың дипломатия саласында тәжірибелі маман екенін білдіретін аңғаруға болады.

Дипломатия саласындағы жұмысы 1944-1957 жылдары Қазақ КСР-і Сыртқы істер министрі қызметінен бастады. Одан кейін 1957-1961 жылдары Үндістандағы КСРО елшілігінің кеңесші-өкілі болған кезде жалғастырды. Т.Тәжібаевтың елшілікке қызмет атқарған жылдары КСРО мен Үндістан арасында тығыз қарым-қатынас орнып, екі елдің өзара байланысы қарқын ала түседі. 1955 жылы 2 ақпанда қол қойылған КСРО мен Үндістан келісімі негізінде үнді жерінде Бхилай металлургия зауытын салуға келесі мамандар кеңінен тартылды. Осы шараның ұйымдастырылуына да Т. Тәжібаев ат салысты.

Үндістан мен КСРО қарым-қатынасында өзара мәдени байланысқа да ерекше мән берілді. Екі жақтың халқын өзара жақынырақ таныстыра түсу мақсатында делегациялармен алмасу, көрмелер ұйымдастыру секілді шаралар өткізіле бастады. Елшілікте бұл іске Т. Тәжібаев жетекшілік етті. Ол «Үнді-кеңес мәдени қоғамын» құрушылардың алдыңғы қатарында болды. 1958 жылы құрылған бұл қоғамның «1958 жылы 60 мүшесі болса, 1960 жылы мүшелер саны 10 мыңға жетті» деген мәліметтер кездеседі [5].

Т.Тәжібаев КСРО-ның Үндістандағы елшілігінде жұмыс жасаған жылдарында Қазақстан мен Үндістан, Вьетнам мемлекеттері арасында табысты мәдени-гуманитарлық

байланыстар орната білді. Бұған тығыз достыққа айналған оның сол кездегі көрнекті саяси қайраткерлермен - Үндістанның ұлт-азаттық қозғалысының басшылары Джавахарлар Неру, Индира Ганди және вьетнам халқының жетекшісі Хо Ши Минмен жеке кездесулері ықпал етті [4].

Қазақстандық делегацияны Үндістанда Т. Тәжібаевтың өзі қарсы алып, үнді халқының өнерімен, мәдениетімен таныстыруды да өзі атқарды. М. Әуезовты Үндістан жазушыларымен кездестіріп, оның олармен әдебиет жайында пікір алмасуына жағдай жасады. Бұл сапардың негізінде М. Әуезовтың «Менің Үндістаным» атты очеркі [4] жарық көргені біз барша қазақстандықтарға таныс.

Қысқа мерзімде жаңа ашылған комиссарлар жұмысын бірден меңгеріп кеткен Т. Тәжібаев жайында КСРО Сыртқы істер халық комиссариатында, оның басшысы Вячеслав Молотовтың өзінде де жақсы пікір қалыптасқан. Қазақ дипломаты талай халықаралық кездесулерге қатысып, олардан мәлімдемелер де жасап жүрді. Ал Т. Тәжібаевтың Мәскеудегі, басқа да одақтас республикалар халық комиссарлары арасындағы беделі жоғары болғанын айғақтайтын бір дәлел - оның одақтас республикалар халық комиссарларының дуайені болғаны. Дуайен ретінде ол В.Молотовтың өзімен тікелей байланысып, оның алдына түрлі мәселелер қойып отыратын.

Т. Тәжібаев 1953 жылы ҚазМУ-дың ректоры қызметінен босатылады. Көп ұзамай осы жылы 8 желтоқсанда Қазақ КСР Сыртқы істер министрі қызметінен де кетеді. Т.Тәжібаевтың Қазақстанның дербес сыртқы саясат жүргізуі үшін барлық мүмкіндіктерді пайдалануға тырысуы КСРО Сыртқы істер министрінің ұнамады. Мұның өзі Қазақ КСР Сыртқы істер министрі қызметінен кетуіне белгілі дәрежеде әсер етті.

Т. Тәжібаев Қазақстанның тұңғыш Сыртқы істер министрі қызметінде өзіндік өшпес із қалдырды. Оның сыртқы саясат аясындағы сіңірген еңбегіне Қазақстан Республикасының қазіргі Сыртқы істер министрі Е. Ыдырысов былай деп баға береді: «Оның күш-жігері арқасында Қазақстанда шет елдермен мәдени байланыс қоғамының Бүкілодақтық бөлімшесі ашылды.

Қазақстан мен Қытай, Моңғолия, Үндістан және басқа елдер арасында тығыз мәдени және ғылыми байланыстар орнатылды. Т. Тәжібаев уақыттан озып, сол кездің өзінде республикамызды толық көлемді тәуелсіз сыртқы саяси қызмет жүргізуге дайындаған» [5].

Қазақстанның сыртқы саясат ведомствосының тұңғыш басшысы 1944 жылы «Қазақстан дипломатиясы тарихының очерктері» деген кітап жазу міндетін алға қойған көрінеді, алайда Т. Тәжібаевтың бұл кітабы белгілі себептермен жазылмаған.

Қазақстан дипломатиясында Төлеген Тәжібаевтың есімі республика сыртқы саясат мекемесін құруға ең үлесін қосқан және оның бірінші басшысы болған қайраткер ретінде ел тарихында қала береді.

Т. Тәжібаевтан кейін БҰҰ Бас Ассамблеясы отырыстарына қатысқан Балжан Бөлтірікова [қараңыз: қосымша Ж].

Б. Бөлтірікова 1921 жылы Жамбыл облысы Қордай ауданы Қасық ауылында дүниеге келген. Сол – әлемдегі қайраткері. Алматы мұғалімдер институтын (1941 ж.), Қазақ педагогикалық институтын (1943 ж.) бітірген. Алматы облысы Бөрлітөбе ауданы Лепсі орта мектебінде оқу ісінің меңгерушісі, Алматы қаласындағы № 12 орта мектептің мұғалімі, директоры. 1949-1955 жж. Қазақстан Бастапқы және орта мектеп қызметкерлері кәсіподағы республикалық комитетінің төрайымы, 1955-1966 жж. Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Министрлер Кеңесі төрағасының орынбасары, сыртқы істер министрі болды [6, б.407-408].

Б. Бөлтірікова есімі әлемдегі бірінші әйел Сыртқы істер министрі бола отырып, Біріккен Ұлттар Ұйымының жоғары мінбелін иеленген алғашқы қазақ қызы ретінде отандық тарихқа енді. Дипломатия тарихында есімі ерекше аталатын КСРО-ның атақты Сыртқы істер министрі Андрей Громыко Балжан Бөлтірікованы ерекше сыйлап және үнемі Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы отырыстарына ертіп баруға тырысқан екен. Б. Бөлтірікова 1966 және 1970-ші жылдары КСРО-ның ресми делегациясы құрамымен БҰҰ Бас Ассамблеясының XXI және XXV сессияларына қатысқан.

Осында ол өзін нағыз майталман дипломат, келіссөздер жүргізу ісінің маманы ретінде таныта білген. Ол туралы тәуелсіз Қазақстанның сыртқы істер ведомствосының бірінші министрі болған Төлеутай Сүлейменов былай деп жазады: «Ол сол кездегі саясатқа сәйкес КСРО-ға жағымсыз БҰҰ-ның Адам құқықтары жөнінде Жоғарғы комиссары лауазымын енгізгісі келген бағыс елдерінің іс-әрекетін қолдайтын бір топ азиялық мемлекет өкілдерімен жеке кездесулер ұйымдастырып, олардың ойын өзгерткен. Нәтижесінде, аталған бастама қолдау таппай, бірнеше рет күн тәртібінен түсіп қалып отырған» [7]. Осы жерінде ғаламторда Э. Аубакировтың «ЭкспрессК» газетіне жариялан мақаласы кездеседі [8]. Онда былай делінген:

#### **Маңызды дерек!**

*... Американцы очень хотели ввести в ООН пост верховного комиссара по правам человека, в обязанности которого входило бы рассмотрение жалоб всех жителей планеты. Подразумевалось, что это будет в первую очередь жалобы из СССР. Естественно, Союзу это было невыгодно: что греха таить, права человека тогда у нас наручались постоянно и повсеместно. Так вот, два раза Бультрикова провалила выборы верховного комиссара. Она создала дипломатическую коалицию из представителей азиатских и африканских стран и провалила обсуждение. Тогда американцы начали проталкивать на пост верховного комиссара иранскую принцессу, а англичане и французы – представителя Конго. Коалиция распалась. Но женщины куда хитрее мужчин и гораздо лучше владеют дипломатическими интригами. Бультрикова позвала женщин-делегаток сессии ООН на посиделки. В том числе была приглашена иранская претендентка, сделав вид, что ничего не знает о притязаниях иранки, Бультрикова по секрету сказала ей, что якобы министр из Конго уже празднует победу. Принцесса разволновалась и Бультрикова продолжала: дескать, делегация СССР против этого и, мол, мы будем признательны, если вы поддержите нас. У следующего дня иранская принцесса передала Бультриковой, что азиатские страны готовы поддержать позицию СССР...*

**источник:** Аубакиров Э. Номадка, перехитрившая Киссинджера / [http://old.express-k.kz/show\\_article.php?art\\_id=50565](http://old.express-k.kz/show_article.php?art_id=50565)

### **Бұны білген дұрыс!**

... Особенно ярко проявился дипломатический талант Б. Бультриковой во время участия советской делегации в работе Генассамблеи ООН. В своих мемуарах бывший госсекретарь США Г. Киссинджер отмечал, что проводить проамериканскую политику в ООН было очень трудно из-за противодействия советских дипломатов. И если мужчина еще можно было как-то перехитрить, то женщин-дипломатов обойти было практически невозможно. В этой связи Киссинджер отмечал фамилию Б. Бультриковой ...

**источник:** Аубакиров Э. Номадка, перехитрившая Киссинджера / [http://old.express-k.kz/show\\_article.php?art\\_id=50565](http://old.express-k.kz/show_article.php?art_id=50565)

Б. Бөлтірікова туралы e-history.kz сайтында біршама мәліметтер кездестірдік. Сол мәліметтерде төменде үзінді беріп отырмыз.

### **Маңызды дерек!**

... КСРО және талай шетелді мәжілістерге қатысқан қазақтың тұңғыш қызының еңбегі зор. 22 жасынан партия мүшесі болған Б. Бөлтірікова қоғам қайраткерлігі ережесіне дейін көтерілді. 1941–1949 жылдары Алматы қаласындағы қазақ орта мектебінің директоры болған кезінде 1949–1955 жылдары республиканың бастауыш және орта мектеп қызметкерлері кәсіподағының Орталық Комитетінің төрағасы, 1955–1966 жылдары қазақтың әлеуметтік қамсыздандыру министрі, 1965–1971 жылдары Қазақстан Министрлер Кеңесі төрағасының орынбасары және Қазақстан сыртқы істер министрі, 1971–1974 жылдары Қазақстан Оқу министрі, 7 рет қатарынан сайланған Қазақстан Жоғарғы кеңесі депутаты, СС КП XXIII съезі делегаты. Ал 1965–1970 жылдары КСРО Жоғарғы Кеңесі Ұлттар Кеңесінің Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру жөніндегі тұрақты комиссиясының мүшесі, 1975–1980 жылдары кәсіптік-техникалық білім беру комитеті төрағасының орынбасары, ал 1981 жылдан Одақ көлеміндегі дербес зейнетке шықты. Англияның Кембридж қаласында шыққан «Кто есть кто», Мәскеуден шыққан «Дипломатический словарь» атты сөздіктерде, Қазақстан энциклопедиясында т.б. кітаптарда Б. Бөлтірікованың саяси қайраткерлік өмірбаяндары баяндалып, Еңбек Қызыл Ту орденімен т.б. медальдармен марапатталған [17].

7 рет Жоғарғы кеңеске депутат болған жылдарда өзі сайлаған жергілікті жердің мұң-мұқтажын ескеріп, мектеп, бала-бақша, мәдениет үйлерін, кітапхана т.б. осы сияқты халықтың күнделікті тұрмысына қажетті мекемелер салу, көп балалы отбасыларына көмектесу, шағыммен келген адамдар өтінішін орындау сияқты көптеген проблемалардың шешілуіне ұйтқы болған. Мысалы, Торғайда депутат болып сайланған аудан орталығында 1 мектеп, бала бақша, 400 орындық кинотеатр салуға көмектескен. Сонымен қатар ауданның дәрігер мамандығына тапшылығын ескеріп, 10 шақты баланы тікелей мединститутқа түсуге жәрдем жасаған. 20 жыл министрлік қызметте 6 жыл Министрлер Кеңесі Төрағасының орынбасарлығында болып, күніне 4 сағат қана ұйықтайтынмын, қалған уақыт тек жұмысқа арнаған, - дейді Б. Бөлтірікова өз естелігінде. 2 рет БҰҰ Бас Ассамблеясында КСРО мемлекетінен А. С. Громыко басқарған делегация құрамында болып, үлкен саяси мәселелерді шешуге араласқан. Жапонияда өткен әлемде атом құруын болдырмау үшін атты бейбітшілік миссиясына 2 рет, 1971 ж. ішінде өткен Азия және Африка елдерінің конференциясына қатысты. Одан кейін Сирияда, Солтүстік Кореяда, Чехословакияда болған. Осы іс-сапарлардың бәрінде де Кеңес Одағы атынан, Қазақ мемлекетінің өкілі ретінде қатысты. Өзіне-өзі қатаң талап қоятындығы, үлкен іздегіштігі зор көмек болды...

**дерек:** Қазақстанның саяси басқару жүйесіне әйелдердің қатысуы (1946 - 1990 жылдар) // <http://e-history.kz/kz/content/view/2318>

Б. Бөлтірікованың сыртқы саясат саласындағы еңбегі өте жоғары бағаланды. 1971 жылы КСРО Сыртқы істер министрі А. Громыко Б. Бөлтірікованы Еңбек Қызыл Ту орденімен марапаттады. Әрине, Б. Бөлтірікова мұндай марапатқа лайық еді.

Осындай тұлғалардың бірі, кеңестік кезеңдегі дипломатия саласында қызмет атқарған, сыртқы саясат пен халықаралық мәселелер бойынша өзін халықаралық аренада көрсете білген Михаил Иванович Есенәлиев [қараңыз: қосымша Ж].

М.И. Есенәлиев 1981-1989 жылдардың аралығында Қазақ КСРО Сыртқы істер министрі қызметін атқарған қазақ азаматы. Ол Ресейдің Саратов облысы Питерск ауданы село Питерскіде 1928 жылы 15 қыркүйекте дүниеге келген. Орта мектепті бітірген соң Саратовтағы заң мектебіне оқуға түсіп, оны 1951 жылы сырттай аяқтайды. 1954 жылы Мәскеу қаласындағы Бүкілодақтық Лениншіл Коммунистік Жастар Одағының Орталық Комитеті жанындағы Орталық Комсомол мектебін 1961 жылы Кеңестер Одағы Коммунистік Партиясы Орталық Комитеті жанындағы қоғамдық ғылымдар Академиясының аспирантурасын бітіріп, философия ғылымдары бойынша кандидаттық диссертациясын қорғайды. Дипломатиялық қызметке дейін М. Есенәлиев бірқатар мектептерден өтіп, тәжірибе жинақтады: қарапайым бақташыдан кеңестік идеологиялық және партия органдарында мемлекеттік қызмет орындарында жұмыс істеді. Дипломатия саласындағы қызметі Қазақ КСРО Сыртқы істер министрі болып тағайындалған күннен, яғни 1981 жылдың 30 шілдесінде басталды. Қазақстан Коммунистік Партиясы Орталық Комитетінің бюро отырысының хаттамасында былай делінген: «1. Утвердить Исиналиева М.М. министром иностранных дел Казахской ССР, освободив от этой должности Базарбаева М., в связи с переходом на другую работу; 2. Освободить т.Исиналиева М.М. от должности Зав. Отделом культуры ЦК Компартии Казахстана. Внести ЦК КПСС» [9]. Сыртқы істер министрі қызметін ол 1989 жылға дейін атқарды. Осы аралықта М. Есенәлиев қазақстандық дипломатияның нығаюы мен одан әрі дамуына аянбай күш салды. 1980-жылдары Қазақстанда әлі де болса кәсіби дипломаттар сан жағынан аз болды. Сол себепті сыртқы істер ведомствосы саласында қысқартылған танытып, жұмыс істеп жүрген адамдарды кәсіби білімнен біліктіліктерін жетілдіру, олардың абыройын көтеру сияқты көкейкесті мәселелерді шешуге осы органның басшысы ретінде М. Есенәлиев белсене кіріседі. Ең алдымен шетел жаңалықтарын таратын халықаралық ақпарат көздеріне қол жеткізеді, яғни 1982 жылдан бастап ағылшын, араб, қытай және басқа да тілдердегі газет-журналдарды («Тайм», «Шпигель»,

«Экспресс», «Комбо 16» т.б.) ала бастайды. Әрине, шет тілдеріндегі басылымдармен танысу, ведомстводағы мамандарға тілдерін жаттықтыруға үлкен көмегін тигізгені анық. Бірақ, М. Есенәлиев бұнымен шектеліп қалмай, дипломат-мамандардың шетелдерде тағлымдамадан өту мәселесін көтереді. Бұл жөнінде отандық дипломатия саласында өзіндік із қалдырған, тәуелсіз Қазақстанның бірінші сыртқы істер министрі Т. Сүлейменов әріптесі М. Есенәлиев туралы, оның республика үшін дипломат мамандарды даярлаудағы ерекше еңбегін айта келіп, Үндістан, Йемен, Лаос, Ауғанстан, Вьетнам мемлекеттеріндегі кеңестік елшіліктердің базасында қазақстандық дипломаттардың біліктіліктерін жетілдіруге арналған іссапарларға шығуға, сонымен қатар Германия, Қытай, Болгария, Сирья және басқа да мемлекеттерде тағлымдамадан өтулеріне мүмкіндік алып беруге қол жеткізгендігін жазады [10]. Сондай-ақ 1980-ші жылдары Дипломатиялық Академияны бітіріп, негезе шетелдерде тағлымдамадан өткен, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Қазақстанның сыртқы саясатын жүргізуде белсенді жұмыс істеп, оны бүгінгі күнге дейін жалғасырып жүрген бірқатар дипломаттардың есімдері М. Есенәлиевтің «Записки дипломата» атты еңбегінде де атап көрсетілген [11, б.18-19].

М. Есенәлиев кезіргі дипломатия тарихындағы кеңестік дәуірдің айтулы тұлғалары – А. Громыко, Г. Корниенко, А. Добрынин, О. Трояновский, М. Капица, Ю. Воронцов және басқа да көптеген дипломаттармен әріптес болды. Олармен қызмет барысында алаасу арқылы дипломатия саласына қатысты өзіне тәжірибе жинақтады. Сонымен бірге өзін де шындай білді. Сыртқы істер министрі қызметін атқару кезінде М. Исиналиев бойындағы тұлғалық қасиеттерін барынша көрсете білді: тума дағын, талант, зиялылық, дипломатия саласына қажетті сарағтамашы, дұрыс әрі батыл шешім қабылдай алатын басшы және басқалары.

М.И. Есенәлиевтің дипломатия саласындағы қызметінің кейбір кезеңдері әмбебап халықаралық ұйым – Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы мен Қауіпсіздік Кеңесі жұмыстарымен байланысты. Ол дипломатиялық қызмет

барысында кеңестік делегация құрамында бола отырып, БҰҰ Бас Ассамблеясының XXXI және XXXII сессияларының жұмыстарына қатысты әрі оның мінберінде тұрып сөз сөйлеген ең алғашқы қазақ ұлтының азаматы. Бұл, әрине, мақтанарлық жағдай. Енді осы жөнінде тоқталып кетейік.

Бірінші рет М.И. Есенәлиев 1976 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясының XXXI сессиясы жұмысымен қатар Қауіпсіздік Кеңесі отырысына қатысу мүмкіндігіне ие болады. Ол адам құқықтары, нәсілшілдікке, апартеидке байланысты сұрақтар бойынша көтерілген мәселелер жөніндегі пікір-таласқа қатысады. Осында оңтүстікафрикалық апартеид режиміне қарсы Қауіпсіздік Кеңесінің тиімді шараларына осы органның үш тұрақты өкілі – АҚШ, Ангия және Франция вето құқығын қолданады. Ал бұл өз кезегінде дамушы елдердің делегациясы тарапынан ашу-ызаны тудырады. Африкалық өзгіге ұшыраған халықтарының адам құқықтары жайлы БҰҰ-ның Экономикалық және әлеуметтік кеңесі мен адам құқықтары жөніндегі Комиссия өзара ынтымақтаса отырып қарастыруын жоспарлаған Қарардың жобасына пункт енгізіледі. Осы мәселелер бойынша М.И. Есенәлиевке кеңестік делегацияның атынан сөйлеуі тапсырылады. Сонымен бірге Бас Ассамблеяның Үшінші Комитеті отырысында да кеңестік делегация атынан «Әлеуметтік прогресс мақсатындағы түбегейлі әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің ұлттық тәжірибесі» деген сұрақ бойынша сөйлеген. Ол өз сөзінде мысалдар арқылы, оның ішінде Қазақстан өмірінен апартеидтер келтіру арқылы кеңестік делегацияның ұстанымын көрсетеді. Ол жайлы сол кездегі республикалық ресми басшылымдарға - «Казахстанская правда» мен «Социалистік Қазақстан» газеттерінің 1976 жылғы 23 қарашасындағы санына жарияланғандығы туралы М.И. Есенәлиев өз кітабында жазып қалдырған.

### Маңызды дерек!

*«... Каков же Казахстан сегодня, каковы его люди, его свершения? Сегодня Казахстан – это преобразенный край новых городов и сел с современной архитектурой, новостройками. Это республика с мощной первоклассной промышленностью и высокразвитым сельским хозяйством...»*

*Современный Казахстан – это огромный мир науки и культуры, это сотни научно-исследовательских институтов и учебных заведений, это тысячи библиотек, клубов, дворцов и домов культуры...»*

**дерек:** Исиналиев М. Таңдамалы. Избранное. Том II: Записки дипломата. / Хаким. Михаил Иванович. Маке.-Алматы: «Арыс» баспасы, 2017. – Б. 1-37.

Осы қысқа ғана үзіндіден М.И. Есенәлиевтің ұлтжанды адам екенін байқау қиын емес. Қазақстанның жетістіктерін үлкен мінбеде тұрып айтуы осының айғағы, нағыз патриотқа тән қасиет.

1982 жылы М.И. Есенәлиев Бас Кеңес Ұлттар Ұйымының штаб-пәтері орналасқан Вашингтон қаласына екінші рет дипломатиялық сапармен барады. Бұл сапар барысы да М. И. Есенәлиев үшін алдыңғы жолғыдан да мазмұнды әрі тұжырымды болған. Себебі БҰҰ Бас Ассамблеясының XXXVII сессиясы жұмысына қатысып қана қоймай, кеңестік делегация мүшелерімен бірге Пенсильвания штатының студенттері, оқытушылары, сондай-ақ осындағы жоғары оқу орындарында ғылыми тағлымда мадақ өтіп жатқан кеңестік жас ғалымдарымен кездесулер; ел ішіндегі аралар; ұзақ жылдар бойы КСРО-ның АҚШ-ғы елшісі болған Анатолий Феодорович Добрыниннің қамқорлығы аясында өткен басқа да іс-шараларға қатысып, белсенділік көрсетеді. Бұл жөнінде ол өзінің «Дипломат және балалық» атты еңбегінде айтады.

М.И. Есенәлиев Бас Ассамблеяның XXXVII сессиясы жұмысы кезінде басшылықтың тапсырмасына сәйкес, алқау мүшеліктерінен көтерілген мәселелерді талқылауға қатысқан кеңесшілер және сарапшылармен бірге уақыт өткізеді. Оның себебі, сессияға келген кеңестік делегацияның мүшелерін Бас Ассамблеяның комитеттері отырыстарына қатысуға бөледі. Міне

сонда М.И. Есенәлиевке деколонизация мәселесімен шұғылданатын Бас Ассамблеяның Төртінші комитетіне КСРО атынан өкіл болып қатысу тапсырылады. Бұл тапсырманың қаншалықты маңызды екенін М.И. Есенәлиев өте жақсы түсінеді. Сол себепті комитеттің күнделікті отырыстарына үнемі қатысып және маңызды мәселелерді бөліп көрсетуде өз біліктілігін көрсете білген. Оның пікірінше, осындай маңызды жұмыстарға қажетті жинақылық пен нақтылық жұмыстың қорытындысын шығаруда өте қажет. Мұндай жұмыс стилін ұстанған КСРО делегациясының басшысы А.А. Громыко мен БҰҰ хатшылығы КСРО-ның тұрақты өкілі О.А. Трояновский, КСРО-ның АҚШ-ты елшісі А.Ф. Добрынин болатын. Жалпы, үшеуі де дипломатия саласында өте тәжірибелі, халықаралық саясат туралы көптеген саясаткерлерден жоғары тұрған мамандар, яғни олар суперкәсіпқой дипломаттар еді. Соның ішінде Андрей Громыко БҰҰ құрылуының негізін қалағандардың бірі, аса тәжірибелі дипломат екені анық [12, б.62]

М.И. Есенәлиевтің еңбегінде 1982 жылғы Бас Ассамблеяның XXXVII сессиясы туралы толық мәлімет берілген. Оны оқи отырып өткен ғасырдың 1980-ші жылдарындағы халықаралық ахуалды көз алдыға елестетуге болады - «қырғи-қабақ соғыс» жағдайындағы КСРО мен АҚШ ұстанымдары, Африка құрылығы елдеріндегі, әсіресе Оңтүстік Африка Республикасында апартеид саясаты, Аргентина мен Ұлыбритания арасындағы Фолкленд соғысы (соғыс 1982 жылы болды – авт.), Таяу Шығыстағы оқиғалар т.с.с.

Сессия барысын толық сипаттай келе, оның қорытындысын былай көрсетеді: «БҰҰ Бас Ассамблеясының XXXVII сессиясы өз жұмысын 1982 жылдың 21 желтоқсанында аяқтады. 141 сұрақ талқылап, олар бойынша 252 қарар қабылданды, оның 58-і күресіздену мәселесі бойынша. Бұл рекордтық сан болды» [11, б.63].

М.И. Есенәлиев осы сессия жұмысы барысында Бас Ассамблеяның Төртінші комитетіндегі КСРО өкілі ретінде осы комитетте жұмыс істеп отырған шетелдік дипломаттарға арнап қабылдау ұйымдастырады. Бұл шараға өзінің кеңестік әріптестері де қатысады. Қабылдау рәсімі өтетін залда фотокөрме және

басылым өнімдерінің экспозициялары, сонымен бірге Қазақ КСРО Сыртқы істер министрлігі дайындаған ағылшын және француз тілдеріндегі «Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы» атты буклет те қойылады. Сондай-ақ, КСРО-ның құрылғанына 60 жыл толуына орай Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасына арналған кеш ұйымдастырылады. 1982 жылдың 17 қарашасында БҰҰ жанындағы КСРО-ның тұрақты өкілдігіне Қазақ КСР күні өтеді. М.И. Есенәлиевтің ұйымдастырумен өткен осы шараға БҰҰ жанындағы шетелдік елшілер және Хатшылықтың бірқатар қызметкерлері қатысады. Бұл туралы «Казахстанская правда» газетінің 1982 жылғы 19 қарашасында төмендегі мәтіндей хабар шығады:

**Қызықты дерек!**

*«НЬЮ-ЙОРК, 18 ноября (Корр.ТАСС).*

*В постоянном представительстве СССР при ООН был проведен торжественный вечер, посвященный Казахской КСР. Вечер был организован в рамках мероприятий, проводимых в преддверии празднования 60-летия образования СССР.*

*Среди многочисленных иностранных гостей – видные дипломаты, члены делегаций около 150 стран, принимающих участие в работе XXXVII сессии Генеральной Ассамблеи ООН в структуре Секретариата ООН. Гостей встречали постоянный представитель СССР при ООН О.А. Трояновский и член советской делегации на сессии министр иностранных дел Казахстана М.И. Исиналиев.*

*Собравшиеся на вечер с большим интересом ознакомились с фотовыставкой и книжной экспозицией, ярко и красочно повествующими о сегодняшнем дне социалистического Казахстана, о его богатой истории и культуре. Содействовали также просмотр документальных фильмов «Советский Казахстан сегодня» и «Праздник на Медео».*

*Выступивший перед гостями министр иностранных дел Казахстана М.И. Исиналиев отметил, что в нынешнем году весь советский народ будет праздновать 60-летие образования Союза Советских Социалистических Республик. Многие народы разных республик, подчеркнул он, объединены в единый союз дружбы и нерушимым братством.*

*Сегодня Казахская ССР – это республика с мощной современной промышленностью и сельским хозяйством, с высокоразвитой наукой и культурой. Сегодняшний Казахстан – это космодром Байконур, освоенная дельта. Это 130 национальностей и народностей, живущие единой семьей и с честью выполняющие задания Родины»...*

**источник:** Исиналиев М. Таңдамалы. Записки дипломата .... –Б. 84-85.

Осы хабар мәтіні арқылы, біріншіден, М.И. Есенәлиевтің қаншалықты патриот екенін, оның бойындағы Қазақстанға деген құрмет пен мақтаныш сезімін көруге болады; екіншіден, ұйымдастырушылық, шешім қабылдаушылық, өз ісіне деген жауапкершілік тәрізді қасиеттері оның нағыз кәсіби дипломат екенін дәлелдей түседі. Бұл М.И. Есенәлиевтің дипломатиялық табысы. Оның құпиясы неде десек, біздің пікірімізше, М.И. Исиналиев – тума талант, білімі кең, жан-жақты, философиялық ойлау өрісі жоғары, отаншылдық, ізгіниеттілік, шынайылық, ашықтық тәрізді кешенді қасиетке ие. Қазіргі тілмен айтқанда әлемдік масштабтағы адам [12, б.64]

Сонымен бірге М.И. Есенәлиев осы сессияда сол кездегі БҰҰ Бас хатшысы Перес де Куэльярмен кездесу барысында да ел экономикасы, қазақ халқының тұрмысы мен салты жайлы әңгіме болғандығы туралы жазады. Бас Ассамблея XXXVII сессиясы жұмысының барысында көтерілген өзекті мәселелер туралы көптеген қызықты мәліметтер берімен қатар, «БҰҰ Бас Ассамблеясы сессияларының, оның комитеттерінің жұмыстарына қатысу – бұл көпжақты дипломатия жұмысының үлкен мектебі» екендігін айтады [11, б.27-28].

М.И. Есенәлиев (КСРО) Сыртқы істер министрлігі делегациясының жетекшісі ретінде Бас Ассамблеяның XXXI және XXXII сессияларынан басқа 1988 және 1989 жылдары қатарынан екі рет БҰҰ-ның арнайы комитеттерінің отырыстарына қатысады.

Қазақстанның дипломатияны дамытуда М.И. Есенәлиевтің өзіндік алатын орны бар. Оны дипломаттың әріптестерінің ол туралы айтқандарын оқып отырғанда байқауға болады. Мысалы, М.И. Есенәлиевтің бойындағы жеке қасиеттермен қатар нағыз дипломатқа тән қырларын Ресей Федерациясының төтенше және өкілетті елшісі В. Плустовтың ол жайындағы айтқан пікірлерінен байқауға болады. Төтенше дипломаттың пікірінен үзінді беріліп отыр.

### **Бұны білген дұрыс!**

*«...министр Исиналиев – это исключительно ответственный и вдумчивый человек, который не только руководит, но и сам стремится докопаться до сути дела, сам написать свое выступление на основе изученных материалов и бесед с иностранными делегатами»...*

*«... Тщательно подбирая аргументацию к своим выступлениям, Михаил Иванович использовал и публикации из западных источников. На мой взгляд, он уместно сослался в своей речи на Генеральной Ассамблее на статью из вестника «Трансафрика ньюс», издаваемого в Вашингтоне, в которой говорилось, в частности: «Вполне очевидно, что южноафриканская система представляет собой полную противоположность ценностям, отстаиваемым американской демократией»*

**источник:** Исиналиев М. Тандамалы. Избранное. Том I: Записки дипломата. Хаким. Михаил Иванович. Маке.-Алматы: «Арыс» баспасы, 2007. –Б.295, 297.

М.И. Есенәлиевке тән басқа да қасиетер ол - жақсы басшы, тамаша ұйымдастырушы, шешен сөйлейтін, мықты сараптамашы. Дипломаттың бойындағы осы қасиеттері туралы Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі Ерлан Ыдырысов былай дейді:

### **Бұны білген дұрыс!**

*«... он был не только талантливым руководителем и организатором, но и обладал серьезным потенциалом аналитического и теоретического мышления. Как очевидно современник М.И. Исиналиева, я хотел бы подчеркнуть его вклад в методическую разработку положений тогда еще не самостоятельного внешнеполитического ведомства. Он, широко используя большой, накопленный годами практический опыт в советских и партийных органах, сумел вычлнить в работе фактически протокольного тогда МИДа, его основные функции и направления, добиться высокой эффективности в его работе, сделать его определенно самостоятельным звеном в системе государственных органов Казахстана»*

**источник:** Исиналиев М. Тандамалы. Избранное. Том II: Записки дипломата. Хаким. Михаил Иванович. Маке.-Алматы: «Арыс» баспасы, 2007. –Б. 300-301.

Кеңестік саяси жүйеде оқып, тәрбие алған және қызмет атқарғанына қарамастан М.И. Есенәлиев саясатта қазақ ұлтының мүддесін, құндылықтарын, ұлтжандылықты құрметтеді, оларды жоғары ұстады. Сыртқы саясат пен елдің ішіндегі оқиғаларды бірдей сараптай біліп, дұрыс қорытындылар жасады. Мемлекеттің сыртқы саясаты қай кездеде жауапкершілі мол, күрделі іс екенін дипломат ретінде М.И. Есенәлиев өте жақсы түсінген адам. Ол тек түсініп, біліп қана қоймай, барынша қажетті қызмет атқарды. Осындай халқының адал перзенті, мемлекет қайраткері 1999 жылы өмірден өтті.

М.И. Есенәлиев көптеген дипломаттардың менемуарлық еңбектің авторы. Өзінің артында «Записки дипломата» деген атпен жарық көрген кітабын және басқа да еңбектерін қалдырды.

М.И. Есенәлиев тәрізді тарихи тұлғаның өмір жолы, ұстанымы бүгінгі тәуелсіз Қазақстан Республикасының дипломаттарына тарихи таным тәжірибелік тағлымы бар екенін білу өте маңызды.

Кеңестік дәуірден бастап сыртқы саясат саласындағы қызметін Қазақстанның тәуелсіздік жылдарында жалғастырған дипломат Ақмарал Хайдарқызы Арыстанбекова [қараңыз: қосымша Ж].

А. Арыстанбекова 1948 жылы 12 мамырда Алматы қаласында туған. 1971 жылы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетін бітірген. 1971-1974 жылдары аспирантурада оқыды. Еңбек жолын Қазақ мемлекеттік университетін бітіргеннен кейін осы оқу орнында кіші және аға редактор қызметкері болып бастап, 1974-1978 жылдар аралығында жұмыс жасаған. Қазақстан Жастар одағы Орталық комитетінің білім меңгерушісі, хатшысы қызметтерін 1973-1983 жылдары, одан кейін Шетелдермен достық және мәдени байланыс жөніндегі Қазақ қоғамы төрағасының орынбасары қызметін 1983-1989 жылдары атқарады. 1989 жылы қараша - 1991 жылы

желтоқсан айлары аралығында Қазақ КСР Сыртқы істер министрі болды.

А.Х. Арыстанбекова КСРО тарамай тұрғанда әмбебап халықаралық ұйым БҰҰ жанындағы КСРО Тұрақты Өкілдігінің аға кеңесшісі және Қазақ КСР-ның өкілі ретінде тағайындалды. Ол өзінің «Объединенные Нации и Казахстан» деп аталатын еңбегінде осы ұйымға келген уақыты туралы былай деп еске алады:

#### **Маңызды дерек!**

*«С первых дней моей работы в ООН, постигая непростую науку многосторонней дипломатии, изучая в деталях сложнейший механизм этой уникальной Организации, я почувствовала уважение к ее роли и миссии незаменимого инструмента диалога и солидарности между народами. Со временем, по мере углубления моих знаний и опыта, это уважение еще более окрепло»*

**источник:** Арыстанбекова А.А. Объединенные Нации и Казахстан.- Алматы: Дайк-Пресс, 2002.-С.6.

Міне, осылайша Т. Тәжібаев, Б. Бөлтірікова, М. Есенәлиев және А. Арыстанбекова тәрізді қазақ азаматтары КСРО кезеңінде әмбебап ұйым – БҰҰ-да өздерін талантты дипломат ретінде танытып қана қоймай, Қазақстанды да лайықты көрсетуге ат салысқан тұлғалар.

### **3.2 Қазақстан Республикасы және Біріккен Ұлттар Ұйымы арасындағы ынтымақтастықтың жаңа кезеңдері: қазақстандық дипломаттардың рөлі**

Егеменді Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты мен дипломатиясының қалыптасуына және оның дамуына үлкен еңбек сіңірген тұлға – ол Қазақстан Республикасының Президенті

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев. Қазақстанның сыртқы саясатын жүргізуші кәсіби дипломаттарды таңдауда, отандық дипломаттарды әзірлеуде Қазақстан Президентінің еңбегі зор. Оны төмендегі берілген мәтіннен байқауға болады:

**Бұны білген дұрыс!**

*... Большинство рекомендованных мною дипломатов показало себя с хорошей стороны, и это не может не радовать.*

*Надо прямо сказать: такое массовое привлечение профессиональных дипломатов к посольской службе было бы невозможно без понимания и поддержки президента Н. Назарбаева, который еще в начале 90-х годов Гоствил за основу подбора способных специалистов на ключевые дипломатические должности. Глава государства вникает во всё нюансы этой сложной и кропотливой работы, присматривается к кадрам, лично проводит собеседования со многими кандидатами. Ни один указ не был подписан без тщательного изучения профессиональных качеств кандидатов на посольскую должность или на должности заместителей министра.*

*Данный факт свидетельствует о большом внимании президента к дипломатической службе, в частности, к аспекту формирования ее руководящего состава. По-другому быть не могло, ведь Н. Назарбаев известен своей скрупулезностью во всех вопросах. Поэтому дипломатическая служба, находящаяся под личным патронажем главы государства, не могла остаться в стороне от его внимания.*

*Президент, согласно Конституции, определяет основные направления внешней политики страны. Другими словами, он непосредственно осуществляет внешнеполитический курс Казахстана. Это не декоративная фраза, а реальное положение вещей. И зорко об этом с полным пониманием ответственности, поскольку почти на протяжении пятнадцати лет имел возможность видеть главу нашего государства в нелегком дипломатическом деле...*

**источник:** Токаев К.К. Свет и Тень.-Астана: 2007.-С.206-207.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев ел тәуелсіздігінің алғашқы жылдарынан-ақ Қазақстанның әлемдік қауымдастықта өзінің лайықты орнын алу үшін бар күші мен жігерін салып келе жатыр.

Н. Назарбаев «Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы» [15] деген еңбегінде Қазақстанның халықаралық және сыртқы саясатының басым бағыттарын анықтап берді. 1992 жылы 2 наурызда Қазақстан Республикасы БҰҰ-ның 168-ші мүшесі болып қабылданды. Қазақстан Республикасы үшін бұл тарихи күн саналады. Әлем мемлекеттері Қазақ мемлекетін ресми түрде таныды. Қазақстанның туы алғаш рет БҰҰ-ның алдында көтерілді. Қазақстан Республикасы БҰҰ-на кіруі туралы ресми шешім қабылданғаннан кейін екі ай өткен соң Президент Нью-Йорк қаласында Қазақстан Республикасының Тұрақты өкілдігін ашу туралы шешім қабылдады.

БҰҰ-ға мүше бола отырып Қазақстан барлық халықаралық істерге толыққанды араласу құқығына ие болды. Бұл тәуелсіз Қазақстан үшін зор тарихи маңызы бар оқиға.

Біріккен Ұлттар Ұйымының түрлі бағыттағы - қарусыздандыру, бітімгершілік саясаты, экономикалық, әлеуметтік, гуманитарлық және халықаралық-құқықтық әрекеттерде қайталанбас және мол тәжірибесі бар, бұл тәжірибеге ие болу дербес мемлекеттік институттарды қалыптастыруда және әлемдік стандарттар негізінде ең ауқымды реформалар жүргізуде мүше-мемлекеттерге әлсіз көмек көрсетеді. Солардың қатарында Қазақстан да бар.

Президент Н. Назарбаев БҰҰ-ның алдында өзіне алған халықаралық міндеттемелерді мүлтіксіз орындау арқылы Қазақстанды жауапты әріптес ретінде танытып келеді. БҰҰ-ның Жарлығында мазмұндалған мақсаттар мен қағидаттарды іске асыруда Қазақстан үнемі белсенділік танытып келеді. Оның ең алғашқысы 1992 жылғы Президент Н. Назарбаевтың БҰҰ Бас Ассамблеясында сөйлеген сөзі және ең бірінші ұсыныстары болатын. Н. Назарбаевтың БҰҰ Бас Ассамблеясының 47-ші сессиясындағы сөйлеген сөзі [қараңыз: қосымша 3] тарихи мәні

бар, Қазақстан үшін айтулы оқиға еді. Бас Ассамблеяның осы сессиясында әлемдік қауымдастықтың назарына Қазақстанның атынан екі маңызды ұсыныс жасады. Бірінші ұсыныс арқылы Президент Н. Назарбаев БҰҰ-ға мүше-мемлекеттерді өздерінің қорғаныс бюджетінен ерікті түрде 1% пайыз жарна аудару арқылы «бір+бір» формуласы бойынша БҰҰ-ның бітімгершілік күш-жігер қорын қалыптастыруға шақырды. Екінші ұсыныс - Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі Кеңесті шақыру (АӨСШК). Бүгінгі күні Қазақстан Президентінің бұл бастамасы, яғни АӨСШК Азия құрылығында еркіндік жүйесін қалыптастырудың және халықаралық қатынастардың нақты факторы болып табылады.

БҰҰ мінберінен бірнеше мәрте сөз сөйлеп, Н. Назарбаев әлемдік қауымдастықтың назарын аударған тағы бір мәселе - ол Семей және Арал проблемалары болатын. Дүниежүзіндегі төрт ядролық сынақ полигонының біреуі Семей алаңында орналасқан еді. Осы сынақ полигонын Қазақстан өз еркімен жауып, 40 жылдан астам жасалған атом бомбасының сынағы тоқтатылғанын Н. Назарбаев жариялағанда, әлемдік қауымдастық Қазақстанның мұндай әрекетін өте жақсы қабылдады. КСРО жылдарында Семей полигонында жасалған сынақтардың Қазақстан халқына, оның жер қыртысы мен табиғатына орасан зор зиян мен зардап келтіргендігі, әсіресе, осы залалдың көлемі жайлы әлемдік қауымдастық хабар алғыз еді. Осы жөнінде Н. Назарбаев Қазақстан БҰҰ-ға мүше болғаннан кейін ғана айтып, мұндай проблемаларды келешекте болдырмауға шақырды. Міне, содан бері БҰҰ және оның жүйесіндегі басқа да ұйымдар экологиялық зардапты салалатын Семей және Арал өңірлерін әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан оңалтуға барынша қолдау көрсетіп келеді.

Қазақстан Республикасы Президенті Н. Назарбаев қатысқан БҰҰ шеңберіндегі үлкен шаралардың бірі - 2000 жылы өткен ұйымның Бас Ассамблеясының 55-ші мерейтойлық сессиясы. Осы сессияның шеңберінде БҰҰ-ның Мыңжылдық саммиті өтті. Саммите Н. Назарбаев сөз сөйлеп, «жаңа мыңжылдық адамзат өміріне үлкен өзгерістер әкеліп, бетбұрыс кезеңнің

басталғандығын білдіретіндігін» айтып [1, б.488], тағы бір рет қауіпсіздік мәселесіне тоқталды.

Н.Назарбаев 2002 жылы Йоханнесбургте өткен тұрақты даму жөніндегі БҰҰ Бүкілдүниежүзілік саммиті жұмысына да қатысып, осында сөйлеген сөзінде «БҰҰ-ны жаһандық экологиялық проблемаларды ауқымды инвестицияларды тарту арқылы шеші жөніндегі нақтылы ұсыныстары бар Ресейге жасауға» [1, б.511] шақырды. Сонымен бірге «тұрақты даму – бұл жай ғана айтыла салған сөз емес, адамзаттың аман қалуы, өмір сүру формуласы» [1, б.512] екендігін мәлімдеді.

2011 жылы АҚШ Президенті Б. Обаманың шақыруы бойынша Қазақстан басшысы Н. Назарбаев БҰҰ Бас Ассамблеясының 66-шы сессиясына қатысты. Бұл жолы Президент ядролық қауіпсіздік мәселесі бойынша сөз сөйледі. «Бұл менің Қазақстан Президенті ретіндегі басты тақырыптардың біріне айналды. Мен ядролық қауіпсіздікті үш бірліктің тұтас бір құрылымы ретінде қарастырамын. Біріншісі – проблемалардың әскери-саяси аспектісі. Ол адамзатты ядролық қарудан қорғаумен байланысты. Екіншісі – ықтимал ядролық терроризмге қарсы іс-қимыл болса, үшіншісі – атом энергетикасының қауіпсіздігі. Бірінші мәселе бойынша, біздің ұстанымымыз өзгеріссіз қалады, яғни ядросыз әлемге қарай қадам тарихи мақсат болып табылады. Ал таяу болашақта ядролық державаларды ядросыз мемлекеттерге қатысты ядролық қарумен тоқтандырып жасамауға міндеттейтін конвенция қабылдау қажет» [16] деген Қазақстан басшысы ядросыз әлемге бағыт ұстануға оның нақты жолдарын іздестіру маңызды міндет болып қала беретініне екпін түсірді.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев 2015 жылғы БҰҰ Бас Ассамблеясының 70-ші мерейтойлық сессиясына қатысып, ұйымның дебатында сөз сөйледі. Бұл жолы да Қазақстан Президенті тың идеялар мен ұсыныстар жасады: «БҰҰ экономикалық және әлеуметтік кеңесін жаһандық даму кеңесіне айналдыру; 2016 жылы БҰҰ-ның халықаралық құқықтың арқаулық қағидаттарын бекітуге арналған жоғары

деңгейдегі халықаралық конференциясын шақыру; халықаралық терроризм мен экстремизмге қарсы тұра алатын бірыңғай әлемдік желі құру; БҰҰ-ның ядролық қарудан азат әлемге қол жеткізу жөніндегі Жалпыға ортақ декларациясын қабылдау; БҰҰ-ның штаб-пәтерін Азия құрлығына көшіру; жаңа әлемдік валюта енгізу; «Жаһандық стратегиялық бастама – 2045» жоспарын әзірлеу» [17, б.1]. Қазақстан Республикасы Президенті ұсынған бұл ұсыныстарды әлемдік қауымдастық үлкен сезіммен тыңдады әрі өздерінің ой-пікірлерімен бөлісті.

2015 жылғы саммитте Қазақстан басшысы өзін таңдау бір қырынан көрсетті. Ол әлемдік қауымдастықтың алдында өзінің баяндамасын қазақ тілінде жасады. Халықаралық ұйымның мінбері арқылы қазақ тілін әлемдік қауымдастыққа таратты. Бұл тек Н. Назарбаевқа ғана тән еді. Бұл жөнінде тілшілерге берген сұхбатында «Мен айтпасам, кім айтады?», - деп жауап берген еді [18]. Бұл БҰҰ тарихындағы қазақ тіліндегі тұңғыш баяндама еді.

«Осы жылдар ішінде Елбасымыз Қазақстанның БҰҰ-мен сан қырлы ынтымақтастығына көп көңіл бөліп келді. Нұрсұлтан Назарбаевтың БҰҰ штаб-пәтеріне 7 рет ресми сапар жасауы, Ұйымның Бас Ассамблеясының жұмысына 6 рет қатысуы соның бір дәлелі», - деп жазды Сауытбек Абдрахманов Республикалық «Егемен Қазақстан» газетінде [18, б.1].

БҰҰ және Қазақстан арасындағы ынтымақтастықты дамытуға үлескен қосқан дипломаттардың бірі – Ақмарал Хайдарқызы Арыстанбекова.

1991 жылы 16 желтоқсанда жас тәуелсіз мемлекет Қазақстан Республикасы пайда болған кезден бастап, А. Арыстанбекованың есімі тікелей БҰҰ-мен байланысты. Себебі Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев А.Х. Арыстанбекованы 1991 жылы 20-шы желтоқсанда Нью-Йоркке Қазақстанды Біріккен Ұлттар Ұйымына қабылдау мәселесімен таныстыру үшін арнайы жібереді. «Біз үшін БҰҰ-мен байланыс орнату ауадай қажет. Сіз Бас Ассамблеяның сессияларында жақсы жұмыс істедіңіз және Сізді онда бәрі таниды», - деп тапсырады Президент [13, б.13]. Таңдаудың А.Х. Арыстанбековаға түскен себебі, ол екі жылдай Сыртқы істер

министрлігін басқарған және 1990 жылы қыркүйек-қараша айларында БҰҰ Бас Ассамблеясының 45-ші сессиясында жұмыс істеп тәжірибе жинақтаған болатын. Сол кезден бастап А.Х. Арыстанбекова БҰҰ-ның қызметкерлерімен жақсы таныс болатын. Президент осыны меңзеген еді.

А.Х. Арыстанбекова 1992 жылы 15 сәуірде, Қазақстан Республикасының БҰҰ-дағы тұрақты өкілі болып тағайындалды [қараңыз: қосымша И] және ол тәуелсіз Қазақстанның шет елдер тұлғашы әйел-елшісі болды. Осы қызметте ол 1999 жылға дейін мүлтіксіз атқарды. Бұдан басқа А.Х. Арыстанбекова 1999, 2001 жылдары ЮНЕСКО жанындағы Қазақстан Республикасының тұрақты өкілі қызметін қоса атқарды.

А.Х. Арыстанбекова БҰҰ-ғы дипломатиялық қызметі жылдарында тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш елшісі бола отырып, ұйым шеңберінде қарастырылған халықаралық қатынастардың өзекті мәселелері бойынша біздің еліміздің беделін көтеруге, әлемдік саясаттағы орнын айқындауға келей ат салысқан дипломат ретінде танылды. Басқа да көптеген жаңа мемлекеттер сияқты Қазақстан үшін БҰҰ-ға мүше болу, оның сессияларының жұмыстарына белсене қатысу үлкен мәртебе, сонымен бірге тәжірибе жинақтайтын алды.

Қазақстанның БҰҰ-дағы Тұрақты өкілдігі алғашқы жылдары 5-ақ адамнан тұралды. Өкілдіктің қалыптасып белсенді жұмыс істеуіне БҰҰ-ғы алғашқы қазақстандық дипломаттар - М.Х. Сыздықов, Е.Ө. Ыдырысов, М.А. Смағұлов елеулі үлес қосады.

А.Х. Арыстанбекованың деректері бойынша осы шағын топ халықаралық ұйымның қарарларының талқылауларына қалмай қатысып, пікірлерін білдіріп, солардың бәрінің дауыс беруіне қатысқан БҰҰ-ға мүше 20-25 мемлекеттің қатарында тұрған. ТМД елдерінен бұл құрметті тізімге кірген екі мемлекет - Ресей мен Қазақстан ғана болды.

А.Х. Арыстанбекованың дипломатия саласындағы қызметінің жемістерінің бірі Азиядағы өзара сенім мен іс-шаралары жөніндегі Кеңесті (АӨСШК) шақыру туралы Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынысы бойынша

атқарылған іс-шараларға қатысуы еді. БҰҰ-ның үлкен трибунасында Қазақстан Президенті ЕҚЫҰ сияқты Азия құрылымына да қауіпсіздік құрылымының қажеттілігін айтқан болатын: «Біздің континентте Еуропадағы ЕҚЫҰ тұрпаттас, Азиядағы қауіпсіздік және ынтымақтастық құрылымын (АҚЫК) құру идеясы көптен бері ойдан шықпай жүр, бірақ әзірге еш қолдау таппай келеді.

Америкадағы, Африкадағы, Еуропадағы континентті ұйымдар қызметінің пайдалы тәжірибесі Азиядағы өзара ықпалдастық пен ынтымақтастықтың біртұтас органдарын құруға бір қарағанда, итермелеуге тиіс» [19, б.472].

АӨСШК-ні шақыруға байланысты қажетті мәселелерді шешу жөніндегі жұмыс біраз уақытқа уақытқа созылды. Оның бастапқы кезеңдерінің ұйымдастыру жұмысына А.Х. Арыстанбекова да қатысты.

БҰҰ-ға кіргеннен кейін Қазақстанның алдында екі үлкен міндет тұрды. Біріншіден, біздің еліміздің Арал теңізі, Семей полигоны сияқты экологиялық мәселелерін, экономикалық, әлеуметтік мәселелерін шешуде БҰҰ тарабынан жәрдем алу мақсатында Біріккен Ұлттар Ұйымының бағдарламалары және түрлі қоларымен ынтымақтастық орнату керек болды. Екіншіден, Қазақстан жаңа мемлекет ретінде Бас Ассамблея мен БҰҰ-ның басқа органдарының жұмыстарына қатысу арқылы халықаралық мәселелерді шешуде өзінің үлесін қосу қажет болды. Сондықтан БҰҰ-на мүше болғаннан кейін, 1992 жылдың наурыз-қыркүйек айларында өткен Бас Ассамблеяның 46 сессиясында А.Х. Арыстанбековаға дипломат ретінде БҰҰ Бас Ассамблеясының күн тәртібінің біраз сұрақтар мен мәселелер бойынша Қазақстанның позициясын анықтап дайындау міндеттелді.

Қазақстан тәуелсіз ел атанғанда бұрынғы Одақтан «мұра» ретінде қалған аса ірі ядролық арсенал - Семей ядролық полигоны жұмыс істеп тұрды. Осы кезде Қазақстан басшысы ядролық қарудан бас тарту бірден-бір дұрыс жол деп шешім қабылдады. Нәтижесінде, 1991 жылдың 29 тамызында тарихи құжатқа қол қойылып, еліміздің ядросыз саясатының негізі қаланды. Арада 20 жыл өткен соң БҰҰ Бас Ассамблеясы Қазақстан бастамасын

қолдап, өзінің 64-ші сессиясында 29 тамыз күнін «Ядролық сынақтарға қарсы іс-қимылдың халықаралық күні» деп жариялады. Қазақстанның ядролық қарудан бас тарту мәселесін Біріккен Ұлттар Ұйымы шеңберінде талқылап, Бас Ассамблеяның негізгі резолюциясының қабылдануы үшін көп жұмыс атқарып, бір келісімге келуде де А.Х. Арыстанбекованың үлесі баршылық.

БҰҰ сияқты әмбебап ұйымға мүше болу Қазақстанның қазіргі халықаралық қатынастардың өзекті мәселелерін бірлесіп шешуге, сондай-ақ мемлекеттің егемендігі мен ұлттық қауіпсіздігін бекітуге мүмкіндік берді.

А.Х. Арыстанбекова Біріккен Ұлттар Ұйымына Қазақстан Республикасының елшісі ретінде барған уақытында төртінші әйел-елші болды. Сол уақыттағы БҰҰ-ның 176 мүшесі - мемлекеттің ішінде тек төртеуі әйел-елші, ал оның үстіне А.Х. Арыстанбекованың Азиядан шыққан жалғыз елші екендігі туралы мәліметті оның еңбегінен көздегіреміз [13, б.343]. Сондай-ақ кітапта мынадай қызық мәліметті де оқуға болады: «Посол Китая при ООН часто говорил мне: «Вы представляете всех женщин Азии, в том числе и Китая» [13, б.343]. Осы мәліметтерден-ақ дипломатиялық қызметтегі әйел адамдардың санының аздығын байқаймыз. Соған қарамастан аз санның ішінде қазақстандық өкілдің болуы, ал оның А.Х. Арыстанбековаға бұйыруы Қазақстан Республикасы үшін, барша қазақстандықтар үшін үлкен мәртебе. Сондай-ақ Қытай елшісі айтқандай барлық Азия елдерінің әйелдері атынан құрметті де жауапты қызметті А.Х. Арыстанбекованың атқаруы сол кездегі тәуелсіздігін енді ғана алған жас мемлекетіміз үшін үлкен абырой әрі мақтаныш.

А.Х. Арыстанбекованың дипломатия саласында жинақтаған тәжірибесі «Объединенные Нации и Казахстан» (2002), Казахстан в ООН: история и перспективы» (2004), «Миротворческие деятельность ООН» (2005) атты ғылыми еңбектері арқылы халықаралық қатынастар мен сыртқы саясат бойынша шұғылданатын мамандарға кеңінен танымал. Әсіресе халықаралық ұйымдармен айналысатын жас зерттеушілерге аталған еңбектер құнды дерек көздері болып табылады. Отандық

оқу орындарында сыртқы саясат саласы бойынша кәсіби мамандарды даярлау барысында аттары аталған еңбектердің алатын орны ерекше.

Халық даналығы «тарихты тұлға жасайды» деп бекер айтылмаса керек. Тәуелсіз Қазақстан тарихын жасауда А.Х. Арыстанбековаға қатысты «тарихи тұлға» деген ұғымды қолдануға толықтай негіз бар. Оның есімі отандық дипломатия тарихында тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш елшісі және ел тарихындағы тұңғыш әйел-елші болып алтын әріптермен жазылатыны хақ. Тарихи хронологияға сүйенетін болсақ А.Х. Арыстанбекова Қазақстанның сыртқы істер министр (1992-1991 жж.); Қазақстан Республикасының БҰҰ жанындағы тұңғыш Тұрақты өкілі (1992-1999 жж.); Франциядағы тұңғыш және өкілетті елші (1999-2003 жж.) және Қазақстан Республикасының ЮНЕСКО жанындағы Тұрақты өкілі қызметін қоса атқарушы (1999-2001 жж.) болды. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Ерекше тапсырмалар жөніндегі елшісі.

Біріккен Ұлттар Ұйымы мен Қазақстан Республикасы арасындағы байланыстар туралы айтқанда тағы бір қазақ дипломатының есімін ерекше атау керек. Ол Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев [қараңыз қосымша К].

Қ. Тоқаев 1953 жылы 17 мамырда Алматы қаласында дүниеге келген. Оның дипломатия саласындағы қызметін КСРО жылдарында бастаған. Оның дипломатиялық өсу жолының алғашқы басалықтары 1974 жылы Қытай Халық Республикасында яғни Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институтының (МГИМО – авт.) студенті ретінде ҚХР-дағы КСРО елшілігінде тағлымдамадан өту кезінде басталады. Институтты аяқтағаннан соң Сингапур Республикасындағы КСРО елшілігіне қызметке жіберіледі. Мұнда ол 4 жыл жұмыс істейді. Бұдан соң КСРО СІМ-нің Орталық аппаратында қызмет етеді. 1985-1991 жылдардың аралығында ҚХР-дағы КСРО елшілігінде жұмыс істейді.

1992 жылы Ресей Федерациясының Сыртқы істер министрлігінің Дипломатиялық Академиясын бітірген соң

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасары, 1993 жылы желтоқсанында Сыртқы істер министрінің бірінші орынбасары болып тағайындалады. 1994 жылы Қазақстан Президенті жарлығымен Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрі қызметіне тағайындалады. Бұл қызметін ол 1999 жылға дейін атқарады. Қысқа мерзімнен кейін (1999 ж. қазанында ҚР Премьер-министрі болып тағайындалды – авт.), 2002-2007 жылдардың аралығында қайрадан Қазақстан Республикасының сыртқы істер министрі болды. Ол сыртқы істер министрі болған уақытта сыртқы саясат ведомствосы кәсіби дипломаттармен толықтырыла бастады.

Қ.К. Тоқаев Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының бірнеше сессиясында сөз сөйледі және онда әлемдік саясат пен халықаралық қатынастардың өзекті мәселелері бойынша Қазақстанның пікірлерін жеткізді. Мысалы, 1995 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясының 50-ші сессиясында сөйлеген сөзінде [қараңыз: қосымша Қ] Қ. Тоқаев «барлық аялмай елдерді БҰҰ Бас Ассамблеясының 47-ші сессиясының жоғары мінберінен Президент Н.Ә. Назарбаев айтқан идеяны іске асыруға өз үлестерін қосуға шақырса» [1, с. 54], сондай-ақ Біріккен Ұлттар Ұйымын реформалау туралы пікірлерін білдірді: «...БҰҰ Жарғысы осы заманғы әлемде баламасы жоқ Ұйымның қызметінің негізі мен негіздары болып қалуы тиіс. БҰҰ құрылған кезден бері әлемде болған ірі өзгерістер Қауіпсіздік Кеңесінің құрамын өзгертуге ықпал етуі керек. Қазақстан Кеңес мүшелерінің бірі болуының ішінде тұрақты негізде жұмыс істейтіндердің санын принципінде ұлғайту керек деп санайды. Біздің көзқарасымызша халықаралық сот сияқты маңызды органды да бүгінгі күн талаптарына бейімдеу маңызды...» [1, б. 545-546]. Қазақ дипломаты өзінің осы ойлары мен көзқарастарын және жаһандық өткір мәселелер жөнінде БҰҰ Бас Ассамблеясының кейінгі сессияларында да айтты. Сонымен бірге Қ.К. Тоқаев БҰҰ ЭСКАТО-ның 60-шы сессия жұмысының төрағасы болды.

Қ.К. Тоқаев Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас хатшысының орынбасары болып тағайындалған тарихта тұңғыш қазақ азаматы,

біздің отандасымыз. Ол бұл қызметке 2011 жылы тағайындалды. Бұған қоса Қ.К. Тоқаев БҰҰ-ның Женевадағы бөлімшесінің директоры және Қарусыздану бойынша конференцияның бас директоры қызметін атқарды. Қ.К. Тоқаевтың мұндай қызметке тағайындалуы қазақстандық өкілдің биік кәсіби және саяси деңгейін айғақтаумен қатар, қазақ елінің беделін де көрсетеді.

Сонымен, Қ.К. Тоқаев кәсіби әрі тәжірибелі дипломат, әр жылдары Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі, Премьер-министрі, Мемлекеттік хатшысы қызметтерін атқарған саяси және қоғам қайраткері, ал қазіргі күні Сенат төрағасы ретінде барша қазақстандықтарға танымал тұлға.

Біріккен Ұлттар Ұйымы мен Қазақстан Республикасы арасындағы ынтымақтастықтың дамуына БҰҰ жанындағы Қазақстан өкілдігі барынша қызмет көрсетіп келеді.

Біріккен Ұлттар Ұйымы жанындағы Қазақстанның Тұрақты өкілі қызметін бірінші атқарған А.Х. Арыстанбекова екені жоғарыда айтылып өтті. А. Арыстанбековдан кейін 1999-2003 жж. аралығында Мәдина Бейнешкеева Жарбосынова, 2003-2007 жж. Ержан Хозеұлы Қазыханов, 2007-2013 жж. Әйтимова Бірғаным Сарықызы атқарса, ал 2013 жылдан бүгінгі күнге дейін бұл абыройлы қызметті Қайрат Әбдірахманұлы Әбдірахманов жалғастыруда [қараңыз: кестімізше 1]. Мысалы, 2016 жылы сәуір айының басында АҚШ-тың Нью-Йорк қаласында БҰҰ Қарусыздану жөніндегі комиссияның жыл сайынғы сессиясы өтті. Қазақстан 2015-2017 жылдарға арналған кезеңде аталған комиссияның ядролық қарусыздану және таратпау мәселелері жөніндегі жұмыс тобына төрағалық етуде. Комиссияның кезекті сессиясының ашылуында Қазақстан Республикасының БҰҰ жанындағы Тұрақты өкілі Қайрат Әбдірахманов сөз сөйлеп, онда ол Қазақстан Президенті Н. Назарбаевтың «Әлем. XXI ғасыр» жөніндегі басымен таныстырды. Нұрсұлтан Назарбаевтың маңызды бас амалары туралы және ядролық қарусыздану және таратпау мәселелеріндегі Қазақстанның ұстанымы жайлы айтты. Міне, БҰҰ жанындағы Тұрақты өкілдердің барлығы да кәсіби дипломат, сыртқы саясатта үлкен тәжірибе жинақтаған қызметкерлер. Олар Біріккен Ұлттар Ұйымында Қазақстанның

бастамашылығымен іске асырылып жатқан шаралардың басы-қасында тұрды, ал бүгінгі Тұрақты өкіл өзінің дипломатиялық миссиясын атқаруда.

### **3.3 БҰҰ-ғы қазақстандық дипломатия тәжірибесі**

1992 жылдан бері БҰҰ-ға мүше мемлекет ретінде Қазақстан Республикасы оның Бас Ассамблеясының жыл сайынғы сессиялары мен басқа да мәжілістеріне үзбей қатысып келе жатыр. Қазақстан бүкіл әлемдік қауымдастыққа ортақ мәселелерге байланысты тұжырымды ұсыныстар жасап келеді. Атап айтқанда, Орталық Азия бітімгерлік батальонын (Ортазбат) және Орталық Азияның экономикалары үшін БҰҰ Арнайы Бағдарламасын (СПЕКА) құру; Азиядағы өзара іс-қимылдар мен сенім шаралары жөніндегі кеңесті шақыру (АӨСШК); 29 тамыз күнін ядролық сынақтарға қарсы әрекет ерудің Халықаралық күні деп жариялау т.с.с. Олардың қатары 2012 жылғы БҰҰ-ның 70 жылдығына байланысты өткен мерейтойлық саммит кезінде Қазақстан тарапынан жараланған жаңа ұсыныстармен толықтырылды. Енді осылар жайлы аяндап өтейік.

#### **3.3.1 Орталық Азия және қазақстандық бітімгерлік батальондары туралы**

1995 жылы Орталық Азияның үш мемлекеті – Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстан БҰҰ аясында Орталық Азия бітімгерлік батальонын (Ортазбат) құру туралы келісімге қол қойды. Оның мақсаты - БҰҰ-ның бітімгершілікке күш салуын нығайту және дамыту. Бұл БҰҰ-ға мүше-мемлекеттердің бітімгершілікке байланысты ұстанымдарымен бөлісуден тұрады. Орталық Азияның үш мемлекет басшысы БҰҰ Бас Хатшысына ұйымның болашақ бітімгершілік операцияларына Орталық Азия батальонының қатысу мүмкіндіктерін қарастыруын өтінген өздерінің үндеулерін жолдайды.

Орталық Азия бітімгершілік батальонын құру БҰҰ тарапынан қолдау тапты және Бас хатшының тарапынан да

Орталық Азия аймағындағы халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде мемлекеттердің қосқан үлесі ретінде бағаланды.

«Орталық Азия батальонының міндеті – БҰҰ қамқорлығымен бейбіт жасампаздық іс-әрекеттерге қатысу. Батальон құрамына үш мотоатқыштар ротасы, зенит-ракетаалық взвод, минометті батарея, байланыс взводы, медициналық пункт және материалдық-техникалық жабдықтау взводы кіреді. Жалпы саны – 553 адам. Ресей, АҚШ, Түркия және басқа мемлекеттердің бітімгершілік күштерінің қатысуымен жыл сайын бұл батальонның жаттығуы өтіп тұрады. Жаттығу ауданында қатысушы елдер бөлімдерінің десанттары террорға қарсы әрекеттер мен гуманитарлық тапсырмаларды орындайды» [20].

Орталық Азия бітімгершілік батальоны бірқатар бірлескен жаттығулар өткізгеннен кейін бірауақыттан соң өз қызметін тоқтатты.

Қазақстан БҰҰ-ның бітімгершілік қызметін және оның бітімгершілік әлеуетін нығайту жөніндегі күш-жігеріне қолдау көрсете отырып, БҰҰ-ның резервті келісім-шарттар жүйесі мандатын кеңейту шараларын оң бағалайды. Қазақстанның осы бағытта белсенді қымыс атқаруының дәлелі Қазақстандық бітімгершілік батальонының (Қазбат) құрылуы болып табылады.

«Қазбат» бітімгерлік батальоны толықтай келісім-шарт бойынша әскери қызметшілермен жасақталған, қазіргі заман талаптарына сәйкес жарақтандырылған және бітімгершілік миссияда іс жүзінде тәжірибе жинақтаған. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі бітімгершілік күштерін дамыудың бағдарламасын әзірледі. Қол қойылған меморандумға сәйкес «Қазбат» БҰҰ-ның «көгілдір каскаларының» құрамына кіреді.

Қазбриг бітімгерлік бригадасы құрлық әскерлеріне қосып аэромобиль әскерлері құрамына кіреді. Қазбриг шартты түрде Қазбат-1, Қазбат-2 және Қазбат-3 деп атауға болатын үш батальоннан тұрады: Қазбат-1 батальоны БҰҰ-ның бітімгерлік миссияларына қатысады; Қазбат-2 Ұжымдық қауіпсіздік шарты

ұйымы (ҰҚШҰ) аясындағы бітімгерлік операцияларға қатысу үшін құрылған; Қазбат-3 – Қазбригтің резервтегі бөлімшесі.

Үш ротадан тұратын Қазбат-1 батальонында 550 әскери қызметкер (БҰҰ стандарты бойынша) бар. Керек-жарақпен қамту мәселелерін жеңілдету үшін әр рота 170 адамнан жасақталған. Бірақ әскери қызметшілер саны БҰҰ жүктеген міндетке қарай өзгеруі мүмкін.

Қазбат-1 батальонында келісім-шарт негізінде жалданған офицерлер мен сержанттар ғана қызмет етеді. Олар бітімгерлік мақсатпен барған елдің заңдарын және қазақ тілінің бөлек, ағылшын тілін де білуі тиіс. Қазбат-1 офицерлері арасында шетелде оқып келгендер көп.

Қазбат-1 батальоны жеке құрамда бітімгерлік миссияларды орындауға дайындауға АҚШ және Ұлыбритания елдері қатысады. Қазбат жыл сайын олармен бірлесіп «Дала қыраны» бітімгерлік жаттығуларын өткізеді. Қазбат-1 Американың «Хаммер» берсердті машиналарымен жабдықталғанымен, қалған қару-жарақ пен техникасы стандартты үлгіде жасақталған.

«Қазір БҰҰ-ның әскери қақтығыстар аяқталған елдердегі бітімгерлік миссияларына қазақандық жеті әскери қызметші қатысып жүр. Оның ішінде бес офицер Батыс Сахараға, екі офицер Кот'д-Ивуарға кеткен. Оларды парламенттің 2013 жылдың желтоқсанындағы шешімімен әскери бақылаушы ретінде жіберген. Алғашқы бақылаушы 2014 жылдың тамызында кеткен, қазір үш офицер ауысты» деген ақпараттар кездеседі [21]. Қазбат-2 бітімгерлік батальоны ҰҚШҰ аясындағы бітімгерлік операцияларға қатысу үшін құрылған. Қазбат-1 сияқты ол да келісім-шарт негізінде жалданған офицерлер мен сержанттардан жасақталған. Бірақ бұл батальонға БҰҰ-ның сертификаты қажет емес өзі жеке құрамның ағылшын тілін білуі міндетті емес. Бірақ жеке құрам қазақ тілінен бөлек ҰҚШҰ-на мүше өзге мемлекеттердің бітімгерлік күштері пайдаланатын орыс тілін білуі шарт. Бірақ ҰҚШҰ-ның ұжымдық бітімгерлік күштері БҰҰ миссияларына қатысса, олар да миссияны орындайтын күштерге

ортақ тілді білуі тиіс. Қазбат-2 батальоны офицерлерінің көбі шет тілін біледі, - дейді подполковник Нығметуллин [21].

Қазбат-2 батальоны ҰҚШҰ-ның ұжымдық бітімгерлік күштері (ҰБК) құрамында жыл сайын бітімгерлік жаттығуларға қатысады. Осындай соңғы жаттығу «Мызғымас бауырластық-2015» атауымен екі ай бұрын Армениядағы «Маршал Баграм» полигонында өткен.

Қазақстанның бітімгерлік батальоны (Қазбат) 2000 жылы құрылған.

Қазбат 2000 жылы, ал бітімгерлік бригада (Қазбриг) 2007 жылы 38-десанттық-шабуылдау бригадасы негізінде құрылған. 2008 жылы Қазбат (оны Қазбат-1 деп есептеуге болады) осы бригаданың қарауына өткен. Қазбат-1 батальоны Қапшағай қаласында, ал Қазбригтің штабы мен өзге бөлімшелері Алматыдағы 70-разъезде орналасқан.

Орталық Азия және қазақстандық бітімгерлік батальондары аймақтық қауіпсіздік аймақта да Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымы (ҰҚШҰ) және Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы (ШЫҰ) тәрізді өңірлік ұйымдармен тығыз ынтымақтастық орнатқан. Олар БҰҰ талаптарына сай және оның іс жүзіндегі аймақтық қауіпсіздікті нығайтуға бағытталған іс-қимылдарына толықтай жауап бере алады.

### **3.3.2 Орталық Азияның экономикалары үшін БҰҰ Арнайы Бағдарламасы (СПЕКА)**

Біріккен Ұлттар Ұйымы тарапынан 1997 жылы әзірленген Орталық Азияның экономикалары үшін БҰҰ Арнайы Бағдарламасы - СПЕКА Қазақстан Республикасы Президенті Н. Назарбаевтың бастамасымен іске асырылуда.

СПЕКА-ның мақсаты – Орталық Азия елдеріне өзара ынтымақтастығын тереңдетуге көмектесу, экономикалық дамуына және олардың Еуропа мен Азия елдерінің экономикасына интеграциялануына мүмкіндік жасау болып табылады. Алғашқыда Бағдарлама тек Орталық Азия елдеріне ғана арналған болатын [22].

СПЕКА аясындағы ынтымақтастықтың басым бағыттарына мыналар жатады:

- көлік инфрақұрылымын дамыту;
- тауарлар мен қызмет көрсетуді жақсарту;
- азаматтардың мемлекеттік шекарадан өту рәсімдерін қысқарту;
- Орталық Азияда су және энергетикалық ресурстарды ұтымды және тиімді пайдалану;
- өнеркәсіп өндірісінде халықаралық бәсекелестікті қалыптастыру мақсатында өнеркәсіп орындарында ғайда құрылымдау.

Орталық Азияның төрт мемлекетінің басшылары 1998 жылы 26 наурызда қол қойған Ташкент Декларациясы осы Бағдарламаны іске асырудың басты бағыттары анықтайтын негізгі құжат болып табылады.

СПЕКА-ның мүше-елдері ұлттық делегацияларының басшылары кездесулерінде мүше елдердің экономика саласындағы ұлттық деңгейдегі проблемалары мен бастамалары туралы баяндамалары тыңдалады.

2007 жылы БҰҰ Еуропалық экономикалық комиссиясының қолдауымен Берлин қаласында «Орталық Азия мен Еуропа: XXI ғасыр үшін жаңа экономикалық ынтымақтастық» тақырыбында үлкен бас қосу өтті. Осында алдын-ала жоспарланғандай, Еуропа және Орталық Азия елдерінің экономикасын ықпалдастыру және экономикалық дамуды ын аландыру, өзара ынтымақтастықты тереңдетуде Орталық Азия елдеріне көмек көрсету, сарапшылық және техникалық көмек көрсету жөніндегі мәселелер қарастырылды. Отырыста БҰҰ-ның Орталық Азия елдеріне бағытталған арнаулы бағдарламасына қатысушы елдермен бірге, БҰҰ жүйесіндегі ЕСҚАТО және ЮСАИД ұйымдары, ЕуроОдақтың Орталық Азиядағы ТРАСЕКА кеңсесінің және халықаралық қаржылық ұйымдардың өкілдері қатысты. Олар Орталық Азия өңірінің даму болашағын талқылады.

2011 жылы қарашаның 10-11 күндерінің аралығында Түркіменстан астанасы Ашхабад қаласында СПЕКА-ның

экономикалық форумы өтті. Форумның тақырыбы «Орталық Азия елдерінің аймақтық экономикалық ынтымақтастығына және интеграциясына 20 жыл: нәтижелері, талабы және болашағы» деп аталды. Мұнда Орталық Азия елдерінің тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін экономикалық интеграцияның маңыздылығы атап өтілді [22].

Осында СПЕКА-ның негізгі органы – Басшылық кеңестің отырысында СПЕКА-ның 2012-2013 жылдарға арналған жұмыс жоспары бекітілді.

2015 жылдың қарашасында Тәжікстан астанасы Душанбеде СПЕКА-ның экономикалық форумы «СПЕКА аймағында 2030 жылға дейін тұрақты дамыту саласындағы күн тәртібінің орындалуын және мониторингісін қолдау» деген тақырыпта өтті. Бұл отырыстың барысында соңғы жылдары дүние жүзі бойынша тұрақты даму идеясының кеңінен таралып, бірқатар мемлекеттерде тұрақты дамуға жауап беретін арнайы органдардың құрылып жатқандығы айтылды. Сонымен бірге, тұрақты дамуға бастайтын ұлттық деңгейде құжаттардың – тұжырымдамалардың, нормативтік құжаттардың және әдістемелік нұсқаулардың жасалып жатқандығы туралы мәліметтер берілді [22].

Қазіргі кезде БҰҰ тарапынан СПЕКА қызметі Еуропалық экономикалық комиссияның (ЕЭК) және Азия және Тынық мұхиты өңірі бойынша экономикалық және әлеуметтік комиссияның (АТМ ЭСК) ұйымдастырушылық пен сарапшылық қолдауына ие болып отыр.

### **3.3.3 АӨСШК – Қазақстанның алдын алу дипломатиясы**

Азиядағы өзара ықпалдастық пен сенім шаралары жөніндегі Кеңесті (АӨСШК) шақыру идеясын алғаш рет Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев 1992 жылы 5 қазанда БҰҰ Бас Ассамблеясының 47-ші сессиясында ұсынған болатын. Бұл күнде АӨСШК Азия құрылығындағы беделді құрылымдардың бірі болып отыр [23].

АӨСШК – Азия қауіпсіздігінің проблемалары бойынша диалог пен консультацияларға арналған форум.

АӨСШК-ні құрудағы басты мақсат - Азиядағы бейбітшілік, қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз етуге арналған көп жақты тәсілдерді пысықтау арқылы ынтымақтастықты нығайту.

Бастапқы кезеңнің өзінде АӨСШК идеясы құрлықты саяси ахуалға ықпал ете алатын халықаралық ұйымдар (ҒҰҰ, АМЛ, ЕҚЫҰ) мен бірқатар Азиялық мемлекеттер тарапынан қолдау тапты. Қазір АӨСШК-ға 26 мемлекет мүше [23] [қараңыз: қосымша М].

Кеңестің штаб-пәтері Астана қаласында орналасқан. Оның ресми жұмыс тілдері: ағылшын және орыс.

АӨСШК құрылымы мен институттары мыналар:

Саяси органдар:

*Мемлекет және үкімет басшыларының кездесуі* – АӨСШК-ның жоғары органы. Ол 4 жылда бір рет жиналады;

*Сыртқы істер министрлерінің кездесуі* - кезекті СІМК - 4 жылда бір рет, кезекті Саммиттен 2 жылдан кейін жиналады;

*Аға лауазымды тұлғалар комитеті* – жылына екі рет жиналатын құрылым.

Көмекші органдар:

*Арнайы жұмыс топтары* (АЖТ);

*Мамандырылған сарапшылардың кездесулері* (МСК).

Атқарушы орган: Астана қаласында орналасқан тұрақты түрде жұмыс істейтін халықаралық Хатшылық.

АӨСШК-ты өткізуге байланысты дайындық шараларын Қ.Тоқаев екі кезеңге бөліп көрсетеді [24, б.370-371]:

*Бірінші кезең 1992 жылдың қазан айы – 1995 жылдың наурыз айы* аралығын қамтыды. Ол дайындық сипатында өтті. 1993-1994 жылдар аралығында Азия елдері Сыртқы істер министрлері сарапшыларының кездесулері өтіп, «Азия кеңесі рәсімдер ережелері», «Азия кеңесі принциптерінің декларациясы» және «Азия кеңесі құрылымдары мен институттары» атты Азия кеңесінің базалық құжаттарын жасап,

әзірлеу үшін Арнайы жұмыс тобы (АЖТ) құрылды. Бұл кезеңнің маңызды нәтижесі осы АЖТ-ның құрылуы болды.

*Екінші кезең 1995 жылдың наурыз айы - 1999 жылдың қыркүйек айы аралығында жүрді.* Бұл кезеңде мүше-елдердің қарым-қатынастарының негізгі бағыттары анықталды. АЖТ және Қазақстанда аккредиттелген қатысушы-мемлекеттер елшіліктерінің өкілдерінен тұратын, тұрақты түрде жұмыс істейтін Байланыс тобы құрылды. Байланыс тобының міндеті сессияаралық кезеңде азиялық елдердің ғылыми қауымдарын және халықаралық ұйымдарды тарта отырып, консультациялар өткізу, пікірлермен алмасу, Кеңес құжаттарына сарапшылық баға беру болып табылады. Екінші кезеңде АЖТ өз ісіннің 8 отырысын өткізді, сыртқы саясат ведомство басшылары орынбасарларының екі кездесуі (ақпан 1996 ж. және желтоқсан 1997 ж.) ұйымдастырылды, «АӨСШК-нің шақыру аясындағы азиялық қауіпсіздік» атты халықаралық конференциум (қазан 1998 ж.) өтті, 1999 жылы қаңтар-ақпан айларында екіжақты консультациялар өткізіліп, кездесулер барысында «Азия кеңесі рәсімдер ережелері», «Азия кеңесі принциптерінің декларациясы» және «Азия кеңесі құрылымдары мен институттары» деп аталатын базалық құжаттардың жобасы дайындалды.

АӨСШК-ның даму үдерісі мен болашағының кезеңдері туралы Қ. Тоқаевтің басқа зерттеушілер былай деп көрсетеді: «бірінші кезең – Кеңесті ұйымдастыру мен дайындық кезеңі; екінші кезеңде – АӨСШК жұмысы белсенділігін арттыру, оның мүшелерінің санын кеңейту, ЕҚЫҰ-ға ұқсайтын Азияға ортақ құрылымды құру; үшінші кезең – ЕҚЫҰ-мен өзара ықпалдастықтың тұрақты құрылымдарын анықтау, дамыту және белгілеу, ынтымақтастықтың жекелеген салалары бойынша трансконтинентальдік орган құру; төртінші кезең – Еуразияда біртұтас трансконтинентальдік қауіпсіздік пен ынтымақтастықтың Кеңесін құру, ұжымдық қауіпсіздіктің өзара құрылысқаралық жүйесінің тұрақты механизмін құру, болашақта – ұжымдық қауіпсіздік пен ынтымақтастықтың біртұтас дүниежүзілік, жаһандық жүйесін құру» [25, б.405-406].

Кезеңдерге қалай бөліп қарастырмасақ та 1999 жылы 14 қыркүйекте Алматыда Азия кеңесіне мүше мемлекеттер Сыртқы істер министрлерінің I кездесуі өтті. Оның барысында мүше-мемлекеттер арасындағы қарым-қатынастарды реттейтін принциптер Декларациясына қол қойылуды. Бұл құжат Азияда қауіпсіздік пен ынтымақтастықтың көп жақты тетігін құру жөніндегі қазақстандық дипломатияның ірі жетістігі болып табылады. Осы уақыттан бері Сыртқы істер министрлері кездесулері (СІМК – авт.) әрбір төрт жылда өткізіліп келеді.

2004 жылы 22 қазанда Алматыда Азия кеңесіне мүше-мемлекеттердің II-ші Сыртқы істер министрлерінің кездесуі өтті. Оның басты нәтижесі – «Сенім шаралары қатарының», «Рәсімдер ережесінің» және «Азия кеңесі Министрлік кездесуінің декларациясының» қабылдануы еді.

Каталог шеңберінде сенім шаралары негізгі 5 өлшем бойынша жіктеледі:

1. әскери-саяси;
2. жаңа шарттармен және қауіпкерлен күрес;
3. экономикалық;
4. экологиялық;
5. гуманитарлық.

Барлық сенім шаралары біртіндеп және ерікті түрде жүзеге асыру негізінде қолданылады. Сенім шаралары тізімдемесінің, Рәсімдер ережесінің және Азия кеңесі Министрлік кездесуінің декларациясының қабылдануы Министрлер кездесуінің басты нәтижесі еді. Сонымен бірге осы кездесу қарсаңында Таиланд Корольдігінің Азия кеңесіне он жетінші мүше-мемлекеті болып қабылдануы да айтарлықтай оқиға болды.

2008 жылдың 25 тамызында Алматы қаласында III СІМК отырысы өтті. Осы іс-шараға 19 мүше-мемлекеттер, 7 бақылаушы-мемлекеттер, 6 халықаралық және өңірлік ұйымдардың декларациялары қатысты. Кездесу барысында Бірлескен тәсілді іс-шараларында іске асыру мәселесіне ерекше көңіл бөлінді. Кеңестің толық мүшелігіне Иордания, БАӘ қабылданды және АӨСШК-ға Қатар мемлекеті бақылаушы ретінде қосылды. Кездесу нәтижесінде «АӨСШК-нің сенім шараларын жүзеге асырудағы

ілгерілеуі» атты декларация мен Қорытынды шешімдер қабылданды.

2011 жылғы 26 қыркүйекте Нью-Йорк қаласында Түркия төрағалығының бастамасы бойынша БҰҰ Бас Ассамблеясының шенберінде бірінші Азия Кеңесінің сыртқы істер министрлерінің бейресми кездесуі өтті. Бахрейн Корольдігі мен Камбожда Корольдігінің АӨСШК негізгі құжаттарына қол қоюы іс-шараның маңызды нәтижелерінің бірі болып табылды.

2012 жылы 12 қыркүйекте Астана қаласында АӨСШК-ның шақырылуы туралы бастаманың 20-жылдығына арналған мерейтойлық сессиясы және АӨСШК мүше-мемлекеттері сыртқы істер министрлерінің ІҮ кездесуі өтті. Оған 14 мүше-мемлекеттің, 8 бақылаушы елдің және 16 халықаралық және аймақтық ұйымдардың делегациялары қатысты. Мерейтойлық саммит және АӨСШК министрлері ІҮ кездесуі қорытындысы бойынша Декларация қабылданды, оған өңірлік мәселелермен қатар, өңірдің өзекті бейбітшілік, қауіпсіздік, тұрақтылық, әлеуметтік-экономикалық даму қатысты сұрақтар енді. Декларация Азиядағы бейбітшілік пен қауіпсіздікті нығайту жөніндегі Кеңестің талпыныстарына жаңа серпін беруді көздейді. Осы мерейтойлық сессияда Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев сөйлеген сөзінде АӨСШК-ны болашақта ұйымға айналдыруды туралы ұсыныс жасады.

2013 жылдың 25 қыркүйегінде Нью-Йорк қаласында БҰҰ Бас Ассамблеясының 68-ші сессиясы алаңында түрік төрағалығының бастамасымен АӨСШК мүше-мемлекеттердің сыртқы істер министрлерінің бейресми кездесуі өтті. Басқосу Түркия Республикасының Сыртқы істер министрі А.Давутоғлының төрағалығымен жүргізіліп, оның барысында АӨСШК мүше-мемлекеттердің өкілдері халықаралық күн тәртібінің кең топтамасын және Кеңесті дамыту үшін қажетті делісі қадамдарға қатысты мәселелер бойынша пікір алмасты.

2002 жылы дайындық шаралары толық аяқталғаннан соң тұрақты түрде АӨСШК өзінің саммиттерін өткізе бастады. Бүгінгі күнге дейін Кеңестің төрт саммиті өтті: [26].

АӨСШК-ның бірінші саммиті 2002 жылы 4 маусымда өтті. Оған Қазақстан, Ресей, Қытай, Пәкістан, Түркия, Моңғолия, Қырғызстан, Тәжікстан және Ауғанстан басшылары, Әзірбайжан мен Үндістанның премьер-министрлері, Иран, Мысыр (Египет), Палестина және Израильдің өкілетті ресми тұлғалары, бақылаушы мемлекеттер мен ұйымдардың өкілдері қатысты. Әсіресе Палестина және Израильдің өкілдерінің саммитке қатысуы айрықша жетістік болды. Бірінші саммит барысында қабылданған «Алматы актісі» және «АӨСШК Жазғысы» АӨСШК-ның ең басты құжаттары [1, б.641-654] болып саналады. Бұл құжаттар Кеңес үдерісінің одан арғы эволюциясы үшін негізгі құжаттарға айналды.

2006 жылы 17 маусымда АӨСШК-ның II саммиті өтті. Саммит барысында оған мүше-мемлекеттердің өңірдегі қауіпсіздік шараларын нығайтудағы қол-жігерін одан әрі үйлестіру ісінде, сонымен қатар, тиімді экономикалық ынтымақтастықты жолға қоюда аса маңызды оқиғаға айналды. Бұл міндеттерді жүзеге асыру жолдары арасында – АӨСШК мемлекеттері мүшесі болып саналатын өзге халықаралық және өңірлік ұйымдармен (БҰҰ, ШЫҰ, ЕҚЫҰ, АСЕАН, АТЭУ, ЕурАзЭҚ және т.б.) әріптестік қарым-қатынастардың берік желісін қалыптастыру да болды.

II саммит барысындағы айтулы оқиғалардың бірі – АӨСШК Хатшылығы туралы келісімге қол қою болды.

Хатшылығы – Кеңес шеңберінде өткізілетін шараларды ақпараттандырады және техникалық ұйымдастырумен қамтамасыз ететін тұрақты әкімшілік орган. Оның негізгі қызметі – отырыстың күн тәртібіне байланысты мүше-мемлекеттерден келіп түсетін ұсыныстар мен материалдарды жинақтау және талдау, шешімдерді орындау үшін қамтамасыз ететін құжаттардың жобасын әзірлеуе қатысу; отырыстарда қаралу үшін ұсынылған құжаттардың жобасы бойынша консультациялар беру; Кеңестің қызметіне қатысты сұрақтар бойынша басқа да халықаралық ұйымдармен жұмыс байланыстарын қолдау; қажетті ақпараттардың берілуіне ықпал ету.

Аталған қызметті өз мәнінде атқару үшін Хатшылық кәсіби персоналдарды мүше-мемлекеттердің жоғары рангтегі дипломаттарынан жасақтайды.

2010 жылы 8 маусымда АӨСШК-ға мүше-мемлекеттер мен үкіметтер басшыларының III саммиті өтті. Саммитке қатысушылар бірінші рет Қазақстаннан тыс жерде, яғни Түркия астанасы Ыстамбұл қаласында жиналды. Бұл бас қосу кезінде Кеңестің тарихында тұңғыш рет жоғары деңгейдегі төрағалық ауысып, Қазақстаннан Түркия Республикасына берілді. Оған 9 мемлекет және үкімет басшысы, 6 вице-президент, парламент спикерлері мен вице-премьерлер, 14 министр және арнаулы елшілер қатысты. Халықаралық 16 ұйымның басшылығы таныстырылды. Бас қосуға ерекшелік берген жайт – Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалық ететіні болды.

2012 жылғы қыркүйекте Астанда АӨСШК-нің 20 жылдыққа арналған мерейтойлық отырысы мен форумның Сыртқы істер министрлерінің төртінші кездесуі өтті.

АӨСШК-нің 2014 жылғы мамырда өткен IV Шанхай саммиті бұл үдеріс эволюциясындағы ерекше бас қосу болып шықты: өткізілген кездесудің басты қорытындысы – ШЫҰ (Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы – авт.) мен АӨСШК арасындағы өзара түсінік туралы меморандумға қол қойылуында. Сондай-ақ негізгі құжат – IV саммит декларациясы қабылданды. Ұйымға мүше-мемлекеттер басшылары Бангладеш пен Катар мемлекеттерін АӨСШК-нің жаңа мүшелері ретінде ықыласпен қабылдады.

Қазақстанның АӨСШК үдерісін БҰҰ-ның жаһандық бітімгершілік іс-әрекеттеріне өз тарапынан қосқан жеке үлесі ретінде қарайды. Осылайша, жиырма жылдан астам уақыт ішінде АӨСШК өңірлік қауіпсіздік архитектурасын нығайту ісінде атқарған сындарлы рөлі арқасында өзінің қажеттілігі мен өміршеңдігін дәлелдеп келеді.

### 3.3.4 Қазақстанның «жасыл көпір» әріптестік бағдарламасы

БҰҰ тарапынан үлкен қолдауға ие болған Қазақстан Республикасының тағы бір ұсынысы - «жасыл көпір» әріптестік бағдарламасы.

«Жасыл көпір» әріптестік бағдарламасы (ЖКӨБ – ағылшын тілінде) Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың ғаламдық бастамасы. Ол халықаралық әріптестік пен жаңартылатын энергияға қол жеткізу, климаттық қауіпсіздікке төзімділік, су ресурстарын басқару, азық-түлік қауіпсіздігі, орнықты қалалық жүйелер сияқты секторлардағы инновациялар мен технологиялар, «жасыл» білім трансферті тетіктерін құруға бағытталған. ЖКӨБ жүзеге асыру мен одан әрі ілгерілету жұмыстарын Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі үйлестіреді.

Мамандардың пікірінше, еліміз бойынша мақсаттарға сәйкес әріптестік бағдарламаны жүзеге асыру мынадай кезеңдерден тұрады:

- 2011-2012 жылдары - РИО+20 орнықты даму бойынша БҰҰ Конференциясының ұсыныстар дайындау;

- 2011-2015 жылдары - Мыңжылдық даму мақсаттары Бағдарламасын орындауға үлес қосу;

- 2012-2020 жылдары – «РИО+20» Жер Саммиті мен Мыңжылдық даму мақсаттарын жүзеге асыру [27].

2012 жылғы 30 мамырдағы Қазақстан Президенті Н. Назарбаевтың № 577 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдамаға қол қойылды [28]. Тұжырымдаманың қабылдануы ең алдымен, әлемдік экономиканың ғаламдық трендіне және табиғи ресурстардың тез таусылу қарқынына, экологиялық тәуекел мен қатерлердің өсуі, атап айтқанда: климаттың өзгеруі, Қазақстанның ДСҰ-ға және Еуразиялық кеңістікке жеделдетіп интеграциялану қарқынына негізделді.

Экономиканың ғаламдық тегеурінді талаптарға балама және қоршаған ортаға ықпал ету ауқымы мен табиғи ресурстарды жұмсау азаятын кезде туындайтын қатерлерді болдырмаудың тиімді тетіктері ретінде «орнықты жасыл өсім» принципіне көшу жөніндегі негізгі міндеттер «Қазақстан-2050» Стратегиясында да белгіленген [29].

«Жасыл» экономикаға көшуге арналған арнайы құжатты әзірлеуге серпін берген Қазақстан Президенті Н. Назарбаевтың «Рио+20» Саммитінде ұсынылған «Жасыл көпір» әріптестік бағдарламасы болып табылады.

«Жасыл көпір» әріптестік бағдарламасы іске асыруда Қазақстан «жасыл» экономикаға көшу мәселесін қолға алып отыр. «Жасыл» экономикаға қатысты, қайта қолпына келетін энергияның экологиялық аспектілері, орнықты энергетикалық болашаққа көшу мүмкіндіктері VI-ші Астана экономикалық форумының аландарында талқылау нысанына айналды.

Қазақстан «жасыл» экономикаға басты назар аударатырып, оны күшейту режиміне бағытталып көшуде. Осыған байланысты, бекітілген Тұжырымдамаға сәйкес елдің стратегиялық даму жүйесіне және қазіргі бағдарламаларға, атап айтқанда агроөнеркәсіптік кешен – «Агробизнес-2020» дамыту бойынша бағдарлама, 2010-2014 жылдарға арналған үдемелі индустриялық-инновациялық даму мен 2011-2020 жылдарға арналған білімді дамыту мемлекеттік бағдарламаларына, сонымен бірге «Жасыл даму» және басқа да салалық бағдарламаларға түзетулер енгізілді [30].

Қазіргі уақытта Қазақстанда «жасыл» экономикаға көшу үшін қазіргі заманғы нормативтік-құқықтық база құрылды: Қазақстан-2050 Стратегиясы қабылданды; халықаралық экологиялық конвенциялар (30-дан астам) тіркелді; екіжақты және көпжақты ынтымақтастық шарттары (60-қа жуық); Экологиялық кодекс қабылданып, Үкімет 2013-2020 жылдарға Тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекітті [30].

Қазақстанда «жасыл» экономика үшін бірегей мүмкіндіктер мен алғышарттар бар. Кең аумақ, тиімді геосаяси жағдай, қолда бар қаржылық және табиғи ресурстар, нарықта күн санап өсіп келе жатқан аса тиімді және қолжетімді жасыл технологиялар мен басқа факторлар жаңа мүмкіндіктер ашады. «Жасыл» даму принциптерін қолдану тұрғысынан реформаларды талап ететін экономиканың маңызды сегменттеріне отын-энергетикалық, таукен-металлургия кешендері, ауыл шаруашылығы, көлік, тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы жатады.

«Жасыл» экономикаға көшу шеңберінде міндеттер көзделеді:

- ресурстардың тиімділігін арттыру;
- қазақстандық инфрақұрылымды жетілдіру;
- халықтың әл-ауқатын жақсарту.


«Жасыл экономикаға» көшу жолында ті түжырымдама үш кезеңмен іске асырылмақшы:

1-ші кезең – 2013-2020 жж. – ресурстарды пайдалануды оңтайландыру мен табиғатты қорғау қызметінің тиімділігін арттыру, сондай-ақ «жасыл» инфрақұрылымды құру;

2-ші кезең – 2020-2030 жж. – табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану, жоғары технологиялар негізінде қайта қалпына келетін энергетикаға көшірілу;

3-ші кезең – 2030-2050 жж. – ұлттық экономиканың «үшінші өнеркәсіптік революция» принципіне көшуі, оның негізінде қайта қалпына келген жағдайда табиғи ресурстарды пайдалану жағыр [31].

Қазақстанда «жасыл» экономиканы дамытудың басым бағыттары төмендегідей:



«Жасыл» өсім мен «жасыл» экономика тұжырымдамасын жетілдіру құралдарының бірі ретінде Әріптестік бағдарламаның маңызды шарттарының бірі жерлердің тозу қарқынын азайту және қоршаған ортаны қалпына келтіру; «жасыл» саясат пен жаңа әдістер есебінен табиғи ресурстарды оңтайлы пайдалану; «жасыл» экономиканың дамуы үшін инвестициялар тарту шараларына үкіметтердің араласуы. «Жасыл өсімнің» озық тәжірибелерін, әдіснамаларын, заңнамалық және экономикалық құралдарын енгізу де маңызды. «Жасыл өсім» саясатын жүзеге асырудың инновациялық тәсілдері мен «жасыл» инвестициялар тарту тетіктері мен ресурстарын ұйымдастырудың іс-әрекеттер жоспарын, стратегиясын әзірлеу керек. Ол үшін «жасыл» экономикаға қолайлы инвестициялық ортаны қалыптастыру қажет. Теориялық тұрғыдан «жасыл» экономикаға арналған тақырыптық семинарлар, тренингтер,

мектептер жүргізу, сайттардың, порталдардың дамуы, жұртшылыққа хабардар ету мәселесі қолға алынды.

«Жасыл көпір» әріптестік бағдарламасының сәтті іске асыруына «Болашақтың энергиясы» деген атпен өткелі отырған «EXPO -2017» көрмесі де арқау болмақ. Қазақстан Республикасы 2017 жылы Астана қаласында өтетін бұл халықаралық көрмеден үлкен үміт күтеді.

### **3.3.5 БҰҰ-ның 70 жылдығы және Қазақстанның жаңа ұсыныстары**

2015 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясының 70-ші мейлтойлық сессиясы болып өтті. Оның жұмысына Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев бастаған қазақстандық делегация да қатысты. Н. Назарбаев әлемдік саясатқа қатысты жалпы пікір таласта сөз сөйледі. «... алыстағы болашаққа батыл көз салып, Біріккен Ұлттар Ұйымына 100 жыл толатын кездегі әлемнің қандай болатынын көре білуіміз керек. Мен Жер бетіндегі өркениет таяудағы отыз жылда соғыстар мен қақтығыстардың шиеленген түйінін даналықпен тәжірибе үшін күш-жігер таба алатынына сенімдімін. ХХІ ғасырда адамзаттың ең басты міндеті әлемді соғыс қатерінен мүлде арылтатын және оның себептерін жоятын стратегияны жүзеге асыру болуға тиіс. Сол үшін Біріккен Ұлттар Ұйымының жүз жылдығына Жаһандық Стратегиялық Бастама – 2045 жасырын әзірлеуді ұсынамын. Оның мәні – барлық ұлттардың әлемдік инфрақұрылымға, ресурстарға және нарықтарға қол жеткізуінің әділ шарттары негізінде әлемдік дамуды жаңа трендін қалыптастыру, сондай-ақ адамзаттың дамуы үшін жалпыға ортақ жауапкершілікті орнықтыру», - деді Қазақстан Президенті [17]. Сонымен бірге Н. Назарбаев күн тәртібіндегі мейлінше өзекті халықаралық мәселелер бойынша Қазақстанның ұстанымын және оларды шешу жолдарын баяндап, бірқатар маңызды ұсыныстар жасады. Төменде Қазақстан Президентінің ұсыныстарын еш өзгеріссіз беріп отырымыз.

«БІРІНШІ. Мен Біріккен Ұлттар Ұйымының Экономикалық және Әлеуметтік кеңесін Жаһандық даму

Кеңесіне айналдыруды ұсынамын. Оның құрамына Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясы сайлаған мүше мемлекеттермен қатар Біріккен Ұлттар Ұйымының мамандандырылған мекемелерінің барлық басшылары, соның ішінде Халықаралық валюта қорының да басшылары ене алар еді. Кеңеске Жаһандық экономикалық реттеушінің міндеттері жүктелуге тиіс. Кеңес жүзеге асыратын бүкіләлемдік жобалар жаһандық экономикалық өсім нүктелеріне айнала алады. Бұл жаһандық дағдарыстар қатерін айтарлықтай азайтуға, сондай-ақ мемлекеттердің ішкі экономика және әлеуметтік саясат мәселелеріндегі жауапкершілігін күшейтуге септігін тигізеді. Жобасы Астана Экономикалық форумы аясында қызу талқыланып келе жатқан Дағдарысқа қарсы дүниежүзілік жоспар идеясыне негізгі болып көрінеді. Әлемді алаңдатып отырған маңызды мәселелер – терроризм, мемлекеттердің күйреуі, көп қон және өзге де келеңсіз құбылыстар экономикалық дағдарыстың, кедейшіліктің, сауатсыздық пен жұмыссыздықтың салдарлары болып табылады. Жаһандық дағдарыспен күрестің назіргі кезде заңдылық, демократиялылық, бәсекелестік, шынділік және халықаралық бақылау ұстанымдарына сай келмей отырған эмиссия мен әлемнің резервтік валюталары айналымын реттеуден бастау қажет.

XXI ғасырда әлемге сапалық тұрғыдан жаңа қаржы құралдары керек. Жаһандық орнықты даму мен өсіп-өркендеудің мақсаттары мен міндеттеріне сай келетін ұлт үстілік әлемдік валюта әзірлеу бағдарындағы Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше елдердің күш-жігерін біріктіру қажет.

ЕУИИИ. Хиросима мен Нагасакиді атом қаруымен бомбалаудан соң 70 жыл өткенде ядролық қарусыз әлем қабылдауы ісін адамзаттың XXI ғасырдағы басты мақсаты етуге шақырамын. Біріккен Ұлттар Ұйымының ядролық қарудан аздап әлемге қол жеткізу жөніндегі Жалпыға ортақ декларациясын қабылдауды ұсынамын. Қазақстан – ядролық полигонды жапқан және ауқымы жағынан төртінші ядролық қару-жарақтан өз еркімен бас тартқан, сондай-ақ Орталық Азияда ядросыз аймақ құрған тарихтағы тұңғыш ел. Ядролық қарусыз аймақты әлемнің

өзге өңірлерінде, соның ішінде Таяу Шығыста да құрған жөн. Ядролық державалар ядролық қаруға иелік етуден бас тартқан барлық елдерге күш қолданбауға кепілдік беруге тиіс. Біз Иран ядролық бағдарламасы бойынша келіссөздердің екі раундын 2013 жылы Алматыда өткізуге бастамашы болдық. Иран ядролық бағдарламасы бойынша жалпыны қамтитын іс-қимыл жоспарына қол қойылуын қоштаймыз. Қазіргі таңда мемлекеттердің бейбіт мақсатта қолданылатын атомға және ядролық отынға кемсітуден қол жеткізу құқығын кепілдендіру қажет. Нақ осы себепті біз Қазақстанда МАГАТЭ-нің Халықаралық аз байытуы туралы уран банкіні құру туралы келісімді қолдап, қол қойдық. Бұл – жаһандық ауқымдағы оқиға. Әлем оны атомды қауіпсіз әрі бейбіт мақсатта қолданудың маңызды қадамы ретінде бағалауға тиіс. Сонда атом энергетикасын дамытқысы келетін елдер үшін уранды өздері байытудың еш қажеттілігі болмайды. Жаһандық антиядролық қозғалыс құру маңызды міндет болып отыр. Жер бетіндегі әрбір адам ядролық сынақтарға тыйым салу ісіне өз үлесін қоса алады және солай болуға тиіс.

ҮШІНШІ. Халықаралық құқықтың қадірінің азаюы мен жаһандық институттар рөлінің әлсіреуі қауіпті сын-қатер болып отыр. Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысы дүниежүзілік соғыстар мен әсіресе, қарулы қақтығыстардың миллиондаған құрбандарының қан мач жазылғанын ұмытпау маңызды. Оның баптарының, әсіресе, мемлекеттердің егемендігі мен аумақтық тұтастығын қамтамасыз ету жөніндегі баптарының қандай да бір бұзылуы адамзатты өткеннің қасіретті қателігін қайталауға ұрындырады. Санкцияларды Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысы мен халықаралық құқық нормаларына қайшы келетін әрекеттерінде бағалап, олардың өз бетімен қолданылуын болдырмау қажет. Миллиондаған адамдардың игілігіне әсер ететін халықаралық санкциялар қолдану құқығы Қауіпсіздік Кеңесінің ерекше құзырында болуға тиіс деп сенемін. Бұл шарттарды сақтамау қазіргі әлемдік тәртіптің негіздерін ыдыратады, «қырғи-қабақ соғыстың» сарқыншағына айналады. Әмбебап ұйым ретінде Біріккен Ұлттар Ұйымын алмастыра алатын балама жоқ екенін атап айтқым келеді. Елдердің өздерінің

халықаралық міндеттемелерін орындауы қазіргі әлемдік тәртіптің ең басты мәселесі болып қала береді. Қазақстан Украина дағдарысын бейбіт жолмен реттеуді және Минск келісімін қактығысушы тараптардың толық орындауын дәйекті түрде жақтап келеді. Қазір барлық күш-жігерді халықаралық қатынастарда үнқатысуды, өзара түсіністікті және сенімді қалпына келтіруге жұмылдыру керек. Сол үшін 2016 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының халықаралық құқықтың арқаулы қағидаттарын бекітуге арналған жоғары деңгейдегі халықаралық конференциясын шақыруды ұсынамын.

ТӨРТІНШІ. Терроризм мен діни экстремизмнің қауіпті жаһандық ауқымға жайылып барады. Біріккен Ұлттар Ұйымының қолдауымен халықаралық терроризм мен экстремизмге қарсы тұра алатын бірыңғай әлемдік желі құруды ұсынамын. Бұл міндетті жүзеге асыру үшін Біріккен Ұлттар Ұйымының терроризммен күрес жөніндегі мәселенің бәрін қамтитын құжатын әзірлеп, қабылдау қажет.

БЕСІНШІ. Біріккен Ұлттар Ұйымының «Баршаға арналған тұрақты энергетика» бастамасын қолдау үшін Астанада 2017 жылы «Болашақтың энергиясы» тақырыбымен бүкіләлемдік көрме өтеді. Барлық мемлекеттерді көрмені дайындауға және өткізуге қатысуға шақырамыз. Болашақты ескеріп, «ЭКСПО-2017» көрмесі инфрақұрылымы негізінде Астанадан Біріккен Ұлттар Ұйымы қолдауымен Жасыл технологияларды және инвестициялық жобаларды дамыту жөніндегі халықаралық орталық ашуды ұсынамын.

Біріккен Ұлттар Ұйымының қолдауымен «Жаңа Болашақ» (NEW FUTURE) концепциясын әзірлеу Жаһандық Стратегиялық Бастама 2045 жоспарын жүзеге асырудың алғашқы қадамы болар еді. Біріккен Ұлттар Ұйымының құрылғанына 70 жыл өткеннен кейінгі адамзат дамуындағы жаңа кезеңнің міндеттерін нақты айқындау қажет. NEW FUTURE дегеніміз – ядролық, энергетикалық, су және азық-түлік қауіпсіздігі, сенім, өзара түсіністік және реформалар. Қазақстан Еуразия өңіріндегі қактығысушы тараптарды бітістіру үшін араағайындық жасауға

күш салып келеді және күш сала бермек. Аталған бағыттар мен қағидаттар Қазақстанның 2017-18 жылдарда Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшелігіне сайлану науқанына арқау болып отыр. 70-інші сессияға қатысушылардың барлығын біздің еліміздің кандидатурасын қолдауға шақырамын.

70 жыл бұрын Женевада, жұмыс істеуден қалған Ұлттар Лигасының орнына Біріккен Ұлттар Ұйымы құрылған кезде оның штаб-пәтерін Нью-Йоркте орналастыруға шешім қабылданды. Бұл сол кезеңде халықаралық қатынастар бойынша Батыс Қарлы шарының ролі артқандығына байланысты болған еді. Әлемді дамыту орталығы Кәрі құрлықтан Жаңа құрлыққа, Еуропадан жаһандық өрлеудің жаңа орны – АҚШ-қа, Нью-Йоркке ауысты. Содан бері көп нәрсе өзгерді, әлем өзгеше қабыптасты. ХХІ ғасырда даму орталығы әлемнің ең үлкен континенті – ғаламшар тұрғындарының үштен екісі мекендеген ірі ресурстар шоғырланған Азияға қарай ойысады. Азияның дамып келе жатқан экономикаларының қуатты серпін жаһандық үдерістердің жаңа сипатын танытып отыр. Соны үдерісті ескере отырып, мемлекеттердің өзара қарым-қатынасына жаңа серпін беру үшін бұл тарихи мүмкіндікті пайдаланудың маңызы зор. Біріккен Ұлттар Ұйымының штаб-пәтерін Азияға көшіру мәселесін ойластыруды ұсынамын. Қазақстанның бастамаларын ұлттар қауымдастығы қабылдайды деп үміттенемін» [17, б.1-2].

Н. Назарбаев жоғарыда көрсетілген бес ұсыныстан басқа, 2016 жылы ЕҰҰ-ның халықаралық құқықтың арқаулық қағидаттарын бекітуге арналған жоғары деңгейдегі халықаралық конференциясын шақыру идеясын жариялады.

Қорыта айтқанда, Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымында және халықаралық қауымдастықта әлемдік проблемаларды шешуде салмақты ұсыныстар айтып, бастамаларға шақыратын әрі оларға сындарлы іс-әрекетімен жауап беретін мемлекет ретінде кеңінен танымал болып отыр.

## **Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:**

1. БҰҰ-дағы алғашқы қазақ дипломаттары туралы қандай мәлімет алдыңыздар?
2. КСРО жылдарындағы БҰҰ-ғы қазақстандық дипломаттардың қызметіне баға беріңіздер.
3. БҰҰ-ғы алғашқы қазақ дипломаттары жайлы слайд-презентация әзірлеңіздер.
4. Қазақстанның сыртқы саясатын айқындаудағы Н.Назарбаев қандай рөл атқарды және оны БҰҰ-мен байланыстыра отырып қарастырыңыздар.
5. Тәуелсіз Қазақстан дипломаттарының БҰҰ-ғы қызметіне баға беріңіздер.
6. А. Арыстанбекованың, Қ. Тоқаевтың БҰҰ-ғы қызметіне байланысты хабарлама әзірлеңіздер.
7. БҰҰ-ғы қазақстандық өкілдік жайлы не білесіздер? Ол қашан құрылды? Қазір оны кім басқарады?
8. БҰҰ Бас Ассамблеясы сессияларында мәтерілген қазақстандық бастамаларға байланысты аналитикалық ақпарат әзірлеңіздер.

## **Пәйдаланылған әдебиеттер:**

1. Тоқаев Қ. Беласу: дипломатиялық очерктер.-Алматы: «Дәуір», 2003.-656 бет.
2. Назарбаев Н. Ғауһарлар тоғысында.-Алматы: Өнер, 1996.-271 бет.
3. Тәжібаев Т. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 8 том / Бас ред. Б. Аяған.- Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2006.-70-бет.
4. Жақип М., Түрікпенұлы Ж. Төлеген Тәжібаев.- Алматы: «Қазақстан», 2008. – 248 бет.
5. Идирисов Е. Он был первым // Казахстанская правда.- 2000.- 1 сәуірі.-С.4.
6. Бөлітірікова Б. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 2 том / Бас ред. Ә. Нысанбаев.- Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 1999.-720 бет.

7. Сүлейменов Т. Қазақстандық дипломатия: кеше және бүгін <http://egemen.kz/2014/04/11/24618>
8. Аубакиров Э. Номадка, перехитрившая Киссинджера / [http://old.express-k.kz/show\\_article.php?art\\_id=50565](http://old.express-k.kz/show_article.php?art_id=50565)
9. [www.isinaliev.ig.kz/ru/biography/page118/](http://www.isinaliev.ig.kz/ru/biography/page118/)
10. Сулейменов Т. Знаковые фигуры казахстанской дипломатии // <http://www.kazpravda.kz/rubric/obshchestvo/znakovie-figuri-kazahstanskoi-diplomatii/>
11. Исиналиев М. Тандамалы. Избранное. Том II: Записки дипломата. Хаким. Михаил Иванович. Маке.-Алматы: «Арыс» баспасы, 2007.-568 бет.
12. Смағұлова Г.М. Михаил Исиналиевтің дипломатия саласындағы қызметінің кейбір қырлары (БҰҰ Бас Ассамблеясы мысалында) / Многосторонние институты: история и практика: Материалы международной научно-практической конференции (г.Караганды, 3-4 ноября 2015 г.) / Отв. ред. Б.Т. Тулеуова. - Караганды: Изд-во: «Гласир», 2016.- 207 с.
13. Арыстанбекова А.А. Объединяющие Нации и Казахстан.- Алматы: Дайк-Пресс, 2002.-432 с.
14. Токаев К.К. Свет и Тень.-Астана: 2007.-576 с.
15. Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы.-Алматы: РГЖИ «Дәуір», 1992.-56 бет.
16. Семсерден соқа сөгу / <http://egemen.kz/2011/?p=314270>
17. Ядролық қарусыз әлемді қалыптастыру ісін адамзаттың ХХІ ғасырдағы басты мақсаты етуге шақырамын. Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың БҰҰ Бас Ассамблеясының сессиясында сөйлеген сөзі // Егемен Қазақстан. -2015.- 29 қыркүйек.
18. NEW FUTURE. Нұрсұлтан Назарбаев әлемдік қоғамдастықты жана болашақ жоспарын жасауға шақырады // Егемен Қазақстан.- 2015.- 30 қыркүйек.
19. Қазақстан Республикасы Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының 47-ші сессиясында сөйлеген сөзі. АӨСШК бастамасы (Нью-Йорк, 1992 жылғы 5

қазан) // Қ. Тоқаев Беласу. Дипломатиялық очерктер. –Алматы: «Дәуір», 2003.-656 б.

20.

21. [http://mektep-online.net/load/referaty\\_na\\_kazakhskom/aza\\_stan\\_tarikhy/aza\\_stan\\_armijasy/12-1-0-992](http://mektep-online.net/load/referaty_na_kazakhskom/aza_stan_tarikhy/aza_stan_armijasy/12-1-0-992)

22. [http://www.azattyq.org/content/kazakhstan\\_kazbat/27401639.html](http://www.azattyq.org/content/kazakhstan_kazbat/27401639.html)

23. [http://www.akorda.kz/kz/national\\_projects/aziyadagy-ozara-ypkaldastyk-zhene-senim-sharalary-zhonindegi-kenes](http://www.akorda.kz/kz/national_projects/aziyadagy-ozara-ypkaldastyk-zhene-senim-sharalary-zhonindegi-kenes)

24. Тоқаев К. Дипломатия Республики Казахстан. –Астана: «Елорда», 2001.- 552 с.

25. Хан Г.Б., Суворов Л.С., Рахманова Г.Б. Внешняя политика Республики Казахстан: Монография.-Алматы: ҚазГЮА, 2001.- 511 с.

26. Азиядағы өзара ықпалдастық пен сенім шаралары жөніндегі кеңес // [http://www.akorda.kz/kz/page/svama\\_kz\\_1342010718](http://www.akorda.kz/kz/page/svama_kz_1342010718)

27. <http://group-global.org/kk/publication/3184-zhasyl-ekonomikaga-otu-kuraly-retinde-zhasyl-kopir-riptestik-azadalamasynyn-ornu>

28. «Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымлама» туралы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/T1300000577>

29. Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2014 жылғы 17 қаңтар / [http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses\\_of\\_president/page\\_215751\\_kazakstan-respublikasynyn-prezidenti-n-a-nazarbaevtyn-kazakstan-khalkyna-znoldauy-2014-zhylhy-17-kantar](http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/page_215751_kazakstan-respublikasynyn-prezidenti-n-a-nazarbaevtyn-kazakstan-khalkyna-znoldauy-2014-zhylhy-17-kantar)

30. Мадьяр С.А., Смагулова Г.М. Казахстан на пути развития зеленой экономики / Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің Қарағанды қаласының 80 жылдығына арналған «Жуасов оқулары - 18» республикалық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. – Глосир, 2014. -216-220 б.

31. Калимова А.А. Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі және оның кейбір мәселелері / Сборник трудов международной конференции молодых ученых

«Устойчивое развитие и «зеленая экономика» в Республике Казахстан: состояние и перспективы» под эгидой VIII Астанинского экономического форума. – Астана, 2015. -311-315 б

**Өзін-өзі тексеруге арналған тест сұрақтары:**

1. БҰҰ Бас Ассамблеясы жұмысына қатысқан бірінші қазақстандық дипломат:
  - A) Төлеген Тәжібаев.
  - B) Балжан Бөлтірікова.
  - C) Михаил Исиналиев.
  - D) Ақмарал Арыстанбекова.
  - E) Қасым-Жомарт Тоқаев.
  
2. Б. Бөлтірікова БҰҰ Бас Ассамблеясының сессияларына қатысты:
  - A) XX және XXI сессияларына.
  - B) XXI және XXV сессияларына.
  - C) XXII және XXIII сессияларына.
  - D) XXII және XXV сессияларына.
  - E) XXI және XXIV сессияларына.
  
3. М. Есенәлиев қай еңбегінде БҰҰ Бас Ассамблеясы қызметі туралы кеңінен жазды:
  - A) «Штрихи к портретам».
  - B) «На грани эпохи».
  - C) «Записки дипломата».
  - D) «Дипломатия Казахстана».
  - E) «Страницы истории дипломатической службы Казахстана».
  
4. Қазақстанның БҰҰ-дағы Тұрақты өкілдігін бірінші басқарған:
  - A) А. Арыстанбекова.
  - B) І. Жарбосынова.
  - C) Б. Әйтімова.
  - D) Е. Казыханов.
  - E) Қ. Абдрахманов.

5. Н. Назарбаев бірінші рет БҰҰ Бас Ассамблеясы сессиясына қатысқан жыл:

- A) 1991 ж.
- B) 1992 ж.
- C) 1995 ж.
- D) 1997 ж.
- E) 2000 ж.

6. Қазақстанның превентивті дипломатиясы:

- A) АӨСШК.
- B) СПЕКА.
- C) «1+1».
- D) Центразбат.
- E) «Жасыл көпір».

7. АӨСШК-ның бірінші саммиті өтті:

- A) 1992 ж.
- B) 1997 ж.
- C) 2000 ж.
- D) 2002 ж.
- E) 2010 ж.

8. АӨСШК-ның штаб-палаттері орналасқан:

- A) Астанада.
- B) Анкарада.
- C) Шанхайда.
- D) Нью-Делиде.
- E) Сеулде.

9. БҰҰ Бас хатшысының орынбасары болған қазақстандық дипломат:

- A) Г. Тоқаев.
- B) Е. Ыдырысов.
- C) Е. Қазыханов.
- D) Қ. Абдрахманов.
- E) М. Тажин.

10. NEW FUTURE («Жаңа Болашақ») концепциясын Н. Назарбаев ұсынды:

А) БҰҰ Бас Ассамблеясының 47-ші сессиясында.

В) БҰҰ-ның Мыңжылдық саммитінде.

С) АӨСШК-ның бірінші саммитін ашу кезінде.

Д) Тұрақты даму жөніндегі БҰҰ-ның Бүкілдүниежүзілік саммитінде.

Е) БҰҰ Бас Ассамблеясының 70-ші мерейтойлық сессиясында.

## ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

### Негізгі әдебиеттер:

1. Арыстанбекова А.А. Объединенные Нации и Казахстан.- Алматы: Дайк-Пресс, 2002.-432 с.
2. Арыстанбекова А.А. Казахстан в ООН: история и перспективы.- Алматы: «Дайк-Пресс», 2004.-434 с.
3. Арынов Е.М., Трофимов А.Е. Международные экономические организации и экономические союзы.-Алматы: ИРК, 1996. -198 с.
4. Азиядағы өзара ықпалдастық пен сенім шаралары кеңістігі кеңес // [http://www.akorda.kz/kz/page/svdma-kaz\\_1342010718](http://www.akorda.kz/kz/page/svdma-kaz_1342010718)
5. Барышев А.П. Мировая политика Организация Объединенных Наций. 1945-2009.-М.: Общество дружбы и развития сотрудничества с зарубежными странами, 2009.-1340 с.
6. Бөлтірікова Б. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 2 том / Бас ред. Ә. Нысанбаев.- Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 1999.-720 бет.
7. БҰҰ Даму бағдарламасы (БҰҰ ДБ) // <http://mfa.gov.kz/index.php/kz/aza-stan-ny-syrt-y-sayasyt/aza-stan-zh-ne-khaly-araly-jymdar/b-zh-j-e-i-n-ekemeleri/8-material-aza/145-b-damu-ba-darlamasy-b-db>
8. БҰҰ Бас Ассамблеясының Алпыс алтыншы сессиясында қабылданған қарар (Срнықты даму бойынша РИО+20 Конференциясы «Бізде қажет Болашақ»), Рио-де-Жанейро, Бразилия, 2002.
9. Женева – центрі многосторонней дипломатии. - Алматы: Дайк-Пресс, 2005. -152 с.
10. Зубков А.И. Организация Объединенных Наций – универсальная международная межправительственная организация общей компетенции: Учебное пособие.-СПб.: ИВЭСЭП, Знание, 2008.-440 с.
11. Исиналиев М. Таңдамалы. Избранное. Том II: Записки дипломата. Хаким. Михаил Иванович. Маке.-Алматы: «Арыс» баспасы, 2007.-568 бет.

12. История ЮНЕСКО // <http://www.unesco.org/new/ru/unesco/about-us/who-weare/history/>

13. Исполнительные органы ЮНЕСКО // <http://www.unesco.org/new/ru/unesco/about-us/who-weare/secretariat>

Казахстан в международном сообществе (очерки многосторонней дипломатии).- Алматы: ТОО «Дайк-Пресс», 2012.-148 с.

14. Международные валютно-кредитные и финансовые отношения: Учебник / Под ред. Л.Н. Красавиной.- М.: Финансы и статистика, 1994.- 592 с

15. Назарбаев Н.Ә. Ғасырлар тоғысында.-Алматы: Өлең, 1999.- 271 бет.

16. Назарбаев Н.Ә. Ядролық қарусыз әлем қалыптастыру ісін адамзаттың ХХІ ғасырдағы басты мақсаты ерте шақырамын. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың БҰҰ Бас Ассамблеясының сессиясында сөйлеген сөзі // Егемен Қазақстан.- 2015.- 29 қыркүйек.

17. Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы.-Алматы: РГЖИ «Дәуір», 1992.-56 бет.

18. Ядролық қарусыз әлемді қалыптастыру ісін адамзаттың ХХІ ғасырдағы басты мақсаты ерте шақырамын. Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың БҰҰ Бас Ассамблеясының сессиясында сөйлеген сөзі // Егемен Қазақстан. -2015.- 29 қыркүйек.

19. «Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдама туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына түсіндірме // Егемен Қазақстан.- 2013.- 1 маусым.

20. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Ұлттар Ұйымы Балалар Қорының арасындағы ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2001 жылғы 10 сәуір N 176-II // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z010000176> [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z010000176\\_](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z010000176_)

21. «Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдама» туралы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/T1300000577>
22. Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2014 жылғы 17 қаңтар // [http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses\\_of\\_president/page\\_2\\_5751\\_kazakstan-respublikasynyn-prezidenti-n-a-nazarbaevtyn-kazakstan-khalkyna-zholdauy-2014-zhylhy-17-kantar](http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/page_2_5751_kazakstan-respublikasynyn-prezidenti-n-a-nazarbaevtyn-kazakstan-khalkyna-zholdauy-2014-zhylhy-17-kantar)
23. ҚР Президентінің ДСҰ-ға кіру жөніндегі келісіздердің аяқталуына байланысты Қазақстан халқына Жолдауы // <http://www.inform.kz/kaz/article/2789261>
24. Организация Объединенных Наций по Промышленному Развитию /UNIDO / Ежегодный доклад 2014 год / 1-я половина 2015 год.
25. Организация Объединенных Наций. Основные факты. Справочник. Пер. с англ. - М., 2000.- 424 с.
27. Омбудсмен Казахстана поддал Меморандум о взаимопонимании в сфере защиты прав детей с ЮНИСЕФ // <http://www.inform.kz/kaz/article/163205>
28. Право международных организаций [Текст]: учебник / Под ред. И.П. Блищенко, А.Х. Абалкидзе.-М.: РУДН, 2013.-597 с.
29. Смағұлова Г.М. Халықаралық ұйымдар. Оқу құралы.-Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2015.-263 бет.
30. Тәжібаев Т. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 8 том / Бас ред. Б. Аяған.- Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2006.-704 бет.
31. Токаев К.К. Беласу: Дипломатиялық очерктер.-Алматы: «Дәуір» 2007.-656 бет.
32. Токаев К.К. Дипломатия Республики Казахстан.-Астана: «Еурда» 2001.-552 с.
33. Токаев К.К. Под стягом независимости. Очерки внешней политике Казахстана.-Алматы: Білім, 1997.-736 с.
34. Токаев К.К. Свет и Тень.-Астана: 2007.-576 с.
35. The United Nations Disarmament Yearbook.- New York: United Nations, 2006.-506 p.

36. Хан Г.Б., Суворов Л.С., Рахманова Г.Б. Внешняя политика Республики Казахстан: Монография.-Алматы: КазГЮА, 2001.- 511 с.
37. Хлестов О.Н., Родионов Ю.А. ЮНИДО (Организация Объединенных наций по промышленному развитию).-М. Международные отношения, 1990.-184 с.
38. Улахович В.Е. Международные организации: Справочное пособие.-М.: АСТ; Мн.:Харвест, 2005.-400 с.
39. Юкина И.И. Гендерный анализ как инструмент преобразования общества. Учебно-методическое пособие для студентов.-СПб: Изд-во Невского ин-та языка и культуры, 2008.- 102 с.
40. ЮНФПА // <http://mfa.gov.kz/index.php/kazakhstanny-syrt-y-sayasaty/aza-stan-zh-ne-khaly-araly-jymdar/b-zh-jesi-nekemeleri/8-material-aza/153-b-t-r-yn-khaly-salasynda-y-o-yunfra>

#### **Қосымша әдебиеттер:**

1. Абдрахманов С. Ұлы ұйымның ұмтылысы // Егемен Қазақстан.-2010.- 12 наурыз.
2. Абдрахманов С. NEW FUTURE. Мұрсұлтан Назарбаев әлемдік қоғамдастықты жаңа болшақ жолдарын жасауға шақырады // Егемен Қазақстан.-2015.- 30 қыркүйек.
3. [http://www.akorda.kz/az/national\\_projects/aziyadagy-ozaraykpaldaytyk-zhene-saim-samaralary-zhonindegi-kenes](http://www.akorda.kz/az/national_projects/aziyadagy-ozaraykpaldaytyk-zhene-saim-samaralary-zhonindegi-kenes)
4. [http://www.aza.gov.kz/content/kazakhstan\\_kazbat/27401639.html](http://www.aza.gov.kz/content/kazakhstan_kazbat/27401639.html)
5. Аманжол Қ. Бүгін болмаса, ертең кеш // Егемен Қазақстан.-2009.-25 қыркүйек.
6. Аубаиров Э. Номадка, перехитрившая Киссинджера / [http://ld. express-k.kz/show\\_article.php?art\\_id=50565](http://ld.express-k.kz/show_article.php?art_id=50565)
7. Акчұра Ф. Деятельность ООН в Казахстане // Дипломатический курьер. - 2002. - № 2.
8. Акчұра Ф. Мамырова Н.К. Человеческое развитие в Казахстане. – Алматы, 2003.-75 с.
9. Akckhura. F. UNDP - Kazakhstan: Ten years of cooperation. - N.-Y., 2002.-46 p.

10. Акчура Ф. Казахстан сможет достичь целей развития тысячелетия // Устойчивое развитие. – 2004. - № 4 (45). - С. 1-3.
11. Айтимова Б. Казахстан – ООН: 20 лет партнерства во имя мира, безопасности и развития // <http://i-news.kz/news/2011/11/6137741.html>
12. <http://archive.mid.ru//bdomp/ns-dipecon.nsf/370924d7f91618e0c32576bf002c1caf/2961bd31a154c92b44257bc0035c26b>
13. Әйтiмова Б. Бедел белестерi // <http://baq.kz/kk/news/9179>
14. Barkin J.S. International Organization: Theories and Institutions. Palgrave Macmillan, 2006.-185 p.
15. Богданов О.В. Штаб-квартира ООН в Нью-Йорке.-М.: Международные отношения, 1976.
16. Бутрос-Гали Б. Объединенная Нация 50 лет // Международная жизнь. – 1995.-№3.-С. 6-9.
17. Boutros-Ghali B. Unvanquished. - N.-Y.: Random Hous, 1999. - 352 p.
18. Бюжеева Б.З. Қазақстан Республикасы мен БҰҰ арасындағы ынтымақтастық // Вестник КазҰУ. Серия Международные отношения и международное право. 2003. - № 2 (10). - С. 58-61.
19. [http://wto.gov.kz/kz/kazwto/join\\_phases/](http://wto.gov.kz/kz/kazwto/join_phases/)
20. [gbpp.org/kz/2015/09/5304](http://gbpp.org/kz/2015/09/5304)
21. <http://group-globa1.org/kk/publication/5184-zhasyl-ekonomikagatu-kuraly-retinde-zhasyl-kepir-riptestik-bagdarlamasyynyn-ornu>
22. Джарбусынса М.Б. Инициативы Казахстана в ООН // Дипломатический карьер. - 2005. - № 3. - С. 130-133.
23. Дурленевский В.Н., Крылов СБ. Организация Объединенных Наций. Сборник документов, относящихся к созданию Организаций. - М.: Гос. изд-во юридической литературы, 1996. - 187 с.
24. Доклад о человеческом развитии в Центральной Азии. В будущее без барьеров: Региональное сотрудничество в области человеческого развития и обеспечения человеческой безопасности. Региональное бюро ПРООН по странам Европы и СНГ // Материалы центра ПРООН в Алматы. – Братислава, Словакия 2005.- 108 с.

25. <http://egemen.kz/2015/?p=10469>
26. Жақып М., Түрікпенұлы Ж. Төлеген Тәжібаев.- Алматы: «Қазақстан», 2008. – 248 бет.
27. <http://7kun.kz/10220/aza-stan-auma-ynda-yadroly-otyn-banki-rylady.html>
28. <http://www.zakon.kz/4750808-mnogie-bezhency-prozhivajushhena.html>
29. Заемский В.Ф. ООН и миротворчество: курс лекций / Под ред.Т.В. Зоной.-М.: Международные отношения,2008.-309 с.
30. Идрисов Е. Он был первым // Казахстанская правда. - 2000. - 1 июня.-С.4.
31. Идрисов Е.А. 10 лет внешней политики Казахстана: основные итоги и новые задачи // Дипломатический курс. - 2001.- №3. - С. 115-117.
32. <http://www.inform.kz/kaz/article/2783774>
33. Казыханов Е.Х. Казахстан и деятельность ООН по поддержанию мира // Дипломатический курс. - 2000. - № 2. - С. 125-129.
34. Казыханов Е. ООН и РК в ХХI веке: взгляд с юбилейной сессии ООН // Дипломатический курс. - 2005. - № 4(6). - С. 205-207.
35. Құланбай Ә. Қазақстан және Біріккен Ұлттар Ұйымы // Егемен Қазақстан.-2006.- 3 наурыз
36. <https://konsulmi.kz/foand-oon-dlya-razvitiya-v-interesakh-zhenshin-yunife/>
37. [http://kazenternews.kz/kazakhstan\\_news/kazakhstan-dsu-ga-resmi-turde-musheboldyi-263752/](http://kazenternews.kz/kazakhstan_news/kazakhstan-dsu-ga-resmi-turde-musheboldyi-263752/)
38. Мадиева С.А., Смагулова Г.М. Казахстан на пути развития зеленой экономики / Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің Қарағанды қаласының 80 жылдығына арналған «Жуасов оқулары - 18» Республикалық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. – Егисир, 2014. -216-220 б.
39. Makasheva K. Kazakhstan and United Nations // Hymalain and Central Asian Studies. - New Deli; India. - 2006. - № 4. - P. 107-115.

40. Международные отношения: теории, конфликты, движения, организации / Под ред. П.А. Цыганкова: Учебное пособие. Изд. 2-е, перераб. и доп.-М.: Альфа-М: ИНФРА-М, 2008.-320 с.
41. [http://mektap-online.net/load/referaty\\_na\\_kazakhskom/aza\\_stan\\_tarikhy/aza\\_stan\\_armijasy/12-1-0-992](http://mektap-online.net/load/referaty_na_kazakhskom/aza_stan_tarikhy/aza_stan_armijasy/12-1-0-992)
42. Многосторонние институты: история и практика: Материалы международной научно-практической конференции (г. Караганда, 3-4 ноября 2015 г.) / Отв. ред. Б.Т. Тулеуова. - Караганда: Изд-во «Гласир», 2016. - 210 с.
43. <http://www.mfa.kz/index.php/kz/aza-stanny-syrt-y-sayasyty/aza-stan-men-alamdy-zh-ne-ajma-ty-auiipsizdik/arusyzdau-nen-yadroly-arudy-taratpau>
44. <http://mfa.gov.kz/index.php/kz/aza-stanny-syrt-y-sayasyty/aza-stan-zh-ne-khaly-araly-jymdar/b-zh-jesi-mekemeleri/8-material-aza/148-b-zho-ar-y-komissaryny-bos-yndar-ist-sh-nindegi-bas-armasy-b-zhkbib>
45. Основные сведения об ООН. Справочник.- М.: Международные отношения, 1991.-254 с.
46. ООН в Казахстане // <http://www.un.org.kz/pages/30.jsp>
47. Рымбекова А Смағұлова Г.М., Ақмарал Арыстанбекова – Қазақстаннан шыққан тұңғыш әйел-дипломат // Жуасов оқулары – 19: Республикалық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары.-Қарағанды: «Гласир», 2015.-Б.261-264.
48. Смағұлова Г.М., Қаржасбаев Р. Қазақстан және Дүниежүзілік Сауда Ұйымы // Жуасов оқулары – 10: Дәстүрлі ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары.-Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2006. - Б 122-126.
49. Смағұлова Г.М., Төлеуова Қ. Әлемдік мәдениеттегі ЮНЕСКО-ның орны // Жуасов оқулары – 16: Республикалық ғылыми теориялық конференцияның материалдары. - Қарағанды: «ТОС ТЕНГРИ», 2012. - Б.366-369.
50. Смағұлова Г.М., Төлеуова Қ. Қазақстан Республикасы және ЮНЕСКО арасындағы мәдениет саласындағы ынтымақтастықтың кейбір мәселелері // Тарихи-мәдени мұраны сақтау: ғылыми зерттеулердің координациясы және инновацияны музей тәжірибесіне енгізу: республикалық ғылыми-тәжірибелік

конференцияның материалдары, 1 басылым.-Қарағанды: «Гласир», 2012.-Б.99-101.

51. Смағұлова Г.М., Төлеуова Қ. ЮНЕСКО-ның «Әлем жады» бағдарламасы және оның іске асырылу механизмдері // Жуасов оқулары – 17: Республикалық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары.-Қарағанды: «Гласир», 2015.- Б.443-447.

52. Смағұлова Г.М. Михаил Исиналиевтің дипломатия саласындағы қызметінің кейбір қырлары (БҰҰ Бас Ассамблеясы мысалында) / Многосторонние институты: история и практика: Материалы международной научно-практической конференции (г.Қарағанды, 3-4 ноября 2015 г.) / Отв. ред. Г.Т. Төлеуова. - Қарағанды: Изд-во: «Гласир», 2016.- 207 с.

53. Смағұлова Г.М., Стамбулов С.Б. Б. Әлтірікованың Қазақстанның саяси басқару жүйесіндегі ролі // Жуасов оқулары – 20: Республикалық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары.-Қарағанды: «Гласир», 2016.- 276-279.

54. Сулейменов Т. Знаковые фигуры казахстанской дипломатии // <http://www.kazpravda.kz/rubric/coshches/vo/znakovie-figuri-kazahstanskoi-diplomatii/>

55. Сүлейменов Т. Қазақстандық дипломатия: кеше және бүгін <http://egemen.kz/2014/04/11/24638>

56. С. Әліпбай. Әлем ашылған күн. Қазақстан Дүниежүзілік сауда ұйымына мүшелікке қабылданды // Егемен Қазақстан.-

57. Токаев К.К. ООН – 60 лет на службе мира и безопасности // Дипломатический курьер. – 2005. - №2(4). - С. 170-172.

58. Токаев К.К. Предложения Елбасы реформировать глобальную повестку дня // Мысль.-2015.- №11.-С.2-5.

59. Моджи Ю. Сотрудничество Казахстана и ООН: вчера, сегодня и завтра // Дипломатический курьер. – 2005. - № 2 (4). - С. 247-249.

60. Об итогах работы основной части 55-ой сессии ГА ООН // Дипломатический курьер. - 2001. - №1-2. - С. 104 - 120.

61. Программа по борьбе с бедностью и безработицей в Республике Казахстан на 2000-2002 годы. Постановление Правительства Республики Казахстан от 3 июня 2000 года №

83310 // Материалы центра ПРООН в Алматы. – Алматы, 2000. -  
9 с

62. Шәріп А. Балалар үшін барымызды саламыз //  
<http://www.bsh.kz/news /1426929606.html>

Репозиторий қарғу

# ҚОСЫМШАЛАР

## БҰҰ-ның құрылымы



Сурет: <http://kk.wikipedia.org/wiki>



**БҰҰ Бас Ассамблеясының залы**




**БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің залы**

*дерек:* <http://kk.wikipedia.org/wiki>



Бейбітшілік сарайы – БҰҰ Халықаралық сотының ресми резиденциясы



БҰҰ Экономикалық және әлеуметтік кеңес залы

дерек: <http://kk.wikipedia.org/wiki>



**БҰҰ Хатшылығының ғимараты**

*дерек:* <http://kk.wikipedia.org/wiki>

**БҰҰ-ның Бас хатшылары**

*1942-1952 жж. БҰҰ Бас хатшысы  
Трюгве Хальвдан Ли*



*(1896 - 1968)*

*1953-1961 жж. БҰҰ Бас хатшысы  
Даг Яльмар Агне Карл Хаммаршёльд*



*(1905 - 1961)*

*1962-1971 жж. БҰҰ Бас хатшысы  
Маха Тхрай Ситху У Тхант (У Тан)*



*(1909 - 1974)*

*1972-1981 жж. БҰҰ Бас хатшысы  
Курт Вальдхайм*



*(1918-2007)*

**БҰҰ-ның Бас хатшылары**

*1982-1991 жж. БҰҰ Бас хатшысы  
Хавьер Пéрес де Куэльяр де ла Гéрра*




*(1920 - 2007)*

*1992-1996 жж. БҰҰ Бас хатшысы  
Бутрос Бутрос-Гали*



*(1922-2016)*

*1997-2006 жж. БҰҰ Бас хатшысы  
Кофи Аннан*



*2007 ж. қазіргі уақытқа дейінгі БҰҰ  
Бас хатшысы  
Пан Ги Мун*



*дерек:* <http://kk.wikipedia.org/wiki>



Болашақ «23 А макетінің» алдында отырғандар: сол жақта бірінші – Ле Корбүзе, оң жақта – У Гаррисон, Нью-Йорк, сәуір, 1947 ж.

*дерек:* <http://corbusier.livejournal.com/970.html>



ҚР Президенті Н. Назарбаев БҰҰ Бас Хатшысы ООН Бутрос  
Галимен бірге (1992 жж.)

сөзек: <http://www.ritleurasia.org/news>

**Атом энергетикасы жөніндегі халықаралық агенттіктің (МАГАТЭ) Қазақстан аумағындағы Төмен байытылған уран банкіне қатысты АҚШ, Біріккен Араб Әмірліктері, Германия, Жапония, Иордания, Испания, Қазақстан, Канада, Қытай, Мажарстан, Норвегия, Оңтүстік Корея, Ұлыбритания, Филиппин, Финляндия, Франция, Чехия және Швеция көсбасшыларының бірлескен**

### **МӘЛІМДЕМЕСІ**

Отын циклының бастапқы кезеңінде мүшә мемлекеттерге қосымша кепілдіктер беруге арналған ядролық отын жеткізуді қамтамасыз ету тетіктерінің бірі ретінде Төмен байытылған уран (ТБУ) банкін құрудың маңыздылығын айқындай отырып;

Атом энергетикасы жөніндегі халықаралық агенттіктің (АЭХА) Қазақстанда АЭХА-ның ТБУ банкін құрудағы аса маңызды күш-жігерін атай отырып;

Қазақстанның ядролық қаруды таратпауға және халықаралық бейбітшілікке қатысты керемет қызметтер атқарғанын атай отырып;

Барлық донорлардың – «Ядролық қауіп-қатерді азайту жөніндегі басамның», Америка Құрама Штаттарының, Еуропалық Одақтың, Қазақстанның, Кувейттің, Норвегияның, Біріккен Араб Әмірліктерінің және Дүниежүзілік ядролық тасымалдау институты Атом энергетикасы жөніндегі халықаралық агенттігінің ТБУ банкіне елеулі қаржылық жарнақосқанға атай отырып;

Вашингтонда Ядролық қауіпсіздік жөніндегі 4-ші саммитке байланысты жиналған АҚШ-тың, БАӘ-нің, Германияның, Жапонияның, Иорданияның, Испанияның, Қазақстанның, Канаданың, Қытайдың, Мажарстанның, Норвегияның, Оңтүстік Кореяның, Ұлыбританияның,

Филиппиннің, Финляндияның, Францияның, Чехияның және Швецияның көшбасшылары төмендегідей мәлімдемені қолдайды:

- Атом энергетикасы жөніндегі халықаралық агенттіктің ТБУ банкі – ашық нарық немесе төмен байытылған уран жеткізудің өзге де тетіктері тұрақсызданған жағдайда елдерге ядролық отын жеткізу кепілдігін қамтамасыз ету жөніндегі жаһандық күш-жігердің бір нәтижесі екенін атап өткіміз келеді;
- өткен бірнеше ай ішінде Атом энергетикасы жөніндегі халықаралық агенттіктің ТБУ банкінің құруға қатысты елеулі ілгерілеуге қол жеткізілгенін, соның ішінде:
  - 2015 жылғы маусым айында Атом энергетикасы жөніндегі халықаралық агенттік пен Ресей Федерациясы арасындағы АЭХА төмен байытылған уранын және жабдықтарды Ресей аумағы арқылы АЭХА ТБУ банкіне және одан кері транзит бойынша өткізу туралы келісімге қол қойылғанын;
  - 2015 жылғы 27 тамызда Қазақстанның Сыртқы істер министрі Е. Ыдырысов және АЭХА Бас директоры Ю.Аmano арасында АЭХА ТБУ банкінің құру туралы елдік келісімге қол қойылғанын атап өтеміз.

Атом энергетикасы жөніндегі халықаралық агенттіктің Төмен байытылған уран банкінің құру жөніндегі құқықтық мәселелер Қазақстан тарапынан толық шешім тапқанын растаймыз және оған кең ауқымды жүзеге асыру ісіне кірісеміз деп үміттенеміз.

Атом энергетикасы жөніндегі халықаралық агенттіктің Төмен байытылған уран банкі өз қызметін қауіпсіздік пен сенімділік жағдайында жүзеге асырады деп үміттенеміз.

**дерек:** Еуропамен Қазақстан.-2016 жыл. – 5 сәуір.- Б.3.

*Қосымша Ж*



**Төлеген Тәжібаев**  
1944-1957 жж. Қазақ КСР Сыртқы істер



**Михаил Исиналиев**  
1961-1969 жж. Қазақ КСР Сыртқы істер министрі



**Балжан Бөлтiрiкoвa**  
1966-1971 жж.  
Қазақ КСР Сыртқы істер министрі



**Ақмарал Арыстанбекова**  
1989-1991 жж.  
Қазақ КСР Сыртқы істер министрі  
1992-1999 жж.  
БҰҰ жанындағы ҚР тұрақты өкілі

*дерек:* <http://kk.wikipedia.org/wiki>

**Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының 47-ші сессиясында сөйлеген сөзі.**

**АӨСШК бастамасы  
(Нью – Йорк, 1992 жылғы 5 қазан)**

Ең алдымен маған осы сессия Төрағасының жоғары лауазымына Стоян Ганев мырзаның сайлауына орай міндетті ықыласымды білдіруге рұқсат етіңіздер. Сізге Төраға мырса, Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының осы сессиясындағы өзіңіздің жауапты міндетіңізді орындауыңызға көмекті болуын тілеймін.

Өткен сессияда Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымының мүшелігіне бірауыздан қабылданған болатын. Республика халқының атынан мен бұл қадам үшін сіздерге терең алғыс лебізін жеткізу және бейбітшіл мемлекет ретінде Қазақстан Республикасы Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысында тұжырымдалған міндеттемелерді орындауға, осынау беделді халықаралық ұйым қызметінің барлық саласына сындарлы үлес қосуға толық мәнінде қабілеті деп мәлімдеу мен үшін зор мәртебе.

Біз үшін осы сессияның да маңызы кем емес, өйткені, оның мінбесі тұңғыш рет Қазақстан Республикасының Президентіне беріліп отыр. Осы орайды пайдаланып, мен Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше барлық мемлекеттердің өкілдерін ыстық ықыласпен құттықтаймын. Осы заманғы дүние тәртібін Біріккен Ұлттар Ұйымынсыз көз алдына келтіру тіпті қиын. Дүниежүзілік қоғамдастық осынау бірегей халықаралық институтпен көптеген мәселелерді байланыстырады, соның ішінде бастылары – сенімді елдерді, сенімді тұрлаулылық пен қауіпсіздікті қалыптастыру болып табылады.

Бүгінгі таңда әлем болашақтың бұлдырлы сын асуы бірлескен күш-жігерімізді үйлестіру мен ұйымдастырудың жаңа сапасына көшуге бізді мәжбүр ететін шепке табан тіреді. Біз

өзіміз үшін осынау беймәлім жаңа нәрсенің мәні неде екенін ұғынып, оны барша қоғамдастықтың, өз континентіміздің, өз аймағымыз бен өз еліміздің аясында игеруді бастауға тиіспіз. Нақ осы жайттерге мен сіздердің назарларыңызды аударғым келеді.

Бірінші жәйт - бұл дүниежүзілік қоғамдастық Біріккен Ұлттар Ұйымының әлемдегі жаңа рөлі. Бас Ассамблеяның сәтпі жатқан сессиясында тұтас әлем үшін жаңа күн тәртібін анықтауды талап ететін жаңа шындықтар түсінігі белгіленді. БҰҰ Бас хатшысы Бутрос Гали мырзаның белгілі баяндамасының нақ осылай аталуы кездейсоқ емес. Бутрос Гали мырзаның ықпал алу дипломатиясы жөніндегі тұжырымдамасын біз біткенде өз уақытындағы саяси тұрғыда ұтымды, іске асыруға дүниежүзілік қоғамдастықтың барлық мүшелері қосылуға мәжбүр етеміз деп санаймыз.

Бұл ретте мен алдын алу дипломатиясының ықтимал шиеленіс ошақтарының тұтануын болдыртып, бағытталған саяси, әлеуметтік-экономикалық шаралар жүзеге асатын ретінде қарастырамын. Онда беткі қабатта жатқан қоғамдық-саяси тұрлалылыққа қолдау білдіру шарттары да, сол сияқты шар болуының өзі терең болжамдық талдауды талап ететін проблемалар да маңызды орын алады.

Мәселен, шекара туралы мәселе - бұл кез-келген сәтте жарылуға әзір тұрған бомбәдері салынған бөшке екенін, бұған қоса оның жарылысы сәттегідей отпен ойнаушыларды ғана емес, сонымен бірге етешіласын алып жүрушіге қатысы шамалы басқаларды да зариятынын түсіну қиын емес. Меніңше, бүгінгі бар шекараларды қайта қараудың, тіпті бір ғана пайызы болжап болғысыз салдарлы геосаяси ыдыраудың тізбекті әсерін туғызуы ап-ақыл.

Мемлекеттік аумақ мызғымастығы принципінің маңыздылығы туралы айта отырып, мен аз ұлттардың құқығын бүгінде ұлттардың дербес мемлекет құруға дейін апаратын өзін-өзі билеу құқығымен теңеу сирек емес екенін атап көрсеткім келеді. Егер мұндай әдісті ұстанатын болсақ, онда әсірелеп айтқанда дүниежүзінде экономикалық жағынан әлжуаз бірнеше мың егменділер пайда болуы мүмкін. Мұндай ахуал толық

бассыздыққа дейін жеткізген фетишизм принципінің жарқын салтанатын көрсету болмақ.

Бүгінде ұлттық азшылық құқығына әділдікпен сонша назар аударып отырған дүниежүзілік қоғамдастық демократия мен бейбітшіліктің салтанаты негізінде адам құқығы мен ұлттар құқығының салтанаты үшін олардың өлшемдерін айғын белгілеуге тиіс деген сенімдемін. Керісінше жағдайда, ұлттардың өзін-өзі билеу құқығын желеу етудің астында, кез келген ұлттың елдің мемлекеттік тұтастығына күмән келтіріледі және кемсітуші сепаратизмге тоқтау болмайды.

Сонымен қатар бүгінде ХХІ ғасырға көз жіберсе біз, әлеуетті шиеленіс ошақтарын болжағанда дүниежүзілік қоғамдастықтың алдына терең мазасыздық туындаған бір қатар басқа мәселелердің арасынан уақыт өте келе ең ежелгі континенттің дәл төсінде қатерлі даудың қайнар көзі болуы мүмкін орталықазиялық аймақтың су проблемасы жөнінде атап кеткім келеді. Мен қазірдің өзінде Орталық Азияны су ресурстармен қамтамасыз ету проблемасын кезең-кезең бойынша тиімділікпен шешудің кездейтінін БҰҰ арнаулы жобаларын жеделдете талдау зірлеу қажет еткендігіне сенімдімін.

Батыс-Шығыс осі бойынша геосаяси шиеленістің бәсеңдеп, Солтүстік-Оңтүстік қаршыласудың өсе түсуі жалпыға бірдей танылған жәйт болып табылатындығын айтуға тиіспін. Алайда, екінші қарама-қайшылықтың туындап, қозуы біріншісінің өз қысқын төмендете алмайды. Шығыс пен батыс қатынасының көп жылдарғы күрделілігі, бұрынғы КСРО-ның ыдырауымен зерттеп, жоғалып кетпейді.

Сырттан байланысты мен алдын алу дипломатиясы, бейбітшілік орнату, орнықтыру және нығайту жөнінде жұмыс істейтін күш-жігерді әлемдік өзара ықпалдасудың барлық деңгейі бойынша тепе-тең дәрежеде бөлу қажет деп ойлаймын. Мұны атап көрсетіп отырғандығымның себебі де сол, қазірдің өзінде осы жерде кейбір бұра тартулардың бой көрсетуінде. Соңғы айлардағы жәйттерге қарағанда, Біріккен Ұлттар Ұйымының күш-жігері көбіне саяси және әскери-саяси сипатқа

ие болып отыр. Мұнда ынталандыру мен көтермелеуге қарағанда тиым салуды көбірек қолдану байқалып отыр. Бұл шаралар беткі беттегі шиеленістерді бәсеңдетуге бағытталған, бірақ туындап, өршіп жатқан жанжалдардың түпкі негіздеріне әзірше ешқандай әсер етпеуде. Жуырда осы мінбеден олардың нақты себептері аталды. Әлемдегі ең бай адамдардың жиырма пайызы Солтүстік пен Батыс елдерінде әлемдік жалпы табыстың 83 пайызын, ал Оңтүстік пен Шығыстың ең кедей елдеріндегі 20 пайызы тек 1, пайызын тұтынады. Көріп отырғанымыздай, аса бай «жиырмалықтың» табысы аса кедейлер табысына 60:1-ге қатынасындай екен. Осынау 60:1 қатынасы мен әлемдік теңсіздіктің формуласы дер едім. Бұл алшақ кету кеми бастамайынша, бізде жанжалдарды жанжақты бәсеңдетудің нақты базасы болмайды.

Сайып келгенде, сөз аса бай «жиырмалықтың» табыстарын кедей-кепшіктердің пайдасына қайта бөлуді туралы болып отырмағанын атап көрсетемін. Әлемдік теңсіздіктің 60:1 формуласын аса бай «жиырмалықтың» табыстарын азайту жолымен емес, қайта аса кедей елдердің өзін өзі дамытуы жөніндегі ғылыми-ұйымдық көмек көрсету есебінен осы елдердің табысын арттыру жолымен азайтқан жөн. Бәлкім, Біріккен Ұлттар Ұйымының күш-жігер спекторын жанжалдарды шындап болдырмауға, олардың түпкі бастау көздеріне қайта бағыттау тұрғысында ойлану қажет болар.

Бұл жерде не жүзде қандай қадамдарды қолға алған қажет болған бола еді? БҰҰ-ның бітімгершілік күш-жігерін ұлғайтуға тежеу болып отырған басты проблема - қаражаттың жетіспеушілігіне Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас хатшысының алаңданып отырған түсінікті. БҰҰ-ның бейбітшілікті орнықтыруға, қолдауға және нығайтуға арналған шығысын жыл сайын ұлғайтуға қажеттігі ап-анық.

1992 жылға дейін БҰҰ бейбітшілікті орнықтыруға шамамен 3,2 млрд. АҚШ долларын жұмсап келгені белгілі, мұның өзі барлық елдердің қорғанысқа арналған жылдық жиынтық шығынының тіпті бір пайызын да құрамайды. Өткен

онжылдықтың аяғына қарай бұл цифр шамамен бір триллион АҚШ долларына жетті.

Мен барлық үкіметтерге өздерінің ізгі ерік-жігерін білдіретін «бір қосу бір» формуласы бойынша Біріккен Ұлттар Ұйымының бітімгершілік күш-жігері қорын қалыптастыруды ұсынамын. Бұл формула әр мемлекеттің қорғаныс бюджетінің бір пайызын оған беріп отырудан бастап, жыл сайынғы өзіннің төлемін сол бір пайызға ұлғайтып отыруын білдіреді. Осылайша, 10 жыл өткенде бұл бітімгершілік қор он есеге өсетін болады.

Бұл акция ешқандай залал келтірмейді, төрінше дүниежүзілік қоғамдастың әр мүшесінің ұлттық қауіпсіздігін қайта нақты нығайтады деп ойлаймын. Осы жерде адамдардың күш сынасын жарысқаны туралы баяндайтын батылдың бағзы бір тәлім сөзіне кеткен орындар болар. Біреу өзінің бұлшық етін ойнатып, жұдырығын көрсетіп бағыпты, екіншісі күштілікті – сүйегінің мықтылығын, үшіншісі аяғының жылдамдығына, төртіншісі тілінің өткірлігіне теліпті. Сонда, бір ақылгөй жүрек пейілсіз ешқандай күштің болмайтынын есіне алып, оларға кеңпейілдік бойынша сынауды ұсынғын екен. Менің ұсынысым – жалпыға ортақ бейбітшілік игілігіне сай өзіндік бір жарысудың нақты еске асырылу дәрежесі әрбір елдің сол кеңпейілдігімен анықталады. Қазақстан Республикасы оны дереу бастап кетуге әзір. Бұл ретте, әлбетте, Біріккен Ұлттар Ұйымының бітімгершілік күш-жігері қорына мемлекеттердің басқаша қатысушыларын да ойластыруға болады.

Мен тоқалған келген екінші жәйт - бұл біздің континентіміз Азиядағы немесе одан да кеңірек алсақ – Еуразиядағы бейбітшілік пен қауіпсіздік проблемасы. Сөз Қазақстан Республикасының Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөнінде кеңес (АӨСШК) өткізу жөніндегі бастамасы туралы болып отыр. Біздің континентте Еуропадағы ЕҚІҮ тұрпаттас, Азиядағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымын (АҚЫК) құру идеясы көптен бері ойдан шықпай жүр, бірақ әзірге кең қолдау таппай келеді.

Америкадағы, Африкадағы, Еуропадағы континентік ұйымдар қызметінің пайдалы тәжірбиесі Азияны өзара

ықпалдастық пен ынтымақтастықтың біртұтас органдарын құруға бір қарағанда, итермелеуге тиіс. Алайда, олай болмай тұр және де ол үшін нақты негіздер аз емес. АҚЫҚ-ты құру идеясының саясатшылар мен талдаушылар арасындағы сыншылары көп ретте мынадай салмақты дәлелге арқа сүйейді: Азия елдерінің географиялық, тарихи, экономикалық, саяси әлеуметтік және мәдени әрекеттілік деңгейі Еуропа, Америка немесе Африка елдеріне қарағанда әлдеқайда жоғары. Экономикалық және саяси негіздегі әрекеттілік, әлбетте, ұжымдық қауіпсіздіктің континенттік құрылымдарын құруға кедергі келтіреді.

Бұған «Мың қадаман тұратын жол бірінші қадамнан басталады» дейтін белгілі даналықты келтіре отырып қарсылық айтуға болады. Бірден өзара ықпалдасудың басына барлық түрлері бойынша бәртұтас азиялық құрылым мен ұжымдық қауіпсіздікке қарай жылжу тіпті де міндетті емес. Әртектілікті қандай да бір, айталық, әскери-саяси немесе экономикалық салада теңестіруге кірісу жетім жатыр, содан кейін ынтымақтастықтың басқа да салаларында ортақ көзқарасты іздестіруге болады. Мұндай континенттік құрылымдарға қарай қозғалыс көп қадамды және кезен кезенді болуы мүмкін. Ол, мәселен, мынадай кесте бойынша: екіжақты қатынастардан ынтымақтастықтың жеке тегең түрі бойынша (сенім және ұжымдық қауіпсіздік шараларын талдап әзірлеу, гуманитарлық, экономикалық және мәдени өзара ықпалдастық) аймақтық және құрылымдық құрылымдар мен коалациялар арқылы проблемалардың кең ауқымы бойынша ынтымақтастықтың жалпы континенттік органдарына қарай жылжу түрінде жүруіне болады.

Бұл процестің болашағын, оның негізгі кезендерін мынадай тұрғыда көрсетуге болар еді. Бірінші кезең – Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары (АӨШСК) ұйымдастыру мен іске асыру бойынша әзірлік жұмысы. Шамамен мерзімдері - 1992-1994 жылдар.

Екінші кезең – АӨШСК жұмысын жандандыру, оған мүшелер санын өсіру, Азиядағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі Кеңестің (АҚЫҚ) аясына және режиміне көшіру,

ЕҚЫҰ тұрпатты жалпыазиялық құрылымдар жасау. Шамамен мерзімдері – 1994-1998 жылдар.

Үшінші кезең – ЕҚЫҰ пен АҚЫҚ арасындағы өзара ықпалдастықтың тұрақты жұмыс істейтін құрылымдарын анықтау, дамыту және орнықтыру, ынтымақтастықтың жекелеген бағыттары бойынша трансконтиненттік органдар құру. Шамамен мерзімдері - 1998-2000 жылдар.

Және төртінші кезең – Еуразиядағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі біртұтас трансконтиненттік Кеңес (ЕАҚЫК) құру, Азияның, Еуропаның, Африка мен Американың ұжымдық қауіпсіздігінің континенттік жүйелер арасында тұрақты өзара ықпалдасудың тетіктерін құру, оған кейінгі болашақта - ұжымдық қауіпсіздік пен ынтымақтастық біртұтас бүкіл дүниежүзілік жүйесін қалыптастыру. Шамамен мерзімдері - 2000-2005 жылдар.

Біз Азияда, ғажайып жерде өмір сүрудеміз. Әлемнің барлық ірі діндері-иудаизм, буддизм, христиандық, ислам-нақ біздің континенттік қасиетті жерлерінде пайда болған. Адамзаттың барлық рухани ұстаздары – Моисей мен Гаутама Будддан, Иисус Христос пен Мұхаммедпен бастап Махатма деңгейіндегі осы заманғы аса ірі данышпандарға дейін-нақ біздің жерлеріміздің тумалары. Сонда шын мәнінде ғасырлар бойы жинақталғанның бәрін Азия өзінің ой елегінен өткізіп, континенттік ынтымақтастық пен ұжымдық қауіпсіздіктің жаңа тұжырымдамасын тәзіе алмауы мүмкін бе?

Мұндай ұстағаным қандай да бір аймақтың автаркияны тіпті де көздемейді. Континент шекарасымен тұйықталып қалмаймыз. Керісінше, Азия елдері мен халықтарының мүддесіне орай дүниежүзілік басқа бөліктеріне пайда болған жақсылық атаулының бәрін жинақтайтын боламыз.

Мен бізге болашақтың сынақтарына бейімделудің, бұрын болмаған әлемнің біртұтастану жағдайына адамзат бірлік етуінің жаңа елдерін қалыптастырудың ең тәуір жолдарын ұжымдаса іздеу керек екендігіне сенімдімін. Осыған байланысты мен егестен кейінгі дәуірдің проблемалардың талқылау үшін Біріккен Ұлттар Ұйымының арнаулы сессиясын

немесе конференциясын шақыруды ұсынамын, өйткені нақ Біріккен Ұлттар ұйымы халықаралық қоғдастықтың ұйымшылдығының жаңа деңгейін бекітуде шешуші рөл атқаруы тиіс. Бәлкім, Қауіпсіздік Кеңесінің құрамын айтпағанда, Біріккен Ұлттар Ұйымының өзі де белгілі бір ретте қайта ұйымдастырылуы керек.

Айтпауға болмайтын үшінші жәйт – ТМД да жүріп жатқан процестерге қатысты.

Былтырғы жылдың аяғында құрылған біздің Достастықтың осал түзілуі Еуразияның осынау бөлігідегі елдер мен халықтардың өзара ықпалдастығында ғасырлық дәлелдерді толық мәнінде ескере бермейді. Соның салдарынан ТМД-да еркін нарық эканомикасы мен демократияға өту процесі елеулеттік эканомикалық және саяси тұрлаусыздықтың өршуі мен, жалғасып жатқан қақтығыстардың шиеленісуімен және жаңалардың пайда болуымен астасып келеді.

Қазақстан біртұтас еркін сауда аймағының аясында ортақ кеден эканомикалық кеңетігінің жаңа тұрапатта қайта құру үшін мүмкін болған барлық күш жігер жұмсауда.

ТМД-дағы реалистер Ресейге әде етілген 24 млрд. АҚШ доллары көмегімен қатысты ешандай қиялға берілмейді. Біз әлемнің кейбір өздері ТМД қатысты жүргізіп отырған жаңа оқшаушылық мақсатын байыппен қабылдап отырмыз. Біз өндірістің құлдырауын, шаруашылық байланыстарының үзілуін, асқынған инфляцияны және қожырату процестерін тек өзіміз, өз күшімізбен ғана тоқтата алатынымызды түсінеміз. Алайда, ТМД дағы үйлестіру бағтаулары интеграцияны нығайту жөніндегі күш жігері қарамастан, таяу бағыттарда Достастық аумағын түрлесуімен пен ыдыраудың жаппай кеңестігіне айналдыруға қауіпті қарама қарсы үрдістерді күш мүмкіндігін жоққа шығаруға болмайды. Дүние жүзінде ешкім де ондай қайғылы жағдайда мүдделі еместігіне мен сенімдімін. Осыған байланысты қақтығыстарды ерте бастан анықтау және алдын алу дипломатиясы туралы идея бұрынғы кеңестік федерацияда іс жүзінде тікелей колданыс табуы мүмкін деп ойламаймын. Сөз бірінші кезекте ТМД-да бар «тұрлаулылықтың аймақтарын»

нығайту және олардың шекарасын қақтығыстар ошағындағы шиеленісті бәсеңдету есебінен біртіндеп кеңейту туралы болып отыр. Осы мақсатта Біріккен Ұлттар Ұйымының Орталық Азиядағы алдын алу дипломатиясы жөніндегі аймақтың орталығын немесе комиссиясын құруды ұсынамын. Бұл орталықтың немесе комиссияның штаб-пәтерін біздің мемлекетіміздің астанасы - Алматыда орналастыруға болар еді.

Ең соңында, экология мен қоршаған ортаны қорғаудың өмірлік маңызы бар мәселелеріне тоқталғым келер еді. Қазақстан үшін олар кем дегенде екі сөзде - Арал мен Семейге көрініс тапқан. Тартылып, қаңсып бара жатқан Арал теңізі бұл құрлықта ауқымды халықаралық көмекті талап ететін экологиялық апат аймағы. Оның алабының 150 млн. тонна тұзды суы ұшыра отырып, шөлге айналуы 3 млн. адам тұратын орасан зор аймақ экологиясының күрт нашарлауына, экологиясы мен денсаулығы үшін келеңсіз салдардың өсуіне соқтырады. Егер бүгін ол ондаған мың адамның қасіреті болса, күні өтпей БҰҰ шұғыл түрде араласпаса, миллиондаған адамның қасіретіне айналады.

Қазақстанда Арал теңізін сақтау жөніндегі жоспарды талдап әзірлеуге жәрдемдесу жобасын құру туралы ЮНЕП басшылығының шешімі осындай осынау халықаралық ұйымның сарапшылар тобының Арал бойын әлемдік ауқымдағы экологиялық қасірет аймағы деп жариялауды ұсынған қызметі ризашылық сезіммен қабылданып алынды.


Біздің ендігі бір экологиялық жарамыз - бұл Қазақстан жерінде біздің халқымыздың ерік-қалауына ықтиярсыз түрде салынған әлемдегі ең ірі екі полигонның бірі – Семей ядролық полигоны. Мұнда ауада, жерде және жер астында жарылған, жарты миллионнан астам адам зардап шеккен ядролық оқшақтардың жиынтық қуаты Хиросима мен Нагасакидегі қасіреттің көзіне айналған қондырғылардың қуатынан жүздеген есе асып түседі.

Біздің үкіметіміздің шешімімен осынау апат көзін жаптық, орақ осынау аймақты сауықтыру, зардап шеккендерді емдеу, жаңадан туған сәбилерді қауіпсіздендіру үшін орасан зор қаржы қажет. Осы негізде қазақстандықтар белсенді халықаралық көмекке мұқтаж.

Бүгін, 5 қазанда, Біріккен Ұлттар Ұйымы елді мекендер жөніндегі орталығы (Хабитат) құрылуының бір жылдығы атап өтілуде. Оның талассыз мәнділігін мойындай отырып, Қазақстан осы орталықтың ұала және ауыл құрылысын дамытудың біздің үкіметтік бағдарламаларымызға тиімді техникалық және консультативтік көмегіне үміт артады. Қазақ халқында «Елу жылда ел жаңа» дейтін мәтел бар, ол «Елу жылда дүние жаңарады» дегенді білдіреді. Біріккен Ұлттар Ұйымы өмірінің алғашқы жарты ғасырына ұлы державалардың әскери блоктар қарама-қайшылығы ұшықтырған егесінің табы тән болды. Қазір дүниежүзілік қоғамдастықтың Біріккен Ұлттар Ұйымы тұрпатында бейбітшілік пен прогресс жолындағы тиімді ынтымақтастық органына ие болуының тарихи мәнділігі пайда болды. Біз оны толық мәнінде пайдалану үшін бәрін жасауымыз керек.

**дерек:** Тоқаев Қ.Т. Дипломатиялық очерктер. Алматы: «Дәуір», 2003. – Б.742-481.

**Қосымша II**



А. Арystанбекoвнаның 1992 ж. 2 наурыздағы БҰҰ Бас Ассамблея жұмысына қатысуы сәтiнен

*дерек:* БҰҰ ресми сайты - [www.un.org](http://www.un.org)

Қосымша К



Қ.Толқатовтың БҰҰ мінберінде сөйлеп тұрған сәті

*дерек:* БҰҰ ресми сайты - [www.un.org](http://www.un.org)

**Қазақстан Республикасының  
Сыртқы істер министрі Қ.Қ. Тоқаевтың  
БҰҰ Бас Ассамблеясының 50-ші сессиясында  
сөйлеген сөзі  
(Нью-Йорк, 1995 жылғы 28 қыркүйек)**

БҰҰ Бас Ассамблеясының мерейтойлық сессиясы жершарының түрлі нүктелерінде шиеленіс асқынып кетуі қақтығыстар жалғасып жатқан кезінде өтіп жатқан алаң өтуге тура келеді. Мейлінше, қауіптілерінің бірі және шеңбері қиыны босниялық жанжал болып табылады. Боснияда болып жатқан оқиғалар бір мәнді бағалауға келмейді. Алайда, соңғы уақытта жанжалдасушы тараптардың мемлекеттік егемендіктерін сақтау негізінде қазіргі бар проблемаларды шеңбері дайындық танытуы Балканда ұзақ күткен бейбітшілік орнады деген сенім мен үміт оятады.

Қазақстанның пікірі бойынша бейбітшілікке қол жеткізудің маңызды шарттарының бірі бұрынғы Югославияның аумағындағы тиісті елдер халықаралық қоғамдастық таныған шекараларды егеменді мемлекеттер ретінде өзінің өмір сүруін жалғастыруы тиіс.

Бір күрделі жағдайда жанжалдардың ұлғаюына жол бермеу және азаматтық ұрғындар үшін соғыс қимылдарының салдарын жеңілдету үшін қосынан келгеннің бәрін де істеген БҰҰ-ның бітімгершілік күштерінің рөлін жоғары бағалаймыз. Біз Ұйымның осындай жағдайларда өзінде бар өкілеттерді пайдалану күштерін күшпен келтірмейміз.

Халықаралық қауіпсіздіктің маңызды аспектісі тұрақты бейбітшілікті қамтамасыз етуге бағытталған аймақтық және жаһандық құрылымды құрудан көрінеді. Қырғи-қабақ соғыс аяқталғаннан кейін бұзылған күштер тепе-теңділігін қалпына келтіру жаңа әскери-саяси блоктарды құру процесі арқылы емес, қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ететін халықаралық

шарттар мен келісімдер жасасу арқылы, үздіксіз дипломатияның пәрменді тетіктерін әзірлеу әрі қолдау арқылы жүргізілуі тиіс.

Жауапкершілік аймағына Еуропа ғана емес, сонымен бірге Орталық Азия да жататын ЕҚЫҰ қызметін біз айтарлықтай табысты деп бағалаймыз. Азия-Тынық мұхит аймағының қауіпсіздік мәселелерінде АСЕАН форумы тиімділіктің жоғары деңгейін танытуда. Қазақстан өзінің тарапынан Азиядағы өзара ықпалдастық пен сенім шаралары жөніндегі кеңесті шақыруға қатысты қызметін жалғастыруда. Арнайы жұмыс тобының шеңберінде осындай форумның мандаты әзірленуде. Біз Азия құрылығының барлық елдері, олардың бір текті емес екендігіне қарамастан, бірдей деңгейде берік бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз етуге мүдделі деп санаймыз, бейбітшілік пен тұрақтылық экономиялық гүлдену мен ішкі саяси тұрлаулылық жолындағы дәйекті қозғалыстың аса маңызды кепілі. Мүмкіндікті пайдалана отырып, барлық азиялық елдерді БҰҰ Бас Ассамблеясының 47-ші сессияның жоғары мінберінен Президент Н.Ә. Назарбаев айтқан идеяны іске асыруға өз үлестерін қосуға шақырамын.

БҰҰ қаншалықты қуатты әр тиімді болғанымен, оның қызметінің жалпыға бірдей сипатта болғанымен, қауіпсіздік пен бейбітшілік, біздің берген бйлауымыз бойынша, елдердің әлеуметіне және аймақтық тиістілігіне қарамастан, барлық елдер саясатының өзегіне айналуы тиіс.

Жаңа геосаяси қадағайларда бір адам тұлғасының жан-жақты мұқтаждықтырын қамтамасыз етуде көздейтін анағұрлым бейімделген бағдардың куәгерлері болып отырмыз. Қауіпсіздік пен тұрақтылықтың мәселелерін жедел түрде шешу тұрақты дамуның ұзақ мерзімді стратегиясын алмастыра алмайды және алмастыруы тиіс емес деген жалпыға ортық түсінік қалыптасты.

Есқаша сөзбен айтсақ, осы заманғы әлемде ұлттық қауіпсіздіктен азамат қауіпсіздігіне бірте-бірте көшу үрдісі басталып жатыр. Осындай сипаттағы жаһандық өзгеріске Қазақстан өз үлесін қосуда, біздің еліміз ядролық ел болатын, қазір ядролық қарудан азат мемлекет мәртебесін алды. Өзінің аумағында барлық ядролық оқтұмсықтарды және Семей жабық

полигонындағы соңғы ядролық зарядты жоюы Қазақстанның халықаралық міндеттемелерін іске асыруында ерекше маңызды акцияға айналды.

Қазақстан ядролық сынақтарға тыйым салуды сақтауды, келесі жылдан кешіктірместен Ядролық сынақтарға жалпыға бірдей тыйым салу туралы шарттың жасалуын тұрақты түрде жақтап келеді. Халықаралық қауіпсіздікті оның жаңа ұғымында нығайтуды көздейтін дәйекті бағытқа Қазақстанның адаллығы оның басшысының 1995 жылғы маусымда Женевада өткен қарусыздану жөніндегі БҰҰ конференциясында сөйлеген сөзінен де көрінді. Қазақстан Президенті адам тұлғасының жан-жақты мұқтаждықтарын қамтамасыз ету қажеттілігін бөліп көрсетті. Шынында да қазіргі уақытта қарусызданудың процесінің табысы біз оқтұмсықтар мен зымран ұшырғыштардың қаншалықты пайызға қысқартқанымыздан ғана емес, сонымен бірге адамдарға арналған игілікті өндірісіміздің қаншалықты өскенімен де өлшенеді.

Копенгагенде жоғары деңгейде өткен кездесу қорытындылары тұрғысында адамзат дамуының әзірленіп жатқан үлгілері білім беруді, жұмыспен қамтыуды қоршаған орта және денсулық сақтау салаларындағы проблемаларды шешудің жаңа тұжырымдамаларын қалыптастырады. Өтпелі экономикасы бар елдер үшін айрықша өзекті проблема – жұмыссыздықтың қатер төндіретіндей өсіміне қатысты шұғыл және тиімді шаралар қажет. Осындай елдер олардың тұрақты дамуына жәрдемдесетін арнайы шараларды БҰҰ тарапынан күтуге құқылы деп санаймыз. БҰҰ үшін мұндай шаралардың басымдықты сипаты бірқатар факторлармен түсіндіріледі. Мәселен, осы заманғы геозонноциклдық үрдістер таяу болашақта Солтүстік Америкада, Оңтүстік-Шығыс Азияда және Еуропада әлемдік шаруашылық орталықтарының туындайтындығын әрі нығайтатындығын білдіреді. Мұндай орталықтардың тұрақтылығын және тиімділігін олар ТМД елдерімен сауда-экономикалық қатынастарды жолға қоймаса көз алдымызға елестету қиын, ТМД елдері жеке алғанның өзінде ауқымды экономикалық және саяси субъектілер болып табылады, олар Еуропа – Азия, Солтүстік –

Оңтүстік кіндіктері бойынша қарым-қатынастағы қазіргі бар ақтандақтарды толықтыруға қабілетті. Бұл ең алдымен ірі орталық азиялық мемлекет Қазақстанға қатысты.

БҰҰ жүйесін жаңа геосаяси болмыстарға сәйкес келтіру қажеттілігін назарда ұстайтын болсақ, біздің көзқарасымызша, Орталық Азиялық елдердің әлеуетін ескеру керек. Олардың тұрақты даму мен бітімгершілік стратегиясын әзірлеу тұрғысындағы мүмкіндіктерді ауқыт озған сайын ұлғайып келеді. Осы елдерден шығатын қауіпсіз әлем жолындағы БҰҰ-мен ынтымақтастық тамырларына ерекше назар аудару керек. Солмен байланысты мен үш орталық азиялық республикалардың – Қазақстан, Қырғызистанның және Өзбекстанның қарулы күштерінің бөлімшелерінен БҰҰ демеуімен бітімгершілік батальонын құру тұралы Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаевтың бастамасына назар аударғым келеді. Біздің көзқарасымызша бұл Орталық Азиядағы қауіпсіздік пен бейбітшілікті нығайтуға жәрдемдесер еді, бұл аймаққа да жанжал нүктелерінің болуы тән.

Қазақстанның пікірі бойынша өтпелі экономикасы бар елдердің БҰҰ-мен өзара іс-қимылында басымдық дамудың бес басты өлшемдерінің бірі болып табылатын қоршаған ортаны қорғауға берілуі тиіс. Орталық Азия аймағында адам қауіпсіздігіне анағұрлым елеулі қатердің бірі экология болып табылады. Арал өңірінің қайғы-қасіреті дүниежүзілік қоғамдастықтың ерекше назар аударатын тақырыбы болуы тиіс деп санаймыз. Дүниежүзілік банктің деректері бойынша аймақты экологиялық тұрғыдан қалпына келтіру үшін жиырма бес жыл бойы 50 миллиард доллар қаржы салу керек. Халықаралық ұйымдар тарапынан қаржылық көмек болмаса мұндай жобаны іске асыру мүмкін емес. Сондықтан біз қаржыландырудың жаңа халықаралық көздерін іздестіруге мәжбүрміз және қару-жарақпен саудаға, валюталық құйылыстардың орын ауыстыруына байланысты трансакцияға арналған халықаралық салықтар жүйесін әзірлеу, адамдарды жаһандық, соның ішінде экологиялық тұрғыда қорғау идеясын қолдаймыз.

Сондай-ақ БҰҰ реформалау туралы да айтқым келеді. Осы мәселе бойынша Қазақстанның ұстанымы мынадан көрінеді. Реформалар қажет, бірақ халықаралық қатынастардың бүкіл жүйесін теңсіздікке ұшратпас үшін мейлінше сақтықпен жүргізілуі керек. БҰҰ жарғысы осы заманғы әлемде баламасы жоқ Ұйымның қызметінің негізі мен бағдары болып қалуы тиіс. БҰҰ құрылған кезден бері әлемде болған ірі өзгерістер Қауіпсіздік Кеңесінің құрамын өзгертуге ықпал етуі керек. Қазақстан Кеңес мүшелерінің санын, оның ішінде тұрақты негізде жұмыс істейтіндердің санын принципінде ұлтайы керек деп санайды. Біз хатшылықтың қызметінің шұғылтарын қысқарту жөнінде Бас хатшы қабылдап жатқан шараларды қолдаймыз. Біздің көзқарасымызша халықаралық сот сияқты маңызды органды да бүгінгі күн талаптарына бейімдеу маңызды. Сонымен бірге экономикалық және әлеуметтік кеңес, көптеген елдердің мойындауы бойынша қайта құруға және қызметің жандандыруға мұқтаж екенің ескертегін болсақ, экономикалық қауіпсіздік кеңесінде жауапты шешімдер қабылдау идеясы назар аударарлық жағдай.

БҰҰ-ның негізгі алып аты қажаттары бойынша – БҰҰ-ның Бас хатшысы Б.Бутрес Фалидің Бейбітшілікке арналған күн тәртібі және Дамуға арналған күн тәртібі баяндамалары бойынша пікірсайыстар адамның әлеуметтік-экономикалық, саяси, мәдени мұқтаждықтарын тамтамсыз ету арқылы қоғамның даму проблемасын маңырлым егжей-тегжейлі талдау қажеттігін көрсетеді.

Бейбітшілік пен даму мәселелерің бірлесіп шешуге ұмтылыс біздің Орталық Азия үшін БҰҰ комиссиясын құру ұсынысымыздан да көрінеді (ЕЭК пен ЭСКАТО-ның бірлескен органы). Бұл идеяны тұңғыш рет 1993 жылы Стамбулда өткен экономикалық ынтымақтастық ұйымына (ЭЫҰ) мүше мемлекеттер басшыларының кеңесінде Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев ұсынды. ХХІ ғасыр қарсаңында аймақ елдерінің әлеуметтік-экономикалық және

саяси міндеттерінің ортақтастығы жалпы аймақтық тетіктермен шешімдерді әзірлеу және тиісті құрылымдар құру қажеттігін көрсетті.

Осы бағытта Орталық Азиялық елдер қол жеткізген процесс туралы ЭЫҰ, сондай-ақ Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстанның экономикалық одағының тиімді қызметі куәландырады. Осы проблеманың Орталық Азия елдері үшін маңыздылығын атап өтіп, уақыт көрсетіп отырғанында, екі маңызды аймақтық комиссияның – ЭСКАТО мен ЕЭК-тің і-қимылы жоғарыда аталған елдер тобына қатысты жеткілікті түрде үйлестірілмегенін айтып өткім келеді. Нәтижесінде олардың бағдарламасына орталық азиялық республикалардың көңілдегідей тартылмай отырғандығы практикаға айналуда.

**дерек:** Тоқаев Қ.Т. Дипломатиялық очерктері. - Алматы: «Дәуір», 2003. – Б.545-548.

**Қазақстан Республикасының Біріккен Ұлттар  
Ұйымының жанындағы тұрақты өкілі қызметін атқарғандар  
жайлы қысқаша анықтама**

**Ақмарал Хайдарқызы Арыстанбекова** 1948 жылы 12 мамырда Алматы қаласында дүниеге келген.

С.М. Киров атындағы ҚазМУ-ды (1971 ж.) және аспирантурасын (1974 ж.) бітірді. Мамандығы бойынша химик. Химия ғылымдарының кандидаты. Тарих ғылымдарының докторы. Төтенше және Өкілетті Елші дипломатиялық рангы (1993 ж.) бар.

Аспирантураны бітіргеннен кейін ҚазМУ-дың органикалық катализ лабораториясында кіші, аға ғылыми қызметкер (1974-1978 жж.) болып жұмыс істеді. Қазақстан ЛКЖО ОК-нде ғылыммен шұғылданатын жастармен жұмыс жөніндегі бөлімнің меңгерушісі (1973-1983 жж.), Шет елдермен достық және мәдени байланыс жөніндегі Қазақ қоғамы арағасының орынбасары (1983-1989 жж.); Қазақ КСР-і Сыртқы істер министрі (1989-1991 жж.) қызметтерін атқарды. Осыдан кейін Біріккен Ұлттар Ұйымы жанындағы Ресей Федерациясы өкілдігінің аға кеңесшісі - Қазақстан Республикасының өкілі (1991-1992 жж.); Біріккен Ұлттар Ұйымы жанындағы Қазақстан Республикасының тұрақты өкілі (1992-1999 жж.) болды; Қазақстан Республикасының Куба Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметін қоса атқарушы (1996-1999 жж.); Қазақстан Республикасының Франциядағы Төтенше және Өкілетті Елшісі (1999-2003 жж.); ЮНЕСКО жанындағы Қазақстан Республикасының тұрақты өкілі қызметін қоса атқарушы (1999-2001 жж.); ал 2003 жылдан Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің ерекше шақырымалар жөніндегі елшісі қызметін атқарады.

**дерек:** Ашимбаев Д. Кто есть Кто в Казахстане: биографическая энциклопедия. Издание 12-е, дополненное.- Алматы, 2012 – С.116

**Бірғаным Сарықызы Әйтiмова** 1953 жылғы 26 ақпанда Батыс Қазақстан облысы, Зеленов ауданы, Бакаушин ауылында дүниеге келген.

А.С. Пушкин атындағы Орал педагогика институтын (1974 ж.), әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін (1994 ж., сырттай) бітірген. Мамандығы бойынша ағылшын тілінің мұғалімі, заңгер. Төтенше және Өкілетті Елші дипломатиялық рангы (2000 ж.) бар.

Институтты аяқтаған соң орта мектептің оқытушысы (1974-1976 жж.); кеңшар комсомол комитетінің хатшысы, Орал облыстық комсомол комитетінің сектор, бөлім меңгерушісі, қалалық, облыстық комсомол комитетінің бірінші хатшысы қызметтерін (1976-1983 жж.) атқарған; ЛКЖО Орал хатшысы (1983-1987 жж.); Ленин атындағы Кеңестік балалар қорының Қазақстандық бөлімі төрағасының орынбасары; Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі Жастар ісі кеңіндегі комитетінің төрағасы (1990-1993 жж.); Қазақстан Республикасы Жастар ісі, туризм және спорт министрі (1993-1996 жж.); Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты, Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі (қаңтар-қазан 1996 ж.); Қазақстан Республикасының Израильдегі Төтенше және Өкілетті Елшісі (1996-2002 жж.); Қазақстан Республикасының Италиядағы Төтенше және Өкілетті Елшісі, Грекиядағы, Мальтадағы Төтенше және Өкілетті Елшісі міндетін қоса атқарушы (2002-2004 жж.); Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары (мамыр-желтоқсан 2004 ж.); Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі (желтоқсан 2004 ж. - қаңтар 2007 ж.); ақпан 2007 жылдан бастап Қазақстан Республикасының Біріккен Ұлттар Ұйымының жанындағы тұрақты өкілі қызметін атқарды; мамыр 2007 жылдан бастап Қазақстан Республикасының Куба Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі міндетін қоса атқарушы.

Қазір Қазақстан Республикасы Парламент Сенатының депутаты (ҚР Президентінің тағайындауы бойынша 1996 ж. бастап).

*дерек:* Ашимбаев Д. Кто есть Кто в Казахстане: биографическая энциклопедия. Издание 12-е, дополненное.-Алматы, 2012 – С.58

**Мәдина Бейнешқызы Жарбосынова** 1954 жылғы 10 қарашада Алматы қаласында дүниеге келген.

Алматы қаласындағы шет тілдер институтын (1975 ж.) Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі жанындағы Дипломатиялық академиясын (1998 ж.), Д.А. Қонаев атындағы университетті (2007 ж.) бітірген. Мамандығы бойынша ағылшын тілінің мұғалімі, заңгер. Филология ғылымдарының кандидаты. Төтенше және Өкілетті Елші дипломатиялық рангы бар.

Алматы шет тілдер институты ағылшын тілі факультетінің комсомол комитетінің хатшысы (1974-1977 жж.) болды. КСРО Ғылым академиясы тіл білімі институтының аспирантурасында оқыды (1977-1988 жж.); Алматы шет тілдер институты ағылшын тілі грамматикасы кафедрасының оқытушысы, аға оқытушысы (1980-1983 жж.); Қазақстан ЛКЖО ОК-нің нұсқаушысы, ғылыммен шұғылданатын жастармен жұмыс жөніндегі бөлімнің меңгерушісі (1983-1987 жж.); Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институты партия комитетінің хатшысы (1987-1990 жж.); Қазақ КСР-ның Жоғары Кеңесінің Ақпараттық орталығы секторының меңгерушісі (1990-1995 жж.); ҚР СІМ халықаралық ұйымдар департаментінің кеңесшісі, басқарма басшысы, департамент директоры (1995-1998 жж.); ҚР СІМ вице-министрі (1998-1999 жж.) қызметтерін атқарды. Қазақстан Республикасының Біріккен Ұлттар Ұйымы жанындағы Тұрақты өкілі (1999-2003 жж.) және Қазақстан Республикасының Куба Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі міндетін қоса атқарушы болды. Қазақстанға оралғаннан кейін ҚР СІМ Ерекше тапсырмалар бойынша елшісі қызметіне тағайындалды (2003-2014 жж.), 2014 жылдың маусым айынан қазіргі күнге дейін ЕҚДҰ Адам саудасына қарсы арнайы өкілі.

*дерек:* <https://kapital.kz/dossier/dzharbusynova-madina/>

**Қазыханов Ержан Хозеұлы** 1964 жылы 21 тамызда Алматы қаласында туған.

Ленинград Мемлекеттік университетінің Шығыс факультетін бітірген (1987 ж.). Тарихшы-шығыстанушы. Сонымен бірге КСРО Сыртқы істер министрлігі жанындағы Дипломатиялық академияны және Үндістан халықаралық қатынастар институтын тәмамдаған. Ағылшын және араб тілдерін меңгерген. Тарих ғылымдарының кандидаты. Төтенше және Өкілетті Елші дипломатиялық дәрежесі бар.

ҚазКСР Сыртқы істер министрлігі Протоколдық-саяси бөлімінің екінші хатшысы, бірінші хатшысы (1989-1992 жж.); Қазақстан Республикасының Мемлекеттік протокол басқармасының бөлім бастығы, басқарма бастығының орынбасары (1992-1995 жж.); Біріккен Ұлттар Ұйымы жанындағы Қазақстан Республикасы Тұрақты Өкілдігінің бірінші хатшысы, кеңесшісі (1995-2000 жж.); Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Көп жақты ынтымақтастық департаментінің директоры (2000-2003 жж.) қызметін атқарды. Қазақстан Республикасының Біріккен Ұлттар Ұйымы жанындағы Тұрақты өкілі (2003-2007 жж.) болды, Қазақстан Республикасының Куба Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметін қоса атқарушы; Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасары. 2008 ж. ақпаннан желтоқпанға дейін Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі (2007-2008 жж.); Қазақстан Республикасының Австрия Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі, Қазақстан Республикасының Вена қаласындағы халықаралық ұйымдар жанындағы Тұрақты өкілі (2009-2011 жж.); Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасары (2011 ж. ақпан-сәуір аралығында); Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрі (сәуір 2011 ж. – қыркүйек 2012 ж.) қызметтерін атқарды. 2012 жылғы 28 қыркүйекте Мемлекет басшысының Жарлығымен Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі қызметіне тағайындалды.

Қазақстанның Республикасының Ұлыбританиядағы Төтенше және Өкілетті Елшісі (қыркүйек 2014 ж. – сәуір 2015 ж.); ал сәуір 2015 жылдан қазіргі күнге дейін Қазақстан Республикасының Ирландиядағы Төтенше және Өкілетті Елшісі, Қазақстан Республикасының Исландия Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі міндетін қоса атқарушы.

*дерек:* <https://ru.wikipedia.org/wiki/>

**Әбдірахманов Қайрат Құдайбергенұлы** 1964 жылғы 21 сәуірде Талдықорған облысы Панфилов ауданы Жаркент қаласында дүниеге келген.

С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетін (1987 ж.) бітірген, тарихшы. 1-ші сыныптағы Төтенше және Өкілетті Елші дипломатиялық рангы (қараша 2005 ж.) бар.

Университетті аяқтағаннан соң Қазақ политехникалық институтында оқытушы болды (1987-1991 жж.); Қазақ мемлекеттік университетінде (1991-1993 жж.) аспирантурада оқыды; Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің Азия елдері басқармасында үшінші, екінші хатшы, бөлім меңгерушісі, басқарма басшысының орынбасары (1993-1997 жж.); ҚР СІМ Азия елдері департаменті директорының орынбасары (1997 ж.); Азия, Таяу Шығыс және Африка басқармасының басшысы – ҚР СІМ 4-ші департаменті директорының орынбасары (1997-1998 жж.); ҚР СІМ 3-ші департаментінің директоры (ақпан 1999 ж. – сәуір 1999 ж.); ҚР СІМ екіжақты ынтымақтастық департаментінің директоры (сәуір-желтоқсан 1999 ж.); ҚР сыртқы істерінің вице-министрі (желтоқсан 1999 ж. – қаңтар 2001 ж.); Қазақстан Республикасының Ұлыбританиядағы елшілігінің кеңесші-елшісі (қаңтар 2001 ж. – сәуір 2003 ж.); Қазақстан Республикасының Израильдегі Төтенше және Өкілетті Елшісі (сәуір 2003 ж. – наурыз 2006 ж.); ҚР СІМ орынбасары (наурыз 2006 ж. – тамыз 2007 ж.); Қазақстан Республикасының Австриядағы Төтенше және Өкілетті Елшісі, Вена қаласындағы халықаралық ұйымдар жанындағы Қазақстан Республикасының тұрақты өкілі (тамыз 2007 ж. – шыркүйек 2008 ж.); Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы жанындағы Қазақстан Республикасының тұрақты өкілі (желтоқсан 2008 ж. – наурыз 2011 ж.); Қазақстан Республикасының Австриядағы Төтенше және Өкілетті Елшісі, Вена қаласындағы халықаралық ұйымдар жанындағы Тұрақты өкілі (наурыз 2011 ж. – қараша 2013 ж.) қызметтерін атқарды. Қазақстан Республикасының Словения Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметін қоса атқарушы (қазан 2013 ж. – қараша 2013 ж.).

2013 жылдың қараша айынан бастап бүгінгі күнге дейін Қазақстан Республикасының Біріккен Ұлттар Ұйымының жанындағы тұрақты өкілі қызметін атқаруда.

**дерек:** [http://bnews.kz/kz/news/obshchestvo/kairat\\_abdira](http://bnews.kz/kz/news/obshchestvo/kairat_abdira)

Репозиторий қарғу

## Қосымша М

## АӨСШК-нің мүше мемлекеттері:

№	Мемлекеттердің аты	АӨСШК-ға кірген уақыты
1	Әзербайжан	Қыркүйек, 1999 ж.
2.	Ауғанстан	Қыркүйек, 1999 ж.
3.	Израиль	Қыркүйек, 1999 ж.
4.	Мысыр	Қыркүйек, 1999 ж.
5.	Иран	Қыркүйек, 1999 ж.
6.	Қазақстан	Қыркүйек, 1999 ж.
7.	Қырғызстан	Қыркүйек, 1999 ж.
8.	Қытай	Қыркүйек, 1999 ж.
9.	Өзбекстан	Қыркүйек, 1999 ж.
10.	Пәкістан	Қыркүйек, 1999 ж.
11.	Палестина	Қыркүйек, 1999 ж.
12.	Ресей	Қыркүйек, 1999 ж.
13.	Тәжікстан	Қыркүйек, 1999 ж.
14.	Түркия	Қыркүйек, 1999 ж.
15.	Үндістан	Қыркүйек, 1999 ж.
16.	Моңғолия	Маусым, 2001 ж.
17.	Финланд	Қазан, 2004 ж.
18.	Корея Республикасы	Маусым, 2006 ж.
19.	Біріккен Араб Әмірліктері	Тамыз, 2008 ж.
20.	Иордания	Тамыз, 2008 ж.
21.	Вьетнам	Маусым, 2010 ж.
22.	Ирак	Маусым, 2010 ж.
23.	Бахрейн	Қыркүйек, 2011 ж.
24.	Камбоджа	Қыркүйек, 2011 ж.
25.	Бангладеш	Мамыр, 2014 ж.
26.	Қатар	Мамыр, 2014 ж.

**ӨЗІН-ӨЗІ ТЕКСЕРУГЕ АРНАЛҒАН ТЕСТ  
СҰРАҚТАРЫНЫҢ ДҰРЫС ЖАУАПТАРЫ:**

I тарау бойынша:

**1-А; 2-С; 3-В; 4-А; 5-Е; 6-А; 7-С; 8-С; 9-Е; 10-Д**

II тарау бойынша:

**1-В; 2-А; 3-А; 4-В; 5- D; 6-А; 7-Е; 8-Е; 9-А; 10-В**

III тарау бойынша:

**1-А; 2-В; 3-С; 4-А; 5-В; 6-А; 7- D; 8-А; 9-А; 10-Е.**

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМДАРДЫҢ ИНТЕРНЕТ  
ЖЕЛІСІНДЕГІ АДРЕСТЕРІ:**

1. Біріккен Ұлттар Ұйымы - [www.un.org](http://www.un.org)
2. Азық-түлік және ауыл шаруашылық ұйымы - [www.fao.org](http://www.fao.org)
3. АӨСШК - [www.s-cica.org](http://www.s-cica.org)
4. БҰҰ-ның өнеркәсіпті дамыту ұйымы (ЮНИДО) - [www.unido.org](http://www.unido.org)
5. БҰҰ-ның Даму бағдарламасы (ПРООН) - [www.undp.org](http://www.undp.org)
6. БҰҰ-ның қоршаған орта жөніндегі бағдарламасы (ЮНЕП) - [www.unep.org](http://www.unep.org)
7. БҰҰ-ның балалар қоры (ЮНИСЕФ) - [www.unicef.org](http://www.unicef.org)
8. БҰҰ-ның халықты орналастыру саласындағы қоры (ЮНФПА) - [www.unfpa.org](http://www.unfpa.org)
9. БҰҰ-ның әйелдер қызығушылығын дамыту үшін қоры (ЮНИФЕМ) - [www.unifem.undp.org](http://www.unifem.undp.org)
10. БҰҰ жүйесі – [www.unsystem.org](http://www.unsystem.org)
11. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы - [www.who.ch](http://www.who.ch)
12. Дүниежүзілік сауда ұйымы - [www.wto.org](http://www.wto.org)
13. Дүниежүзілік туристік ұйым - [www.world-tourism.org](http://www.world-tourism.org)
14. Дүниежүзілік пошта одағы - [www.upu.int](http://www.upu.int)
15. Дүниежүзілік метеорологиялық ұйым - [www.wmo.ch](http://www.wmo.ch)
16. Дүниежүзілік интеллектуалдық меншік ұйымы - [www.wipo.int](http://www.wipo.int)
17. МАГАТЭ - [www.iaea.org](http://www.iaea.org)
18. Сауда және дамыту жөніндегі конференция (ЮНКТАД) - [www.unctad.org](http://www.unctad.org)
19. Халықаралық Валюталық Қор - [www.imf.org](http://www.imf.org)
20. Халықаралық қайта құру және даму банкі - [www.ibrd.org](http://www.ibrd.org)
21. Халықаралық даму ассоциациясы - [www.web.worldbank.org](http://www.web.worldbank.org)
22. Халықаралық қаржы корпорациясы - [www.ifc.org](http://www.ifc.org)
23. Халықаралық азаматтық авиация туралы ұйым - [www.icao.int](http://www.icao.int)
24. Халықаралық теңіз ұйымы - [www.imo.org](http://www.imo.org)
25. Химиялық қаруларды тоқтату туралы ұйым - [www.opcw.org](http://www.opcw.org)
26. Электр байланыстарының халықаралық одағы - [www.itu.int](http://www.itu.int)
27. ЮНЕСКО - [www.unesco.org/general/rus](http://www.unesco.org/general/rus)
28. Ядролық жарылыстарды болдырмау туралы БҰҰ-ның дайындық комиссиясы - [www.ctbto.org](http://www.ctbto.org)

## МАЗМҰНЫ

Алғы сөз .....	3
<b>I ТАРАУ. БІРІККЕН ҰЛТТАР ҰЙЫМЫ: ҚҰРЫЛУЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ НЕГІЗГІ ОРГАНДАРЫ .....</b>	<b>5</b>
1.1 Біріккен Ұлттар Ұйымының құрылу тарихы .....	5
1.2 Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысы .....	8
1.3 БҰҰ-ның негізгі органдары және олардың қызметі .....	9
1.4 БҰҰ ғимаратының салыну тарихы .....	28
<b>II ТАРАУ. БҰҰ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АРАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ .....</b>	<b>36</b>
2.1 БҰҰ және Қазақстан Республикасы арасындағы дипломатиялық байланыстар .....	36
2.2 БҰҰ-ның мамандандырылған мекемелері және Қазақстан Республикасы арасындағы ынтымақтастық .....	45
2.2.1 БҰҰ жүйесіндегі әлеуметтік сипаттағы ұйымдар және олардың Қазақстан Республикасымен өзара байланысы .....	46
2.2.2 БҰҰ жүйесіндегі мәдени және гуманитарлық сипаттағы мекемелер және Қазақстан Республикасы арасындағы қарым-қатынас .....	53
2.2.3 Өнеркәсіпті дамыту туралы БҰҰ (ЮНИДО) және Қазақстан Республикасы арасындағы ынтымақтастық .....	60
2.2.4 БҰҰ жүйесіндегі халықаралық қаржы ұйымдары және олардың Қазақстан Республикасымен қарым-қатынасы .....	65
2.2.5 БҰҰ жүйесіндегі ауылшаруашылық ұйымдары және Қазақстан Республикасы арасындағы өзара әріптестік .....	73
2.2.6 БҰҰ жүйесіндегі көлік және байланыс саласындағы ұйымдар және олардың Қазақстан Республикасымен қарым-қатынасы .....	77
2.2.7 Дүниежүзілік метеорологиялық ұйым (ДМҰ) және Қазақстан Республикасы .....	84

2.2.8 Дүниежүзілік туристік ұйым (ДТҰ) және Қазақстан Республикасы.....	86
2.3 БҰҰ-ның бағдарламалары және олардың Қазақстан Республикасымен ынтымақтастығы.....	89
2.3.1 БҰҰ-ның Даму бағдарламасы (ПРООН) және Қазақстан Республикасы арасындағы өзара байланыс.....	91
2.3.2 БҰҰ-ның қоршаған орта жөніндегі бағдарламасы (ЮНЕП) және Қазақстан Республикасымен әріптестік.....	92
2.3.3 Сауда және дамыту жөніндегі конференция (ЮНКТАД) және Қазақстан Республикасы арасындағы қарым-қатынас.....	98
2.4 БҰҰ қорлары және олардың Қазақстан Республикасымен ынтымақтастығы.....	100
2.4.1 ЮНИСЕФ және Қазақстан.....	101
2.4.2 ЮНФПА және Қазақстан.....	103
2.4.3 ЮНИФЕМ және Қазақстан.....	105
2.5 БҰҰ жүйесіндегі басқа ұйымдар мен органдар және олардың Қазақстан Республикасымен ынтымақтастығы.....	108
2.5.1 МАГАТЭ және Қазақстан Республикасы арасындағы әріптестік.....	108
2.5.2 Дүниежүзілік сауда ұйымы (ДСҰ) және Қазақстан Республикасы арасындағы ынтымақтастық.....	113
2.5.3 Босқындар ісі жөніндегі БҰҰ-ның жоғары комиссарының бағдармасы және Қазақстан арасындағы қарым-қатынас.....	118
<b>ІІІ ТАРАУ БҰҰ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ДИПЛОМАТИЯ ТӘЖІРИБЕСІ.....</b>	<b>128</b>
3.1 КСРО кезіндегі Біріккен Ұлттар Ұйымындағы алғашқы қазақстандық дипломаттар.....	128
3.2 Қазақстан Республикасы және Біріккен Ұлттар Ұйымы арасындағы ынтымақтастықтың жаңа кезеңдері: қазақстандық дипломаттардың рөлі.....	145
3.3 БҰҰ-ғы қазақстандық дипломатия тәжірибесі.....	157

3.3.1 Орталық Азия және қазақстандық бітімгерлік батальондары туралы.....	157
3.3.2 Орталық Азияның экономикалары үшін БҰҰ Арнайы Бағдарламасын (СПЕКА) құру.....	160
3.3.3 АӨСШК – Қазақстанның алдын алу дипломатиясы.....	162
3.3.4 Қазақстанның «жасыл көпір» әріптестік бағдарламасы....	169
3.3.5 БҰҰ-ның 70 жылдығы және Қазақстанның жаңа ұсыныстары.....	172
<b>ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....</b>	<b>184</b>
<b>ҚОСЫМШАЛАР.....</b>	<b>193</b>

Оқу бағамы

**Смағұлова Гүлнара Мұратбекқызы,  
Төлмұса Бақытгүл Тілеубайқызы,  
Смағұлов Серик Бердибаевич**

**БІРІККЕН ҰЛТТАР ҰЙЫМЫ:  
ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТІ**

*Оқу құралы*

*Автордың түпнұсқасынан басылды*

---

Басуға 24.08.2016 ж. қол қойылды. Форматы 60×84 1/16. Қағазы офсеттік.  
Көлемі 14,75 б.т. Таралымы 100 дана. Тапсырыс № 406.

---

Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ баспасының типографиясында басылды  
100012, Қарағанды қ., Гоголь көшесі, 38